Because of the region position, which is close to the centre of Eurasia continent, it's one of the most dehydrated places. That's why more than 90 percent of the whole water is used for the watering. Soon, it might cause the main water lack problem and may affect the agricultural development of the region.

The matter of the article is fast growing population and agricultural production. The Government of China makes the project «South Water Supply to the North» to decide this problem.

The article considers three of these directions, and also there is the discussion of the use of international rivers the Irtysh and the Ile.

Keywords: Xinjiang region, water resources, agriculture, food safety, century project, international rivers, water retrenchment.

Шынжаң ауданы Қытайдағы су ресурстары тапшы аймақтардың бірі. Жан басына шыққандағы тиесілі мөлшері 4 мың текше метр, алайда жер аумағы кең болғандықтан бір шаршы км.-ге тиесілі мөлшері небәрі 253 мың текше метрді құрайды. Ал өзен көлдерінің жалпы мөлшері 88 млрд. 240 млн. текше метр, алайда оның 3 млрд. 780 мың үстірттер мен шөлдердің салдарынан пайдалануға келмейді. Пайдалануға болатын көлемі 84 млрд. 460 млн. текше метр шамасында [1]. Шынжаң ауданында ұзын саны 33 өзен бар. Оның ішінде 12 өзен көрші елдерге шығатын болса, 15 өзен өзге елдерден ағып кіреді. Ал 6 өзен шекаралық сызық ретінде пайдаланылады. Мұз таулардың саны 18,600, онда шамамен 2 трлн. 830 млрд. текше метр су бар деп болжануда. Экологиялық ортаның жылдық су ресурсын қажетсіну мөлшері 20 млрд. 800 млн. текше метр шамасында, ал күнделікті тұрмыс пен өндіріске қажетті су шамамен 40 млрд. текше метр. Сондықтан қажетсіну мен жалпы су қоры арасындағы балансы оң деп бағалауға болады. Деседе, Шынжаңның географиялық ортасы Орталық Азиялық құрғақ климаттық зонада болуы судың жетіспеушілігін туындатып отыр.

Шынжаң суының 94 пайызы ауыл шаруашылығына жұмсалады. Себебі ауыл шаруашылық дақылдарын суландыру мәселесі жақсы жолға қойылмаған. Оның үстіне, экологиялық жағдайының әлсіз болуы таяу болашақта ауыл шаруашылығының дамуына басты кедіргі фактор – осы су ресурсы болатынын көрсетуде. Халық санының жылдам өсуі де ауыл шаруашылық өнімдеріне болған сұранысты арттырып, бұл мәселені тіпті де шиленістіре түсуде. Сол үшін ел үкіметі ғылым мен техникаға барынша мән беруді, ауыл шаруашылығы дақылдарының жоғары сортты түрлерін өсіруді басты қолға алып отыр. Осыған сай, 2011 жылы орталық комитет «Су шаруашылығын ұтымды пайдалану» белгілемесін жасап, су игілігі құрылысын дамытуға көптеп көңіл бөле бастады. Соның нәтижесінде, су қоймаларының саны 496-ға жетіп, онда 13 млрд. 300 млн. су жиналды және егістік алқаптарына су жеткізетін тоғандардың ұзындығы 350 мың шақырымға жетті [2].

Алайда, бұл атқарылған іс-шаралар Шынжаңдағы су мәселесін, әсіресе ауыл-шаруашылығына қажетті су ресурстарының жеткілікті болуын қамтамасыз ете алмай келеді. Шынжаңның құрлықтық сыйпаттағы климаттық ерекшелігі жылдық жауын-шашын мөлшерінің де шамасын шектеп отыр. Мысалы, жылдық жауын-шашын 130 мм шамасында, ал булану мөлшері жоғары, орташа 2000-2500 мм. тіпті, кейбір жерлерде 3000-3500 мм. дейін барады. Оның үстіне халық санының жылдан-жылға артуы жер беті және жер асты су қорының жылдам игерілуіне себеп болып отыр. Мәселен, жер беті суының игерілуі орташа 70 пайызға жетсе, жер асты суының игерілуі 80 пайызға жетті. Су ресурстарының жеткіліксіздігі тек бұл аймақта ғана емес, Қытайдың басқа да провинцияларында орын алып отырған жағдай. Осы мемлекеттің маңызды мәселесін шешу үшін Қытай үкіметі «Оң-

түстіктің суын солтүстікке жеткізу» жобасын жасады. Жоспар үш бағыт бойынша кезек-кезегімен орындалмақ [3].

Шығыс бағытта: Янцзы өзенінің төменгі ағысынан 15 млрд. текше метр суды Пекин-Ханжоу каналы арқылы тасымалдап, Солтүстік Қытай жазығының шығыс аймақтарындағы егістік жерлер мен Пекин және Тяньцзин секілді ірі қалаларды сумен қамтамасыз ету көзделуде. Құрылысқа 10 жыл мерзім беріліп, 130 млрд. юань қаржы жұмсау бекітілген.

Орта бағытта: Янцзының орта ағысынан 20 млрд. текше метр су Ханжяң өзені арқылы Солтүстік Қытай жазығының батысындағы аймақтарға жеткізілмекші. Құрылысқа 15 жыл уақыт белгіленіп, 170 млрд. юань қаржы бөлінген.

Батыс бағытта: Янцзының жоғары ағысы саналатын Жин Сажяң қатарлы үш өзеннен 20 млрд. текше метр суды Хуанхэ өзеніне жеткізу жоспарлануда. Бұл құрылысқа 15 жыл мерзім беріліп, 150 млрд. юань жұмсалмақ. Бұлардан басқа Үнді мұхитына құятын өзендердің Тибет жеріндегі жоғары ағыстарынан Хуанхэ өзенінің жоғары ағысына су жеткізілмек. Мысалы, Оңтүстік Азиядағы ірі өзендердің бірі саналатын Брахмапутра өзенінің Қытайдың Тибет ауданындағы Ярлұң Заңбу аталатын жоғары ағысынан Хуанхэнің жоғары ағысына дейін су желісі тартылмақ, бұл екі аралық 760 шақырым, аралықта тау мен аңғарлар кездесіп қалатындықтан көбінде-көп табиғат салған арнамен жүруге дұрыс келетіндіктен каналдың ұзындығы 1800 шақырымға созылмақ. Жер бедерінің батыстан шығысқа қарай еңістеп отыруы құрылыс ісіне жеңілдік бермекші. Себебі, судың әуелгі арнасындағы теңіз деңгейінен биіктігі 3588 метр болса, келетін жері 3366 метр биіктікте жатыр. Аталмыш құрылыс 2005 жылдан бастап мемлекеттік жоспарға енді. Қытай аумағынан Үнді мұхитына қарай бағытталған өзендер ағысының жалпы мөлшері 318 млрд.400 млн. текше метр, Қытай өкіметі соның 150 млрд. 600 млн. текше метрін бұрып алмақшы. Бұл жалпы ағыстың үштен бірінен артық. Алайда аталмыш аймақ жауын шашынға бай болғандықтан көршіліс елдерге әсері болмайды, керісінше су апатын азайтады.

Қытай мамандарының есептеуінше суы бұрылатын алты өзеннен жалпы 200 млрд. текше метр су игілікке жаратылмақ, Осылай істегенде Қытайдың ірі өзенінің бірі Хуанхэ өзеніндей үш өзен суын пайдалануға болады екен (Хуанхэнің ағыс мөлшері 66 млрд. 100 млн. текше метр). Алайда аталған өзен суларының ешбірі Шынжаң жеріне келмейді. Оған жер жағдайы мүмкіндік бермейді. Әрі суға зәру аймақтар жолда кес-кестеп су арнасын өздеріне бұрады. Тек қана Қарамилан асуы арқылы өтетін тунел қазылуымен Тибеттің Рыхазы аймағындағы биік бөгеннен алынатын су Шынжаңның оңтүстігіндегі Тарым ойпатына тартылып, егістікке, мұнай өндіруге және электр энергиясын өндіруге пайдаланылмақшы. Бұл тунелдің ұзындығы 780 шақырым. қазуға 12 жыл уақыт пен 250 млрд. юань жұмсалмақшы. Өкінішке орай, Қазақстанмен іргелес жатқан Солтүстік Шынжаң аймағына тартылатын су көзі жоқ. Тек өзіндегі суды ұқыпты пайдалану мен ағыс мөлшерінің біразын бұрып алып қалу көзделіп отыр. Әңгіме сыртқы ағыс есептелінетін Ертіс пен Іле өзендері жөнінде болып отыр.

Ертіс-Солтүстік Мұзды мұхит алабына жататын өзен. Басын Қытай жеріндегі Алтай тауынан алады. Оның негізгі тармақ ағыстары Қара Ертіс, Қыран, Буыршын және Қайырты өзендері [4]. Ол Зайсан көліне құяды. Жалпы ұзындығы 4248 шақырым. Қазақстан жеріндегі ұзындығы 1700 шақырым. Ертіс өзенінің Қазақстан үшін маңызы зор екендігі белгілі. Бастысы арзан су электр көзі болып табылады. Республика бойынша ең ірі бөген – Ертіс өзеніне салынған Бұқтырма СЭС ол айналасындағы аймақтарға электр таратумен бірге Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарының шаруашылықтарын суландыруға және кәсіптік балық өсіруге пайдаланады. Сондай-ақ Ертіс-Қарағанды каналы арқылы Орталық Қазақстанды тұщы сумен қамтамасыз етеді. Егер Ертіс өзені ағып өтетін Шығыс Қазақстан облысының кенге бай аймақ екенін соның ішінде қорғасын, мырыш және мыс, сондай-ақ көптеген түсті металдардың аса мол екенін әрі бұл өлкенің отындық байлықтарға бай еместігін ескергенде металлургия өнеркәсібі үшін судың қаншама маңызды екенін айтпаса да түсінуге болады. Ертістің таға бір маңызы бұл өлкенің Қазақстан бойынша негізгі орман және ағаш өнеркәсібі базасы екендігінде.

Шығыс Қазақстан облысы республика көлемінде аграрлық-өнеркәсіптік кешен құрылысы жақсы жолға қойылған аймақтың бірі. Ауыл шаруашылығының судан қол үзе алмайтындығын пайымдағанда осы өңірдегі ең үлкен өзеннің алар маңызы өздігінен мәлім болады. Ертістің Қытай жеріндегі ұзындығы 633 шақырым. болып, су энергия потенциалы 3 млн. 420 мың кв. қазір оның суының біраз бөлегі Жоңғар даласына арқылы Қарамайлы қаласының маңына келді. Оны егіншілік пен мұнай өндірісіне және жасыл алқап құрылысына пайдалануда. Ертіс суының қазіргі кезде Қытай тарапынан пайдалануы өзен суының 20 пайызынан аспауы қарастырылған. Егер Батыс өңірді игеруге бай-

ланысты мұнда келушілер жыл өткен сайын арта түссе, оның үстіне жер шары бойынша су тапшылығы барған сайын асқына түсетін болса, күндердің бірінде Ертіс өзенінің су мөлшері бүгінгі күнненде азайып кетуі ғажап емес. Міне, сол кезде Шығыс Қазақстан өнеркәсіп салалары мен ауылшаруашылық салалары зардап шеге бастайды. Оның әсері тұтас республиканы шарпуы мүмкін. Сондықтан Қазақстан үкіметі Ертіс өзенінің тағдырын күні бұрын есепке алып алаңдаушылық білдіруі тиіс.

Ресей және Қазақстанмен шектесетін Қытайдың Алтай округінің билігі биыл Қара Ертіс пен тағы басқа 54 өзенде балық аулауға бір жылға тыйым салу туралы шешім қабылдады. Ондағы мақсат балық қорын қалпына келтіру, өзендегі тіршілік иелерін қорғау, сондай-ақ, ондағы флора мен фаунаны сақтап қалу болып отыр. Уылдырық шашу кезіндегі балық аулауға маусымдық тыйым салу Қара Ертіс пен өңірдегі басқа да өзендерде 13 жылдан бері 1 сәуір мен 30 маусым аралығында енгізіліп келген науқан. Алайда, браконьерлік және заңсыз балық аулаудың тиылмауы осындай шараға баруға мәжбүр еткен көрінеді. Мысалы, 2018 жылы Қара Ертісте заңсыз балық аулаудың 12 фактісі анықталып, 1,9 млн. тоннадан астам балық суға қайта жіберілген екен [5].


Халықаралық заң бойынша өзендер орнына қарай ел ішіндегі өзен, шекаралық өзен және көптеген елге тұтасатын өзен, сондай-ақ халықаралық өзен қатарлы түрлерге бөлінеді. Көптеген елдерге тұтасатын өзен дегеніміз – екі немесе одан да көп елдерден ағып өтетін өзендер. Ал көп елдерден ағып өтетін өзендердің халықаралық келісім бойынша барлық елге ашылуы белгіленген болса, онда ол халықаралық өзен мәртебесін алады. Осы тұрғыдан қарағанда, Ертіс өзені көптеген елдерге тұтасатын өзен түріне жатады. Халықаралық заң бойынша өзендерді пайдалануда әр мемлекет өзіне қарасты өзен бөлегін пайдалануына және басқаруына мүдделі. Алайда көрші елдің де мүддесін ескеруі және кездескен мәселелерді өзара келіссөз арқылы шешуі тиіс.

Екі ел арасындағы тағы бір ірі өзен – Іле. Оның Қазақстан жеріндегі ұзындығы 815 шақырым болып, егін суаруға, электр энергиясын өндіруге пайдаланылып келеді. Іле өзені бастауын Қытай аумағынан алады. Оның негізгі саласы үшеу. Олар, Текес, Күнес және Қас өзендері.

Кесте-1. Іле өзенін құрайтын маңызды үш өзен

Өзен аттары	Ұзындығы, км	Су мөлшері, м3	Қайнары	Энергия қоры
Текес өзені	388	7 млрд. 947 млн.	Қазақстанда	
Күнес өзені	230	2 млрд. 271 млн.	Қытайда	
Қас өзені	292	911 мың	Қытайда	
Іле өзені	1574			7 млн. кв.

Іле өзені әлі бұрынғыдай ағып келіп жатыр, бірақ Қытай өкіметінің межесі бойынша көп кешікпей Іленің негізгі тармағының бірі саналатын Қас өзені Тянь-Шань тауының солтүстік сілемінен асып, Жоңғардың оңтүстігіндегі Күйтүн өзенінің құрғақ аңғарына құйылмақшы. Олай болғанда Іле өзенінің суы азайып, Балқаш көлі төңірегіндегі экологиялық мәселелер тіпті де ұшыға түсуі мүмкін.



Сурет-1. Іле өзенін құрайтын басты өзендер және олардың пайыздық үлесі

Балқаш көлі – Каспий мен Арал теңіздерінен кейінгі Қазақстандағы үшінші ірі су айдыны. Ол Орта Азияның аридті, шөлді зонасында орналасқан. Іле өзені ағысының бөгелуі, көптеген тұзды көлдердің қалыптасуына себеп болды. Мұның өзі Балқаш бойында құм, шаң-тозаң және тұздар бөлшегін әкелетін атмосфералық ағынды қалыптастырды [7]. Сондықтан суға бай емес алапта күріш дақылын өсіруден гөрі өзге шаруашылықпен айналысуы керек секілді. Оның тағы бір себебі, Іленің орта және жоғары ағысына орналасқан Қытайдың Іле аймағында соңғы жылдарда кәсіпорындардың көбейуі және олардың ішінде экологиялық заңдылықтарды сақтамайтын жұмыс орындары болғандықтан көптеген керексіз заттар мен лас сулар Ілеге қосылып Қазақстан жеріне ағып келеді. Соның салдарынан көлдегі балық түрлері мен күріш дәндерінің құрамында адам ағзасына зиянды қосылыстар пайда болып отыр. Бұл халықтың денсаулығы мен мемлекеттің экономикасына кері әсер етеді.

Жалпы Шынжаң жеріндегі өзен суларының жалпы мөлшері 88 млрд. 400 млн. текше метр болып, оның 23 млрд. текше м. суы осы екі өзен арқылы шекарадан ағып шығады. Бұның ішінде Іле өзенінің мөлшері 11 млрд. текше метр шамасында. Ал қалған 12 млрд-қа таяу бөлігі Ертіс өзенінің еншісінде деген сөз. Осынша судың шекарадан ағып шығып кетуі халқы көп елді ойландыруы әбден мүмкін. Оның үстіне Қытай жеріндегі Іле өңірінің жері шұрайлы, климаты қолайлы болып егін шаруашылығына аса тиімді. Жалпы табиғат жағдайы Алматы облысымен қарайлас, Қазақстанмен шектесетін аумағы 432 шақырым. Әрі соңғы жылдарда өнеркәсіп салаларының дамуы жедел болғандықтан Іле өзеніндегі суға болған сұраныстың артуы кәдік емес. Сондықтан екі мемлекет арасындағы транзиттік өзендерге қатысты даулы мәселе. Бірақ келісімге келмей қалады деген ойдан да аулақпыз/8/.

Бұл мәселені зерттеушілердің пайымдауынша суды үнемдеп пайдалану басты орында келеді. Алайда осы «Суды үнемді пайдалану» дегенде ең алдымен адамдардың ойлайтыны өндіріс пен тұрмысқа жұмсалған суды реттеу деген ой. Бұлай ойлау дұрыс емес, себебі тек өндіріс пен тұрмысқа жұмсалған суды ғана реттеуге мән берілгенде, экологияның өзіне керекті судың болатынын естен шығарған. Соның салдарынан табиғаттағы су көздерінің азаю үрдісі етек алған.

Екінші бір жіберілген кемшілік көп мөлшерде тың жер игеру топырақ қабатының сортаңдануын келтіріп шағарып, соның салдарынан егістік алабының немесе оның төменгі ағысындағы су сапасының бұзылуына әкеліп соққан.

Үшінші кемшілік нақтылы кеткен су шығыны мен жоспардағы немесе қағаз жүзіндегі су шығынының арасындағы айырмашылық үлкен, ол шамамен 20-30 пайыз айырмашылыққа ие. Су құрамындағы тұз мөлшерінің сақталуы мәселесі. Су құрамындағы топырақтың тұз мөлшері су сапасына және оның ауы шаруашылық өнімдерінің өсуіне хор ықпал етері анық. Алайда ғалымдардың зерттеуінше су құрамындағы тұздың құрғақ аймақтарда жиі өгеріп тұратыны анықталған.

Жоғарыдағы аталған мәселелерді реттеу Шынжаңдағы су мәселесін шешудің өзекті түйіндері болып табылады. Үкімет суды үнемдеу арықылы көптеген жетістіктерге жетуге болатынын көрсетіп отыр. Мысалы, суды құбырлар арқылы тасымалдау. Бұл шара булануды азайтып, топырақ құрамындағы тұздың сортаңдануын алдын алады және өзеннің төменгі ағысындағы су мөлшерінің кеміп кетуінен сақтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Сарқытқан Қастер, Қытайдың нарықтық шаруашылығы дамуының экономикалық-географиялық негіздері және оның Қазақстанмен байланысы. – Алматы: «Бастау», 2005. – Б.120.*
- 2 *www.xzbu.com Шынжаң су ресурстарын пайдаланудың қазіргі жағдайы және саясаты, 2017.*
- 3 *Сарқытқанұлы Қастер. Қытайдың Батысты игерудегі мүддесі және оның Қазақстанмен қатысы// Қазақстан және әлемдік қауымдастық. атты халықаралық конференция жинағы. – Алматы, 2001.– Б.335.*
- 4 *Джоу Цинуй. Даму стратегиясындағы Батыс. –Пекин: Ұлттар, 2001. –Б.335. (қытай тілінде).*
- 5 *Қытай билігі Ертісте балық аулауға тыйым салады/ BAQ.KZ. 25.03.2019.*
- 6 *Жеңіс Әмірбекұлы. Қытай экономикалық реформа тәжірибелері // Хабаршы, 1999. –№1.*
- 7 *Жағырапия. Таңдамалы (құрастырған проф. У Иғұң қатарлылар). –Үрімжі:Білім, 1993. – Б.497.*
- 8 *Қаналым Таласпай. Ырысты Іле. –Үрімжі: Жастар-өрендер, 2000.*

References:

- 1 *Sarqytqan Qaster, Qytaidyń naryqtyq sharýashyly damýynyń ekonomikalyq-geografialyq negizderi*

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №1(59), 2019ж.
және оның Qazaqstanmen baulanysy. –Almaty: «Bastay», 2005. – B.120.

2 *www.xzbu.com Shynjañ sý resýrstaryn paidalanýdyñ qazyrgi jaǵday jáne saiasaty, 2017.*

3 *Sarqytqanuly Qaster. Qytaidyñ Batysty igerýdegi múddesi jáne oñyñ Qazaqstanmen qatysy// Qazaqstan jáne álemdik qaýymdastyq. atty halyqaralyq konferentsua jinay. –Almaty, 2001. – B.335.*

4 *Djoý Tsinyi. Damý strategiasynday Batys. –Pekin: Ulttar, 2001. –B.335. (qytai tilinde).*

5 *Qytai biligi Ertiste balyq aýlaýa tyym salady/ BAQ.KZ. 25.03.2019.*

6 *Jeñis Ámirbekuly. Qytai ekonomikalıq reforma tájiribeleri// Habarshy, 1999. –№1.*

7 *Jaǵrapua–tañdamaly (qurastyran prof. Ý.Iguñ qatarlylar). –Úrimji: Bilim, 1993. – B.497.*

8 *Qanalym Talaspaı. Yrysty Ile. –Úrimji: Jastar-órender, 2000.*

ХИМИЯҒЫЛЫМДАРЫ **ХИМИЧЕСКИЕ НАУКИ**

ӘОЖ 547.822.3-078

Г.Т.Азимбаева¹, А.А.Уразғалиева²

¹х.ғ.к., доцент,

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

²2-курс магистранты,

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

**ХИМИЯНЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНУГЕ СТУДЕНТТЕРГЕ
АРНАЛҒАН ӨЗІНДІК ТАПСЫРМАЛАР**

Аңдатпа

Өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамыту барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өзіндік жұмысты оңтайлы ұйымдастыру елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады. Мақалада өзіндік жұмысты ұйымдастыруға аса көңіл бөлінген. Өзіндік жұмыс оқу процесінің құрамдас бөлігі болып, әрбір сабақта арнайы уақытты жүйелі түрде жүзеге асырылса, тиімділігі байқалатын болады. Тек осы жағдайда ғана студенттер әртүрлі өзіндік жұмыстарды орындауда және оны жүзеге асыру қарқынын арттыруда тұрақты дағдыларды дамытады. Өзіндік жұмыс түрлерін таңдаған кезде, оның көлемін және мазмұнын анықтап алып, бүкіл оқу үдерісіндегі сияқты дидактиканың негізгі қағидалары басшылыққа алынуы керек. Әрбір өзіндік жұмыс – білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған бірыңғай тізбек. Тұтастай алғанда, барлық өзіндік жұмыс сабақтың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін нақты материалдардан тұрады, олар дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Түйінсөздер: өзіндік жұмыс, нұсқау, жаттығу, тапсырмалар, құзыреттілік, дидактикалық тапсырмалар.

Азимбаева Г.Т.¹, Уразғалиева А.А.²

¹к.х.н., доцент,

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

²магистрант 2 курса,

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

**САМОСТОЯТЕЛЬНЫЕ ЗАДАНИЯ ДЛЯ СТУДЕНТОВ
ПРИ ИЗУЧЕНИИ КУРСА ХИМИИ**

Аннотация

Самостоятельная работа создает возможности для эффективной и продуктивной работы по развитию у студентов творческих способностей и навыков. Оптимальная организация самостоятельной работы – серьезная практическая и научная проблема. Статья посвящена организации самостоятельной работы. Самостоятельная работа является неотъемлемой частью процесса обучения, и эффективность каждого занятия будет контролироваться на регулярной основе. Только в этом случае учащиеся развивают регулярные навыки выполнения различных самореализации и увеличения темпов реализации. При выборе типа самозанятости, он должен основываться на основных принципах дидактики, таких как объем и содержание всего процесса обучения. Каждая самозанятость представляет собой единую цепочку, направленную на формирование системы знаний. В общем, вся работа по самообучению состоит из конкретных материалов, которые соответствуют целям и задачам урока, которые способствуют развитию навыков.

Ключевые слова: самостоятельная работа, обучение, упражнения, задания, дидактические материалы.

G.T.Azimbaeva¹, A.A.Urazgalieva²

¹c.c.s., associate professor,

*Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

²master's 2 courses,

*Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

INDEPENDENT TASKS FOR STUDENTS WHILE STUDING CHEMISTRY

Abstract

Independent tasks creates opportunities for effective and productive work to develop students' creative abilities and skills. The optimal organization of independent work is a serious practical and scientific problem. The article is devoted to the organization of independent work. Self-study is an integral part of the learning process, and the effectiveness of each lesson will be monitored on a regular basis. Only in this case, students develop regular skills to perform various self-realization and increase the pace of implementation. When choosing the type of self-employment, it should be based on the basic principles of didactics, such as the volume and content of the entire learning process. Each self-employment is a single chain aimed at the formation of a system of knowledge. In general, all self-study work consists of specific materials that correspond to the goals and objectives of the lesson, which contribute to the development of skills.

Keywords: independent tasks, training, exercises, tasks, didactic materials.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру мәселесіне көптеген зерттеулер арналған. Өзіндік жұмысқа берілетін анықтамалардың әртүрлілігіне қарамастан, оларды бірнеше шағын топқа бөлуімізге болады. Г.Н.Дари өзіндік жұмыстың мәнін былайша ашады. Бұл жұмыстарды жеке тұлға өз бетімен орындайды, ол өзінің біліміне, сеніміне, дүниетанымына сүйене отырып атқарады. Г.Н.Кулагина өзіндік жұмысты жеке тұлғаның іс-әрекет құралы, белсенділігі мен өз бетімен білім алуға дайындығы деп түсіндіреді. И.Т.Протасовтың ойынша, өзіндік жұмыс- біліктілік пен құзіреттіліктер жиынтығы. [1]. Педагог Р.Сүлейменовтың пікірінше, өздігінен істейтін жұмыстарда жеке тұлғаның іскерлік қабілеті, білім көлемі, білім молдылығынан туатын толық дербестігі айқын көрінеді. Өздік жұмыстар студенттің дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі.

Мұғалім сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, студенттердің ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Танымдық құзіреттілікті тежейтін үш нәрсе бар: біреуі – «Сәтсіздікке ұшыраймын, қолымнан еш нәрсе келмейді» деген қорқыныш сезімі, екіншісі –өзіне-өзі тым риза болмаушылық сезімі, үшіншісі – жалқаулық. Ондай жағдайда баланы құтқарудың жолдарын табу көздері, мысалы: студенттердің танымдылық құзіреттіліктерін қалыптастыруына оқу орнында, сабақ үстінде қолайлы жағдай жасау; танымдылық бағытта студентті жүйелі, саналы түрде қалыптастырып отыру керек. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу жеке тұлғаны шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілдерін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізетіні сөзсіз [2].

Өзіндік жұмыс оқу процесінің құрамдас бөлігі болып, әрбір сабақта арнайы уақытты жүйелі түрде жүзеге асырылса, тиімділігі байқалатын болады. Тек осы жағдайда ғана студенттер әртүрлі өзіндік жұмыстарды орындауда және оны жүзеге асыру қарқынын арттыруда тұрақты дағдыларды дамытады. Өзіндік жұмыс түрлерін таңдаған кезде, оның көлемін және мазмұнын анықтап алып, бүкіл оқу үдерісіндегі сияқты дидактиканың негізгі қағидалары басшылыққа алынуы керек.

Оқу үдерісінде өзіндік жұмысын ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

- Сабақта қандай да бір өзіндік жұмыс нақты мақсатқа ие болуы керек және студент оған жету жолдарын білуі керек;

- Өзіндік жұмыс студенттің оқу мүмкіндіктеріне сәйкес болған жөн. Бір күрделі деңгейден екіншісіне өту біртіндеп болуы қажет;

- Оқытушы әртүрлі өзіндік жұмыс түрлерін және жұмыс үрдісін басқаруды қатар алып жүреді;

- Өзіндік жұмыс ең кем дегенде стереотипті болуы керек, себебі оның негізгі міндеті – студенттің танымдық қабілеттерін, бастамашылығын және шығармашылығын дамыту.

Өзіндік жұмыс үшін оқыту тапсырмаларын бөлуге болады:

1. Білім алушылардың өзіндік жұмыс әдісі бойынша:

- бақылау;
- жаттығулар;
- мәтінмен жұмыс жасау.

2. Оқу үдерісмен байланысы бойынша:

- қабылдауға арналған тапсырма;
- жүйелеуге арналған тапсырма;
- оқу материалын бекіту жаттығулары;
- оқу материалын қайталау жаттығулары.

3. Студенттің танымдық белсенділігінің сипаты бойынша:

- репродуктивті жаттығулар;
- шығармашылық (өнімді)

4. Көшбасшылық сипаты бойынша:

- толық нұсқаулар;
- нақтырақ нұсқаулар.

Іс жүзінде біз өзіндік жұмыстың келесі түрлерін ажырата аламыз:

- Кітаппен жұмыс: сурет, графика, сұраққа жауапты іздестіру, жазба алу, қайталау, жауап беру жоспары, бірнеше параграфта қорыту, алғашқы дереккөздермен жұмыс;
- Жаттығулар: сұрақтарға жауаптар, сергіту жаттығулары;
- Практикалық проблемаларды шешу және зертханалық жұмыс;
- Тестілеу, өзіндік жұмыс;
- Есептер мен рефераттар;
- Байқаулар мен экскурсиялар бойынша жеке және топтық тапсырмалар;
- Үй жаттығуларына берілетін зертханалық эксперименттерді бақылау.

Өзіндік жұмыстарды жоспарлау кезінде:

1. Сабақтың құрылымында оның орнын қамтамасыз ету;
2. Оқушылардың дайындық дәрежесіне, сондай-ақ зерделенген материалдардың күрделілігіне байланысты оның оңтайлы көлемін анықтау;
3. Өзіндік жұмыстарды орындау кезінде туындауы мүмкін қиындықтарды қамтамасыз ету;
4. Тапсырма нысандарын анықтау;
5. Жұмыстың тиімді ұзақтығын орындау;
6. Тиісті дидактикалық материалдарды таңдау;
7. Студенттердің жұмысын тексеруге және өзін-өзі тексеруге арналған ұтымды тәсілдерді қамтамасыз ету[3].

Өзіндік жұмыс үшін ұсынылған тапсырмалар студенттерге қызықты болуы керек. Мұғалімдерге өз міндеттерінің немесе әдістерінің практикалық маңыздылығын ашып көрсету арқылы олардың мазмұны бойынша ерекше міндеттер қойылған жаңалығымен қол жеткізіледі. Өзіндік жұмыстың білім беру функциясы химия ғылымының әдістерін меңгеруде: экспериментальды білімді, оқулықпен жұмыс істеуді, есептерді жасауды, химиялық тілін пайдалануды біледі.

Оқытудың ауызша әдісі енді тиімсіз болып келеді. Оқытудың мақсаты білім алушы назарын шығармашылық дағдыларды қалыптастыруға, сондай-ақ оқытуды АҚТ байланысты өзгеріп келеді. Студенттің тәуелсіздігін дамытудың үш бағыты: танымдық, практикалық және ұйымдастыру-техникалық[4].

Қазіргі сабақ студенттердің өзіндік жұмыстарынсыз бола алмайды. Ол – студенттердің алдына қойған мақсаттарын орындау қызметі. Өзіндік жұмыстарды орындау арқылы студенттер көрсетілген бағдарламалық білімді, жаңа білімдер мен дағдыларды игереді, өзіндік шығармашылық қабілетін дамытады, ғылыми танымдық әдістерді меңгереді.

Химия сабағындағы студенттердің өзіндік жұмыстары сан алуан сарамандық сабақтар, сарамандық тәжірибелерді орындаулары, есептерді шешуі, формулалар бойынша реакциялардың теңдеуін құрастыру, жаттығуларды орындау, бақылау және тексеру жұмыстарын орындау, оқулықпен жұмыс, анықтамалар және әр түрлі қосымша әдебиеттермен жұмыс, сарамандық жұмыстардың есебін жазып орындау, танымдық материалдарын өңдеу, т.б.

Студенттердің әрбір дербес жұмыстарын өзіндік жұмыс деп санауға болады. Мысалы, студент тәжірибе жасағанда басшы нұсқауларды басшылыққа алып, тәжірибенің орындалуы. Бұл жұмыстардың репродуктивті өзіндік сипаты бар. Жоғары деңгейдегі өзбетінше жұмыс істеу ізденушілік сипатта жүзеге асады. Студент тапсырманы алғаннан кейін, оқу мақсатын анықтап, ойланып, өз бетінше орындау жолдарын белгілейді, оны шешудің тиімді әдісін таңдап алады. Мүмкін бұл есепті шешудің жаңа жолын табуы, осындай өзіндік ізденістер шығармашылық шешуге әкеледі. Өзіндік қиындықтарына, танымдық сипатына қарай берілетін тапсырмалар күшті оқушыларға, орташа және әлсіз оқушылар деп топтастырылады, оқушылардың өздері нұсқаларды таңдайды. Нұсқаның бірінші тобына шығармашылық шешімді қажет ететіндері алынады, ал екінші тобына – болжаудың дұрыстығын тексеретін, ал үшінші тобына – репродуктивті сипаттағы тапсырмалар беріледі.

Оқытушы студентке өздігінен жұмыс істету арқылы студенттердің дербестігін, өз бетінше ойлау жүйесін, жүйелі білім алу тәртібін қалыптастырады [5].

Әрбір өзіндік жұмыс – білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған бірыңғай тізбек. Тұтастай

алғанда, барлық өзіндік жұмыс сабақтың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін нақты материалдардан тұрады, олар дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Химия сабақтарында жиі қолданылатын өзіндік жұмыс түрлері:

- Алдын-ала талдау арқылы жүргізілетін өзіндік жұмыс. Мәселені немесе жаттығуды егжей-тегжейлі талдау барлық теориялық негіздермен берілген. Содан кейін өзіндік жұмыс үшін осындай жұмыс ұсынылады.

- Кейінгі тексерумен тапсырмаларды орындау. Студенттер тапсырманы өздері орындап, содан кейін өз жұмысын көрсететін үлгі бойынша тексереді, ал шешімнің маңыздылығы біртіндеп тиісті сұрақтар қою арқылы анықталады.

- Дайын жауаптары бар көп нұсқалы тапсырмалар. Бұл жұмыстар кері байланыс орнатуға, кемшіліктерді анықтауға және түсініксіз жағдайларды талдауға көмектеседі.

- Өзін-өзі тексеріп жүргізетін химиялық диктант.

- Алгоритм бойынша жұмыс оқушыларды тапсырманы айқын, дәйекті орындауға үйретеді, студенттердің ойлау әрекетін мақсатты түрде ұйымдастырады [3].

Химияны оқытуда өз бетімен жұмысты ұйымдастыру үшін оқушы негізгі заңдылықтарды меңгеріп, химиялық білімді тұжырымдап, ғылыми мәселелерді шешу мәселесін көрсетіп, оларды шешудің тиімді жолдарын анықтай білуі тиіс. Студенттерді химиялық мәселелерді өз бетіме шешуге үйрете отырып, оқытушы алдымен бірқатар мысалдар негізінде болжам құруға, мәселе қоюға, оның дұрыс шешімін табуға жол көрсетеді.

Өздік жұмыс дегеніміз – студенттердің жаңа білім, дағды, икемділіктер мен ғылым әдістерін меңгерудің маңызды жолы. Өздік жұмыс тұтасымен алғанда оқу процесі сияқты білім беру, тәрбие, дамыту функцияларын атқарады.

Өздік жұмыстың білімділік функциясы химия ғылымының негізгі әдістерін игеруде көрінеді[6].

Өзіндік жұмысы студенттің өз бетімен жұмыс істей алу мүмкіндігін байқатады. Өзіндік жұмыстарды өз бетінше орындау үшін тек теориялық білімнің болуы ғана жеткілікті емес, оқушыда қалыптасқан әрекеттік дағдылар мен ой әрекеті тәсілдерін жақсы меңгеруі тиіс.

Студенттердің өзіндік жұмысын белсендіру болашақ кәсіби маман әзірлеуде, білім деңгейін көтеруге бағытталған мемлекеттің стратегиясын іске асыруда аса маңыздылыққа ие болуда.

Студенттермен өзіндік жұмысты ұйымдастыру студенттердің қай курста оқитынына, қандай мектепті бітіріп келгеніне, студенттердің психологиялық даму ерекшеліктеріне, пәндердің өзіндік ерекшеліктеріне, пәндердің өзіндік ерекшеліктеріне, мамандық әзірлеу екекшелігіне және т.б. көптеген факторларға байлысты болады[7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Измайлова М.А. Студенттерден тыс сабақтан тыс өзіндік жұмыс ұйымдастыру: Әдістемелік құрал. – М.: «Дашков және К.С. баспа және сауда корпорациясы», 2008.*

2 *Тантыбаева Б.С., Маканов У. Студенттер білімінің сандық сипаты // Ізденіс. – Алматы, 2006. – №1. – Б.313-318.*

3 *Даутова З.С. Кредиттік оқыту жүйесінде «Көмірсутектер» тақырыбын оқыту барысында экологиялық білім беру // «С.Аманжолов оқулықтары – 2007» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Өскемен, 2007. – Б.234-237.*

4 *Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Фолиант, 2002. – 265 б.*

5 *Галиев Т.Т. Системный подход к интенсификации учебного процесса. – Алматы: Ғылым, 1998. – 289 б.*

6 *Алексеева Л.П., Норенкова А.В. Студенттердің өзіндік жұмысын қамтамасыз ету. – «Маман», 2005. – №6.*

7 *Вычегжанина Т.В. Студенттердің өзіндік жұмысы туралы. – «Сарапшы», 2005. – №4.*

References:

1 *Izmailova M.A. Stúdentterden tys sabaqtan tys ózindik jumys uymdastyryú: Adistemelik qural. – M.: «Dashkov jáne K.S., baspa jáne sayda korporatsiasy», 2008.*

2 *Tantybaeva B.S., Makanov U. Stúdentter biliminiń sandyq sypaty // Izdenis. – Almaty, 2006. – №1. – B.313-318.*

3 *Daytova Z.S. Kredittik oqytú júesinde «Kómirsýtekter» taqyrybyn oqytú barysynda ekologualyq bilim berý // «S.Amanjолоv oqýlyqtary – 2007» atty Halyqaralyq ғылыми-практикалық konferentsuanyn*

materialdary. – Óskemen, 2007. – В.234-237.

4 Qoianbaev J.B., Qoianbaev R.M. *Pedagogika*. – Almaty: Foliant, 2002. – В.265.

5 Galiev T.T. *Sistemnyj podxod k intensivizacii uchebnoho processa*. – Almaty: Fylym, 1998. – В.289.

6 Alekseeva L.P., Norenkova A.V. *Stýdentterdiń ózindik jumysyn qamtamasyz etý*. – «Maman», 2005. – №6.

7 Vychegjanina T.V. *Stýdentterdiń ózindik jumysy týraly*. – «Sarapshy», 2005. – №4.

ӘОЖ537.8.

К.Бекішев¹, Н.Ф. Жолдасова²

¹п.ғ.д., профессор,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²2 курс магистранты,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ЗАТТАРДЫҢ ТОТЫҚТЫРҒЫШ-ТОТЫҚСЫЗДАНДЫРҒЫШ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ САНДЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДАН ШЫҒАТЫН ПРАКТИКАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Аңдатпа

Мақалада химиялық элементтер түзетін жай заттар мен тотығу дәрежесі әртүрлі қосылыстарының тотықтырғыш-тотықсыздандырғыш қасиеттерінің сандық сипаттамалары және олардан шығатын практикалық қорытындылар талқыланған. Оқу процесінде кеңінен қолданылатын стандарттық электродтық потенциалдар кестесімен қатар оның негізінде құрылатын Латимер және Фрост диаграммаларынан қорытынды жасау әдістемесі қысқаша баяндалған. Мақалада келтірілген мәліметтерді ҚР ЖОО химиялық мамандықтарының оқу процесінде қолдануға болады.

Түйін сөздер: тотығу, тотықсыздану, жартылай реакция, Латимер диаграммасы, Фрост диаграммасы, диспропорциялану, сопропорциялану.

Бекишев К.¹, Жолдасова Н.Ф.²

¹д.п.н., профессор,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан

²магистрант 2 курса,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан

КОЛИЧЕСТВЕННЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ ОКИСЛИТЕЛЬНО-ВОССТАНОВИТЕЛЬНЫХ СВОЙСТВ ВЕЩЕСТВИ ПРАКТИЧЕСКИЕ ВЫВОДЫ ИЗ НИХ

Аннотация

В статье представлены образцы методов решения задач с использованием диаграмм Латимера и Фроста в процессе обучения по теме «Количественные характеристики окислительно-восстановительных процессов» учебного модуля «Окислительно-восстановительные процессы», широко применяемые в учебном процессе курса общей и неорганической химии для высших учебных

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №1(59), 2019ж. заведений. Студенты могут использовать диаграммы Латимера и Фроста, чтобы проверить степень освоения данной темы.

Ключевые слова: окисление, восстановление, диаграммы Латимера, диаграммы Фроста, диспропорционирование.

K.Bekishev¹, N.F. Zholdassova²

*¹d.p.s., professor,
al-Farabi Kazakh national university,
Almaty, Kazakhstan*

*²masters 2 courses,
al-Farabi Kazakh national university,
Almaty, Kazakhstan*

QUANTITATIVE CHARACTERISTICS OF THE REDOX PROPERTIES OF SUBSTANCES AND PRACTICAL CONCLUSIONS FROM THEM

Abstract

The article is providing theoretical questions and methods of solutions type of tasks. Samples of methods for solving problems using Latimer and Frost diagrams in the course of training on theme «Quantitative characteristics of oxidation-reduction processes» in learning module «Oxidation-reduction processes» which are used in learning process of course. General Inorganic Chemistry for High Education. Students can use the Latimer and Frost charts to check the degree of mastery of the subject.

Keywords: oxidation, reduction, Latimer diagrams, Frost diagrams, disproportionation.

Кіріспе. Химиялық элементтер түзетін жай заттар мен қосылыстардың тотықтырғыш (немесе тотықсыздандырғыш) қасиеттері әрқалай. Олардың кейбіреулері (мысалы, сілтілік металдар, күкіртсутек және т.б.) өте оңай тотығатын болса, басқалары (мысалы, Au, Pt және т.б.) іс жүзінде тотығуға ұшырамайды десе де болады. Олардың тотығуға (немесе, керісінше, тотықсыздануға) бейімділігін (тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш қасиеттерін) салыстыру үшін қандай да болса сандық сипаттама қажет. Осы күнге дейін сондай сандық сипаттаудың бірнеше түрі қалыптасқан. Олардың ішінде ең кең тарағаны қарастырылатын элемент түзетін жай зат немесе химиялық қосылыс (молекула, ион) қатысында жүретін жартылай реакцияның стандарттық электродтық потенциалы (СЭП) [1-9]. Электродтық потенциалдың пайда болу механизмін түсіндіретін теориялар және оны өлшеу әдістемелері көптеген оқулықтар мен оқу құралдарында келтірілген.

Сонымен қатар соңғы жылдары шыққан оқулықтарға элементтер түзетін жай заттар мен химиялық қосылыстардың тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш қасиеттерін сандық тұрғыдан сипаттайтын Латимер диаграммасы және Фрост диаграммасы сияқты басқа әдістер де кіргізіле бастады. Олар ғалымдарға көптен таныс болғанымен, оқу процесіне енді ғана кеңінен ене бастады. Сондықтан осы мақаламыз жай заттар мен қосылыстардың тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш қасиеттерін сандық тұрғыдан сипаттайтын әдістерді салыстыруға арналған.

1. Стандарттық электродтық потенциалдар (СЭП) кестесі (қатары) және одан шығатын практикалық қорытындылар.

Химиялық элементтер түзетін жай заттар мен олардың бірталай маңызды қосылыстарының сулы ортадағы тотықтырғыш немесе тотықсыздандырғыш қасиеттерін сипаттайтын стандарттық электродтық потенциал (φ° , В) мәндері (дәлдеп айтқанда, қарастырылып отырған жартылай реакция жүретін электрод пен сутек электродынан тұратын гальваникалық элементтің стандарттық жағдайдағы электр қозғаушы күші (ЕҚК) – E° , В) осы күнге дейін талай рет өлшеніп (кейде есептеліп), анықтамалық кестелерде келтірілген.

Стандартты электродтық потенциалдардың (СЭП) бірнеше кең таралған формалары бар: кесте түрінде (1-кесте), Латимер диаграммасы (немесе қатары) және тотығу-тотықсыздану күйлерінің диаграммасы (Фрост диаграммасы) [1].

Кесте-1. Стандартты электродтық потенциалдар (СЭП) бойынша деректердің кесте түріндегі ұсынылған формалары (фрагмент)

φ° Мәнініңкему реті бойынша		Элемент бойынша топтастырылған	
Жартылай реакциялар теңдеуі	φ°, В	Жартылай реакциялар теңдеуі	φ°, В
$S_2O_8^{2-} - 2e^- = 2SO_4^{2-}$	+2,00	$MnO_4^- + 1e^- = MnO_4^{2-}$	+0,56
$H_2O_2 + 2H^+ - 2e^- = 2H_2O$	+1,77	$MnO_4^{2-} + 4H^+ + 2e^- = MnO_2 + 2H_2O$	+2,26
$PbO_2 \downarrow + 4H^+ - 2e^- = Pb^{2+} + 2H_2O$	+1,46	$MnO_2 + 4H^+ + 1e^- = Mn^{3+} + 2H_2O$	+0,95
$2BrO_3^- + 12H^+ - 10e^- = Br_2 + 6H_2O$	+1,52	$Mn^{3+} + 1e^- = Mn^{2+}$	+1,51
$MnO_4^- + 8H^+ - 5e^- = Mn^{2+} + 4H_2O$	+1,51	$MnO_2 \downarrow + 4H^+ - 2e^- = Mn^{2+} + 2H_2O$	+1,29
$ClO_3^- + 6H^+ - 6e^- = Cl^- + 3H_2O$	+1,45	$Mn^{2+} + 2e^- = Mn^0$	-1,18
$Cl_2 \uparrow - 2e^- = 2Cl^-$	+1,36	$MnO_4^- + 8H^+ - 5e^- = Mn^{2+} + 4H_2O$	+1,51
$Cr_2O_7^{2-} + 14H^+ - 6e^- = 2Cr^{3+} + 7H_2O$	+1,33	$MnO_4^- + 4H^+ + 3e^- = MnO_2 + 2H_2O$	+1,70
$MnO_2 \downarrow + 4H^+ - 2e^- = Mn^{2+} + 2H_2O$	+1,29		

Стандартты электродтық потенциалдар (СЭП) кестесінен (қатарынан) қандай ақпарат алуға болады?

Қандай тотығу-тотықсыздану реакциялары өз бетімен жүре алады?

Бұл сұраққа жауап беру үшін құрамында біздің қарастырғымыз келіп отырған реагенттер болатын жартылай реакцияларды кестеден тауып алып, олардың стандарттық электродтық потенциалдары мәндерін (φ°) салыстырамыз. IUPAC шешімі бойынша жартылай реакциялар тотықсыздану реакциясы ретінде жазылады.

Негізгі ереже:

1-ереже:

Қарастырылып отырған екі жартылай реакцияның φ° мәні үлкенінің сол жағында келтірілген бөлшектер (молекулалар, иондар және т.б.) φ° мәні одан кіші кез келген жартылай реакцияның оң жағында келтірілген бөлшектерді (атомдар, иондар, молекулаларды) стандарттық жағдайда оның сол жағында келтірілген бөлшектерге (иондарға, молекулаларға) дейін тотықтыра алады, ал өздері жартылай реакцияның оң жағында келтірілген бөлшектерге (иондарға, молекулаларға) дейін тотықсыздана алады.

Мысалы, калий перманганаты мен тұз қышқылы арасында өз бетімен жүретін химиялық реакция мүмкін бе? Жүрсе, ол қаншалықты терең жүреді? Оның тепе-теңдік константасын есептеуге бола ма? Реакция кезінде олардың қайсысы тотықтырғыш, қайсысы тотықсыздандырғыш болады? Егер калий перманганаты тотықтырғыш қызметін атқаратын болса, онда оның өзі тотығу дәрежесі қандай қосылысқа дейін тотықсыздануы мүмкін?

Бұл сұрақтарға жауап беру үшін, анықтамалық кестелерден аталған заттар қатысатын жартылай реакциялардың СЭП мәндерін тауып алып (2-кесте), салыстырамыз.

Кесте-2. MnO_4^- және Cl_2 заттарының жартылай реакцияларының стандартты электродтық потенциалдардың (СЭП) мәндері

Жартылай реакциялар	φ°, В	1,51 > 1,359. Қорытынды: MnO_4^- иондары қышқыл ортада тұз қышқылының құрамындағы Cl^- иондарын бос хлорға (Cl_2) дейін тотықтыра алады, ал өзі Mn^{2+} иондарына дейін тотықсызданады.
$MnO_4^- + 8H^+ - 5e^- = Mn^{2+} + 4H_2O$	+1,51	
$Cl_2 \uparrow - 2e^- = 2Cl^-$	+1,359	

Реакцияның толық теңдеуін жазу үшін әрекеттесетін бөлшектер жартылай реакция теңдеулерінің сол жағында, ал өнімдер оң жағында болатындай етіп жазамыз. Жартылай реакция теңдеуі кері бағытта жазылғанда оған сәйкес φ° мәні кері таңбамен алынатынын ескеру қажет. Сонымен қатар тотығу-тотықсыздану реакциясының толық теңдеуін жазған кезде электрондар балансы болу шартын ескеру қажет (3-кесте). Қарастырылып отырған реакцияда оған қоса тұз қышқылының бір бөлігі тұз түзу процесіне қатысатынын ескерген жөн.

Кесте-3. $KMnO_4$ және HCl реакциясының толық теңдеуінің стандартты электродтық потенциалдардың (СЭП) және тепе-теңдік константасының есептелген мәні

	Жартылай реакция	φ°, В
×2	$MnO_4^- + 8H^+ - 5e^- = Mn^{2+} + 4H_2O$	+1,51

×5	$2\text{Cl}^- = \text{Cl}_2\uparrow - 2\bar{e}$	-1,359
	$2\text{MnO}_4^- + 16\text{H}^+ + 10\text{Cl}^- = 2\text{Mn}^{2+} + 8\text{H}_2\text{O} + 5\text{Cl}_2\uparrow$	$E^0 = 1,51 - 1,359 = 0,151 \text{ В.}$
	$2\text{KMnO}_4^- + 16\text{HCl} = 2\text{MnCl}_2 + 2\text{KCl} + 8\text{H}_2\text{O} + 5\text{Cl}_2\uparrow$	$K_{\text{тт}} = 10^{nE^0/0.059} = 10^{10 \cdot 0.151 / 0.059} = 3,89 \cdot 10^{25}$

Осылай басқа да мүмкін варианттарды қарастыруға болады. Ғалымдардың айтуы бойынша жартылай реакциялардың белгілі стандартты электродтық потенциалдардың (СЭП) мәндеріне сүйене отырып, 85000 жуық реакциялардың жүру мүмкіндігін болжауға болады [2].

Егер стандартты электродтық потенциалдар (СЭП) кестесінен тек металдардың тотығу-тотықсыздану қасиеттерін сипаттайтын мәліметтерді жинап алып, оларды тотығу қабілетінің төмендеуі (яғни, олардың бейтарап атомдарының оң иондарға – катиондарға айналу үрдісінің төмендеуі) бойынша қатарға орналастырсақ, онда көпшілікке орта мектеп химиясы курсынан белгілі «металдардың электрохимиялық кернеу қатарын» аламыз.

Катион күйге ауысу үрдісі

Li K Ba Ca Na Mg Al Mn Cr Zn FeCd Co Ni Sn Pb [H]Cu Ag Pt Au

Химиялық белсенді металдар

Асыл металдар

Олардың да тотықтырғыш-тотықсыздандырғыш қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары жоғарыда келтірілген ережеге бағынады. Оны металдарға арнап нақтылауға болады.

2-ереже:

Әрбір металл электрохимиялық кернеу қатарында өзінің оң жағында (немесе өзінен кейін) тұрған кез келген металды оның сулыерітінділерінен ығыстырып шығара алады (4-кесте). Мысалы:

Кесте-4. Zn^{2+} және Cu^{2+} иондарының жартылай реакцияларының стандартты электродтық потенциалдардың (СЭП) мәндері

Жартылай реакциялар	$\phi^0, \text{В}$	+0,34 > - 0,76.
$\text{Zn}^{2+} + 2e^- = \text{Zn}$	- 0,76	Демек, Cu^{2+} иондары тотықтырғыш, ал Zn атомдары тотықсыздандырғыш болады.
$\text{Cu}^{2+} + 2e^- = \text{Cu}$	+ 0,34	

Реакцияның толық теңдеуін (5-кесте) жазу үшін жоғарыда келтірілген мысалда қолданылған алгоритмді пайдаланамыз.

Кесте-5. Zn және CuSO_4 реакциясының толық теңдеуінің стандартты электродтық потенциалдардың (СЭП) және тепе-теңдік константасының есептелген мәні

	Жартылай реакция	$\phi^0, \text{В}$	
×1	$\text{Cu}^{2+} + 2e^- = \text{Cu}$	+ 0,34	$E^0 = 0,34 + 0,76 = 1,10 \text{ В.}$ $K_{\text{тт}} = 10^{nE^0/0.059} = 10^{2 \cdot 1,10 / 0.059} = 1,94 \cdot 10^{37}$
×1	$\text{Zn} = \text{Zn}^{2+} + 2e^-$	+ 0,76	
	$\text{Zn} + \text{Cu}^{2+} = \text{Cu} + \text{Zn}^{2+}$		
	$\text{Zn} + \text{CuSO}_4 = \text{ZnSO}_4 + \text{Cu}$		

Қышқыл ерітінділеріне металдармен әсер ету арқылы сутек алу мәселесі практикада маңызды орын алады. Сондықтан негізгі ережені сутекке арнап жеке нақтылауға болады:

3-ереже:

Электрохимиялық кернеу қатарында сутектің сол жағында (немесе сутекке дейін) тұрған кез келген металл сұйылтылған қышқылдардан сутекті ығыстырып шығара алады (6-кесте). Мысалы:

Кесте-6. Zn^{2+} және H^+ иондарының жартылай реакцияларының стандартты электродтық потенциалдардың (СЭП) мәндері

Жартылай реакциялар	$\phi^0, \text{В}$	0,00 > - 0,76.
$\text{Zn}^{2+} + 2e^- = \text{Zn}$	- 0,76	Демек, H^+ иондары тотықтырғыш, ал Zn атомдары тотықсыздандырғыш болады.
$2\text{H}^+ + 2e^- = \text{H}_2$	+ 0,00	

Реакцияның толық теңдеуін (7-кесте) құру үшін жоғары келтірілген алгоритмді тағы пайдаланамыз:

Кесте-7. Zn және H₂SO₄ реакциясының толық теңдеуінің стандартты электродтық потенциалдардың (СЭП) және тепе-теңдік константасының есептелген мәні

	Жартылай реакция	φ°, В
×1	2H ⁺ + 2e ⁻ = H ₂	0,00
×1	Zn = Zn ²⁺ + 2e ⁻	+ 0,76
	Zn + 2H ⁺ = Zn ²⁺ + H ₂ ↑	E° = 0,00 + 0,76 = 0,76 В.
	Zn + H ₂ SO ₄ = ZnSO ₄ + H ₂ ↑	K _{тт} = 10 ^{nE°/0.059} = 10 ^{2*0,76/0.059} = 5,79 * 10 ²⁵

4-ереже:

Кез келген металды электрохимиялық коррозиядан қорғау үшін оның сыртын СЭП қатарында оған дейін орналасқан металдың бірімен қаптауға болады.

Металдарды коррозиядан қорғау мәселесі практикада өте маңызды орын алады. Стандарттық потенциалдар қатарына сүйене отырып, металдарды, мысалы, темірді, коррозиядан қорғау туралы қорытынды жасауға болады. Темірді коррозиядан қорғаудың бір тәсілі – оны басқа металдармен қаптау. Мысалы, темірді мырышпен қаптауға болады ма деген сұраққа жауап беру үшін стандарттық потенциалдарды пайдаланып (8-кесте), реакцияның жүруін болжау керек:

Кесте-8. Zn²⁺ және Fe²⁺ иондарының жартылай реакцияларының стандартты электродтық потенциалдардың (СЭП) мәндері

Жартылай реакциялар	φ°, В	
Zn ²⁺ + 2e ⁻ = Zn	- 0,76	-0,44 > - 0,76. Демек, Fe ²⁺ иондары тотықтырғыш, ал Zn атомдары тотықсыздандырғыш болады
Fe ²⁺ + 2e ⁻ = Fe	- 0,34	

Реакцияның толық теңдеуін (9-кесте) жазу үшін жоғарыда келтірілген мысалда қолданылған алгоритмді пайдаланамыз.

Кесте-9. Zn және FeSO₄ реакциясының толық теңдеуінің стандартты электродтық потенциалдардың (СЭП) және тепе-теңдік константасының есептелген мәні

	Жартылай реакция	φ°, В
×1	Fe ²⁺ + 2e ⁻ = Fe	+ 0,34
×1	Zn = Zn ²⁺ + 2e ⁻	+ 0,76
	Zn + Fe ²⁺ = Fe + Zn ²⁺	E° = - 0,44 + 0,76 = +0,32 В.
	Zn + FeSO ₄ = ZnSO ₄ + Fe	K _{тт} = 10 ^{nE°/0.059} = 10 ^{2*0,32/0.059} = 7,03 * 10 ¹⁰

5-ереже (қорытынды):


Электр қозғаушы күші мейлінше жоғары гальваникалық элемент құрастыру үшін СЭП қатарында бір-бірінен мейлінше ашақ орналасқан металдарды пайдалану керек.

2. Латимер диаграммасы (қатары) түрінде ұсынылған стандартты электродтық потенциалдардың формалары.


Негізгі ереже:

Латимер диаграммасы элементтің тотығу дәрежелері әртүрлі қосылыстарының тотықтырғыш-тотықсыздандырғыш қасиеттері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Электрохимиялық жүйелердің көпшілігінде потенциал шамалары ортаның қышқылдығына байланысты болғандықтан, Латимер диаграммалары қышқыл (pH=0) және негіздік орталар (pH=14) үшін бөлек ұсынылады. Мысалы, марганец үшін:

а) қышқылдық орта жағдайында (pH=0):



б) негіздік орта жағдайында (pH=14):




Диаграммадағы қышқыл орта үшін берілген $\text{MnO}_4^{2-} \xrightarrow{+2,26} \text{MnO}_2$ фрагменті $\text{MnO}_4^{2-} + 4\text{H}^+ + 2\bar{e} \rightarrow \text{MnO}_2 + 2\text{H}_2\text{O}$ жартылай реакция теңдеуін толығымен ауыстырады және бұл ауысу +2.26 В сәйкес келеді. Элемент формасының әр түрлі ортасы және соған сәйкес келетін стандартты потенциалдардың ауысымдары үшін тотығу дәрежесі диаграммада кему ретімен орналасады [3].

Латимер диаграммасынан қандай ақпаратты алуға болады?

1-ереже:

Латимер диаграммасын пайдалана отырып, берілген элемент үшін кез-келген (диаграммада көрсетілмеген) тотықтырғыш-тотықсыздандырғыш жұбының электродтық потенциал (E°) шамасын есептеуге болады. Мысалы, диаграммада қышқыл орта үшін MnO_4^- - MnO_2 ауысымының потенциалы жайлы ақпарат жоқ. Оның мәнін белгілі екі іргелес ауысымның потенциал шамаларын пайдалана отырып есептеуге болады:



Е функциясын есептеу үшін Лютер ережесін қолданылады. Осы ережеге сәйкес, теңдеу құрастырсақ:

$$3E_3^\circ (\text{MnO}_4^- / \text{MnO}_2) = E_1^\circ (\text{MnO}_4^- / \text{MnO}_4^{2-}) + 2E_2^\circ (\text{MnO}_4^{2-} / \text{MnO}_2)$$

Осыдан:

$$E_3^\circ = \frac{E_1 + 2E_2}{3} = \frac{1 \times 0,56 + 2 \times 2,26}{3} = \frac{5,08}{3} = 1,69 \text{ В.}$$

2-ереже:

Латимер диаграммасының көмегімен, берілген ортада диспропорциялану процесіне қатысты элементтің тұрақсыз формаларын анықтауға болады. Егер сол жақтағы форманың ауысым потенциалының шамасы оң жақтағысынан төмен болса, онда берілген форма көрші жатқан екі формаға диспропорцияланады. Мысалы, қышқыл ортадағы MnO_4^{2-} формасының сол жақтағы ауысым потенциалының шамасы (+0,56 В), оң жақтағысынан (+2,26 В) аз. Бұл дегеніміз, марганец қосылысының (+6) қышқыл ортада, Mn (+7) және Mn (+4) қосылыстарына диспропорциялануын ұшырайтынын көрсетеді [4].



$E_2^\circ > E_1^\circ$, сондықтан шартты түрде (2) реакциядағы MnO_4^{2-} ионы (1) реакциядағы MnO_4^{2-} ионын MnO_4^- -ға дейін тотықтырады, ал өзі MnO_2 қосылысына дейін тотықсызданады (9-кесте). Мысалы,

Кесте-9. Марганец қосылысының қышқыл ортада диспропорциялануы

×2	$\text{MnO}_4^{2-} = \text{MnO}_4^- + \bar{e}$	- 0,56 В
×1	$\text{MnO}_4^{2-} + 4\text{H}^+ + 2\bar{e} = \text{MnO}_2 + 2\text{H}_2\text{O}$	+ 2,26 В
	$3\text{MnO}_4^{2-} + 4\text{H}^+ = 2\text{MnO}_4^- + \text{MnO}_2 + 2\text{H}_2\text{O}$	+1,70 В
	$3\text{K}_2\text{MnO}_4 + 4\text{HCl} = 2\text{KMnO}_4 + \text{MnO}_2 + 2\text{H}_2\text{O} + 4\text{KCl}$	

3. Фрост диаграммасы түрінде ұсынылған стандартты электродтық потенциалдардың формалары.

Негізгі ереже:

Тотыққан күйлердің диаграммасы, Латимер қатарының графикалық көрінісі Фрост диаграммасы деп аталады. Фрост диаграммасы $\mathcal{E}^{n+} + ne = \mathcal{E}^0$ ауысымы бойынша nE^0 туындысының элементтің тотығу дәрежесіне тәуелділігін сипаттайды.


Фрост диаграммасы қалай құрастырылады?

Марганец мысалында, Фрост диаграммасының құрастырылу принципін қарастырсақ. Ең алдымен төмендегі кесте толтырылады. Қажетті мәліметтерді Латимер диаграммасын қолдану арқылы есептеп шығаруға және анықтамалықтардан алуға болады (11-кесте). nE^0 туындысын жиі жағдайда вольт-эквивалент деп те атайды [5].

Кесте-10. Марганец үшін Фрост диаграммасын құрастыруға қажетті мәліметтер

Форма	Тотығу дәрежесі	$E^0 (Mn^{n+}/Mn^0)$	nE^0
Mn	0	0	0
Mn^{2+}	+2	- 1,18	-2,36
Mn^{3+}	+3	- 0,283	-0,85
MnO_2	+4	+ 0,025	+0,10
MnO_4^{2-}	+6	+ 0,77	+4,62
MnO_4^-	+7	+ 0,74	+5,18

Содан кейін nE^0 туындысының элементтің тотығу дәрежесіне тәуелділік графигі тұрғызылады. Координата басы келесі шартқа негізделеді: Mn^{2+}/Mn^0 жұбы үшін $n = 0$ кезінде $nE = 0$. Марганец үшін төмендегідей график (диаграмма) алынады. Графикте нүкте түрінде қышқыл орта үшін мәліметтер, ал куб тәрізді түрінде-негіздік орта мәліметтері белгіленген [6].



Сурет-1. Марганец үшін Фрост диаграммасы:
а) қышқыл ортада ($pH=0$), б) негіздік ортада ($pH=14$)

Фрост диаграммасынан қандай ақпаратты алуға болады?

1. Берілген ортада элементтің ең тұрақты тотығу дәрежесін анықтауға болады, оған қисықтағы минимум сәйкес келеді. Яғни, қышқыл ортадағы марганецтің Mn^{2+} қосылысы. Шыныменде, қышқыл ортада марганецтің барлық формалары тотықсызданған кезде және Mn^0 тотыққан кезде Mn^{2+} түзіледі. Ал негіздік ортада, диаграммадан көрініп тұрғандай, Mn_2O_3 ең тұрақты қосылыс болып табылады. Себебі, $Mn(OH)_2$ қосылысы оттегімен әрекеттесу арқылы жеңіл тотығып, Mn_2O_3 түзеді.




Сурет-2. Тұрақты тотықтырғыш формадағы (а), диспропорциялану реакциясына бейім (б), сопропорциялану реакциясына бейім Фрост диаграммасының сызбасы

2. Берілген ортада *диспропорциялану процесіне қатысты тұрақсыз формаларды* анықтауға болады. Егер тотығу күйіне сәйкес келетін нүктенің координаты кез-келген көрші нүктелерді жалғайтын сызықтан жоғары жатса, онда бұл форма диспропорциялануға ұшырайды. Бұл жағдайды, K_2MnO_4 қосылысының қышқыл ортада диспропорциялану мысалынан байқауымызға болады.

3. Берілген ортада *сoproпорциялану процесіне қатысты тұрақсыз элементтің формаларын* анықтауға болады. Егер тотығу күйіне сәйкес келетін нүктенің координаты кез-келген көрші нүктелерді жалғайтын сызықтан төмен жатса, онда бұл форма көрші жатқан екі формаға сопропорцияланады.

4. Mn^{3+}/Mn^{2+} и Mn^{4+}/Mn^{2+} сияқты әртүрлі иондардың тотығу қабілеттерін салыстыруға болады. Тотықтырғыш күйлердің диаграммасындағы көлбеу сызық ($tg\alpha$), сәйкес келетін іліктес тотықтырғыш-тотықсыздандырғыш жұбының стандартты электродтық потенциал шамасына тең. Осылайша, берілген жағдайда $tg\alpha_1 = E^\circ (Mn^{3+}/Mn^{2+})$ артық, $tg\alpha_2 = E^\circ (Mn^{4+}/Mn^{2+})$. Сондықтан Mn^{2+} қатысты Mn^{3+} ионы ең күшті тотықтырғыш саналады. Осыдан шығатын қорытынды, *Фрост диаграммасы әр түрлі тотығу дәрежесіндегі қосылыстардың тотықтырғыш қабілеттерін сипаттайды*. Фрост диаграммасы периодтық кестедегі топтардың қасиеттерінің өзгеруін талдау кезінде, осы тектес қосылыстардың тотығу-тотықсыздану мүмкіндіктерін салыстыруға көмектеседі. Мысалы, 2-суретте күкірт және селен үшін Фрост диаграммасы келтірілген. Күкірт (H_2SO_4), селен (H_2SeO_4), күкіртті ($SO_2 \cdot H_2O$) қышқылдардың тотықтырғыш қабілеттерін салыстыру үшін, диаграммадағы сәйкес сызықтардың көлбеулігін салыстырса жеткілікті.



Сурет-3. $nE=f(n)$ тәуелділік графигі

3-суретте көрсетілгендей $tg\alpha > tg\beta$, демек селен қышқылының тотықтырғыш қабілеті күкіртті қышқыл қабілетінен жоғары $E^\circ(H_2SeO_3/Se) > E^\circ(SO_2/S)$. Осылай салыстыру арқылы күкірт оксиді және селенді қышқылдың мүмкін болатын өнімдерін анықтауға мүмкіндік береді [7].

Сонымен қорыта айтсақ, СЭП, Латимер және Фрост диаграммалары стандартты электродтық

потенциалдардың түрліше кескінделген формалары болғанымен, элементтің тотықтырғыш-тотықсыздандырғыш қасиеттерін анықтауда көптеген жекелей мәліметтер береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Шрайвер Д., Эткинс П. Неорганическая химия. В 2-х т. – М.: Мир, 2013. – т.1. –679 с., т.2. –486 с.
- 2 Хаускрофт К., Констебл Э. Современный курс общей химии. В 2-х т. – М.: Мир, 2002. – т.1. – 540 с., т.2. –528 с.
- 3 Гринвуд Н., Эрншо А. Химия элементов. В 2-х т. – М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2012. – т.1. –607 с. –Т.2. –670 с.
- 4 Суворов А.В., Никольский А.Б. Общая химия. – СПб: Химия, 1997. – 624 с.
- 5 Хьюи Дж. Неорганическая химия. Строение вещества и реакционная способность. – М.: Химия, 1987. –696 с.
- 6 Дей К., Селбин Д. Теоретическая неорганическая химия. – М.: Химия, 1976. – 568 с.
- 7 Морозов И.В., Болталин А.И., Карпова Е.В. Окислительно-восстановительные процессы. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 2003. – 79 с.
- 8 Бахметьева Л.М., Пушкин Д.В., Серезкина Л.Б. Окислительно-восстановительные реакции. – Самара: Изд-во «Универс-групп», 2005. – 59с.
- 9 Кожина Л.Ф., Чернозубова Е.В. Количественные характеристики окислительно-восстановительных процессов. – Саратов: СГУ, 2015. – 64 с.

References:

- 1 Shrajver D., Etkins P. Neorganicheskaya ximiya. V 2-x t. – М.: Mir, 2013. – t.1. –679 s., t.2. –486 s.
- 2 Hauskroft K., Konstebel E. Sovremennyj kurs obshhej ximii. V 2-x t. – М.: Mir, 2002. – t.1. –540 s., t.2. –528 s.
- 3 Grinvud N., Ernsho A. Ximiya elementov. V 2-x t. – М.: BINOM. Laboratoriya znaniy, 2012. – t.1. –607 s. T.2. –670 s.
- 4 Suvorov A.V., Nikolskij A.B. Obshhaya ximiya. – SPb: Ximiya, 1997. – 624 s.
- 5 Xyui Dzh. Neorganicheskaya ximiya. Stroenie veshhestva i reakcionnaya sposobnost. – М.: Ximiya, 1987. – 696 s.
- 6 Dej K., Selbin D. Teoreticheskaya neorganicheskaya ximiya. – М.: Ximiya, 1976. – 568 s.
- 7 Morozov I.V., Boltalin A.I., Karpova E.V. Okislitelno-vosstanovitelnye processy. – М.: Izd-vo Mosk. un-ta, 2003. – 79 s.
- 8 Baxmeteva L.M., Pushkin D.V., Serezhkina L.B. Okislitelno-vosstanovitelnye reakcii. – Samara: Izd-vo «Univers-grupp», 2005. – 59 s.
- 9 Kozhina L.F., Chernozubova E.V. Kolichestvennye xarakteristiki okislitelno-vosstanovitelnyx processov. – Saratov: SGU, 2015. – 64 s.

UDK 678.01; 544.23.02/03; 544.25.02/03

N.A. Bektenov¹, L.K. Ybraimzhanova²

¹d.c.s., professor, bekten_1954@mail.ru,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

²PhD doctoral student, ybraymzhanova@mail.ru,
M.Kh. Dulaty Taraz state university,
Taraz, Kazakhstan

SYNTHESIS OF ION-EXCHANGE RESIN AND THEIR APPLICATION

Abstract

The article discusses ion exchange resins – these are insoluble, high-molecular compounds that can show a reaction when interacting with solution ions. They have a three-dimensional gel or macroporous structure.

Ion exchange resins – polyelectrolytes. A multiply charged ion is immobile because it has a large molecular weight. It forms the basis of the ion exchanger, is associated with small mobile elements that have the opposite sign, and, in turn, can exchange them in solution. The water used in production dissolves, pours out into the open field, and rare, harmful compounds and various ions are very small. Now they are cleaned with ionites. The effectiveness of this substance by other methods allows you to increase the concentration of ions that can be distributed and can be used again in the production of water. High performance of ionizing materials in all areas of industry and science, through which environmental and social issues are of paramount importance.

Keywords: polymer, polymerization, polycondensation, monomer, ion exchange materials, counterions, matrix.

Н.Ә. Бектенов¹, Л.К. Ыбраймжанова²

*¹х.э.д., профессор, bekten_1954@mail.ru,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

*²PhD докторанты, ybraymzhanova@mail.ru,
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,
Тараз қ., Қазақстан*

ИОН АЛМАСУ ШАЙЫРЛАРДЫ СИНТЕЗДЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ӨНЕРКӘСІПТЕ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақалада ерітінді иондарымен өзара әрекеттесе алатын ерімейтін жоғары молекулалық қосылыстар үшөлшемді гелді немесе макро-құрылымды ионалмасушы шайырлар талқыланады. Ионалмасушы шайырлар – полиэлектролиттер. Ол үлкен молекулалық салмаққа ие болғандықтан, көп зарядталған ион қозғалыссыз болады. Өз кезегінде олардың ерітінділерімен алмаса алатын кері таңбалы, кішірек ұтқыр элементтерімен байланысқан ионның негізін құрайды. Өндірісте пайдаланылған сулар, ерітінділер көпке дейін далаға төгіледі және олардың құрамында сирек, зиянды қосылыстар мен түрлі иондар өте аз мөлшерде болса да кездеседі, ал оларды иониттер арқылы тазалайды. Бұл әдістің басқа әдістерге қарағандағы тиімділігі – ол бөлінетін иондардың концентрациясын көбейтуге мүмкіндік береді, яғни тазартылған суды қайтадан өндірісте пайдалануға болады. Ионалмасушы материалдардың жоғары өнімділік қасиеттері өнеркәсіп пен ғылымның барлық салаларында кеңінен қолданылатындығы және олардың көмегімен өте маңызды қоршаған ортаны қорғау әлеуметтік және экологиялық мәселелер шешілуде.

Түйін сөздер: полимер, полимерлеу, поликонденсация, мономерлер, ион алмасу материалдары, қарама-қарсы иондар, матрица.

Бектенов Н.А.¹, Ыбраймжанова Л.К.²

*¹д.х.н., профессор, bekten_1954@mail.ru,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

*²PhD докторант, ybraymzhanova@mail.ru,
Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати,
г. Тараз, Казахстан*

СИНТЕЗ ИОНООБМЕННЫХ СМОЛ И ИХ ПРИМЕНЕНИЕ

Аннотация

В статье рассматриваются ионообменные смолы – это нерастворимые на высокомолекулярном уровне соединения, которые могут показать реакцию при взаимодействии с ионами раствора. Они имеют трехмерную гелевую или макропористую структуры. Ионообменные смолы – полиэлек-

тролиты. Многозарядный ион неподвижен, потому что имеет большую молекулярную массу. Он образует основу ионита, связан с небольшими подвижными элементами, которые имеют противоположный знак, и, в свою очередь, может обменивать их в растворе. Вода, используемая в производстве, растворяется, выливается в открытое поле, а редкие, вредные соединения и различные ионы очень малы. Теперь они очищены ионитами. Эффективность этого вещества другими методами позволяет увеличить концентрацию ионов, которые могут быть распределены и могут снова использоваться в производстве воды. Высокая производительность ионизирующих материалов во всех областях промышленности и науки, с помощью которых экологические и социальные вопросы имеют первостепенное значение.

Ключевые слова: полимер, полимеризация, поликонденсация, мономер, ионообменные материалы, противоионы, матрица.

Ignites are polyelectrolytes in which ions of the same sign (fixed ions) are combined into indivisible aggregates (matrix), and counterions can be equivalently replaced by other ions with the same charge sign.

Depending on the nature of the matrix, the following types of ion exchangers are known:

- natural or artificial aluminosilicates (zeolites, glauconites, bentonites, permutations, etc.);
- sulphuric coal;
- synthetic ion exchange polymers.

Synthetic ion exchangers are finding ever wider use in various fields of technology. They have a high ability to ion exchange and their activity and chemical resistance are superior to aluminosilicates and sulfonated coals [1].

Ignites contain in their structure active (ionogenic) groups (Greek $\nu\gamma\eta\tau\iota\kappa\acute{o}\varsigma$ - $\nu\gamma\eta\tau\iota$ to give birth $\nu\gamma\eta$).

Synthetic units are divided into three main groups - cation exchangers, anion exchangers and amphoteric ion exchangers (polyampholytes).

Cation exchangers are capable of absorbing positively charged ions (cations) showing the properties of acids from electrolyte solutions, and unionists, on the contrary, show the ability to absorb negatively charged ions (anions) from solutions and exchange them for other anions. They exhibit the properties of bases. Amphoteric ignites (polyampholytes) in the structure simultaneously contain acidic and basic ionogenic groups. Depending on the conditions, both cation exchangers and anion exchangers manifest themselves.

According to the number of functional groups, units are divided into:

- monofunctional;
- polyfunctional.

All cation exchangers and anion exchangers containing acidic or basic groups of the same type are monofunctional.


The polyfunctional ion exchangers include a wider group of ion exchange materials, primarily bifunctional cation exchangers and anion exchangers, for example, cation exchangers containing carboxyl and phenol hydroxy groups, also anion exchangers obtained by polycondensation of polyfunctional amines with aldehydes, polyethylene polyamines with epichlorohydrin, etc. simultaneously primary, secondary and tertiary amino groups.

All polyampholytes are also polyfunctional units since they contain both acidic and basic groups.


All ion-exchange polymers are divided into insoluble ignites and soluble polyelectrolytes, depending on the structure of the macromolecules. Solid macromolecules of insoluble ion exchangers have a three-dimensional network structure, soluble polyelectrolytes - a linear structure [2].

A special group of polymers with exchange properties, are redox polymers (redox polymers), showing the ability to exchange electrons.

In this case, as a result of electron transfer, either a total positive charge is formed (or disappears), or a positively charged ion disappears (or forms). Schematically, this process can be represented as follows:



Complexing ion-exchange materials are divided into anion-exchange, cation-exchange and amphoteric. In practice, the division of complex-forming active groups containing atoms with donor functions (N, U, S, P, As, etc.) is common. The most promising are complexing ion-exchange materials, whose chelate (chelate) groups are capable of forming complex compounds with a metal cation, for example:



where R is a fragment of the macromolecular framework of the polymer.

Ion exchange on complexing ion exchangers is accompanied by the emergence, in addition to ionic, of a coordination bond between the absorbed cation (central atom) and the functional group (ligand). The ligands include carboxyl, iminodiacetate, glyoxylate, phosphonate, mercapto groups, etc. (the groups are listed in order of increasing specificity) [3].

Synthetic ion exchangers are produced in industry by two methods:

- polymerization or polycondensation of the initial monomeric compounds containing ionic groups in the molecules;
- the introduction of functional groups into the structure of macromolecules of copolymers of vinyl aromatic compounds with dienes (polymer-analogous transformation method).


The first method is more expedient since the preparation of ion exchangers by chemical transformations of polymers is associated with such difficulties as:

- multistage;
- complexity;
- the need to use toxic products;
- the possibility of partial destruction of the original macromolecules.

In the world only on the basis of copolymers of styrene with divinylbenzene are produced a wide variety of cation and anion exchange resin.

Redox polymers (capable of both redox transformations and ion exchange) are obtained by the methods of polycondensation, polymerization, and polymer analogous transformations.

Redox polymers based on hydroquinone, anthraquinone, naphthoquinone, thiophenols, and aldehydes (formaldehyde, acetaldehyde) are obtained by the polycondensation method. For example, polycondensation of hydroquinone with formaldehyde synthesizes redox polymers of the following structure:



Synthetic ion exchangers used as solid sorbents are produced either in the form of spherical granules or in the form of irregular grains. The spherical shape of the particles is the most optimal since in this case the least resistance to the flow of fluid in the columns is provided, the loss of ion exchanger is significantly reduced and, in addition, the possibility of countercurrent processes in the fluidized bed is facilitated.

United in the form of spherical granules is obtained by suspension (granular) polymerization or polycondensation. With this method, there is no need for crushing the polymer [4].

Conventional solid ignites in the form of grains or granules of a gel structure, obtained by polymerization or polycondensation, have a certain ability to swell, which is limited by the frequency and rigidity of intermolecular crosslinks. In the dry and less swollen state, these ion exchangers do not exhibit noticeable porosity, which limits their use in non-aqueous solutions, as well as in the sorption of ions of large radius, for example, large organic ions.

Increasing the reactive surface and the free space between the polymer segments can be done in three main ways: by halogenation, by adjusting the length of the crosslinking agent and by adding an inert solvent.

Halogenation is carried out in two ways: telogens (carbon tetrachloride, alkylbenzenes, alkyl phenols, alcohols, etc.) are added to the reaction mixture styrene-diene and highly swellable ion exchangers with a large pore volume in the swollen state are obtained.

According to the second method, long chain crosslinking agents - dienes, ethylene glycol dimethacrylates, and bisphenols – are used. When copolymerized in the presence of an inert solvent (for example, higher hydrocarbons or alcohols), part of it is retained in the matrix of the copolymer formed, and after removing the inert solvent from the granules, ignites are obtained with a large pore volume in a non-swollen state and a developed inner surface. Such ion exchangers are macroporous. To preserve the structure during swelling, they must contain at least 15% of a crosslinking agent.

The specific surface area of such ion exchangers is 20-130 m²/g, whereas for ignites of the gel structure, it usually does not exceed 5 m²/g. The pore diameter of ion exchangers of a macroporous structure reaches 20-100 nm; The pores of the ignites of the gel structure have a diameter of not more than 5 nm [5].

Ignites with pores of approximately the same size are called isoporous.

The practice of marking ion exchangers by the names of firms, factories or cities is widespread abroad. In Russia, ignites are produced by three enterprises: OJSC Karbolit (Kemerovo), OJSC Azot (Kemerovo), and JSC Uralkhimplast (Nizhny Tagil).

Depending on the purpose, ion-exchange materials are divided into three main groups:

- insoluble ion exchangers (sorbents);
- membranes;
- soluble polyelectrolytes (precipitating agents, coagulants, flocculants, flotation reagents).

Ignite membranes are thin films consisting of a water-insoluble polyelectrolyte or of a binder and polyelectrolyte.

Currently, there are two main types of membranes: homogeneous or single-phase membranes – their ion-exchange component is a continuous phase; heterogeneous or biphasic membranes – their ion-exchange component is dispersed in an inert binder. An intermediate position is taken by interpolymer membranes, which are obtained by the molecular combination of an ion exchanger and a binder. However, they differ from homogeneous into membranes by the absence of a chemical bond between macromolecules of a polyelectrolyte and an inert polymer. This explains the gradual leaching of the active component from interpolymer membranes during their long-term operation [6]. Currently, heterogeneous ion-exchange membranes are finding the greatest industrial application due to the simplicity of the technological process and the availability of initial components.

A promising type of membrane is a homogeneous ion exchange membrane. They have the highest physical and mechanical properties and have good electrochemical properties.

In their preparation, radiation-chemical activation method is of great importance. Radiation exposure of polymers is carried out using x-ray and fast electrons. Graft copolymers can be obtained under the action of X-rays in various ways, for example, by irradiating the polymer in vacuum, inert gas or in air, followed by contacting the irradiated polymer and monomer; the polymer – monomer system is irradiated when the monomer is in the gaseous state, or by irradiation in emulsion systems.

The method of radiation grafting is economical and allows you to largely adjust the structure of macromolecules – the number and length of grafted chains - by varying the dose and rate of irradiation. The great advantage of this method is that it allows for vaccination on finished products [7]. Cation exchangers and anion exchangers homogeneous membranes with high electrochemical indices were obtained by the method of polymer-analogous transformations of graft copolymers (by sulfonation, phosphorylation, chloromethylation, followed by amination).

These materials can work simultaneously as both mechanical and ion-exchange filters. Such fibers and fabrics are particularly promising for a technological design of continuous countercurrent processes.

Ion-exchange textile materials have a more developed surface, and, consequently, ion-exchange processes on them proceed with high speeds, which allows ion exchange on small-sized equipment such as filter presses. This makes it possible to trap ions from solutions and simultaneously perform mechanical filtration, which is practically impossible to achieve on ion exchange columns. Ion exchange tissues can also be used as skeletons of heterogeneous membranes [8].

Ion-exchange fibers and fabrics are obtained by two methods – radiation-chemical and chemical. Polyvinyl alcohol, polypropylene, polytetrafluoroethylene, polyvinyl chloride, cellulose, and other fibers and fabrics are used as starting materials. According to the first method, polymeric materials are grafted with acrylic or methacrylic acid, methyl methacrylate or acrylonitrile (followed by saponification), 4-vinylpyridine, 2-methyl-5-vinylpyridine, styrene (followed by sulfonation, other polymer-similar reactions) from the liquid or gas phase. Depending on the type of monomer used, anionic and cation-exchange fibers and fabrics with a capacity of 2 to 7 mg-eq/g are obtained. Ignites containing various functional groups (SO_3H , PO_3H_2 , COOH , NH_2 , and others) are also prepared by chemical treatment of polyvinyl alcohol, polyene, and cellulose fibers.

Using ion exchangers, it is possible to effectively solve the following practical tasks:

1. Water treatment, softening or complete deionization of water is one of the most capacious in the application, important and practically monopolistic areas of technology.
2. A concentration of ions and organic substances in hydrometallurgy of non-ferrous and noble metals.
3. Capture of chemically active impurities contained in the gases of industrial production.
4. Improvement of ion exchange in soils and the introduction of microelements and fertilizers necessary for plant growth [9].

The use of ion exchangers is promising for many branches of applied chemistry:

- basic inorganic synthesis (production of sulfuric, hydrochloric, nitric acids, caustic alkalis, etc.);
- production of catalysts;
- production of pharmaceuticals.

The use of ion exchange made it possible to carry out continuous technological processes, and in some cases to automate them, to carry out fine kinetic studies using catalysis by ignites [10]. The need for ignites for nuclear energy is increasing. Nuclear power plants consume ion exchangers for fissile fuel, deoxygenation, water purification of nuclear reactor circuits, etc. This will require a large number of ion exchangers suitable for use in radiation-chemical technology.

References:

1 Basargin N.N., Oskotskaya E.R., Chebrova A.V. *Chelating tendencies in the rows of polymeric sorbents and their copper(II) and lead(II) complexes. Russian Journal of Inorganic Chemistry, September 2007, Volume 52, Issue 9. – P.1474-1477.*

2 Kopich N.I., Nikol'skiy V.M. *Ispol'zovaniye biologicheskii razlagayemykh kompleksionov v kachestve ekologicheskoy al'ternativy klassicheskim kompleksionam// Sbornik materialov III Vserossiyskoy konferentsii c mezhdunarodnym uchastiyem. «Aktual'nyye voprosy khimicheskoy tekhnologii i zashchity okruzhayushchey sredy». Novocheboksarsk, 21-22 noyabrya 2013 g. – 94 s.*

3 Grachek V. I., Shunkevich A. A., Martsynkevich R.V. *Synthesis and sorption properties of new fibrous nitrogen- and phosphorus-containing ion exchangers. Russian Journal of Applied Chemistry, August*

2011, 84:1335.

4 Bektenov N.A., Yergozhin Ye.Ye., Baydullayeva A.K., Sadykov K.A. Kompleksoobrazuyushchiye ionoobmennyye materialy, sintez, svoystva i ikh primeneniye // Khim. zhurn. Kazakhstana. – 2016. – №3. – С.21-30.

5 Pokonova Yu.V. Ionity i adsorbenty iz nefryanogo syr'ya. –SPb.: IK «Sintez», 2000. –79 s.

6 Grachek V.I., Shunkevich A.A., Martsynkevich R.V. Synthesis and sorption properties of new fibrous nitrogen- and phosphorus-containing ion exchangers. Russian Journal of Applied Chemistry, August 2011, 84:1335.

7 Pokonova Yu.V. // J. Petroleum Sci. and Technol. 1999. №7 & 8. P.811-827; 1999. N5&6. P.447-469.

8 Pokonova YU.V. // Khimiya tverdogo topliva. 2002. №2. S. 52-71; 2002. №5. S. 45-51; 2002. №6. S. 35-39 // Perspektivnyye materialy. 1998. №3. S. 91-95; 1998. №2. S. 72-81.

9 Akimbayeva A.M. Avtoref. dis. kand. khim. nauk. –Almaty, 2000. –21 s.

10 Pokonova Yu.V. // Fuel Sci. and Technol. International. 1993. V. 11, N8. P. 1005-1017; 1991. V.9, N6. P. 637-653; 1991. V.9, N 4. P.449-461; 1990. V.8, N2. P.107-125; 1991. V.9, N2. P.175-193.

ӘОЖ 637.1.056

М.Ж. Жақсыбаев¹, Ә.Д. Серікбаева², М.Нұрдалиева³

¹х.ғ.д., доцент,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²б.ғ.д., профессор,

Қазақ ұлттық аграрлық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

³1 курс магистранты,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ЛАКТОПЕРОКСИДАЗА ЖҮЙЕСІНІҢ ӘСЕРІНЕН СҮТТІҢ БАКТЕРИОЦИДТІК МЕРЗІМІНІҢ ҰЗАРУЫ

Аңдатпа

Мақалада түйе сүтінің бактерицидтік мерзімін ұзарту мақсатында лактопероксидаза жүйесін (ЛПЖ) химиялық жолмен белсендіру әдістемесі қарастырылады. Лактопероксидаза жүйесінің әртүрлі температурада әсер етуі анықталды, 30°C температурада түйе сүтінің тұрақтылығы 24 сағатқа дейін,

ал 20⁰С 38 сағатқа дейін сақталады. Ал сүттің температурасын 15⁰С төмендетуге мүмкіншілік болса, оның тұрақтылығын 44 сағатқа жеткізуге болады. Тиоционат ретінде натрий тиоцианаты және сутек асқын тотығы түрінде перкарбонатты қосу арқылы белсенді ЛППЖ жүйесін алуға болады және де олар жоғары антимикробты әсер көрсететіндігі анықталды. Жаңа сауылған сүтті сапалы түрде сақтау үшін, салқындату үрдісін әртүрлі себептер бойынша қолдануға болмайтын жағдайда, бұл әдісті, жинау бекеттерінде қолдануға болады.

Түйін сөздер: түйе сүті, лактопероксидаза жүйесі, бактериялар, бактерицидті мерзім, биохимиялық реакциялар, асқын тотық, натрий тиоцианаты, перкарбонат.

Жаксыбаев М.Ж.¹, Серикбаева А.Д.², Нурдалиева М.³

¹д.х.н., доцент,

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

²д.б.н., профессор,

*Казахский национальный аграрный университет,
г. Алматы, Казахстан*

³магистрант I курса,

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

УВЕЛИЧЕНИЕ БАКТЕРИЦИДНОЙ ФАЗЫ МОЛОКА ВЛИЯНИЕМ ЛАКТОПЕРОКСИДАЗНОЙ СИСТЕМЫ

Аннотация

В статье рассмотрена методика химической активации лактопероксидазной системы, с целью увеличения бактерицидной фазы верблюжьего молока. Показано, что разработанная методика позволяет увеличить бактерицидную фазу молока при 30⁰С до 24 часов, а при 20⁰С до 38 часов. Понижив температуру молока до 15⁰С, можно его сохранить до 44 часов. Показано, что использование тиоцианата натрия вместо тиоцианата и перкарбоната в качестве перекиси водорода можно активировать лактопероксидазную систему и эта система показывает бактерицидное свойство. Рекомендовано, что при невозможности охладить свежее молоко, можно использовать этот способ увеличения бактерицидной фазы непосредственно на пунктах приема.

Ключевые слова: верблюжье молоко, лактопероксидазная система, бактерии, бактерицидная фаза, биохимические реакции, тиоцианат натрия, перкарбонат.

Zhaksibaev M.Zh.¹, Serykbaeva A.D.², Nurdaliev M.³

¹d.c.s., associate professor,

*Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

²d.b.s., professor,

*Kazakh national agrarian university,
Almaty, Kazakhstan*

³masters I course,

*Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

INCREASE IN THE BACTERICIDAL PHASE OF MILK BY THE EFFECT OF LACTOPEROXIDASE SYSTEM

Abstract

The article considers the technique of lactoperoxidase system activation in order to increase the bacteriocidal phase of camel milk. It is shown that the developed technique allows to increase the bacteriocidal phase of milk at 300°C up to 24 hours, and at 200°C up to 38 hours. If it is possible to increase the temperature of milk up to 150C, the milk can be stored for up to 44 hours. It is shown that the use of sodium thiocyanate instead of thiocyanate and percarbonate as hydrogen peroxide can be activated lactoperoxidase system and this system shows the bacteriocidal property. It is recommended that if it is not possible to cool fresh milk, you can use this method to increase the bacteriocidal phase directly at reception points.


Keywords: camel milk, lactoperoxidase system, bacteria, bacteriocidal phase, biochemical reactions, sodium thiocyanate, percarbonate.

Біздің ел мал шаруашылығы, соның ішінде, түйе шаруашылығы дамыған, аграрлы мемлекет. Қазақстанда, түйе саны 2006 жылы 130000-ға жеткен, болашақта түйе санын 200-220 мыңға дейін жеткізу жоспарлануда. Шөл және шөлейтті аймақтарды мекендеп, қатаң жағдайға бейімделген түйе малының сүті, еті және сүт өнімдері халық арасында қоректік және емдік қасиеттерімен бағалы [1].


Сүттің химиялық құрамы тұрақты болмайды және ол лактация кезеңіне, малдардың күйіне, тегіне, жасына және басқа да көп факторларға тәуелді. Сүттің құрамына 85-89% су, 2,8-6,0% май, 2,7-3,8% белок, 4,4-5,1% сүт қанты, 0,6-0,9% минералды заттар, ферменттер, витаминдер, гормондар т.б. кіреді. Сүтте, тек сүтке тән көмірсу - лактоза болады, ол жүрек, бауыр, бүйрек жұмысы үшін қажетті энергия көзі, клетка, витаминдер құрамына кіреді, белок пен май синтезіне қатысады. Ішекте сүт қышқылына дейін ыдырап, лактоза шіру үрдісін тежейтін микрофлора тіршілігіне ықпал жасайды. Лактоза (сүт қанты) – глюкоза мен галактоза молекулаларының қалдықтарынан тұратын дисахарид, ерітінділерде α , β – түрлерінде кездеседі, олардың химиялық құрамдары бірдей болғанмен, физикалық қасиеттері әр түрлі болады. Мысалы α – түрі β – түрінен тәттірек және суда жақсы ериді, температураға байланысты олар бір түрден екінші түрге ауысады. Сүттің құрамындағы қоректік заттарды белгілі бір уақыт аралығында дұрыс сақтау, сүттен алынатын өнімдердің сапасына әсер етеді [2,3].

Жаңа сауылған сүтте әртүрлі микроағзалар болады. Олар сүтке малдың емшегінен, желінің сыртынан, сүт сауатын ыдыстан немесе сүт жүретін жүйеден түседі. Бірақ, сүт 2-3 сағатқа дейін бөлме температурасында бұзылмайды, оған сүттің бактерицидтік қасиеті себеп болады. Сүттің бактерицидтік қасиеті оның құрамындағы иммундық заттардың, оксониннің, лактениндер мен лизоцимдердің мөлшеріне байланысты мәселе. Аталған заттар сүтке түскен әртүрлі микроағзалардың өсіп-өнуіне белгілі бір уақыт кедергі жасайды. Осы сәтті бактерицидтік фаза деп атайды. Сүтті тез арада салқындатса немесе сүт өте таза жағдайда сауылса, оның бактерицидтік қасиеті де ұзаққа созылады.

Көптеген зерттеулерде пероксидаза ферменті, сүттің антибактериалды жүйе факторының бірі болып табылатындығы айтылады. Лактопероксидаза жүйесі (ЛПЖ) үш компоненттен тұрады – лактопероксидаза, сутек асқын тотығы H_2O_2 және тиоцианат. Тиоцианат (SCN^-) сүтте роданеза ферментінің әсерінен цианид және тиосульфат түзеді:



Жүйенің екінші компоненті сутек асқын тотығы (H_2O_2) сүт қышқылы және басқа да бактериялардың метаболизм өнімі, ол ксантиноксидазаның әсерінен түзіледі. Осы үш компоненттің өзара әрекетінен тиоцианаттың тотығуы жүреді де, гипотиоцианат түзіледі:



тиоцианат гипотиоцианат

Шикі (немесе пастерленген) сүттің сақтау мерзімін ұзарту үшін, шикізатқа тиоцианат және сутегінің асқын тотығын қосу арқылы антибактериальды әсерге ие (ЛПЖ) жүйесін белсендіреді [1].

Зерттеу нысандары ретінде «Дәулет-Бекет» ЖШС шаруа қожалығының 10 түйе сүтінің сынама үлгілері алынды. Шаруа қожалығындағы малдарды күтіп-бағу жағдайы бірдей. Алынған сүт үлгілерінің физикалық-химиялық қасиеттері әртүрлі құрал-жабдықтарда анықталды (1 және 2 кестелер).

Кесте-1. Түйе сүтінің физикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Түйе сүті
--------------	-----------

Тығыздығы, г/м ³	1031,0± 0,02
Қайнау температурасы, °С	82,0± 0,2
Қату температурасы, °С	0,52 ±0,02
рН	6,8 ± 0.1

Кесте-2. Түйе сүтінің химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Түйе сүті
Қышқылдылығы, °Т	22± 0,04
Құрғақ заттар, %	16.4± 0,21
Майлылығы, %	6.41±0.11
Белок, %	3,30± 0,02
Қант, %	5,50±0,03
Күл,%	1,06±0,02

Зерттеу нәтижесінде, түйе сүтінің физикалық-химиялық көрсеткіштерінің сиыр сүтімен салыстырғанда жоғары екендігін анықтадық. [1] жұмыста түйе және сиыр сүтінде лактопероксидаза ферментінің белсенділігін анықтау жұмысы зерттелген, ол зерттеу жұмысымен салыстырғанда, біздің зерттеу жұмысымызда лактация айлары бойынша, түйе сүттерінде лактопероксидаза ферментінің белсенділігі әр түрлі көрсеткішті көрсетті (3-кесте).

Кесте-3. Лактация кезеңі бойынша түйе сүтінің лактопероксидаза ферментінің белсенділігі (бірл/мл)

Лактация кезеңі (айы)	Түйе сүті
1	9,3 ± 0.13
2	9,8± 0.14
3	10±0,09
4	11,2 ±0,08
5	10,4 ± 0,09
6	9,7± 0,06
7	9,9 ±0,03
8	9,7 ± 0,02
9	10,2 ± 0,09
Орташа мәні	10,31 ± 0,09

Түйе сүтіндегі лактопероксидаза ферментінің белсенділігі лактация басында төменгі мәнге тең, ал 4-5-ші лактация айларында жоғарылайды, сосын төмендейді де, лактация аяғында жоғарғы мәнге дейін көтеріледі. Оның мәні – 10,2 ± 0,09 бірл /мл. Түйе сүтіндегі лактопероксидаза ферментінің белсенділігі (орташа мәні – 10,31 ± 0,09бірл /мл) салыстырмалы түрде жоғары. Түйе сүтіндегі лактопероксидаза ферментінің белсенділігі лактацияның 4-ші айында жоғарғы мәнге ие болады, яғни, сүтте лактопероксидаза ферментінің белсенділігі лактация кезеңіне байланысты өзгеріп отырады. Түйе сүтінде лактопероксидаза ферменті, салыстырмалы түрде, белсенді болатындығы байқалады, яғни түйе сүтін ұзақ мерзімге сақтауға болады, дегенмен де, оның құрамындағы тиоционаттың мөлшері 0.1 - 0,5 мл/л. Бұл жүйені одан да жоғары белсенді ету үшін тиоционаттың концентрациясын 1,5 мл/л дейін жоғарылату қажет. Таза сүттің құрамында судың асқын тотығы мүлдем анықталмады. Сондықтан, тиоционат ретінде натрий тиоционатты және сутек асқын тотығы түрінде перкарбонатты қосу арқылы белсенді ЛПЖ жүйесін алуға болады және де олар жоғары антимиқробты әсер көрсетеді, оны төмендегідей әдістемелік жүргізеді:

Химиялық шыны ыдыстағы 1л сүтке 14 мг NaSCN қосып, тиоционат (SCN⁻) бірқалыпты таралуы үшін жақсылап араластырады да, 1 минут бойы ұстайды. Содан кейін 1 л сүтке 30 мг перкарбонат қосып, сүтті тағы да 2-3 минут араластырады.

4-кестеде лактопероксидаза жүйесінің (ЛПЖ) әртүрлі температурада әсер етуі көрсетілген. 30°С температурада түйе сүтінің тұрақтылығы 24 сағатқа дейін, ал 20° С 38 сағатқа дейін сақталады. Ал сүттің температурасын 15°С төмендетуге мүмкіншілік болса, оның тұрақтылығын 44 сағатқа жеткізуге болады.

Кесте-4. Лактопероксидаза жүйесінің сүт тұрақтылығына әсері

Температура, t°C	Уақыты, сағат
	Түйе сүті
30	22 – 24
25	28 – 30
20	36 – 38
15	42 – 44

Сүттің сақталу уақыты оның температурасына байланысты.

Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, түйе сүтінің жоғары бактерицидтік қасиетінің бар екенін айта аламыз, ал оның бактерицидтік мерзімін ұзарту мақсатында, перкарбонат пен натрий тиоцинаты негізінде дайындалған лактопероксидаза жүйесін пайдалануға болады. Жаңа сауылған сүтті сапалы түрде сақтау үшін, салқындату үрдісін әртүрлі себептер бойынша қолдануға болмайтын жағдайда, бұл әдісті, жинау бекеттерінде қолдануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жүсіпова Г.Т. Лактопероксидаза жүйесін белсендіру арқылы сүттің бактерицидтік фазасын ұзарту» б.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. – АТУ, 2008.
- 2 Шидловская В.П. Ферменты молока. – М.: Агропромиздат, 2006.
- 3 Konuspayeva G., Faye B., Loiseau G. The composition of camel milk: a meta – analysis of the literature data. *Journal of Food Composition and Analysis*, 2009. –22,95-101.

References:

- 1 Júsipova G.T. «Laktopekoxidaza júesin belsendipý arqyly súttiń bakteritsidtik fazasyn uzartý» b.k. ulyly dápejesin alý úshin дайындалан диссертациясы. – АТУ, 2008.
- 2 Shidlovskaya V.P. *Fermenty moloka*. – М.: Агропромиздат, 2006.
- 3 Konuspayeva G., Faye B., Loiseau, G. *The composition of camel milk: a meta – analysis of the literature data. Journal of Food Composition and Analysis*, 2009. 22,95-101.
ЭОЖ 547.979.7+0,26+541.427.49
FTAMP 36.01.01

Ж.М. Жақсибаева¹, П.С. Самтар²

¹х.ғ.к., аға оқытушы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²курсмагистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
Алматы қ., Қазақстан

**«КРЕМНИЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОСЫЛЫСТАРЫ»
ТАҚЫРЫБЫНДА ХИМИЯ САБАҒЫН ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Аңдатпа

Мақалада «Кремний және оның қосылыстары» тақырыбында химия сабағын өткізу әдістемесі қарастырылған. Химия курстарын оқытуда білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттыруда кіріктірілген оқыту технологиясына көбірек мән беру мәселелері қарастырылды.

Химия курсы мазмұнының маңызды бөлігін химиялық элементтер және олардың қосылыстары туралы білім құрайды. Студенттерді химиялық элементтермен таныстырғанда оқытудың жекеден жалпыға, белгіліден белгісізге, оңайдан қиынға қарай жылжитын аса маңызды негіздері қолданылады. Осы негіздерге сәйкес кремнийді және оның қосылыстарын оқып үйрену бірнеше кезеңде жүзеге асады: кремнийдің табиғаты жөнінде ұғым қалыптастыру; кремний және оның қосылыстары;

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №1(59), 2019ж.
периодтық заң және периодтық жүйені оқыту; периодты заңдылықтың негізінде кремнийді топ және топшасы бойынша қарастыру; кремний элементі туралы білімді жинақтап қорыту.

Түйін сөздер: кремний, периодты жүйе, кеуекті кремний, силикат, силикагель, шыны, цемент, шыны өнеркәсібі.

Жаксикаева Ж.М.¹, Саттар П.С.²

*¹к.х.н., старший преподаватель,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

*²магистрант 2 курса,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

МЕТОДИКА ПРОВЕДЕНИЯ УРОКА ХИМИИ НА ТЕМУ «КРЕМНИЙ И ЕГО СОЕДИНЕНИЯ»

Аннотация

Предусмотрена методика проведения урока химии на тему «Кремний и его соединения». Рассматривались вопросы повышения познавательной активности обучающихся в преподавании химических дисциплин.

Значительную часть содержания курса химии составляют знания о химических элементах и их соединениях. При ознакомлении студентов с химическими элементами используются основы более высокой ярмарки обучения, которая движется по отдельности к общепризнанным признакам, от простого к сложному. Согласно этим основам изучение кремния и его соединений проводится в несколько этапов: ознакомление с кремнием и его соединениями; формирование понятия о природе кремния; обучение периодическому закону и периодической системе; рассмотрение кремния по группе и подгруппе на основе периодического закона; сбор знаний об элементе кремния.

Ключевые слова: кремний, периодическая система, кремний пористый, силикат, силикагель, стекло, цемент, производства стекла

Zh.M.Zhaksibaeva¹, S.P.Sattar²

*¹c.c.s., senior teacher,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²master's 2 courses,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

METHODS OF CHEMISTRY LESSON ON THE TOPIC «SILICON AND ITS COMPOUNDS»

Abstract

There is a technique of chemistry lesson on the topic «Silicon and its compounds». The issues of increasing the cognitive activity of students in the teaching of chemical disciplines were considered.

A significant part of the content of the chemistry course is knowledge about chemical elements and their compounds. Acquaint students with the chemical basis elements are used the higher of the fair training that moves separately to the conventional signs, from simple to complex. Familiarization with the silicon and its compounds; formation of concepts about the nature of the silicon; learning the periodic law and the periodic system; consideration of silicon at the group and subgroup on the basis of the periodic law; collection of knowledge about the element silicon.

Keywords: silicon, periodic system, porous silicon, silicate, silica gel, glass, cement, glass production.

Болашақ білікті маман өздігінен білім алуға ұмтылуға, жаңа технологияларды иегеруге, оларды

пайдалану мүмкіндіктерін түсінуге, тәуелсіз шешімдер қабылдауға, әлеуметтік және болашақ кәсіби салаға бейімделуге, проблемаларды шешуге және топта жұмыс істеуге дайын болуы керек. Міне осындай кәсіби белсенді тұлғаны тәрбиелеу заманауи мектептің мұғалімдерінен жаңа әдістерді және жұмыс формаларын қолдануды талап етеді. Негізгі мақсаты – оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын арттыру үшін пәнді түсіндіру барысында теориялық білімді практикамен, өмірмен байланыстыра отырып оқыту. Жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану арқылы оқушылардың білімін тереңдету, өз бетімен ізденуіне бағыт беру.

Химия мұғалімі өзінің кәсіби қызметінде келесі тапсырмаларды шешіп үйренуге міндетті:

- 1 білім алушыларда жалпы химиялық білімді қалыптастыру;
- 2 химиялық тілге оқыту;
- 3 негізгі химиялық түсініктер жүйесін қалыптастыру;
- 4 химиялық теориялардың негізін оқыту;
- 5 химиялық эксперимент әдістерін оқыту;
- 6 білім алушылардың шығармашылық қабілетін және танымдық қызығушылықтарын дамыту;
- 7 химияның өмірмен байланысы туралы түсінікті қалыптастыру;
- 8 кәсібибағыт;
- 9 ғылыми көзқарас қалыптастыру;
- 10 әдептілік, еңбек және эстетикалық тәрбие.


Химиялық элементтерді оқып, үйренудің әдістемелік негіздері. Химия курсы мазмұнының маңызды бөлігін химиялық элементтер және олардың қосылыстары туралы білім құрайды. Студенттерді химиялық элементтермен таныстырғанда оқытудың жекеден жалпыға, белгіліден белгісізге, оңайдан қиынға қарай жылжитын аса маңызды негіздері қолданылады.

Осы негіздерге сәйкес элементтерді және олардың қосылыстарын оқып үйрену бірнеше кезеңде жүзеге асады:

1) жеке элемент және оның қосылыстарымен таныстыру; 2) элементтердің табиғи топтары жөнінде ұғым қалыптастыру; 3) периодтық заң және периодтық жүйені оқыту; 4) периодты заңдылықтың негізінде элементтерді топ және топшалары бойынша қарастыру; 5) химиялық элементтер туралы білімді жинақтап қорыту [3].

Төртінші негізгі топтың элементі – кремний. Кремний, жаратылыста таралуы жағынан салмақ проценті бойынша оттектен кейін екінші орын алады. Көміртек органикалық заттардың құрамындағы негізгі элемент болатын болса, кремний жер қыртысын түзетін минералдық заттардың құрамындағы негізгі элемент. Кремний табиғатта қосылыстар түрінде ғана кездеседі. Оның қосылыстары: кремний диоксиді SiO_2 (кварц, құм), жер қыртысының негізгі массасы силикатты жыныстар (далалық шпат, слюда, каолин т.б.). Кремнийдің тұрақты үш изотопы бар: ^{28}Si (92,27%), ^{29}Si (4,68%), ^{30}Si (3,05%).

Кремнийді алу үшін ақ қиыршақ ұсақ құмды магниймен араластырып қыздырады:



Табиғатта оксид және силикат түрінде, кремнезем, каолинит, алюмосиликаттар, ортаклаз, дала шпаты бойынша таралады. Негізгі химиялық қасиеттері 1-кестеде сипатталған [4].

Кесте-1. Кремнийдің химиялық қасиеттері

Реакция	Сипаттама	Теңдеуі
Бейметаллдармен	Қыздырған кезде әрекеттеседі.	$\text{Si} + \text{O}_2 \rightarrow \text{SiO}_2$; $\text{Si} + \text{C} \rightarrow \text{SiC}$; $3\text{Si} + 2\text{N}_2 \rightarrow \text{Si}_3\text{N}_4$
Галогендермен	Тек фтормен әрекеттесуі қыздыруды қажет етпейді. Қалған реакциялар жоғары температурада өтеді.	$\text{Si} + 2\text{F}_2 \rightarrow \text{SiF}_4$; $\text{Si} + 2\text{Cl}_2 \rightarrow \text{SiCl}_4$
Галогенсутектермен	Әдеттегі жағдайда балқытқыш қышқылдар әсер етеді. Қалған заттармен қыздыру арқылы.	$\text{Si} + 4\text{HF} \rightarrow \text{SiF}_4 + 2\text{H}_2$
Металлдармен	Силицидтер пайда болады.	$2\text{Ca} + \text{Si} \rightarrow \text{Ca}_2\text{Si}$
Қышқылдармен	Азоттың және балқытқыш қышқылдың қоспасымен ғана әрекеттеседі.	$3\text{Si} + 4\text{HNO}_3 + 18\text{HF} \rightarrow 3\text{H}_2[\text{SiF}_6] + 4\text{NO} + 8\text{H}_2\text{O}$
Сілтілермен	Силикат және сутегі түзіледі.	$\text{Si} + 2\text{NaOH} + \text{H}_2\text{O} \rightarrow \text{Na}_2\text{SiO}_3 + \text{H}_2$

Кремний атомдары өзара ковалентті полюссіз байланыс түзеді. Кристалл торы – атомдық. Қалыты

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №1(59), 2019ж. жағдайда химиялық белсенді емес элемент, ал қыздырса оның белсенділігі артады. Аморфты кремнийді қыздырғанда тотықсыздандырғыш ретінде жай заттармен әрекеттеседі [5].

Кесте-2. Аморфты кремнийді қыздырғандағы тотықсыздандырғыш тотықтырғыш қасиеттері


Тотықсыздандырғыш	Тотықтырғыш
Галогендермен $\text{Si}^0 + 2\text{Cl}_2^0 \rightarrow \text{Si}^{+4}\text{Cl}_4^{-1}$ Оттекпен $\text{Si}^0 + \text{O}_2^0 \rightarrow \text{Si}^{+4}\text{O}_2^{-2}$ Көміртекпен $\text{Si}^0 + \text{C}^0 \rightarrow \text{Si}^{+4}\text{C}^{-4}$ Концентрациялысілтіменәрекеттеседі: $\text{Si} + 2\text{NaOH} + \text{H}_2\text{O} \rightarrow \text{Na}_2\text{SiO}_3 + 2\text{H}_2$	Металмен $\text{Si} + 2\text{Mg} \rightarrow 2\text{Mg}_2\text{Si}$

Кремнийдің оттекті қосылыстарына – кремний (IV) диоксиді жатады. Қышқылдықоксидкежатады. Оны кремнезем деп те атайды. Ол – табиғи полимер. Ол мұхиттардың төменгі қабатында инфузориялар мен диатомды балдырлардың қатты қабықтарының құрамына кіреді. Кристалдық кремнеземді кварц деп атайды. Оның алты қырлы призма тәріздітүрі тау хрусталі деп те аталады. Одан бағалы тастар мен оптикалық линзалар алынады. Ал күңгірттеу түстісі – аметист деп аталады да, одан зергерлік бұйымдар жасалады.

Көміртегі мен кремний қосылыстарының сан алуандығы, табиғаттағы және организмдер тіршілігіндегі мәнімен танысады. Бұл элемент атомдарының өзара химиялық байланыстар түзу ерекшелігін түсінеді, олардың кеңістіктегі бағытталуы туралы көзқарас қалыптасады.

Күрделі заттардың құрылысы мен құрылымының қасиеттеріне тигізетін әсері көміртегі (IV) оксиді мен кремний оксидтерін, көмір қышқылы мен кремний қышқылын салыстырғанда айқын білінеді [6].

SiO_2 негізгі кристалды түрлері а-және b-кварц, тридимит және кристобалит болып табылады, және SiO_2 ең ықтимал кристалды нысаны тридимит болыпта былады, ол 870°C температураға дейін төмен қысымда тұрақты. 1470°C температурада жоғары температуралы кварц тридимитке өтеді, алайда тотығу кезінде орыналатын жоғары механикалық кернеулердің арқасында жоғары температуралы кварц және оған тән байланыс конфигурациялары SiO_2 -де кездеседі. Бұдан басқа, кремний диоксидінің басқа да кристалды формаларының болу мүмкіндігін ескеру керек. Кремнезем барлық модификацияларда мономер түрінде кездеспейді, ол үнемі $[\text{SiO}_4]$ тетраэдрден тұратын өте берік, шексіз атом торын құрайды [7,8].





Сурет-1. $(\text{SiO}_2)_n$ кремний атомдарының орналасуы

Кристалдарда $(\text{SiO}_2)_n$ кремний атомдары тетраэдр тәрізді оттегінің төрт атомымен қоршалған, олардың әрқайсысы көпіршікті. Осы оттегінің жалпы атомы арқылы тетраэдр $[\text{SiO}_4]$ әр түрлі бұрыштармен бір-бірімен байланысты, үздіксіз үшөлшемді тор түзеді; тетраэдрдің өзара орналасуы $[\text{SiO}_4]$ кеңістікте кремнеземнің қандай да бір түрін анықтайды.

Кремнеземнің модификацияларында байланыс беріктігі әр түрлі. Бұл Si-O-Si бұрыштарының шамасына және Si-O қашықтығына әсер етеді, мысалы, кремнеземдің әртүрлі модификацияларында Si-O-Si валентті бұрышы 120° -дан 180° -ге дейін өзгереді [9].

Кварц → тридимит → кристобалит байланыстардың үзілуімен және өзгеруімен қатар жүреді, бұл тек жоғары температураларда болуы мүмкін.

SiO₂ оксиді – құрамы $x\text{SiO}_2 \cdot y\text{H}_2\text{O}$ жалпы формуласымен білдіруге болатын кремний қышқылдарының қатарының ангидридi, мұнда x және y -бүтін сандар:



Молекулалары бір SiO₂ молекуласына сатынқышқылдар поликремнижатады.

Кремний қышқылдарының ең қарапайымы – H₂SiO₃, ал оның тұздары – силикаттар деп аталады. Суда силикаттардан тек натрий және калий силикаттары ериді, қалған силикаттар – баяу балқитын, суда ерімейтін заттар.

Таза кремний көбінесе темір, мыс, алюминий, қорғасын тәрізді әртүрлі құймалар түрінде қолданылады. Аса таза кремний күн фотоэлементтерін даярлауда қолданылады. Күн батареясы космос корабльдерін электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Кремний шала өткізгіштер – диодтар, триодтар және радиотехникада – қабылдағыш үдеткіштер даярлауда, әртүрлі приборлар жасауға қолданылады. Шыны, цемент т.б. құрылыс материалдары үшін де кремний қосылыстары қажет [10].

Кремний элементін алғашқы таныстыру мына жоспар бойынша жүзеге асырылады: а) кремнийдің периодтық жүйедегі орны, химиялық таңбасы және салыстырмалы атомдық массасы; ә) табиғатта кездесуі; б) алынуы; в) кремнийдің физикалық және химиялық қасиеттері; г) маңызды химиялық қосылыстарының құрамы және қасиеттері; д) қолданылуы; е) кремнийдің өндірістегі және тұрмыстағы маңыздылығы туралы түсінік беру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. – Алматы, 2004.
- 2 Гринвуд Н., Эрншо А. Химия элементов: в 2 томах. / пер. с англ. – М.: Бином. Лаборатория знаний, 2008. – (Лучший зарубежный учебник), 607 с.
- 3 Кремний – элемент жизни. Экология и медицина. – СПб.: «Издательство «ДИЛЯ», 2008. – 448 с.
- 4 Общая химия: Учебник для вузов. – 4-е изд., исправл. – СПб: Химиздат, 2000. – 624 с.
- 5 Общая и неорганическая химия: учеб. для вузов: в 2 т. / под редакцией А.Ф. Воробьева. – 544 с.
- 6 Глинка Н.Л. Общая химия: Учебное пособие для вузов / Под ред. А.И. Ермакова. – изд 30-е, исправленное. – М.: Интеграл-Пресс, 2008. – 728 с.
- 7 Principles of General Chemistry/ by Martin Silberberg: 918 pages, 2008.
- 8 Solving General Chemistry Problems / by R. Nelson Smith, Conway Pierce / 476 pages, 2002.
- 9 Жидкий кремний: новая перспектива микроэлектроники // Портал: ZOOM CNews. – [Электронный ресурс].

References:

- 1 Abiev J., Babaev S., Qudiarova A. Pedagogika. – Almaty, 2004.
- 2 Himia elementov: v 2 tomah. / N.Grinvyd, A.Ernsho; per. s angl. – M.: Binom. Laboratorua znanu, 2008. – (Lyxshu zarybejniy ychebnik), 607 s.
- 3 Kremniy – element jizni. Ekologiya i meditsina. – SPb.: «Izdatelstvo «DILIA», 2008. – 448 s.
- 4 Obshaya himiya: Ychebnik dlia vyzov. – 4-e izd., ispravl. – SPb: Himizdat, 2000. – 624 s.
- 5 Obshaya i neorganicheskaia himiya: ycheb. dlia vyzov: v 2 t. / pod redaktsiei A.F. Vorob'eva. – 544 s.
- 6 Glinka N.L. Obshaya himiya: Ychebnoe posobie dlia vyzov / Pod red. A.I.Ermakova. – izd 30-e, ispravlennoe. – M.: Integral-Press, 2008. – 728 s.
- 8 Principles of General Chemistry/ by Martin Silberberg: 918 pages, 2008.
- 9 Solving General Chemistry Problems / by R. Nelson Smith, Conway Pierce / 476 pages, 2002.
- 10 Jidku kremniy: novaia perspektiva mikroelektroniki // Portal: ZOOM CNews – [Elektronnyi resyrs].

ӘОЖ 628.162

Х.Н. Жанбеков¹, Л.М. Қатпаева², А.Е. Сағимбаева³, Н.Н. Мухатаева⁴, К.К. Нурпеисова⁵

¹Жер туралы ғ.д., профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²2 курс PhD докторанты,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

³х.ғ.к., аға оқытушы,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

^{4,5}химия пәні мұғалімі, №139 мектеп- гимназия,
Алматы қ., Қазақстан

ХИМИЯДАН «АТОМДАР. МОЛЕКУЛАЛАР. ЗАТТАР» ТАРАУЫН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақала химия пәнінен жаңа форматтағы жаңа форматтағы сабақты өткізуге және білім алушының оқу жетістіктерін бақылауда критериалды бағалауды қолдануға жайында. Сонымен қоса мақалада бүгінгі күні орта мектептің мұғалімдері Білім берудегі Кембридж тәсілдерінің теориялық негіздерін сабақта ұтымды қолданып жүргені айтылады. Мақалада жетінші сыныптың химия пәні сабағында «Атомдар. Молекулалар. Заттар» тарауы бойынша бір сабақтың жоспары беріліп, осы бөлім бойынша жиынтық бағалау, оған арналған тапсырмалар және тапсырмалар бойынша бағалау кестесі көрсетілген. «Атомдар. Молекулалар. Заттар» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика да кестеде бейнеленген. Қорыта келгенде, критериалды бағалау жүйесі барысында критерий үлгілері бойынша оқушылардың білім деңгейлерін бағалап жетістікке жетуге болады.

Түйін сөздер: орта мектеп, химия пәні, «Атомдар. Молекулалар. Заттар» бөлімі, бағалау жүйесі, критериалды бағалау, жиынтық бағалау, қалыптастырушы бағалау.

Жанбеков Х.Н.¹, Катпаева Л.М.², Сағимбаева А.Е.³, Мухатаева Н.Н.⁴, Нурпеисова К.К.⁵

¹д.н. о Земле, профессор,

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

²PhD докторант 2 курса,

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

³к.х.н., старший преподаватель,

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

^{4,5}учитель химии, №139 школа-гимназия,
г. Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ РАЗДЕЛА «АТОМЫ. МОЛЕКУЛЫ. ВЕЩЕСТВА»

Аннотация

Статья посвящена проведению занятий по химии нового формата и применению критериального оценивания учебных достижений обучающихся. Кроме того, в статье говорится, что на сегодняшний день учителя средней школы активно используют на уроках теоретические основы Кембриджской методики подхода в образовании. Авторы статьи на уроке химии седьмого класса по разделу «Атомы. Молекулы. Вещества» представлен план одного занятия, по данному разделу показана сводная оценка, таблица оценки по заданиям. По разделу «Атомы. Молекулы. Вещества» рубрика для предоставления информации родителям относительно результатов итоговой оценки также предс-

тавлана в таблице. В итоге, при системе критериального оценивания по критериям можно оценить уровень знаний учащихся.

Ключевые слова: средняя школа, предмет химии, раздел «Атомы. Молекулы. Вещества», система оценивания, критериальное оценивания, суммарная оценка, формирующая оценка.

Kh.N. Zhanbekov¹, L.M. Katpaeva², A.E. Sagimbaeva³, N.N. Mukhataeva⁴, K.K. Nurpeisova⁵

*¹d.s. the Earth, professor,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²PhD doctoral 2 course,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*³c.c.s., senior lecturer,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*^{4,5}chemistry teacher, №139 school-gymnasium,
Almaty, Kazakhstan*

THE USE OF CRITERIA-BASED ASSESSMENT OF EDUCATIONAL ACHIEVEMENTS OF STUDENTS IN THE STUDY SECTION «ATOMS. MOLECULES. SUBSTANCES»

Abstract

The article is devoted to conducting classes in chemistry of a new format and the use of criteria-based assessment of educational achievements of students. In addition, the article States that today secondary school teachers actively use the theoretical foundations of the Cambridge method of approach in education. The authors of the article in the seventh grade chemistry lesson on the section "Atoms. Molecules. Substance" is a plan of one lesson, this section shows the evaluation summary table evaluation tasks. Under "Atoms. Molecules. Substances" section to provide information to parents on the results of the final assessment is also presented in the table. As a result, the system of criteria-based assessment can assess the level of knowledge of students.

Keywords: high school, subject of chemistry, section «Atoms. Molecules. Substances», system evaluation, criteria-based assessment, total assessment, formative evaluation.

Соңғы жылдары оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту бағыты бойынша қазақстандық білім беру жүйесіне көптеген жаңалықтар енгізілуде. Солардың бірі – мұғалімдерді Кембридж университетінің білім беру жүйесінің аясында оқыту. Қазіргі таңда орта мектептің көптеген мұғалімдері «Білім берудегі Кембридж тәсілдерінің теориялық негіздерін» оқып, үйреніп, сабақта ұтымды қолданып жүр[1,2]. Аталмыш тәсілді тек теориялық тұрғыдан ғана оқып, қоймай, тәжірибе жүзінде қалай қолдануға болатынын сабақтар өткізу арқылы үйреніп, меңгереді. Сондықтан осы жүйенің оқу әдістері сабақ барысында қолданылды.

Бұл оқыту әдісінің ұстанымы бойынша, бала – өзі ізденуші, бір-біріне үйретуші, ал мұғалім – бағыт беруші, нұсқаушы. Бұл тәсілдің басқа технологиялардан ерекшелігі жеті модуль арқылы іске асатындығында.

Л.С. Выготский «Қалыпты оқыту бала дамуына тек қондырғы болып, дамуға стихиялы әсеретсе, яғни дамудың соңында жүрсе, жаңаша оқыту дамытуды өзімен бірге ала жүреді» деген болатын. Сондықтан мұғалім әрқашан ізденісте болуы керектігі ескеріліп, шәкірттерге Кембридж тәсілдерін қолдана отырып химия сабағы жүргізілді.

«Сабақ-оқытушының педагогикалық мәдениетінің айнасы» деп А.Сухомлинский айтқандай, осы жеті модульдің ішінде химия пәніне тиімдісі, жарыққа шығарары, баланың қызығушылығын оятар деңгейіне ие қайсысы екендігі сарапталды. Саралай келе сабақта бір немесе бірнеше модульді бірден қолдануға болатыны анықталды. Бұл қолданыстан бірқатар жетістіктерге қол жеткізілді. Соның кейбіреуі мен үйрету тәсілдеріне тоқталса: Қызығушылығын ояту – жаңасабақты түсіндіру

кезіндегі үйрену үдерісі. Бұл бұрынғы білетін білім мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады.

Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер арқылы оқытуда оқушылар бұрынғыдай тек тыңдап және көшіріп қана қоймай, белсенді әрекеттер атқарады. Ол белсенді әрекеттерге ойлау, оқу, сөйлеу, талқылау, жазу, пікірталас жатады.

Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер арқылы оқытуда білім дайын күйінде берілмейді, ол тек белсенді әрекеттер арқылы игеріледі. Оқушылар өзара қоян-қолтық қарым-қатынаста болып, онымен бірлесе әрекет жасауға, диалог құруға тиіс. Сабақта оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіріп, пікірталасуы диалог негізінде жүзеге асады. Топтық әдісті қолданғанда, оқушылардың бір-бірімен ақылдасуы, оның топтан біреуінің шығып айтуы, ал болжау әдісін қолданғанда оқушылардың мәтінде не туралы жазылу мүмкін екендігі туралы өз ойларын да диалог арқылы көрсетеді [2,3].

Мағынаны тану – жаңасабақты бекіту үдерісі. Бұл кезеңде оқушы жаңаақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс атқарады, тапсырмалар орындайды. Әр топ жаңа тақырып бойынша орындалған жаттығу мен тапсырма жұмыстарының негізінде сұрақтар дайындап, бір-біріне сұрақ қояды.

Ой-толғанис – сабақты қорытындылау кезеңі. Осы кезеңдеоқушылар не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда қолдану керектігін ұғынады. Көбінесе оқушыларға «Бүгінгі сабақта» деген тақырыпта эссе жазу тапсырылады. Олар өз топтарын және өзге топтарды бағалап, жетістіктері мен кемшіліктерін көрсетеді. Топ жетекшісі өз тобының мүшелерін бағалап, түсіндіреді[4].

Бұл әдістің тағы біререкшелігі топтық жұмысарқылы жүзегеасады. 7-ші сынып оқушыларына «Атомдар. Молекулалар. Заттар» тарауы бойынша жаңа форматтағы жоспарланған сабақтар өтілді[3,4].Сабақ жоспарларының үлгісі төмендегідей:

Кесте-1. Сабақ жоспары

Сабақ тақырыбы	Атомдар және молекулалар. Жай және күрделі заттар.	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Атомдар мен молекулалардың айырмашылығын сипаттау	
Сабақ мақсаттары	<p>Барлық оқушылар:Заттың ең кіші бөлшегіатом екендігін жәнеатомдар өзара бірігіп молекула түзетінін біледі.</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі:Атомдар мен молекулалардың айырмашылығын ажыратады.</p> <p>Кейбіроқушылар:Атом және молекулалар жай және күрделі заттардан түзілетінін біледі.</p>	
Бағалау критерийлері	<p>- Атомдар мен молекулалардың айырмашылығын ажыратады.</p> <p>- Заттың ең кіші бөлшегіатом екендігін жәнеатомдар өзара бірігіп молекула түзетінін біледі.</p>	
Тілдік мақсаттар	<p>Пәнге қатысты лексика және терминология:Атом.Молекула.Жай зат. Күрделі зат.Элемент.</p> <p>Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер:</p> <p>1. Атом дегеніміз ... бөлшегі.</p> <p>2.Атомнан кіші кез келген бөлшек....., немесе.....болаалады.</p> <p>3.Екі немесеодан көп атомдар тұзу үшін қосылаалады</p> <p>АтомМолекулаЖай затКүрделі затЭлемент</p> <p>AtomMoleculeSimple thingThe most difficultElement</p>	
Құндылықтарды дамыту	Ұйымшылдыққа,сыйластыққа тәрбиелеу	
Пәнаралық байланыстар	Физика,жаратылыстану	
АКТ қолданудағдылары	Интерактивті тақта,слайд,электрондыоқулық	
Бастапқы білім	Заттар және физикалық денелер.Элементтер.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар

кезеңдері											
<p>Сабақтың басы (10 мин)</p>	<p>1.Ұйымдастыру (амандасу, түгендеу, көңіл-күйін білу). 2.Топқа бөлу.«Шаттық шеңбер» жасай отырып, оқушыларды санатуарқылы топтастыру. 3. Психологиялық ахуал: Егер десіз мектепке көтеріңкі көңілмен келсеңіз – оң қолыңызды көтеріңіз. Егерсіз сабаққа белсенді қатысамын деп келсеңіз – алғаадымдаңыз. Егерсіз өз біліміңізгесенсеңіз – аяғыңызды қозғаңыз. Егер десізгехимия пәні ұнаса – қол шапалақтаңыздар. 4. «Пікірталас» әдісібойынша үй тапсырмасын тексеру. Сұрақтар: 1.Физикалық денелер дегеніміз не? 2.Заттар нешеге бөлінеді? 3.Элементтер нешеге жіктеледі? Қалыптастырушы бағалау: «Екі жұлдыз, бір тілек».</p>	<p>Слайдтар</p>									
<p>Сабақтың ортасы (30мин)</p>	<p>1. «Миға шабуыл».Жаңасабақтың тақырыбын ашу мақсатында интерактивті тақтадан сурет көрсетіледі.</p>	<p>Интерактивті тақта, сурет</p>									
	<div data-bbox="582 813 1043 1055" data-label="Image"> </div> <p>Берілген суреттен нені байқадың? Бүгінгі тақырыбымыз қандай болмақ? 2. «Ойлан, Жұптас, Бөліс» әдісіарқылы жаңатақырыпты қорғау. 1-тапсырма. Топтық жұмыс. Атомдар мен молекула туралы тақырыпты постерарқылы қорғайды./5минут уақыт беріледі/ Дескриптор: -Атомды, молекуланы ажыратады; -Зат құрамы атом мен молекуладан тұратынын біледі; -Жауаптары арқылы айырмашылығын нақтылайды; Қалыптастырушы бағалау:Түрлі-түсті стикерлер арқылы бағалау. 2-тапсырма. Жұптық жұмыс. Семантикалық карта толтыру.</p> <table border="1" data-bbox="419 1451 1185 1610"> <thead> <tr> <th>Сұрақтар</th> <th>атом</th> <th>молекула</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1.Заттардың бөлінбейтін ең ұсақ бөлшегі</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2.Заттың құрамы мен қасиетін сақтайтын ең кіші бөлшегі</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Қалыптастырушы бағалау:«Отшашу» арқылы бағаланады. 3-тапсырма. Жеке жұмыс. Мыналарды жай және күрделі заттарға бөліп жазыңдар а/ су; ә/сынап; б/ оттек; г/ темір; д/ көмірқылшыл газы Қалыптастырушы бағалау: «Бағдаршам». Қосымша тапсырма арқылы саралау тәсілі. «Атом» және «молекула» сөздерін қажеттисептікте пайдаланып төмендегісөйлемдердіаяқтаңдар. а) Ауа – коспа, оның құрамына ... оттек кіреді. ә) Су ... сутек пен оттектің ... түзілген. б) Йод ... ауаға таралуына байланысты иісі білінеді. в) Құрамында қант ... болуына байланысты тосаптың дәмі тәттіболады. Сергіту сәті. «Атомдар және молекулалар» ойыны.</p>	Сұрақтар	атом	молекула	1.Заттардың бөлінбейтін ең ұсақ бөлшегі			2.Заттың құрамы мен қасиетін сақтайтын ең кіші бөлшегі			<p>Плакат, түрлі түсті қаламдар</p> <p>Семантикалық карта</p> <p>Карточкалар</p>
Сұрақтар	атом	молекула									
1.Заттардың бөлінбейтін ең ұсақ бөлшегі											
2.Заттың құрамы мен қасиетін сақтайтын ең кіші бөлшегі											

<p>Сабақтың соңы (5 мин)</p>	<p>1. «Аквариум» әдісімен сабақты қорытындылау. Тақырып соңындағы сұрақтарға жауап жазу\оқулықпен жұмыс\ 1. Атом мен молекуланың айырмашылығы неде? 2. Жай және күрделі заттар дегеніміз не? 3. Екі немесе көп заттардан тұратын заттарды не дейміз? 4. Сөз тіркестерінің қайсысы дұрыс? а) ауа молекуласы; ә) сүт молекуласы; б) гелий атомы; в) сутек молекуласы. Қалыптастырушы бағалау: «3-2-1 Стратегия» 3 – Мен бүгін үйренген 3-нәрсе.... 2 – Мен қызықты деп тапқан 2-нәрсе.... 1 – Мен үшін күрделі 1-сұрақ.... 2. Үйге тапсырма: «Атом және молекула» туралы эссе жазып келу</p>						
<p>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақтау</p>					
<p>Барынша қолдау. Атом мен молекуланы ажыратуды үйренеді. Берілген тапсырма оқушы үшін күрделі болса, шешу жолына бағыт-бағдар беріледі. Орташа қолдау. Қабілеті жоғары оқушы үшін күрделілігі әртүрлі деңгейде, қосымша тапсырма дайындалады. Аз қолдау. Оқытудың белсенді әдістерін пайдаланып жеке, жұппен, топпен жұмыс, жалпы жұмыс түрлері ұйымдастырылады.</p>	<p>Оқушы білімінің жетістігін «Екі жұлдыз, бір тілек», «Түрлі-түстістикерлер арқылы бағалау», «Бағдаршам», «3-2-1 Стратегия» сияқты қалыптастырушы бағалау әдістерін пайдалана отырып бағаланады.</p>	<p>Оқушылардың сабақта химия кабинетіндегі қауіпсіздік техникасының сақтауын бақылау.</p>					
<p>Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары мақсаттары шынайы және қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақ саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауыт-қулар болды ма және неліктен?</p>	<p>Оқушылар бүгінгі тақырып бойынша не түсінгенін, түсінбегенін кестеге түсіреді</p> <table border="1" data-bbox="949 1220 1428 1288"> <tr> <td>Білемін</td> <td>Білдім</td> <td>Білгім келеді</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Білемін	Білдім	Білгім келеді			
Білемін	Білдім	Білгім келеді					
<p>Қорытынды бағалау 1. Сабақта өткен ең жақсы екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? 1. Топпен жұмыс « Миға шабуыл» әдісімен оқушылардың тақырыпты ашуы. 2. Сыни тұрғыдан ойлай отырып, тапсырмаларды орындағандары. 2. Сабақтың бұдан жақсы өтуіне не ықпал етереді (оқыту мен оқуға қатысты)? 1. Белсенді әдіс-тәсілдер оқушылардың белсенділігін арттырды. 2. Өз бетінше жұмыс жасауды жолға қою. Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда неге назар аударуым қажет? Қабілеті жоғары оқушыларға қабілеті мен мүмкіндігін ескере отырып тапсырма ұсынамын. Бағалау критерийлерін жетілдіру.</p>							

Жаңа сабақтың тақырыбын ашу мақсатында интерактивті тақтадан көрсетілген сурет бойынша оқушылар өз ойларын ортаға салды. Оқушылар «Ойлан, Жұптас, Бөліс» әдісі жаңа тақырыпты қорғауда, тақырыпты топта талқылап, әр топтан бір немесе бірнеше оқушы, талқылай отырып жасаған тапсырмаларының түйінді моменттерін баяндап берді, мұнда бірінің ойын екінші оқушы жалғастырып отырды.

Сол сияқты «Аквариум» әдісімен сабақты қорытындылауда тапсырманы оқушылар ынтымақтастықпен орындады. Сондықтан оның оқушылардың білімді өздіктерінен игеруіне көп ықпалы болды.

Әр тапсырма соңында қалыптастырушы бағалау жүргізілді. Бағалау барысында оқушылар белсенділік таныта білді. «Екі жұлдыз бір тілек», «От шашу», «Бағдаршам» арқылы бағалау кезінде оқушылар өз ойларын мағыналы жеткізуге, бір-біріне деген құрмет пен ынтымақтастыққа

үйренді. Азаматтық жауапкершіліктерін арттырып, шыншылдыққа тәрбиелейді.

«Атомдар. Молекулалар. Заттар» тарауы өтілген соң оқушылардың білімін тексеру мақсатында жиынтық бағалау жүргізілді [4].

«Атомдар. Молекулалар. Заттар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты

7.1.2.3 Элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу;

7.1.2.5 Протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу;

7.1.2.7 Изотоп түсінігін білу.

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Металдар және бейметалдарды ажыратады;
- Атом құрылысын сипаттайды;
- Изотоп ұғымын сипаттайды.

Ойлау дағдыларының деңгейі

Білу және түсіну


Тапсырма

1. Берілген элементтерді металл және бейметалға жіктеңіз: K, Ne, B, Li, N, Ar, Al, P, S, X.

Металдар:

Бейметалдар:

2. Сіздерге литий элементінің атом құрылысы берілген. Осы атом құрамындағы бөлшектерді атаңыз.



3. Атомның қарапайым бөлшектері бойынша кестені толтырыңыз.

Атом түрі	Атомдық массасы	Протон саны	Нейтрон саны
Көміртек-13			
Оттек-18			
Хлор-37			

4. Изотоптардың қасиеттерін алғаш рет XX ғасырдың басында анықтаған.

(а) Изотоп терминіне анықтама беріңіз.

(б) Кез келген екі элементтің изотоптарына мысал келтіріңіз.

Кесте-2. Тапсырмалар бойынша бағалау кестесі

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Металдар және бейметалдарды ажыратады	1	металдарды анықтайды;	1
		бейметалдарды анықтайды;	1
Атом құрылысын	2	протонды көрсетеді;	1

сипаттайды	3	электронды көрсетеді;	1
		нейтронды көрсетеді;	1
		элементтердің атомдық массасынанықтайды;	1
		элементтердің протон санынанықтайды;	1
		элементтердің нейтрон санынанықтайды;	1
Изотоп ұғымын сипаттайды	4	изотоп ұғымынаанықтама береді;	1
		кез-келген 2 элементтің изотопынжазады.	1
Барлығы			10

Кесте-3. «Атомдар. Молекулалар. Заттар» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарғаақпарат ұсынуғаарналған рубрика

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Металдар және бейметалдарды ажыратады.	Металдар және бейметалдарды ажыратуда қиналады.	Металдарды және бейметалдарды жіктеуде қателіктер жібереді.	Металдар және бейметалдарды ажыратады.
Атом құрылысын сипаттайды.	Атом құрылысын сипаттаудақиналады.	Атом құрамына кіретін протонды, нейтронды, электронды көрсетуде, Элементтердің атомдық массасын, протон және нейтрон санын анықтауда қателіктер жібереді элементтердің атомдық массасын, протон және нейтрон санын анықтауда қателіктер жібереді.	Атом құрылысын сипаттайды.
Изотоп ұғымын сипаттайды.	Изотоп ұғымын сипаттауда қиналады.	Изотоптың қасиеттерін сипаттауда, мысал келтіруде қателіктер жібереді.	Изотоп ұғымын дұрыс сипаттайды.

Сабақта қолданылған критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеуге, оқыту қорытындысын шығару үшін қажет. Мұндай бағалау кезінде өзінді басқа адаммен салыстыру шарты жоқ, сондықтан критерий түрлері бойынша мүмкіндікті бағалап, жетістікке жету жолдарына ие болады [4].

Критериалды бағалау жүйесін химия сабақтарында қолдана отырып: оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттауға; тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізуге; білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез-келген; әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды жекелеуге (өзіндік жұмысы, күнделікті баға, үй жұмысы т.б.); қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалаулар арқылы оқушының еңбегін анықтауға; оқушының бағалау жүйесіне толық қанағаттануына мүмкіндік алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. – Астана, 2016. – 39 б.
- 2 Тренерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық

шеберлік орталығы. – Астана, 2015.

3 Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. – Астана, 2016.

4 Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий / Педагогика, 2009. – 150 б.

References:

1 Óñirlik jáne mektep úlestirýshilerine arnalǵan kriterialdy baǵalaý boıynsha nusqaýlyq. «Nazarbaev Zuatkerlik mektepteri» DBBU Pedagogikalyq sheberlik ortalyǵy. – Astana, 2016. – 39 b.

2 Trenerge arnalǵan nusqaýlyq. «Nazarbaev Zuatkerlik mektepteri» DBBU Pedagogikalyq sheberlik ortalyǵy. – Astana, 2015.

3 Jalpy bilim беретin mektep muǵalimderine arnalǵan kriterialdy baǵalaý basshylyǵy. «Nazarbaev Zuatkerlik mektepteri» DBBU Pedagogikalyq sheberlik ortalyǵy. – Astana, 2016.

4 Kókijanova G.K. Oqúshylardyń oqú jetistikterin baǵalaý bilim sapasyn basqarıydaǵy negizgi kriteriu / Pedagogika, 2009. – 150 b.

ӘОЖ 378.018.43:54

FTAMP 14.35.097

Г.И.Мейірова¹, А.К. Рахметова², А.Ф. Лекеров³

¹х.ғ.д., профессор, meirova_g@mail.ru,

Абай атындағы Қазақұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²1-курс PhD докторанты, rahmet_88@mail.ru,

Абай атындағы Қазақұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

³2-курс магистранты, azik-95_95@mail.ru,

Абай атындағы Қазақұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ХИМИЯНЫ ИНТЕРНЕТ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада интернет желісіндегі білім беру үдерісінің сапасын арттыру мақсатында телекоммуникациялық құралдардың соңғы жетістіктерін пайдаланып және виртуалды оқытудың дидактикалық принциптері негізінде оқу материалын жасау әдістемесі зерттелген. Ақпараттық технологиялардың даму жолдары, олардың арнайы деректер базасын жасау және одан ақпараттарды іздеу әдістері қарастырылған. Ақпараттық-коммуникативтік технологияның 3 топтан тұратын дидактикалық қағидалары: оқу ақпаратын ұсыну, беру және оқу үрдісін ұйымдастыру технологиялары зерттелген.

Түйін сөздер: интернет желісінде оқыту, желілік және ғаламдық телекоммуникациялар, қашықтықтан оқытудың дидактикалық принциптері, виртуалды химиялық эксперимент, ақпараттық

Мейирова Г.И.¹, Рахметова А.К.², Лекеров А.Г.³

*¹д.х.н., профессор, meirova_g@mail.ru,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

*²PhD докторант 1-курса, rahmet_88@mail.ru,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

*³магистрант 2курса, azik-95_95@mail.ru,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ДИДАКТИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ ХИМИИ В СЕТИИНТЕРНЕТ

Аннотация

В данной статье изучены методика разработки учебного материала на основе дидактических принципов виртуального обучения и использования новейших достижений телекоммуникационных средств в целях повышения качества образовательного процесса в сети интернет. Рассмотрены пути развития информационных технологий, методы поиска информации и создания специальных баз данных. Изучены дидактические принципы информационно-коммуникативной технологии, состоящие из 3 групп: технологии представления, передачи учебной информации и организации учебного процесса.

Ключевые слова: обучение в сети интернет, сетевые и глобальные телекоммуникации, дидактические принципы дистанционного обучения, виртуальный химический эксперимент, информационные ресурсы, электронные учебные пособия.

G.I.Meyirova¹, A.K.Rakhmetova², A.G.Lekerov³

*¹d.c.s., professor, meirova_g@mail.ru,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²PhD 1-year doctoral student, rahmet_88@mail.ru,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*³master's 2 courses, azik-95_95@mail.ru,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

DIDACTIC PRINCIPLES OF DISTANCE LEARNING CHEMISTRY ON THE INTERNET

Abstract

This article studied the design of methodology of academic material which based on didactic principles of online training and using the modern progresses of telecommunications in order to improve the quality of the educational process on the Internet. Ways of progress of information and creating the special databases.

The didactic principles of information and communication technology, which consist of 3 groups; the technology of presentation, the transference of educational information and the organization of the educational process.

Keywords: training on the Internet, network and global telecommunications, didactic principles of distance learning, virtual chemical experiment, information resources, electronic textbooks.

Білім беру жүйесін дамытудың заманауи үрдістері оқу үдерісіне компьютерлік технологияларды ендіруді көздейді, қоғамдық өмірдің барлық салаларына белсенді түрде қатысатын, өздігінен жұмыс істей алатын, шығармашылығы мол тұлғаны қалыптастыру жоғарғы оқу орындарының негізгі міндеттерінің бірі. Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендіремейінше кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Қазіргі білім беру жүйесі студенттердің ақпараттармен жұмыс істей білуін қалыптастыруға бағытталғандықтан, ақпарат беру технологиясы ретінде қарастырылатын желілік ақпараттық технологиялар білім беру саласында маңызды рөл атқарады. Байланыс желісі (коммуникациялық желі) деп желінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін сымды, радио-, оптикалық және басқа да байланыс арналарының, мамандандырылған аппаратураның, байланыс орталықтары мен тораптарының жиынтығын түсінеді.

Желілік ақпараттық технологиялар байланыс арналарын дамытумен бір мезгілде дамыды. Мәселен, ХХ ғасырдың басында телеграфтық және телефон желілерінің негізін құрайтын, микроэлектрониканың дамуымен *электрбайланысының аналогтық* сымды және радиоарналары түгелдей сандық талшықты-оптикалық байланыс желілерімен көбірек алмастырылды. Соның нәтижесінде *телекоммуникациялық технологиялар* түсінігі пайда болды.

Компьютерлік телекоммуникациялар – соңғы құрылғылары компьютерлер болып табылатын телекоммуникациялар. Кеңістіктегі ақпарат беру компьютерлер бірлестігі желісінде қызмет көрсетілуі және ұйымдағы адамдардың байланысы телекоммуникациялық желілер деп аталады. Жергілікті және жаһандық телекоммуникациялық желілер деп жіктеледі. Жергілікті желілер кеңістіктік шектеуі бар және бір ғимаратта, ұйымда, ауданда, қалада, елде орналасқан компьютерлерді байланыстырады (мысалы: университет жергілікті желісі т.б.). Жаһандық желілердің кеңістіктік шектеулері жоқ. Ғаламдық телекоммуникациялық желінің ең танымалы – Интернет. FIDO немесе SPRINT сияқты басқалар бар.

Бірақ бүгінгі күні Интернет – білім беру жүйесінде барлық жерде қолданылатын *жалғыз жаһандық* телекоммуникациялық желі. Интернеттің негізгі функциялары желінің ақпараттық ресурстарымен байланысты хабарлар тарату, интерактивті және іздеу қызметтерімен, сондай-ақ білім беру процесінде пайдалы болуы мүмкін. Хабар тарату қызметтері: кітаптар, әдістемелік әдебиет, газеттер, электронды түрдегі журналдар, оқыту бағдарламалары, электрондық кітапханалар, мәліметтер базасы, сөздіктер, анықтамалықтар. Интерактивті қызметтері: электрондық пошта, электрондық телеконференциялар, IRC. Іздеу қызметтері: каталогтар, іздеу жүйелері, метаіздеу жүйелері.

Қазіргі заманғы интернет үшін ақпаратты, әсіресе білім беру сипатындағы ғаламдық іздестіруді ұйымдастырудың маңызды проблемаларының тән болуы, өйткені білім беру ресурстарын орналастыруға жүйелік тәсілдің болмауы, сондай-ақ осы ресурстарды әзірлеу мен пайдалануда біркелкіліктің болмауы қазіргі уақытта білім беру процесінің сапасын арттыру мақсатында телекоммуникациялық құралдардың артықшылықтарын практикалық пайдаланбауға әкеледі. Интернет желісінің ақпараттық ресурстарының көпшілігі гиперсілтемелер (ақпаратты бейсызық ұйымдастыру) принципі бойынша ұйымдастырылған web-беттер деп аталады. Web-бет (web-құжат) мыналарды қамтиды: пішімделген мәтін; мультимедиялық нысандар (графика, дыбыс, бейне); басқа web-беттерге немесе ресурстарға сілтемелер; компьютерде салынған бағдарлама бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік беретін белсенді компоненттер. Әдетте, web-бет-файлдардың тұтас тобынан тұратын күрделі құжат. Бір бет шегінде барлық қажетті мәліметтерді жазу қиын болғандықтан, ақпаратты көбінесе бірнеше ондаған немесе жүздеген өзара байланысты (тақырып, рәсімдеу стилі және басқалар) web-беттердің жиынтығы түрінде ұсынады. Бұл жинақ web-сайт немесе web-торап деп аталады. Web-сайтың бастапқы беті бастапқы немесе үй деп аталады. Web-сайттар мен web-беттер көптеген www-серверлер – компьютерлерде сақталады.

Арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету орнатылған. Олар тәулік бойы жұмыс істейді және оларға бір уақытта бірнеше жүзден бірнеше мыңға дейін сайттарға орналастырылуы мүмкін. Пайдаланушылар web-браузерлер (броузерлер, шолушылар) деп аталатын клиент-бағдарламалардың көмегімен web-беттерден ақпаратты алады және қарайды. Клиент-сервер өзара әрекеттесуі хаттамамен (http, ftp және т.б.) деп аталатын белгілі бір ережелер бойынша жүзеге асырылады. Интернет желісінің мүмкіндіктерін пайдалану үшін барлық web-құжаттар біркелкі құрылуы тиіс. Осы мақсаттар үшін HyperText Markup Language (HTML) - гипермәтін белгілеу тілі деп аталатын арнайы

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №1(59), 2019ж.

тіл әзірленді. Интернет желісіндегі әрбір құжат (файл) өзінің бірегей URL-адресіне ие (Universal Resource Locator), мысалы http://ide.tsu.ru/other_res/ep/ikt_umk/, құжатқа (http) жүгіну қажет хаттаманың атауын, сервердің атауын қамтитын (ide.tsu.ru/), және соңында аты бар файлдың толық жолы (ep / ikt_umk/). Ақпаратты іздеу арқылы жүзеге асырылады, іздеу жүйелерінің (іздеу серверлер) білдіретін web-сайттар қамтамасыз ететін іздеу. Іздеу жүйелері өте көп және әртүрлі (мысалы, ең жоғары рейтингі бар yandex.ru, rambler.ru, google.com, aport.ru, mail.ru, yahoo.com және басқалар). Олардың жұмысы қандай қағидаттарға негізделген? Мәселен, кітапханаларда, фонотекаларда, фильмотекаларда және басқа да қоймаларда сақталатын ақпаратты іздеу үшін ресурстың индекстері (сандық және әріптік көрсеткіштер) көрсетілген каталогтар пайдаланылады. Ақпаратты табу үшін ұқсас механизмдер Интернетте де бар. Іздеу индекстерін (көрсеткіштер) және іздеу каталогтарын ажырату қабылданған.

Серверлер-индекстер Интернеттегі көптеген веб-беттердің мазмұнын үнемі оқып, сөздерді алып, оларды арнайы деректер базасы - индексте орналастырады. Пайдаланушы кілт сөздерді пайдалана отырып, осы деректер қоры бойынша толық мәтінді іздеуді жүзеге асырады. Іздеу жүйесі беретін іздеу нәтижесі 1) пайдаланушының назарына ұсынылатын беттердің үзінділерінен; 2) осы беттердің URL мекен-жайларынан тұрады.

Қазіргі білім беру үрдісі аталған материалдарды бірыңғай бағдарламалық-әдістемелік кешендерге интеграциялау болып табылады. Электронды оқу құралдары (ЭОҚ) – бейнелі (графикалық), мәтіндік, сандық, сөйлеу, музыкалық, бейне, фото және басқа да ақпараттың жиынтығы. ЭОҚ келесі функцияларды орындауы тиіс:

- оқу пәнін оқу бойынша білім алушының қызметін тиімді басқару;
- оқу-танымдық қызметті ынталандыру;
- материалды меңгеру нәтижелеріне байланысты оқу-танымдық қызметтің әртүрлі түрлерінің ұтымды үйлесуін қамтамасыз ету;
- материалды ұсынудың әртүрлі технологияларын (мәтін, кесте, анимация, аудио-, видео -) ұтымды үйлестіру;

желіге орналастыру кезінде виртуалды семинарлар, пікірталастар, іскерлік ойындар және коммуникациялық технологиялар негізінде басқа да сабақтарды ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

Құрылымдық ЭОҚ келесі блоктарды қамтуы тиіс: ақпараттық-мазмұндық (жоспарлар, кестелер, оқулық, өздік жұмыстар және т.б.); бақылау-коммуникативтік (бақылау және тестілеу жүйесі); түзету-жалпылау (мониторинг нәтижелері, білім беру процесі, қорытынды нәтижелер). ЭОҚ әзірлеу үш кезең бөлінеді: дайындық (жоспарлау, аспаптық құралдарды таңдау); өндірістік (жобаны іске асыру); соңғы (өнімді тестілеу). ЭОҚ әзірлеу кезінде пайдаланылатын аспаптық құралдардың бес тобын бөліп көрсетуге болады: жалпы мақсаттағы аспаптық құралдар; графикалық және мәтіндік редакторлар; электрондық кестелер; презентацияларды құру бағдарламалары; анимацияларды құру бағдарламалары (мысалы, Macromedia Flash); дыбыстық редакторлар және т.б. басқалар.

Ақпараттық-коммуникативті технологиялардың **дидактикалық қасиеттері**: оқу-тәрбие үрдісінің кез келген бір аспектілерін (түсіндіру, түсіндіру, талқылау, бақылау кесінділерін, тестілерді, шығармашылық жұмыстарды және т.б.) іске асыруға бағытталған дидактикалық қызметін орындауға мүмкіндік береді. Оқу-тәрбие үрдісінің жалпы бағыттылығымен анықталатын үш топтан тұратын АКТ-құзыреттілікті қалыптастыру міндеті білім беруге АКТ-ны енгізуді біріктіретін міндеті болып табылады:

- білімділік міндеттеріне: білімалушылардың репродуктивті іскерліктерін меңгеру (нәтижелерді есептеу, тексеру және өңдеу, жүйелеу және жіктеу, талдау) және синтездеу кезінде пайда болатын, экспериментті жоспарлау іскерліктерін меңгеру;
- тәрбиелік міндеттеріне: білім алушылардың оқудан тыс қызметінің тиімділігін арттыру;
- дамытушылық міндеттеріне: оқу және практикалық тапсырмаларды іздеу стратегиясын әзірлеу дағдыларын қалыптастыру;

Қашықтықтан оқыту жүйесінде басшылыққа алынуы тиіс принциптердің бірі – **дидактикалық принциптер**. Мұндай дидактикалық принциптерді көрнекілік, қолжетімділік, оқытуды дараландыру, саналылық, белсенділік секілді білім берудің дәстүрлі принциптері құрайды. Дидактикалық қасиеттердің үш тобын бөліп көрсетуге болады [1].

1) оқу ақпаратын **ұсыну технологияларының дидактикалық қасиеттері**:

- электрондық білім ресурстары арқылы мәтіндік, графикалық, дыбыстық, бейне және анимациялық форматта ақпаратты бейнелеу және беру;
- қызықтырылған ақпаратты іздеу мүмкіндігі;

- білімді бекіту және алынған дағдыларды өңдеу мүмкіндігі;
- білімді, іскерлікті, дағдыларды бағалау мүмкіндігі;
- оқытушымен қарым-қатынасты ұйымдастыру.

Сондықтан да білім алушылардың қашықтықтан оқыту кезінде қажетті мәліметтерді алуларына өздігінен жұмыс істеу дағдылары мен әдістерін, қажет білімдерді өз беттерімен толықтыру жолдарында ізденісте болулары керек. Сонымен бірге сапалы білім алу үшін жаңа ақпараттық технологиялардың, яғни инновациялық технологиялардың, құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс.

2) оқу ақпаратын беру технологияларының дидактикалық қасиеттері:

- оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми ақпаратты дайындау, редакциялау және өңдеу;
- ақпаратты сақтау және резервтеу;
- ақпаратты жүйелеу;
- ақпаратты түрлі формада тарату;
- қажетті ақпаратты алу үшін электрондық банктерді және деректер базасын пайдалана отырып, ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету.

3) оқу процесін ұйымдастыру технологияларының дидактикалық қасиеттері:

а) *электрондық пошта*: бір уақытта білім алушылардың көп санына хабарламалар жіберу; педагог пен білім алушылар арасындағы асинхронды ақпарат алмасу (мәтіндік, графикалық, дыбыстық); консультация, бақылау және тағы сол сияқты ұйымдастыру мүмкіндігі; Дәлірек айтқанда, электрондық пошта – интернеттің танымал қызметтерінің бірі. Желі тұтынушылары арасында мәлімет алмасу ісін жүзеге асыратын қызмет жүйесі. Ол арнайы пошта программалары көмегімен жүзеге асырылады, мысал ретінде, Outlook Express программасы арқылы тіркеліп, жеке поштаңызды құруға мүмкіндік бар. Жеке поштаңызға қажетті мағлұматтарды сақтаумен қатар, пернетақтадан тиісті хабар мәтінін теріп, белгілі бір коммуникантқа (адресантқа) жіберуге болады. Осындай тәсіл арқылы белгілі бір коммуникант өзінің достарымен немесе әріптестерімен қарым-қатынас жасай алады. Электронды поштаның қарапайым поштадан басты артықшылығы – оның ақпаратты жеткізу жылдамдығында.

б) *телеконференция*: синхронды және асинхронды коммуникацияны қамтамасыз ету, бұл конференция қатысушыларына өз ақпаратын кез келген ыңғайлы уақытта жіберуге, оны электрондық пошта арқылы алуға мүмкіндік береді, қатысушылар хабарлама жібермес бұрын позитивті ойлауға мүмкіндігі бар; ұсынылған тақырыпты, консультацияларды және оқу қызметінің басқа да нысандарын талқылауды ұйымдастыру мүмкіндігі бар;

в) *видеоконференциялар*: мультимедиялық, графикалық нысанда оқу ақпаратын көрсету мүмкіндігі; эксперименттер жүргізу, тәжірибе қою; ақпаратты талқылау мен түсіндіруде топтық қатысуды ұйымдастыру мүмкіндігі; ақпаратпен синхронды алмасу[2].

Химияны оқытуда тәжірибелік эксперимент маңызды болып табылады. Химиялық тәжірибелерді заманауи инновациялық педагогикалық технологияларды қолданып түрлендіру химиялық білім берудің өзекті мәселелері бірі табылады. Дәстүрлі эксперименттерді жүргізу әдістемелерін жаңа ақпараттық-коммуникациялық мүмкіндіктерді пайдалана отырып ұйымдастыру студенттерде жоғары қызығушылық тудырады деп күтіледі. Көрсету мүмкіндіктерін кеңейтіледі. Біздің зерттеу жұмыс-тарының мақсаты химиялық тәжірибелерді дәстүрлі көрсету, видео қатарлардың көрсету және компьютерлік бағдарламаларды пайдаланып анимациялық көрсету қарастырылған. Қазіргі заманғы мультимедиялық көрсету химиялық эксперименттерді өткізуге мүмкіндігін береді.

Жүргізілген тест сапасы оның сенімділігімен (тестілеу нәтижелерінің тұрақтылығымен), валидтілігімен (тесттің диагностика мақсаттарына сәйкестігі), тапсырманың дифференциалды күшімен (тест сыналушыларды зерттелетін сипаттаманың айқындылық дәрежесі бойынша бөлуге қабілеттілігімен) анықталады[3].

Сондай-ақ, Абай атындағы ҚазҰПУ-нде химия мамандықтарында оқитын студенттеріне химия пәнінен демонстрациялық тәжірибелеріне студенттеріне қызығушылықтарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізді. Сауалнамалар нәтижесі «Т.Д.Дубовицкий әдістемесін пайдалана отырып өңделіп қорытындыланды. Сыртқы ынталандыру студенттердің 10,5% байқалады, ал басым көпшілігі 84,2% ішкі мотивацияны, яғни химия пәнідеріне жоғары қызығушылық көрсетті. Екінші сауалнама нәтижесі химиялық тәжірибелерге студенттердің жоғары қызығушылық тудыратын (95%) анықталды. Зерттеу нәтижелері әрі қарай әртүрлі педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолданып химиялық тәжірибелерді жүргізу әдістемелерін жасау есепке алынады [4].

Әдебиеттік шолу және жүргізілген сауалнама нәтижелері химиялық эксперименттерді ұйымдастыру кезеңінде студенттердің қызығушылығын жоғарлату, соның нәтижесін кәсіби құзыреттілігін

қалыптастыру үшін тәжірибелердің сұраныстың жоғары екендігін анықтады. Сонымен бірге, желілік оқытуда тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру оқу материалдарының жаңаша, яғни гипермәтін түрінде жасау, тәжірибелерді мультимедиялық түрде жүргізу, сонымен қатар АКТ-ның дидактикалық қағидаларын басшылыққа алу маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Пегов А.А., Пьяных Е.Г. *Использование современных информационных и коммуникационных технологий в учебном процесс.* – 2010. – С.14-15.

2 Нурмаханова Д.Е., Бекназарова А.Б., Мейірова Г.И. *Қашықтықтан білім беруде химияны оқыту үрдісін ұйымдастырудың әдістемелік негіздері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы, 2015. – №4(46). – Б.88.*

3 Ключева Н.В. *Педагогическая психология: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений.* – М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003. – С.1.

4 Батина Е.В. *Общая методика обучения химии: методическое пособие.* – Ярославль: Изд-во ЯГПУ, 2011. – С.106.

References:

1 Pegov A.A., Pnyan E.G. *Ispolzovanie sovremennyh informatsionnyh i kommúnikatsionnyh tehnologu v úchebnoy protsess.* – 2010. – S.14-15.

2 Nýrmahanova D.E., Beknazarova A.B., Meirova G.I. *Qashyqtyqtan bilim berýde himiany oqytý úrdisin uyymdastyrydyń ádistemelik negizderi // Abai atyndagý QazUPÝ Habarshy, 2015. – №4(46). – B.88.*

3 Klyúeva N.V. *Pedagogicheskaya psihologiya: Úcheb. dlia stýd. vyssh. úcheb. Zavedeni.* – M.: Izd-vo VLADOS-PRESS, 2003. – S.1.

4 Batina E.V. *Obaia metodika obýchenia himii: metodicheskoe posobie.* – Iaroslavl: Izd-vo IaGPÝ, 2011. – S.106.

ӘОЖ 54.058:553.611.6.

Ж.С. Мұқатаева¹, С.Б. Заурова²

*¹х.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

*²курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

**ХИМИЯДАН ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰН БОЙЫНША
САБАҚ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аңдатпа

Мақалада жаңартылған мазмұн негізінде химия сабағын жүргізудің ерекшеліктері қарастырылған, білім берудің жаңартылған мазмұнының мақсаттары мен міндеттері, оқыту технологиялары, оқытуда құзыреттілік-бағытталған тәсілді ескере отырып бағалаудың жаңа формалары, қазіргі заманғы сабақты өткізудің ерекшеліктері, сонымен қатар химия пәнінен сабақ жоспары көрсетілген. Мектептегі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқу пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері өзгергені көрсетілді, осыған орай оқушылар өз бетінше функционалдық сауаттылықты дамытады, білімдерін тереңдете отырып, құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың коммуникативтік дағдыларын дамытуға және мәселелерді шешуге шығармашылықпен қарайды. Оқу үдерісі спиральді жүйе бойынша ұйымдастырылады, онда оқушы әр жолы өзінің танымын кеңейтіп, тереңдетуге мүмкіндігі бар. Оқытудың спиральді түрі дәстүрлі оқыту түріне қарағанда бүкіл мектепте оқыту барысында күрделенетін материалды қайта қарау қазіргі заманғы оқушының дамуында үлкен артықшылық беретіндігін көрсетеді.

Түйін сөздер: білім берудің жаңартылған мазмұны, типтік оқу бағдарламасы, бағалау, оқытудың инновациялық әдістері, оқу әрекеттері.

Мукатаева Ж.С.¹, Заурова С.Б.²

¹*к.х.н., ассоциированный профессор,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

²*магистрант 2 курса,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ОСОБЕННОСТИ ВЕДЕНИЯ УРОКА ХИМИИ НА ОСНОВЕ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ

Аннотация

В статье рассмотрены особенности ведения урока химии на основе обновленного содержания, показаны цели и задачи обновленного содержания образования, технологии обучения, новые формы оценивания с учетом компетентно-ориентированного подхода в обучении, особенности проведения современного урока, а также разработка конспектов уроков по химии. Показано, что в условиях обновления содержания школьного образования меняются формы и методы организации обучения учебного предмета, в ходе которых предполагается, что учащиеся будут самостоятельно развивать функциональную грамотность, активно «добывать» знания, с огромным желанием развивать коммуникативные навыки общения со сверстниками, и творчески подходить к решению проблем. Учебный процесс организуется по спиральной системе, где ученик с каждым разом имеет возможность расширить и углубить свои познания. Спиральная форма обучения предполагает, что повторное рассмотрение материала, который будет усложняться на протяжении всего школьного обучения, дает большее преимущество в развитии современного учащегося, нежели традиционные формы обучения.

Ключевые слова: обновленная содержания образования, типовая учебная программа, оценивание, инновационные методы обучения, учебные деятельности.

J.S. Mukataeva¹, S.B. Zaurova²

¹*c.c.s., associate professor,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

²*master's 2 courses,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

TEACHING FEATURES OF CHEMISTRY THE BASE UPDATED CONTENT

Abstract

The article deals with the features of conducting chemistry lessons on the basis of updated content, shows the goals and objectives of the updated content of education, learning technology, new forms of evaluation, taking into account the competence-based approach to learning, especially the modern lesson, as well as the development of abstracts of lessons in chemistry. It is shown that in the conditions of updating the content of school education, the forms and methods of organization of teaching the subject change, during which it is assumed that students will independently develop functional literacy, actively "extract" knowledge, with a great desire to develop communication skills with peers, and creatively approach to solving problems. The educational process is organized in a spiral system, where the student each time has the opportunity to expand and deepen their knowledge. The spiral form of education assumes that re-examination of the material, which will be complicated throughout the school education, gives a greater advantage in the development of the modern student than traditional forms of education.

Keywords: updated content of education, standard curriculum, evaluation, innovative teaching methods, educational activities.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде» – деп көрсетті.

Жолдауда көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыру барысында бірқатар міндеттер қойылды. Жетінші міндет «Адами капитал – жаңғыру негізі. Білім берудің жаңа сапасы» деп аталады. Мұнда 2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стан-дарттарын енгізу қажеттігі айтылды. Орта білім беру саласында жаңартылған мазмұнға көшу басталды, ол 2021 жылы аяқталатын болады. Бұл – мүлде жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стан-дарттар және кадрлар дайындауды қажет етеді. Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады. Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет [1].

Қазіргі ұстаздар алдында тұрған міндет «Химия» пәнінің білім беру бағдарламаларының негізгі мақсатына сәйкес оқушылардың білімін тереңдете отырып, іскерлігін және ойлауға қабілетін, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыра отырып, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда, яғни тұлғаны жан-жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу оң нәтиже береді.

Инновациялық оқыту нәтижелерінде оқушының өз бетінше әрекет етуі арқылы, алған ақпаратты жүйелей алуы үшін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында мектептегі оқу бағдарламалары өзгертілді. Оқытудың мұндай жүйесі дамыған елдердің басым көпшілігінде қолданылады. Жаңартылған білім мазмұнын енгізу елімізде Назарбаев зияткерлік мектептерінен бастау алды.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған.

Химия пәнінің мазмұны 5 бөлімнен тұрады:

- 1 заттардың бөлшектері;
- 2 химиялық реакциялардың заңдылықтары;
- 3 химиядағы энергетика;
- 4 біздің айналамыздағы химия;
- 5 химия және өмір [2,3].

Әр бөлім білім, түсінік, білік және дағды сияқты арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыратын оқу мақсаттарын анықтайтын бөлімшелерден тұрады. Оқу мақсаттары осы бөлімшелер аясында топтастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікті сақтай отырып құрастырылған оқу мақсаттары бөлімше аясында оқушылардың қаншалықты алға ілгерілегенін көрсетеді, бұл мұғалімдерге жұмысын жоспарлап, оқушыларды бағалап және алдағы уақытта олардың қандай шешім қабылдаулары қажеттігін анықтап, оны оқушыларға жеткізуге негіз болады. Сонымен қатар, осы пәндер бойынша әзірленген оқу бағдарламаларының негізгі ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі болып табылады.

Барлық жалпыға міндетті білім беру стандарттары (бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру) және оқу бағдарламалары Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтына орналас-тырылған [2-4].

Бала «күрсақта» пайда болғаннан бастап, онтогенездік даму кезеңдерінде болса да өте сезімтал болып келеді. Сол себепті де балалардың, әсіресе жаңа туған сәбилердің денсаулық болмысын зерттеу арқылы әлеуметтік және де басқа да факторлардың арасындағы өзара тығыз байланыстылықтың заңдылықтары айқындалып тұрады [1-2].

Антропологияда және медицина-биология салаларында әлеуметтік факторлардың түсініктемесін айқындауды В.В.Леонович бастапты. Автордың анықтамасына сүйенсек, әлеуметтік факторлардың қатарына қоғамдық-экономикалық формация, адамдар арасындағы қатынас, жасанды түрде дүниеге келген ортадағы тіршілік, рухани мұра, жанұялық табыс пен еңбек қызметі, халықтың дәрігерлік көмек алу деңгейі мен үй тұрмысы, мәдениеттілік деңгейі, жанұя мүшелерінің саны, қала халықтарының көбеюі, ой еңбегінің арта түсуі, дене қимылы және спорт түрлерінің халық арасына ену деңгейі, тағы басқалар жатады [3].

Бұл ретте организмге ауа-райының өзгерістерінің, қалалық ортадағы шудың көбеюінің, ауа лас-тануының денсаулыққа әсерін зерттеу назарға алынады. Бұларды абиотикалық факторлар деп атайды [4-5].

Абиотикалық және биотикалық факторлардың арасында да тығыз байланыс бар. Қолайлы сыртқы орта және қолайсыз орта организмнің дамып жетілуін тиімелі түрде айқындаушы, тіпті генетикалық ахуал да өзгеріске ұшырауы мүмкін. Сыртқы ортаның зиянды факторларының әсерімен бала жолдасының (плацента) қан тамырлары нашар жетіліп оттегімен қамсыздандыру әлсірейді (гипоксия). Мұндай жағдайда бала аз салмақты болып туылуы мүмкін. Гипоксияның туындау себептері көп, солардың арасында жүктілік кезінде қан сұйылуының нәтижесінде 15-30%, қан қысымы

көтерілгенде 12%, ана мен бала ақуызының 25-30% жиіліктерде байқалады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының көптеген мәліметтері осыны атайды. Жүкті аналар емізетін кезінде де, және балалардың жасы өсіп, даму уақыттарында да тағам құрамындағы ақуызға мұқтаждылық жоғары еңгейде анықталады. Жанұядағы балалар санымен, туылу кезіндегі қиындықтармен, анасының денсаулығымен, ата-аналарының қызметіндегі және тұрмыстағы зиянды әдеттермен байланыстылық зерттелгенде теріс дәрежелі корреляциялық коэффициенттер анықталды. К.П. Дорожнованың зерттеуінде айқындалғандай, баланың эмбрионалды даму кезінде сыртқы ортаның және басқа жағдайлардың өте қолайлы болып тұруы мектеп жасы кезінде де жоғары және орта дәрежеде дамып жетілуіне негіз болады. Ең төменгі немесе нашар түрде өткен эмбрионалды дәуір (аналардың аурушандығы, нашар тұрмыс жағдайы және т.б. оқушылардың да нашар өсіп жетілуімен тұқым қуалаушылықпен жалғасқан. Екінші кезеңде (11-15 жас аралығындағы) қыз балалардың морфологиялық көрсеткіштері жоғарылайды. Ал, үшінші кезеңде (14-15-тен жоғары) ұл балалардың морфофункционалды мүмкіндіктері барынша алға шығады. Балалардың осылайша даму ерекшеліктері генетикалық арнадағы биологиялық өсіп-жетілумен түсіндіріледі. Бірақ, осы үрдістің әртүрлі деңгейден көрінуіне қоршаған ортаның да әсері болатыны туралы ғылыми деректер соңғы уақытта молая түсті.

Транспорттың түтіні, фотооксиданттар, өндіріс орындарының зиянды қалдықтары, улы химиялық заттармен ауасы ластанған жерлерде балалардың өсімталдығы нашарлайды.

Генетикалық тұрғыдан баланың 5-6 және 12-14 жасында «терезенің ашылуы» деген ұғым биологиялық өзгерістердің басымдылығын білдірсе керек. Мұнымен қатар, осы кезеңдерде дүниетанымдылыққа («терезе арқылы») сезімділіктің (экосенситивтіліктің) арта түсуі орын алады деп, бағалау керек. Сондықтан, сол өсіп-жетілу кезеңдерінде биологиялық болмыстың дұрыс дамуы және функционалды қызмет жүйелерінің генетикалық талаптарға сай болуы үшін тиімді (оптималды) жағдай жасалынуы шарт. Айталық, дұрыс тамақтану, аурушандықтан сақтану, салауатты өмір салтын ұстану, тағы басқа шараларды орындау қажет.

Тіршілік атаулы табиғатпен тіл табысып, үйлесімге келсе ғана оның әрекеттілігі оңға басады. Сондықтан да, әрбір адамның туғанынан өлгенге дейінгі барша тағдыры табиғатпен байланысып жатады. Әрбір адамның фәниге келген сәтінен бастап, одан кейінгі барша іс-әрекеті табиғат күшіне орайлас, үндес болғандықтан, әркім өзінің «жақсы талайды ашуға» ұмтылуы қажет. Генетикалық фактордың өсіп-жетілуге әсері балада 3 жасқа дейін біліне бермейді: (корреляция коэффициенті 0,48 қ-0,4). Мұндай нәтиже 8-10 жас аралығында да байқалады. Демек, бұл кезеңдер сенситивті емес. Ал, онтогенездік басқа өсу кезеңдерінде корреляциялық коэффициент 0,621-0,978 шамасында анықталды. Акселерациялық процестің байқалуына элеуметтік жағдайдың және салауатты өмір салтын ұстанудың ықпалы болатыны туралы зерттеулер көптеген елдерде жүргізілді. Айталық, Ресей Федерациясының Астрахань қаласында салауатты өмір салтын ұстанған жанұялардың балалары 53,1%-ға нормаға сәйкестікте өсіп-жетілген, ал, ішімдікке салынудың нәтижесінде ата-аналық құқықтан айрылған адамдардың балаларында бұл көрсеткіш 48,2%-да дәлелденді. Осыған ұқсас зерттеу нәтижелері Варшава қаласының балаларынан да анықталды.

Ғалымдардың тұжырымдауы бойынша бұл елде де стардациялық (тұрақтану) құбылыстың орын алып отырғаны дәлелденді. Ғалым тоқталған тұжырым өте маңызды, себебі бұл үрдістің ағымына немесе дамуына генетикалық бейімділікпен қатар баланың пренатальды уақыттағы жағдайының қатысы маңызды болатыны айтылды.

Германия мемлекетінің және Ресей Федерациясының басқа ғалымдары балалардың денсаулық жағдайына әсер ететін кейбір элеуметтік-биологиялық факторларды зерделенді. Ананың жүктілік кезіндегі жағымды немесе жағымсыз жағдайы, баланың туылған кездегі дене салмағы алдағы уақытта да айқындаушы болатынын мәлімдейді. Айталық, 6 жасар балалардың арасында туылған кезде салмағы 2,5 кг-нан кем болғандардың жүрек-қан тамыры, тыныс алу және ас қорыту жүйелерінің функционалды әлсіздігі екі есе көп тіркелген (қалыпты дене салмағы бар балалармен салыстырғанда). Элеуметтік факторлардың әсері мысалында-үй жағдайында тәрбиеленген балалар, балабақшадағылармен салыстырғанда, аз аурушаң болады, бірақ олардың өсіп-жетілу үрдісі, функционалды көрсеткіштері төменгі дәрежемен айқындалады. Бұл ретте балалар мекемелерінде орындалатын педагогикалық және дене шынықтыру шараларының тиімділігі қолайлы элеуметтік мысал ретінде келтірілді.

Халықтың тұрмыс жағдайының жоғары деңгейінде болуы, тамақтанудың жақсаруы акселерациялық үрдістің көрінуіне ықпал етеді. 1-15 жас аралығындағы балалардың туған кездегі салмағының семіздікке әсері қадағаланған салмағы 4 кг-ға дейін болып туылған балалардың арасында семіздік

6,5%-да байқалған, ал, 4 кг-нан асып туалғандардың қатарында 12,5%-13,6% болған. Тексерілген балалардың 66,7 пайызында ата-аналарының семіздігі байқалған. Бұл нәтижеден біз генетикалық фактордың басымдылық әсерін көреміз. Соңғы жылдарда жасөспірімдердің арасында тамақтану тәртібін бұзушылар көп, дене қимылымен аз айналысады, денсаулықтарын күту үшін салауатты өмір салтын толыққанды қолданбайды. Осындай және басқа себептердің салдарынан оларды тұрақсыз морфофункция 26%-56% пайызда анықталады. Жастары есейген сайын олардың денсаулығы бір топқа жататындары азая түсуде. Акселерациялық үрдістің әлсіреуі (деселерация) қазіргі таңда көкейтесті мәселе болып, жан-жақты талқыланып зерттелуде. Қала жағдайында жетілген балаларда акселерациялық көрініс жиі байқалуда, бірақ бой өсімімен қатарласып кеуденің астениялық қалыпқа келуі кездейсоқтық деп бағалануда (Чехия Республикасы балаларының мысалында). Ауыл балаларының орташа салмақ-бой көрсеткіштерінде айырмашылық статистикалық дәлдікпен анықталуда.

Балалардың өсіп жетілуіне биологиялық фактордың әсері генетикалық негізде болатыны белгілі. Белгілі материалдар антенатальды және онтогенездік даму үрдістерінің арасындағы байланыстылықты аз қамтиды.

Ұрпақтың құрсақтық даму кезеңінде бір-бірінен айырмашылығы бола ма, болса ол онтогенездік уақытта жалғасын таба ма? Сол айырмашылықтар қандай көріністермен айқындалады, қалай және қай уақытта? Өзгеруге әсер етуші факторлар қандай?

Жалпы алғанда, сәбилердің әрбірінің жеке дара даму бағдарламасында элеуметтік және биологиялық (биогенетикалық) заңдылықтары орын алады. Биогенетикалық белгілер жойылмайды, тек қана әртүрлі: сыртқы орта факторларының әсерінен әлсірейді немесе жақсы көрініс танытады. Сондықтан морфофункционалық жақсы бастама онтогенездік даму кезеңдерінде жалғасын тауып қайталаанады. Бұған дәлелдер К.П. Дорожнова, Т.В. Карсаевская, В.П. Иванов, Г.Т. Асилбекова, Е.Караханян еңбектерінде келтірілген. Қазақстан Республикасында мектеп жасындағы балалардың өсіп-жетілуі жүйелі түрде зерттеліп тұрады деп айту жеткіліксіз. Антропометриялық көрсеткіштер талапқа сай әрбір онжылдықтарда бағаланбайды, анықталған өлшем уақыттарының аралықтары бір-бірінен өте алшақ. Зерттеу нәтижелері бойынша өсіп-жетілудің морфологиялық көрсеткіштеріне әдістемелік құралдар құрастырылып, қолданысқа ендірілді.

Қорытынды.

1. Антенатальдық дамып жетілу кезеңінде байқалатын физикалық көрсеткіштердің кемдігі балалардың жалпы денсаулық жағдайларындағы физиологиялық тұрғыдағы ауытқушылықтардың пайда болуына әкеліп соқтыру мүмкіндігі дәлелденді.

2. Қазіргі уақыттағы балалардың дене, бой, салмақ көрсеткіштерінің анағұрлым жоғары болуы, отбасындағы бала санының күрт азайып кетуімен қатар, олардың тамақтану мен ағзаға қатысты дәруменді қабылдау қоспаларды қабылдау мүмкіншіліктерінің артуымен байланысты болатындығы анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Дорожнова К.П. Роль социальных и биологических факторов в развитии ребенка. – М.: Медицина, 1999. – 160 с.*

2 *Калюжная Р.А. Школьная медицина. – М.: Медицина, 2000. – 302 с.*

3 *Сердюковская Г.Н. Принципы изучения и оценки состояния здоровья школьников при массовых осмотрах // В кн.: Гигиена детей и подростков /под ред. Г.Н. Сердюковской и С.М. Громбаха. – М., 1997. – Вып.4. – С.3-13.*

4 *Сердюковская Г.Н., Жилов Ю.Д. Окружающая среда и здоровье подростков. – М.: Медицина, 2000. – 198 с.*

5 *Карсаевская Т.В. Социальная и биологическая обусловленность изменений в физическом развитии человека. – Ленинград: Медицина, Ленинград.отд., 1997. – 270 с.*

6 *Иванов В.П. Соотносительный вклад наследственных и средовых факторов в фенотипическое разнообразие основных к:14.00.07. – Алматы, 2000. – 26 б.*

7 *Бисярина В.П. Детские болезни с уходом за детьми и анатомо-физиологическими особенностями детского возраста. – М.: Медицина, 2004. –424 с.*

References:

1 *Dorozhnova K.P. Rol socialnyx i biologicheskix faktorov v razvitii rebenka. – М.: Medicina, 1999. – 160 s.*

2 Kalyuzhnaya R.A. *Shkolnaya medicina*. – М.: Medicina, 2000. – 302 s.

3 Serdyukovskaya G.N. *Principy izucheniya i ocenki sostoyaniya zdorovya shkolnikov pri massovykh osmotrax // V kn.: Gigena detej i podrostkov /pod red. G.N. Serdyukovskoj i S.M. Grombaxa*. – М., 1997. – Вып.4. – С.3-13.

4 Serdyukovskaya G.N., Zhilov Yu.D. *Okruzhayushhaya sreda i zdorove podrostkov*. – М.: Medicina, 2000. – 198 s.

5 Karsaevskaya T.V. *Socialnaya i biologicheskaya obuslovlennost izmenenij v fizicheskom razvitii cheloveka*. – Leningrad: Medicina, Leningrad.otd., 1997. – 270 s.

6 Ivanov V.P. *Sootnositelnyj vklad nasledstvennykh i sredovykh faktorov v fenotipicheskoe raznoobrazie osnovnykh k:14.00.07*. – Almaty, 2000. – 26 b.

7 Bisyarina V.P. *Detskie bolezni s uxodom za detmi i anatomo-fiziologicheskimi osobennostyami detskogo vozrasta*. – М.: Medicina, 2004. – 424 s.

ӘОЖ 595.142.3

Б.К. Есимов¹, Г.Серибекқызы²

¹б.э.д., доцент, esimov.bolat@mail.ru,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²1-курс докторанты, gulzynat@mail.ru,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДА СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ЖАУЫН ҚҰРТТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Адамның табиғатқа әсерінен жануарлар мен өсімдіктер қырғынға ұшырауда, соның салдарынан ағзаның көптеген түрлері жойылып кету шегіне жетті. Соңғы бірнеше онжылдықта республикадағы омыртқасыздар фаунасының азайғандығы байқалды. Қазақстан Қызыл кітабының (омыртқасыздар) жаңа басылымына омыртқасыздардың 96 түрі енгізілген, соның ішінде буылтыққұрттардың 2 түрі анықталды.

Бұл мақалада Қызыл кітапқа енгізілген жылантәрізді аллолофобора және ерекше эйзения жауын құрттары жайында мәліметтер келтіріліп, мекендеу аймақтары көрсетілген.

Түйін сөздер: омыртқасыздар, Қызыл кітап, шұбалшаң, жылантәрізді аллолофобора, ерекше эйзения.

Есимов Б.К.¹, Серибекқызы Г.²

¹д.б.н., доцент, esimov.bolat@mail.ru,

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

²докторант 1-курса, gulzynat@mail.ru,

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ РЕДКИХ ВИДОВ ДОЖДЕВЫХ ЧЕРВЕЙ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Под влиянием человека на природу животные и растения подвергаются скребкам, вследствие чего многие виды организма достигают предела исчезновения. За последние несколько десятилетий наблюдалось снижение фауны беспозвоночных в республике. В новое издание Красной книги Казахстана (беспозвоночные) включено 96 видов беспозвоночных, в том числе 2 вида кольчатых

червей.

В данной статье приводятся сведения и отражены зоны обитания дождевых червей, занесенных в Красную книгу, аллолофобора змеевидная и эйзеня великолепная.

Ключевые слова: беспозвоночные, Красная книга, дождевая червь, аллолофобора змеевидная, эйзеня великолепная.

B.K.Esimov¹, G.Seribekkyzy²

¹*doctor of biological science, associate professor, esimov.bolat@mail.ru,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

²*1-course doctoral student, gulzynat@mail.ru,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

THE CURRENT STATE OF RARE SPECIES OF EARTHWORMS IN KAZAKHSTAN

Abstract

Under human influence on nature animals and plants are subject to scrapers, so that many species reach the limit of extinction. Over the past few decades, there has been a decrease in the fauna of invertebrates in the country. The new edition of the red book of Kazakhstan (invertebrates) includes 96 species of invertebrates, including 2 species of annelid worms.

This article provides information and reflects the habitats of earthworms, listed in the Red book, *allobophora ophiomorpha* and *eisenia magnifica*.

Keywords: invertebrates, Red book, earthworm, *allobophora ophiomorpha*, *eisenia magnifica*.

Қазақстанның омыртқасыздар фаунасы өте бай, алуан түрлі және бірегей. Бұл аумағының кендігімен, оның Еуразияның ортасында орналасуымен, шекаралас биогеографиялық аймақтармен кең байланысымен және биожинақтың өзінің қалыптасу тарихымен анықталады. Қазіргі кезде Қазақстанда тек насекомдардың 15 мыңнан астам түрі нақты белгілі. Егер фаунаның, насекомдардың және тұтас омыртқасыз жануарлардың барлық тобының, жоспарлы түрде арнайы бағытталған мақсатта зерттелмегенін ескерсек, онда насекомдардың саны 50-60 мың, ал омыртқасыздардың 80 мыңнан артық түрінің табылатынын шамамен көрсетуге болады. Соңғы бірнеше онжылдықта республикадағы омыртқасыздар фаунасының азайғандығы байқалды. Әр түрлі таксондық топтың мамандарында жақын арада биоценозды, тіпті тұтас ландшафты тұрақтандырмаса, оларды қорғау туралы шараларды іске асырмаса, алуан түрлі омыртқасыздардың жойылып кету қаупі туралы көптеген мәліметтер жиналды.

Қазақстан Қызыл кітабына омыртқасыз жануарлардың өкілдерін қазіргі кезде енгізудің өте қажет екендігіне ешкім күмән келтірмейді. Дегенмен, Қазақстан Қызыл кітабына кіргізетін түр тізімдерін дайындау өте қиын болды, себебі сирек кездесетін және жойылып бара жатқан омыртқасыз жануарлар толық зерттелмеген, ал мамандар таксондық топтар бойынша Қызыл кітапқа енгізу үшін түрдің сирек кездесуінің бағалау белгілерін, оларды іріктеу негіздерін толық білмеді. Сонымен қатар жоғалып бара жатқан түрлердің дәрежесін бағалау кезінде, барлық мамандардың өзіндік көзқарастары да байқалды. Бұл әбден түсінікті, себебі Қызыл кітапқа тізімді дайындауға тек дәреже енгізілді. Себебі Қазақстан омыртқасыз жануарларының биологиясы мен фаунасының қазіргі біліміне толық сенуге болмайды, өйткені кез келген түрдің республика жерінде немесе дүние жүзінде қайтып кездеспей жоқ болып кеткеніне толық сенім жоқ. 2001 жылдың қаңтарынан бастап, түрлерді қандай дәрежеге жатқызудың барлық жаңа бағалаулары үшін табиғатты қорғаудың Халықаралық одағының (МСОП, IUCN, 2001) соңғы хабарын 3.1 қолдану керек. МСОП 3.1 жаңа хабары қазіргі уақыттағы ең жетілген және аз мәлімет болса да құрып кету қаупі бар түрдің жағдайын дұрыс бағалауға мүмкіндік беретінін авторлар аса бағалап отыр. Оны микроорганизмдерден басқа, барлық систематикалық топтарға, аймақтық дәрежеде ғана емес, бүкіл жер шарын қамтитын дәрежеде де қолдануға болады. Хабар 3.1 белгілерді бағалау негізінде бұл басылымға енгізілген барлық таксондар бес дәрежеге

бөлінді:

- 1) EX-r – Қазақстан жерінен шамамен жойылып кеткені мүмкін түр;
- 2) CR – түгел жоғалып кету қаупі бар түрлер;
- 3) EN – жоғалып кеткен түрлер;
- 4) VU – саны азайып бара жатқан түрлер;
- 5) NT – қауіп төнуге жақын түрлер.

Қызыл кітапқа енгізілетін түрлерге қойылатын талаптар: адамдарға қажетті қасиеттері болуы керек, планеталық алуан түрлілік үшін өзіндік генетикалық және экологиялық ерекшеліктері аса бағалы болуы керек, жете зерттелген болуы міндетті түрде емес. Алуан түрлілікті сақтаудың қазіргі жаңа көзқарасында жоғалып кету қаупі бар кез келген түр, мейлі ол орман не ауыл шаруашылық зиянкесі, адам, жануар, өсімдік ауруларын тасымалдаушы және қоздырғышы, оған адамның көзқарасы қандай болғанына қарамастан қорғалуы керек. Түрдің жете толық зерттелмегені, оны Қызыл кітапқа енгізуге кедергі болмауы керек. Біз түрді толық зерттеп бітеміз дегенше, оның жер бетінен жойылып кетуі мүмкін. Сондықтан оны қорғаудың бар шарасын қолдану керек. Бұл жағдайда алдын ала сақтаған, қорғаған жөн болар. Әрбір түр планеталық алуан түрлілік үшін бағалы, өйткені басқалардан ерекшеленетін өзіндік ерекше қасиеттері бар және табиғатта тіршілік ететін өз орны бар [1].

Республиканың жануарлар әлемінің нашар жағдайы жайлы маңызды құжат, Қазақстан Қызыл кітабының (омыртқасыздар) жаңа басылымына омыртқасыздардың 96 түрінгізілген: буылтыққұрттар – 2, моллюскалар – 6, шаянтәрізділер – 1, өрмекшітәрізділер – 2, насекомдар – 85. Қызыл кітаптық омыртқасыздардың көбінің саны аз, биоценоздағы шамалы экологиялық өзгерісолоардың жойылып кетуіне әсер етеді.

Буылтық құрттар (*Annelida*) – омыртқасыз жануарлардың ішіндегі үлкен бір типі. Қазіргі уақытта 9 мыңдай түрі белгілі. Буылтық құрттар 2 тип тармағына бөлінеді: белдеусіздер және белдеулілер. Белдеусіздердің 1 класы – көпқылтанды құрттар, ал белдеулілердің 2 класы – азқылтанды құрттар және сүліктер бар. Жауынқұрты, шұбалшаң – жерқұрттары, азқылтанды құрттар туыстасына жататын құрттар тобы, өз құрамына әдетте ірі топырақта мекендейтін түрлері енеді [2].

Тропикалық ірі түрлерінің дене ұзындығы 2,5 м дейін, (ТМД-да, 45 см дейін). Дене буылтықтарының саны 80-нен 450 дейін. Әр бір буылтықта жорғалауға көмектесетін 8 ден бірнеше оншақты қылтандар бар. Көбінесе тропикалық ормандарда мекендейтін 1500 аса түрі бар; ТМД-да, 100 шамасында түрі кездеседі, көбінесе люмбрицид, (*Lumbricidae*) туыстасына жататын түрлері. Топырақта мекендейді, ірі түрлері тереңдігі 8 м-ге жететіндей ін қазады. Жауынқұрты көбі жер бетіне түнде, күндізгі уақыттарда, жауыннан кейін ғана шығады [3,4].

Табиғаттағы жауын құрттарының ең басты мәні – топырақтың құрылымын жақсарту және оның құнарлылығын арттыру. Бұл келесі процестердің салдарынан болады:

- індерін бұзып, жауын құрттары оған су мен ауаның жақсы енуін қамтамасыз етеді, топырақты араластырады және қопсытады;
- органикалық қалдықтарды сіңіре отырып, оларды ыдыратады, осылайша жауын құрттары табиғаттағы заттардың айналымына қатысады және топырақты өсімдіктерден сіңуі мүмкін заттармен байытады;
- топырақ бетіне түскен жапырақтарды тасымалдап, топырақты гумуспен байытады;
- топырақтың қышқылдығын төмендетеді, өйткені олардың өңешінде әк бездері бар;
- жаңбыр құртының жабыны топыраққа түсіп, оның ұсақ бөліктерін жабыстырады, бұл топырақтың бұзылуына кедергі келтіреді [5,6].

Қазақстанның Қызыл Кітабында жауын құрттарының кездесетін 2 түрі анықталған. Олар жылантәрізді аллолофобора және ерекше эйзения.

Жылантәрізді аллолофобора (Перелия) – (*Allolobophora (Perelia) ophiomorpha* Perel, 1977) – саны азайып бара жатқан түр (сурет-1). ТМД жеріндегі ең ірі жауын құрттарының (ұзындығы 250-300 мм) бірі. Солтүстік-батыс Алтайда таралған және Тарбағатай жотасының оңтүстік беткейінен табылған. Тау етегі далалы-шалғынды және таулы орманды аймақтарда кездеседі, өзен текшелері арқылы далалы аймаққа өтеді. Тереңдігі 50 см інде тіршілік етеді. Топырақ бетінде жиналған, түскен жапырақтармен және шөптесін өсімдіктердің жасыл бөліктерін ін қуысына тасып қоректенеді, сонымен қатар қарашірікті де пайдаланады. Топырақтың беткі қабатына тығыз тау жыныстарының және шағыл тастардың жақын болуы санының төмендеуіне әкеліп соқты. Түрді қорғау үшін жергілікті халыққа түрдің топырақ құнарлылығы үшін пайдалы екендігін түсіндіру қажет. Сонымен



Сурет-1. Жылантәрізді аллолофобора

Ерекше эйзения – (*Eisenia magnifica* Svetlov, 1957) – сирек кездесетін қалдық түр (сурет-2). Батыс Тянь-Шаньда жергілікті түр. Талас Алатауында (Ақсу-Жабағылы қорығында) таралған. Теңіз деңгейінен 1200-1300 м биіктікте ну бұта өсетін (долана және т.б.) топырақтан табылған. Инде тіршілік етеді. Топырақ бетіне түскен жапырақтармен қоректенеді. Көктемде көбейеді, ауа райы қолайлы болғанда, күзде жұмыртқа піллеларынсалу арқылы көбейеді. Бұталардың кесілуі мен малдың шектен тыс жайылуы эйзенияның санынның кемуіне әсер етеді. Түрді қорғау үшін Ақсу-Жабағылы қорығында қорықтық тәртіпті міндетті түрде қатаң сақтау керек. Қазақстан жерінен басқа жерде кездеспейтін бұл жергілікті түрдің жоғалуын жерсіндіру жолымен толтыруға болады [1].



Сурет-2. Ерекше эйзения

Кемеров облысында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде алынған мәліметтерді қарастырсақ, онда жауын құрттарының жергілікті Қызыл кітапқа (2000 ж.) енгізілген 2 түрі анықталған. Олар: Малевич эйзениясы (*Eisenia malevici* Perel, 1962) және салаир эйзениясы (*Eisenia salairica* Perel, 1968). Алғаш рет осы түрлерді Т.С. Перель (1979) Кемеров облысының аумағында Салаир қызына алынған материалдар бойынша сипаттаған: Прокопьевск ауданында Малевич эйзениясын, ал Новокузнецк ауданы Жерново кенті маңында салаир эйзениясын анықтаған [7].

Қорытындылай келе, буылтық құрттардың саны республикамызда жоғары болғанымен, олардың кейбір түрлерінің Қазақстан Қызыл кітабына енгізілгенін байқап отырмыз. Бұған себепші антропогендік факторлар болып табылады. Жауын құрттарының бірі білсе, бірі білмес пайдалы қасиеттері жетерлік. Атап айтсақ, топырақ өнімділігін арттырушы, орта ластануының биоиндикаторы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Митяев И.Д., Яценко Р.В., Казенас В.Л. Қазақстан Қызыл кітабы беттерінен. Ғажайып омыртқасыздар. – Алматы, 2005. – Б.115.
- 2 Дәуімбаева К.Ә. Омыртқасыздар зоологиясы. – Алматы, 2005. – 2-кітап. – Б.416.
- 3 Горбунов В.В. Дождевые черви для повышения урожая. – М.: АСТ, 2013. – С.192.
- 4 Warren R.J., Wetzel M.J. Terrestrial Oligochaeta (Annelida: Clitellata) in North America, including Mexico, Puerto Rico, Hawaii, and Bermuda. *Megadrilogica*. – 12. – 2008. – P.157-204.
- 5 <http://animalregister.net/d/dozhdevyie-chervi.html>
- 6 Игонин А.М. Дождевые черви и плодородие почвы. – Ковров, 2002. – С.189.
- 7 http://www.zoology.dp.ua/z_07_124.html

References:

- 1 Gorbunov V.V. *Dozhdevye chervi dlya povysheniya urozhaya*. – М.: AST, 2013. – С.192.
- 2 Warren R.J., Wetzel M.J. *Terrestrial Oligochaeta (Annelida: Clitellata) in North America, including Mexico, Puerto Rico, Hawaii, and Bermuda. Megadrilogica*. –12. – 2008. – P.157-204.
- 3 <http://animalregister.net/d/dozhdevyie-chervi.html>
- 4 Igonin A.M. *Dozhdevye chervi i plodorodie pochvy*. – Kovrov, 2002. – 189 s.
- 6 http://www.zoology.dp.ua/z_07_124.html

УДК 581.11; 581.1.032
МРНТИ 34.31.23, 27

Загриценко И.П.¹

¹к.б.н., доцент,

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ТЕМПОВ РОСТА И ВОДНОГО РЕЖИМА РАЗНЫХ ПО ПРОДУКТИВНОСТИ СОРТОВ ПШЕНИЦЫ

Аннотация

Данная статья посвящена актуальной проблеме, связанной с изучением корреляции между темпами роста, показателями водного режима и продуктивности. Известно, что одним из путей повышения урожайности является выведение новых форм растений (гибридов, сортов). При решении этой задачи важное значение имеет изучение физиологических особенностей, определяющих потенциальную продуктивность растений. Критерии интенсивности физиологических процессов, от которых зависит формирование урожая, изучены недостаточно. В настоящее время большое значение отводится выведению сортов зерновых культур, сочетающих короткостебельность с высокой продуктивностью. Целью настоящей работы и явилось изучение проростков разных сортов и образцов пшеницы, отличающихся по темпам роста и продуктивности.

В статье изучены темпы роста разных сортов и образцов яровой пшеницы казахстанской селекции. В качестве критериев роста были выбраны: высота проростков, количество корней, площадь листьев, сухая биомасса растений. Изучение темпов роста проростков разных казахстанских сортов (К-3, К-10, К-126) и образцов (Р-22, Р-23, Р-24) коллекции пшеницы СИММИТ показало, что существует корреляция между площадью листьев, интенсивностью транспирации и продуктивностью сортов. Сорта, отличающиеся большей площадью листьев, повышенной интенсивностью транспирации имеют большую сухую биомассу.

Ключевые слова: казахстанские сорта пшеницы, темпы роста, площадь листьев, интенсивность транспирации, продуктивность растений.

И.П. Загриценко¹

¹б.э.к., доцент,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ӘРТҮРЛІ БИДАЙ СОРТТАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІ БОЙЫНША ӨСУ ҚАРҚЫНЫ МЕН СУ РЕЖИМІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада әртүрлі бидай сорттарының өсу қарқыны, су режимінің көрсеткіштері мен өнімділік арасындағы корреляцияны зерттеуге байланысты нақты мәселелер қарастырылған. Өнімді ұлғайтудың бір жолы – жаңа сорттарды (будандар, сорттар) өсіру. Өсімдіктердің өнімділігін анықтайтын физиологиялық ерекшеліктерді зерттеу өте маңызды. Қазіргі уақытта жоғары өнімді дақылдарды өсіруге көп көңіл бөлінеді. Зерттеудің мақсатына жоғары өнімділікпен ерекшеленетін бидайдың әртүрлі сорттарын зерттеу жатады.

Мақалада Қазақстанның асыл тұқымды сорттарының жаздық бидай өсімдері қарастырылады. Өсу критерийлері ретінде: көшеттің биіктігі, тамырлардың саны, жапырақтың ауданы, құрғақ өсімдіктің биомассасы таңдалды.

Түрлі қазақстандық сорттардың (К-3, К-10, К-126) және үлгілердің (Р-22, Р-23, Р-24) өсімінің өсу қарқынын зерттеуі олардың транспирация қарқындылығы және сорттардың өнімділігі арасындағы корреляцияның бар екенін көрсетті. Үлкен жапырақтары бар сорттар, транспирация қарқындылығының артуы үлкен құрғақ биомассаға ие.

Түйінді сөздер: қазақстандық бидай сорттары, өсу қарқыны, жапырақты аймақ, транспирация қарқындылығы, өсімдік өнімділігі.

I.P. Zagritsenko¹

¹c.b.s., associate professor,

*Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

CHARACTERISTICS OF GROWTH AND WATER REGIME ON PRODUCTIVITY OF DIFFERENT WHEAT VARIETIES

Abstract

This article is sanctified to the issue of the day, related to the study of correlation between the rates of height, indexes of the water mode and productivity. It is known that one of ways of increase of the productivity is a leadingout of new forms of plants (hybrids, sorts). At the decision of this task an important value has a study of physiological features qualificatory the potential productivity of plants. The criteria of intensity of physiological processes forming of harvest depends on that are studied not enough. Presently a large value is taken to the leadingout of sorts of grain-crops, combining shortness with the high productivity. By the aim of the real work and there was a study of plantlets of different sorts and standards of wheat, different on the rates of height and productivity.

The rates of height of different sorts and standards of spring wheat of the Kazakhstan selection are studied in the article. As criteria of height were chosen: height of plantlets, amount of roots, area of leaves, dry biomass of plants. The study of rates of height of plantlets of the different Kazakhstan sorts (К-3, К-10, К-126) and standards (Р-22, Р-23, Р-24) of collection of wheat of CIMMY showed that correlation is between the area of leaves, intensity of transpiration and productivity of sorts. Sorts, different the greater area of leaves, enhanceable intensity of transpiration is have greater dry weight.

Keywords: kazakhstan wheat, the growth rate, leaf area, evaporation rate, and plant productivity.

Одним из путей повышения урожайности является выведение новых форм растений (гибридов, сортов). При решении этой задачи важное значение имеет изучение физиологических особенностей, определяющих потенциальную продуктивность растений. Однако критерии интенсивности физиологических процессов, от которых зависит формирование урожая, изучены недостаточно [1, 2].

В настоящее время большое значение отводится выведению сортов зерновых культур, сочетающих короткостебельность с высокой продуктивностью. Целью настоящей работы и явилось изучение проростков разных сортов и образцов пшеницы, отличающихся по темпам роста и продуктивности.

Объектами исследования служили казахстанские сорта (К-3, К-10, К-126) и образцы (Р-22, Р-23, Р-24) пшеницы коллекции СИММИТ. Исследования проводились в лаборатории физиологии растений КазНПУ им. Абая.

Результаты и обсуждение.

Проросшие семена пшеницы выращивали на полной питательной смеси Кнопа в водной культуре в течении 21 дня. Каждые 7 дней проводились фенологические наблюдения темпов роста и определение интенсивности транспирации. Результаты исследования представлены в виде графиков и диаграмм (рис. 1-4). На рисунке 1 показана динамика роста стебля изучаемых сортов пшеницы. Из данных графика (рис.1) видно, что наиболее интенсивные темпы роста стебля проростков отмечены для сортов пшеницы К-3 (35,9 см) и К-126 (30,3 см), наименее – для образцов Р-24 (20,7 см) и Р-22 (22,4 см). Следует отметить, что сорт К-3 является короткостебельным по отношению к высокостебельному сорту К-126. Однако на уровне проростков К-3 отличается более интенсивными темпами роста. Для сорта К-3 высота стебля на 21 день составила 35,9 см, что превышает высоту стебля К-126 на 18,5%.




Рисунок-1. Динамика роста различных сортов пшеницы

Важным критерием темпов роста растений является формирование корневой системы. Известно, что более мощная корневая система способствует формированию крепких растений и позже может увеличивать их продуктивность. В этой связи была определена динамика формирования корневой системы изучаемых сортов пшеницы. Следует отметить, что не всегда имеется положительная корреляция между количеством и площадью листьев. При меньшем числе листьев наблюдается большая их площадь. Из данных диаграммы видно, что наибольшей площадью характеризуется сорт К-3 (15,5 см²) и К-126 (15,0 см²) при количестве листьев 2,6 и 2,4 соответственно, наименьшей – образец пшеницы Р-24 (9,6 см²) при числе листьев 2,8. На рисунке 2 представлена динамика формирования корневой системы исследуемых сортов пшеницы.




Рисунок-2. Динамика формирования корневой системы разных сортов пшеницы

Данные графика (рис.2) показывают, что наиболее интенсивным темпом формирования корневой системы характеризуются сорта К-126, К-10, наименее – Р-22. Количество корней на 21 день для этих сортов составило 8,8; 8,4 и 6,8 соответственно.

Известно, что фотосинтез является одним из факторов формирования урожая растений [3-5]. Установлено, что урожайность у ряда сельскохозяйственных культур коррелирует с площадью листьев [6]. В связи с этим определялась площадь листьев исследуемых сортов и образцов пшеницы. На рисунке 3 показана диаграмма площади листьев. Следует отметить, что не всегда имеется положительная корреляция между количеством и площадью листьев. При меньшем числе листьев может наблюдаться большая их площадь. Из данных диаграммы видно, что наибольшей площадью листьев характеризуется сорт К-3 (15,5 см²) и К-126 (15,0 см²) при количестве листьев 2,6 и 2,4 соответственно, наименьшей – образец пшеницы Р-24 (9,6 см²) при числе листьев 2,8.




Рисунок-3. Площадь листьев разных сортов пшеницы

В стадии проростков, в отсутствие колоса о продуктивности растений можно судить по сухой биомассе. При сопоставлении темпов роста, площади листьев и сухой биомассы растений отмечена корреляция между этими показателями. Сорта, характеризующиеся интенсивными темпами роста (К-3, К-126), имеют большую сухую биомассу по сравнению с сортами, которые отличаются замед-

ленными темпами роста (P-24, P-22). Аналогичная закономерность отмечена и по площади листьев.

Установлено, что темпы роста растений находятся в прямой зависимости от напряженности физиолого-биохимических процессов, протекающих в растениях. Одним из важнейших показателей является интенсивность транспирации. На рисунке 4 показана диаграмма интенсивности транспирации исследуемых сортов пшеницы.



Рисунок-4. Интенсивность транспирации разных сортов пшеницы

Из данных диаграммы видно, что для сортов с более интенсивными темпами роста (К-3, К-126) отмечена тенденция к усилению транспирации. Наименьшая интенсивность транспирации показана для образца пшеницы Р-22, который отличается медленными темпами роста по всем показателям (высоте, площади листьев, сухому весу).

В стадии проростков, в отсутствие колоса о продуктивности растений можно судить по сухой биомассе. На последнем этапе эксперимента (21 день) была определена сухая биомасса проростков пшеницы. Данные приведены в таблице 1.

Таблица-1. Фенологические данные темпов роста проростков изучаемых сортов и образцов пшеницы (21 день)

Сорт, образец	Высота проростка, см	Количество корней, шт.	Площадь листьев, см ²	Интенсивность транспирации, г/дм ² ч	Сухая масса (г)
К-3	35,9±0,2	7,5±0,1	15,5±0,2	4,0±0,3	0,023
К-10	28,1±0,3	8,4±0,1	12,1±0,3	3,7±0,2	0,018
К-126	30,3±0,4	8,8±0,2	15,0±0,1	4,0±0,1	0,022
Р-22	22,4±0,3	6,8±0,3	10,0±0,4	3,9±0,2	0,016
Р-23	24,8±0,1	7,1±0,1	9,0±0,2	3,8±0,1	0,014
Р-24	20,7±0,2	8,4±0,1	9,6±0,1	2,8±0,2	0,015

При сопоставлении площади листьев и сухой биомассы растений отмечена корреляция между этими показателями. Сорта, характеризующиеся большей площадью листьев (К-3, К-126), имеют большую сухую биомассу по сравнению с сортами, которые отличаются замедленными темпами роста (Р-24, Р-22).

Таким образом, изучение темпов роста проростков разных казахстанских сортов (К-3, К-10, К-126) и образцов (Р-22, Р-23, Р-24) коллекции пшеницы СИММИТ показало, что существует корреляция между площадью листьев, интенсивностью транспирации и продуктивностью сортов. Сорта, отличающиеся большей площадью листьев, повышенной интенсивностью транспирации имеют большую сухую биомассу.

Список использованной литературы:

1 Шевелуха В.С., Василенко И.И., Семенова Т.Н. Состояние и перспективы селекции семеноводства и интенсивных технологий возделывания озимой пшеницы // Селекция, семеноводство и интенсивная технология возделывания озимой пшеницы /ВАСХНИЛ. –М.: В/О Агрпромиздат, 1989. –С.250.

2 Кумаков В.Ф. Фотосинтетическая деятельность растений в аспекте селекции. – В кн.: Физиология фотосинтеза. –М.: Наука, 1982. –С.283,293.

3 Вержук В.Г. Сравнительный анализ современных и стародавних сортов яровой пшеницы по показателям фотосинтеза и продуктивности // Тр. По прикл. бот., ген. и сел. 1980, т.67, вып.2. – С.22-29.

4 Быков О.Л., Зеленский М.И. Фотосинтез продуктивность сельскохозяйственных культур. – С-х. Биол., 1982, т. 17, №1. – С.14-27.

5 Физиология и биохимия сельскохозяйственных растений // Под ред. проф. Н.Н. Третьякова. – М.: Колос, 2000. – С.639.

6 Oda T., Kawata K. Effect of carbon dioxide concentrations on dry matter accumulation on bean leave measured by an improved halfleaf method. – Bull. Osaka Prefect, 2005, v.22. – P.39-47.

References:

1 Sheveluxa V.S., Vasilenko I.I., Semenova T.N. Sostoyanie i perspektivy selekcii semenovodstva i intensivnyx texnologij vozdelevaniya ozimoy pshenicy // Selekcija, semenovodstvo i intensivnaya texnologiya vozdelevaniya ozimoy pshenicy /VASXNIL. –М.: V/O Agropromizdat, 1989. –S.250.

2 Kumakov V.F. Fotosinteticheskaya deyatelnost rastenij v aspekte selekcii. – V kn.: Fiziologiya fotosinteza. –М.: Nauka, 1982.–S.283,293.

3 Verzhuk V.G. Sravnitelnyj analiz sovremennyx i starodavnix sortov yarovoj pshenicy po pokazatelyam fotosinteza i produktivnosti // Tr. Po prikl. bot., gen. i sel. 1980, t.67, vyp.2. –S.22-29.

4 Bykov O.L., Zelenskij M.I. Fotosintez produktivnost selskoxozyajstvennyx kultur. – S-x. Biol., 1982, t. 17, №1. –S.14-27.

5 Fiziologiya i bioximiya selskoxozyajstvennyx rastenij // Pod red. prof. N.N. Tretyakova. – М.: Kolos, 2000. – S.639.

6 Oda T., Kawata K. Effect of carbon dioxide concentrations on dry matter accumulation on bean leave measured by an improved halfleaf method. – Bull. Osaka Prefect, 2005, v.22, – P.39-47.

ӘОЖ 565.79(574)\043)

А.Д. Кайнарбаева¹, Р.Н. Атраубаева²

¹магистр, аға оқытушы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан

²магистр, аға оқытушы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан

ПАЙДАЛЫ ЖАРҒАҚҚАНАТЫЛАР ОТРЯДЫНЫҢ ЖӘНДІКТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мақалада насекомдардың биоценозда және халықшаруашылығындағы маңызы, табиғаттағы және адам өміріндегі ролі жайлы айтылған. Кейде адам өз әрекетімен тарихи қалыптасқан биологиялық топтардың тепе-теңдігін бұза отырып кейбір насекомдардың өте үлкен қарқынмен күрт көбеюін тудырады, ал осы құбылыстар апатты зардапқа әкеледі. Тозандандырушы насекомдар өсімдіктердің тіршілігі үшін қажетті. Гүлді өсімдіктердің 90% насекомдар арқылы тозанданады. Майлы, техникалық, дәнді дақылдар, бақшалық, бақтық, жидекті, дәрілік және сәндік өсімдіктер және одан басқа орман, дала шалғындық өсімдіктердің өкілдері тозанданусыз тіршілік ете алмас еді. Бал жинайтын аралардан басқа көптеген жабайы тозандандырушы насекомдар бар. Жерді мекендейтін көптеген аралардың сан мөлшері 20 000 жуық. Олар 700 туыстан тұратын 18 тұқымдасқа біріктіріледі.

Насекомдардың табиғаттағы маңызды әрекеті – ең алдымен гүлді өсімдіктерді тозаңдандыру, ауыл-шаруашылық өнімдерінің өндіріс көлемін ұлғайтудың ең тиімді және қарапайым агротәсілінің бірі болып табылатындығы жайлы мәселелер қарастырылған.

Түйін сөздер: жарғаққанаттылар, ара құйрықтылыр, аралар, құмырсқалар, бунақденелілер, дернәсілдер, тозаңдандырғыштар, насекомдар, биологиялық топтар, қосқанаттылар, қабыршаққанаттылар, биоценоз.

Кайнарбаева А.Д.¹, Атраубаева Р.Н.²

*¹магистр, старший преподаватель,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

*²магистр, старший преподаватель,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

МЕТОДИКА ИССЛЕДОВАНИЯ НАСЕКОМЫХ ОТРЯДА ПОЛЕЗНЫХ ПЕРЕПОНЧАТОКРЫЛЫХ

Аннотация

В статье говорится о значении насекомых в биоценозе, народном хозяйстве, роли в природе и жизни человека. Иногда человек своими действиями, нарушая биологическое равновесие природы, вызывает резкое размножение некоторых насекомых с очень большими темпами, а эти явления приводят к катастрофическим последствиям. Насекомые опылители необходимы для жизнедеятельности всех растений. 90% цветочных растений опыляются насекомыми. Масличные, технические, зерновые, бахчевые, ягодные, лекарственные и декоративные растения и другие представители лесных, степных луговых растений не могли бы существовать без насекомых опылителей. Кроме медоносных пчел, существует множество диких опылителей насекомых. Количество обитающих на Земле многочисленных пчел опылителей, составляет около 20000 тысяч видов. Они объединяются в 18 семейств, состоящих из 700 родов. Рассмотрены так же вопросы о том, что важнейшее действие насекомых в природе – это, прежде всего, опыление цветочных растений, увеличения объемов производства сельскохозяйственной продукции.

Ключевые слова: перепончатокрылые, пчелы, муравьи, насекомых, личинки, распылители, насекомые, биологические группы, двукрылые, чешуйчатые, биоценоз.

A.D. Kaynarbaeva¹, R.N. Atraubaeva²

*¹master, senior lecture,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²master, senior lecture,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

METHODS OF STUDY OF INSECTS OF THE ORDER HYMENOPTERA USEFUL

Abstract

The article refers to the importance of insects in biocenosis, national economy, the role in nature and human life. Sometimes a person by their actions, disrupting the biological balance of nature is a sharp reproduction of some insects with very large rates, and these phenomena lead to catastrophic consequences. Insects pollinators are necessary for the life of all plants. 90% of flowering plants are pollinated by insects. Oilseeds, technical, cereals, melons, berries, medicinal and ornamental plants and other representatives of forest, steppe meadow plants could not exist without pollinators insects. In addition to honey bees, there are

many wild pollinators of insects. The number of numerous pollinators living on the Earth is about 20 000 species they are united in 18 families consisting of 700 genera. Reviewed questions about the fact that the most important action of insects in nature is, first of all, the pollination of flower plants, an increase in the volume of agricultural production.

Keywords: hymenoptera, bees, ants, insects, larvae, sprayers, biological groups, diptera, scaly, biocoenosis.

Насекомдардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы мен ролі орасан зор. Бұлардың түрінің көптілігі соншалық, кез келген жануарлардың түрлерінен асып түседі. Арнайы жүргізілген санақ көрсеткіші бойынша жер бетінде төменгі есеппен алғанда 108 млрд. насекомдар түрлері тіршілік етеді, сонымен қатар, көптеген түрлердің есепсіз мөлшерде көбеюге бейімділігі және әр түрлі биологиялық процестерге белсенді түрде қатысуы, оларды күшті биологиялық факторға айналдырады. Насекомдардың пайдалы және зиянды жақтарын айта отырып, осы бағалауымздың субъективті екендігін естен шығармау қажет.

Табиғатта тек зиян немесе тек пайдалы түрлер болмайды, болған емес те. Зиянды насекомдар бір жағдайда зиянды болып, бір жағдайда үлкен пайдасын тигізеді. Мысалы, үй қара шыбыны, це-це шыбыны, маса, сона, т.б. бірқатар ауруларды жұқтырушылар, ал олардың өздерін және личинкаларын басқа жануарлар қорек етеді, яғни олар табиғаттағы қоректік тізбектің бір буыны. Насекомдардың табиғаттағы маңызды әрекеті – ең алдымен гүлді өсімдіктерді тозаңдандыру. Белгілі гүл топтарын арнайы насекомдар тозаңдандырады. Гүлді өсімдіктердің шамамен 30 пайызы насекомдар арқылы тозаңданады, солардың ішінде жарғаққанаттылардың (аралардың), қосқанаттылардың және қабыршаққанаттылардың маңызы үлкен [1].

Жарғаққанаттылар бунақденелілер класының ішіндегі эволюциясы жақсы дамыған түрге бай топ. Бұларға: шаншарлар, ара құйрықтылыр, аралар, наездниктер, құмырсқалар т.б. жатады. Бұлардың екі жұп жарғақ тәрізді қанаты бар, соңғы қанаты алдыңғы қанатынан кішірек болып келеді. Басы көкірегі мен қозғалмалы болып жалғасқан. Басында күрделі көздері болады. Ауыздарының құрылысы әртүрлі: көпшілігінікі кеміргіш, ал аралардікі сорғыш, жалағышта болады. Төменгі сатыдағы жарғаққанаттылардың (ұрғашыларында) құрсағының ұшында (шаншарларда) жұмыртқа салғышы, ал жоғарғы сатыларында (араларда) жұмыртқа салғыш өзгеріп шаншарға айналады. Дернәсілдері аяқсыз басы нашар жетілген, соқыр, құрт тәрізді болады. Әсіресе ондай ерекшеліктер қауымдасып тіршілік ететін аралар мен құмырсқаларда жүйке жүйесінің қызметі жақсы жетілген. Өйткені ұя салуда, ұрпақтарын күтіп, асырауда жүйке жүйесінің қызметі жақсы көрінеді. Бұлардың арасында көптеген түрлер қауымдасып тіршілік етеді. Сондықтан ондай қауымның ішінде, аналық, аталық жыныс мүшелері дамыған ұрғашылыры, жұмысшылыр, ұрпақтарын қоректендіретін солдаттар сияқты дарактары болады [2].

Жарғаққанаттылардың биоценозда және халықшаруашылығында маңызы зор. Мысалы, ара мен құмырсқалардың келтіретін пайдасы көп. Аралар бал сияқты бағалы тамақ зат, балауыз, прополис, ара сүті, ара уы, гүлді өсімдіктерді тозаңдырады. Құмырсқалар ормандарды қорғауда ағаш зиянкестерін жойып топырақты қопсытып пайда келтіреді. Бунақденелілер дернәсілдеріне, қуыршақтарына өзінің жұмыртқаларын салып, оларды жойып көп пайда келтіреді. Осы отрядтың өкілі, пайда келтіру жағынан бірінші орында тұрған бал арасы. Бал арасы қауымдасып тіршілік етеді. Бір қауымының құрамында бір ғана ұрғашы аналық, бірнеше жүздеген еркек ара және жыныс мүшелері жетілмеген он мыңдаған жұмысшы ұрғашы-аналық аралар болады. Ұрғашы ара мен еркек аралар тек қана көбеюге қатынасады, ал жұмысшы аралар омартадағы барлық жұмысты рет-ретімен орындап отырады, тазалықтан бастап қорғауға дейін.

Атқаратын қызметтеріне қарай ұрғашы, еркек жұмысшы аралардың дене құрылысы ұқсас болмай әртүрлі болады. Жұмысшы араның аузы шырын жинауға бейімделген, ал жақтары мен аятары гүлдің тозаңдарын жинауға бейімделген. Жұмысшы араның сілекей бездері, дернәсілдерді бірінші күндері қоректендіру үшін арнайы сүт бөліп шығарады. Олардың жемсауларында шырында балға айналдырады т.б. Жұмысшы ара мен ұрғашы араның құрсағының артқы ұшында піспегі (жало) болады. Еркек аралар мен ұрғашы аралар жұмысшы араларға қарағанда ірі болып келеді. Оларда иіс мүшелері орналасқан мұртшалары жақсы дамыған [1,2].

Ұрғашы аралар өмірінде бір-ақ рет ұрықтанады. Еркек аралар ұрғашы арамен шағылысқаннан кейін өледі. Ұрғашы аралар бір маусымда 150000-200000-ға дейін жұмыртқа салады. Еркек аралар тек ұрықтанбаған жұмыртқадан дамып шығады. Даму ұзақтығы: ұрғашы ара 15 күндей, еркек аралар

24-күндей, жұмысшы аралар – 21 күн. Қысқа қарай еркек араларды омыртқадан қуып шығады, нәтижесінде өледі, ал жұмысшы аралардың да саны белгілі дәрежеде азаяды.

Бал аралары жоғары калориялы азық-түлік өнімі – балды, сонымен қатар балауыз, ара уы, аналық сүт, прополис және басқа да аса құнды табиғи өнімдерді өндіреді. Алайда кез келген аймақтың немесе тұтас мемлекеттің экономикасындағы бал ара шаруашылығының мәні оның тек қана шикізат пен азық-түліктің қайнар көзі ретінде ғана емес, сонымен бірге ауылшаруашылық өсімдіктерінің айтарлықтай қосымша өнімділігін қамтамасыз ететін бал араларының тозаңдандырушылар ретіндегі рөлі де үлкен мағынаға ие. Арамен тозаңдандыру арқылы алынатын қосымша өнімнің құны бал ара шаруашылығының негізгі өнімдерінен түсетін жылдық табыстан бірнеше есе көп. Сәйкесінше, энтомофильді өсімдіктерді өсіріп күту агротехникасының бір факторы ретіндегі тозаңдандырушы бал араларының рөлі бүгінгі таңда зор маңызға ие болып отыр. Себебі аралар арқылы өсімдіктерді тозаңдандыру ауылшаруашылық өнімдерінің өндіріс көлемін ұлғайтудың ең тиімді және қарапайым агротәсілінің бірі болып табылады [2,3].

Өсімдіктердің гүлдеу кезеңінде, өсімдік шірне мен тозаңды көп бөледі, ол өзіне пайдалы жәндіктерді еліктіреді. Әдетте барлық шірнелі өсімдіктер сонымен қоса балды өсімдіктерге де жатады. Осыған байланысты мына өсімдіктерді отырғызған шаруашылықта бірден екі жұмыс орындалады: егіс дақылдарының өнімділігін арттыру, шаруашылық дақылдардың негізгі зиянкестерінің табиғи популяциясының тиімділігін арттыру. Сонымен қатар дәрілік және сәндік өсімдіктерді өсіргенде көкөніс және жеміс дақылдарының пайдалы жәндіктердің биологиялық потенциалын жоғарлатады, негізгі зиянкестердің санын азайтады [3].

Тозаңдандырғыштарды зерттеуде мынадай жұмыстарды жүргізуді болжайды: әртүрлі өсімдіктердегі түрлердің құрамын анықтау; бір түрдегі жәндіктердің гүлге қонатын жәндіктердің жиілігін анықтау; тозаңдандырғыштардың бір күндегі белсенділігін анықтау. Тозаңдандырғыштарды әртүрлі әдістермен санауға болады. Үш әдісін қарастырайық.

1. *Сызықтық әдіс*. Ауданның ортасында таяқшалармен санау сызықтық жүргізеді, 100 м кв. ауданы. Бақылаушы осындай сызықтық қозғалыста отырып аралар және басқа тозаңдандырғыштарды салып отыру керек. Санау күніне 3 рет, бір уақытта, аптасына бір рет 3 аптадан артық болмауы қажет.

2. *Метрлік санау*. Метрлік санау аудандарында күніне 3 рет, әр ауданда 15 минуттан, аптасына 3 рет жүргізіледі. Ол үшін ауданды 6-8 учаскідегі 1 м кв бөлінеді. Аудандарды белгілеу олардың олардың конфигурациясына және шөптілігіне байланысты.

Мақалада лалагүлділер *Liliaceae* Juss. тұқымдасының ішінде ерекше әсем қызғалдақ, *Tulipa* L. туысына жататын көп жылдық шөптесін пиязшықты өсімдік, қызғалдақтардың таралуы мен тарихына қысқаша шолу беріледі. Мақалада ұсынылып отырған қызғалдақтың түрлері – әсемдік, тағамдық, дәрілік, дәрумендік т.б. қасиеттерімен ерекшеленеді. Қызғалдақтардың кейбір түрлері көгалдандыруға кеңінен пайдаланылады. Қызғалдақ – көктемнің келгенінен хабар беретін, табиғаттағы алғашқы әсем өсімдіктердің бірі, сондықтан оларды саябақтарда, қалаларды безендіруде жиі пайдаланады. Этноботаникалық зерттеулер нәтижесінде қызғалдақтардың кейбір түрлерінің пиязшығы жеуге жарайды және гүл күлтелері бас ауырғанда, жемісі өкпе ауруларына ем ретінде пайдаланатыны. Жергілікті тұрғындардың әр түрлі мақсатта ысырапсыз жинауы (сату үшін тамырымен қоса жұлу, емдік қасиеттері үшін пиязшығын жинау т.б.) әсерінен азайып барады. Әр түрлі антропогендік факторларға (жердің ретсіз жырттылуы, мал жайылымы, өрт, т.б.) байланысты өсімдіктердің ареалдарының азайып, түрлердің жойылып кету қаупі артуда, себебі жерімізде өсетін қызғалдақтардың 18 түрі Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

Түйін сөздер: қызғалдақ, тұқымдас, туыс, түр, пиязшық, Қызыл кітап, Грейг қызғалдағы, Кауфман қызғалдағы, Шренк қызғалдағы.

Айдарбаева Д.Қ.¹, Бектұрған А.Ұ.²

¹д.б.н., профессор,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

²магистрант 1 курса,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

РАЗНООБРАЗИЕ КАЗАХСТАНСКИХ ТЮЛЬПАНОВ

В статье приводятся данные о краткой истории и распространения многолетних травянистых красиво цветущих растений, которые относятся семейству *Liliaceae* Juss, роду *Tulipa* L. Виды тюльпанов приведенные в статье отличаются - косметическими, лекарственными, витаминными, пищевыми и др. полезными свойствами. Тюльпаны являются предвесниками весны, поэтому их часто широко используют для озеленения парков и украшения городов. В результате этноботанических исследований определены, что некоторые виды тюльпанов используется для лечения болезней легких, луковича для пищи, лепестки тюльпанов для лечения головной боли. Неконтролируемое использования местного населения в различных целях (для продажи и лечения собирают с корнями) приводят к необратимым последствиям, т.е. уменьшением и исчезновением количество тюльпанов. Разнообразные антропогенные факторы (пашни, выпас скотов, пожары и др.) приводят к сокращению ареалов этого растения, а также уменьшению видов. Поэтому 18 видов тюльпанов включены в «Красную книгу» Казахстана.

Ключевые слова: тюльпан, луковича, семейства, вид, род, Красная книга, тюльпан Грейга,

тюльпан Кауфмана, тюльпан Шренка.

D.K.Aydarbaeva¹, A.U.Bekturgan²

¹d.b.s., professor,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

²master of 1 course,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

THE VARIETY OF KAZAKHSTAN TULIPS

Abstract

The article provides data on a brief history and distribution of perennial herbaceous beautifully flowering plants, which belong to the family Liliaceae Juss, the genus Tulipa L. The tulip species given in the article differ in cosmetic, medicinal, vitamin, food, and other useful properties. therefore, they are often widely used for landscaping parks and decorating cities. As a result of ethnobotanical studies, it has been determined that certain types of tulips are used to treat lung diseases, food bulbs, and tulip petals to treat headaches. Various anthropogenic factors (arable land, grazing, fires, etc.) lead to a reduction in the habitats of this plant, as well as a decrease in species. Therefore, 18 species of tulips are included in the "Red Book" of Kazakhstan.

Keywords: tulip, bulb, family, species, genus, Red Book, Greig tulip, Kaufman tulip, Shrenk tulip.

Лалагүлділер, *Liliaceae* Juss. тұқымдасына 45 туысқа жататын 1300-дей түр кіреді, олар Солтүстік жартышардың қоңыржай климаттық белдеуінде кең таралған, Африка мен Оңтүстік Американың таулы аймақтарының тропикалық белдеулерінде де кейбір түрлері кездеседі. Қазақстанда *Liliaceae* Juss. тұқымдасының 8 туысқа жататын 83 түр кездеседі.

Лалагүлділер тұқымдасының ішінде ерекше әсем Қызғалдақ, *Tulipa* L. туысына дүниежүзінде 100-ден асатын әсем гүлдерді біріктірген, кейбір деректерде 140-түрге дейін (З.М.Силина – 1977 жыл) жетеді, олар негізінде ыстық және құрғақ климаттық белдеулерде Солтүстік Америка мен Евразия аймағында таралған. Қазақстанда 36 түрі кездеседі, оның 12-сі эндемиктер [1-2].

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық еңбегінде ұлы даланың жеті қырының бірі болып «Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны» деп бөлінген. Ұлы даланың ғажайып әсем қызғалдағы шын мәнінде біздің мақтанышымыз, себебі біз ұлы дала мұрагерлеріміз. Кең байтақ қазақ даласының қойнауы табиғи байлықтарға, алуан түрлі өсімдік түрлеріне аса бай. Соның бірі – көктем шыға көздің жауын алып, қырларда жайнайтын қызғалдақ гүлі. Қызғалдақ гүлінің жерімізде 36 түрі кездеседі. Оның 12-і эндемикалық, яғни тек қазақ жерінде ғана өсетін түр болып саналады. Осыдан болар, Қазақстанның «Қызғалдақтың отаны» деп аталуы. Шындығында аталмыш гүлдің қазақ даласынан бүкіл дүниежүзіне таралғандығына бүгінде ғалымдар дәлелдер келтіруде. Осылай әлем мойындап отырған өсімдігімізді өзгелерге насихаттап, мақтаныш етуімізге болады. Оны тек мақтап қана қоймай, көбейтіп өсіруді, қорғауды қолға алуымыз керек. Жерімізде өсетін қызғалдақтардың 18 түрі Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Қызғалдақты қорғау, насихаттау жұмыстары тек сөз жүзінде емес, нақты іс, түрлі шаралар арқылы жүзеге асуда [1-2].

Қызғалдақ – лалагүлділер *Liliaceae* тұқымдасына, *Tulipa* туысына жататын көп жылдық шөптесін пиязшықты өсімдік. Қазақстанның дала аймақтарында кездеседі. Бұлардың биіктігі 3-50 см. Сабағы жұмыр, тік өседі. Тамырымен жалғасқан буында пиязшығы болады. Гүл қоршауы ақ, қызыл не сары. Жемісі – қауашақ. Қызғалдақтың пиязшығын күзде гүлі түскеннен кейін жинап алып, оны құрғақ, салқын жерде сақтап, көктемде егеді. Қызғалдақ әсемдік және гүлінен хош иіс алу үшін өсіріледі. Қызғалдақтың өте сирек кездесетін 18 түрі (*Tulipa alberti* Regel, *T. borszczowii* Regel, *T. greigii* Regel, *T. kaufmanniana* Regel, *T. schrenkii* Regel, *T. biebersteiniana* Schult., *T. Zenaidae* Vved., *T. biflora* Pall., т.б.) қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

Түрлеріне қарай қызғалдақтың гүлдеу мерзімдері де әртүрлі. Наурыз – мамыр айларында гүл ашады. Оның биіктігі 10 см-ден аспайтын аласа бойлы түрлері ерте көктемде гүлдейтін болса, «Рембрант қызғалдағы» сияқты биік өсетін түрі маусым айының ортасына таман гүлдейді. Барлық

түрлері 20-25 күн аралығында әдемі гүл жарып тұрады. Қызғалдақ гүлінің түсі ақтан қоңыр қызылға дейінгі аралықта алуантүрлі болып келеді. Көп жағдайда сабақ басында бір ғана дара гүл жарады. Қызғалдақтың кейбір түрлері сусыз құмды және тасты шөлдерде, сазды топырақтарда өссе, басқалары аңғарларда немесе тау етегінде, шөгінді тастарда, аяқ жетпейтін құлама жарда, жартас қуыстарында кездеседі.

Қызғалдақтың пайда болу орталығы Орта Азия болып есептеледі. Оның көп бөлігі шөл, айнала тау жүйесі қоршап жатыр: ортасында – Копетдаг, Ауғанстан шекарасына дейін Памир-Алай таулары, оңтүстік шығысында – Тянь-Шань. Үндістанның солтүстігінде, Ауғанстанда, Кавказ тауларында, Сирия мен Ливан шекарасында, Қара, Каспий және Жерорта теңізі маңында жабайы қызғалдақ түрлері өсетін оқшау ошақтары белгілі. Қызғалдақтардың экологиялық ауқымы өте кең. Бір түрі сусыз құмды және тасты шөлдерде, гипсті және сазды топырақта өссе, басқалары аңғарларда немесе тау етегінде, шөгінді тастарда, аяқ жетпейтін құлама жарда, қиыршық толған жартас қуыстарында, тау баурайымен теңіз деңгейінен 3000 м биіктікке дейін көтеріледі. Қызғалдақ өсімдігі ылғал сүймейді [2].

Орта Азия мемлекеттерінде жабайы өсетін қызғалдақтың 64 түрі белгілі. Соның ішінде Қазақстанда 36 түрі, Тәжікстан мен Өзбекстанда 26-27, Түркістан мен Қырғыстанда 7-12 түрі белгілі. Қазақстандағы жабайы өсетін қызғалдақтарға ғылыми зерттеу XVIII ғасырдың соңында басталды. 1771 жылы Солтүстік Қазақстан, Қырғыз-Алтай және Сібір аудандарында академик Питер Симона Палластың жүргізген экспедициясының нәтижесінде ең алғашқы қызғалдақтардың гербарийлік жинағы жасалды. Алматы қаласындағы «Ботаника және фитоинтродукция институтында» Қазақстан аймағынан А.Шренк, Г.Карелин, И.Кирилов 1840-1842 жылдары жинаған қызғалдақтардың ең ескі гербарийлік жапырақтары сақталған. Бір қызығы, дала қызғалдақтары республиканың барлық облыстары мен аудандарында кең таралған. Республиканың батыс және солтүстік облыстарында гүлдің үш-төрт, Шығыс Қазақстанда – алты түрі болса, ал Оңтүстік Қазақстанда оның отызға жуық түрі таралған.

Бүгінгі таңда көптеген ғалымдар Қазақстанның оңтүстігін оған таяу жатқан көрші мемлекеттер «жабайы қызғалдақтың отаны» деген тұжырым жасады. Табиғи жағдайда қызғалдақтар ортаның өте қолайсыз кезеңдерінде де өседі: ұзаққа созылған аязды қысқа, құрғақ әрі ыстық жазда және аз ғана ылғалды күндермен шектелген көктем мезгілінің өзінде бұл өсімдік шыға бастайды. Көктемдегі ылғалдың әсерінен қызғалдақтың жуашығы өсіп, жеміс береді. Жаздың ыстық мезгілі басталысымен олардың жер асты бөлігі қурап шірігенмен жаңа жуашықта келесі жылы ашылатын жас өркен мен гүл түйіні түзіледі [3].

Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген, жергілікті тұрғындар арасында әр түрлі мақсатта жиі қолданыста болатын қызғалдақтардың бірнеше түрлеріне тоқталып, сипаттама береміз.

Грейг қызғалдағы (Tulipa greigii) – лалагүлділер тұқымдасы, қызғалдақ туысына жататын көп жылдық пиязшықты өсімдік. Грейг қызғалдағы 1873 жылы сипатталып жазылып, ал 1877жылы ол Голландияда бірінші класты сұрып ретінде дипломмен марапатталды. Грейг қызғалдақтың шынымен де қызғалдақтар патшасы деп есептелу себебі де сондықтан. Оның мықты биік сабағы, диаметрі 10-12 см, ірі бокал тәрізді гүлі және ерекше қою қызыл шұбар таңбалары бар жапырақтары басқа түрлерден ерекшеленіп тұрады. Гүлі әртүрлі пішінде, таза, түсі қанық алқызыл мен қызылдан сарықызылға, ашықсары, ашық қоңыр және ақтүсті болып келеді. Бір ғана шатқалдан оннан астам пішінін кездестіруге болады. Этноботаникалық зерттеулер нәтижесінде бұл түрдің пиязшығы жеуге жарайды және гүл күлтелері бас ауырғанда, жемісі өкпеауруларына жергілікті халық пайдаланады. Пиязшығы жұмырқа тәрізді, жуандығы 2,5-4 см, әсіресе түбі мен ұшы қалың түкті қабықты. Сабағының жоғарғы жағы түкті, жапырақ саны – 3-4, шамалы жақын орналасқан, қайырылған, бұйра, көкшіл сұр, жоғары жағында көптеген күлгін дақтары бар. Аталықтары гүл серігінен 3 есе қысқа, олардың жіпшелері жалаңаш, сары немесе қаралау, тозандықтары сары, сирек күлгін, жіпшелерінен екі есе ұзын (1-сурет).



Сурет-1. Грейг қызғалдағы

Қазақстанда таралуы. Эндемик. Қиыршық тасты және сазды топырақты далаларда, аласа тау мен тау етегінде өседі. Қызылорда, Түркістан флористикалық аудандарында, Іле, Күңгей Алатауының батыс сілемдерінде, Қырғыз Алатауы, Шу-Іле таулары, Қаратауда кездеседі. Қазір Ақсу-Жабағылы қорығында сақталған. Алматы, Қарағанды, Жезқазған ботаникалық бақтарында жерсіндірілген. Сәуір айының басынан маусым айының басына дейін гүлдейді. Маусым, шілде айларында жеміс береді. Грейг қызғалдағы өте сирек кездесетін түр болғандықтан қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Ақсу-Жабағылы қорығында қорғалады.

Грейг қызғалдағының тауқыметі бар, ол көптеген басқа ірі гүлді түрлер сияқты тек қана тұқымнан көбейеді. Тұқымдық өнімділігі тұқымның шығыны болғанымен, алғашқы әлсіз гүлдейтін өскін шығару үшін – 10-12, кейде 15 жыл қажет. Содан соң гүлі жұлынбаған болса, бұл дарак бірнеше ондаған жылдар бойы гүлдейді. Сөйтіп қызғалдақтың тіршілік ету ұзақтығын тіпті адамның өмірімен де салыстыруға келеді [4-6].

1981 жылы Орта Азияның белгілі коллекторы Янис Руксанс Қаратау тауының Билікөл шұңқырына қараған шығыс беткейінен Кауфман қызғалдағының ерекше екені бірден байқалады, сөйтіп оған Руксанс «Берікқара қызғалдағы» саудалық атын берді. Соңғы жылдары Берікқара сайы Грейг қызғалдағының түрлілігін көретін жер ретінде тез арада көпшілікке танымал болуына байланысты, еуропалық әуесқойлар мен мамандар арасында «Берікқара қызғалдағы» атауы бекіп қалды, бірақ Грейг қызғалдағының жергілікті популяциясы ретінде ғана. Бұл популяцияның басты ерекшелігі – бірегей түстің алуан түрлілігі, сары түстің әртүрлі реңдері, сонымен қатар қызыл, тіпті ақ түстері дерлік гүлдер де кездеседі [4-5].

Кауфман қызғалдағы (Tulipa kaufmanniana) – лалагүлдер тұқымдасы, қызғалдақ туысына жататын көп жылдық жуашықты өсімдік. Кауфман қызғалдағының тартымдылығы ерекше. Ол Батыс Тәңіртаудың эндемигі, өсімдік вегетативті жолмен көбейеді. Бір пиязшығы аналық өсімдікте 1-3 еншілес, ұзын жерөркен – столондар түзеді. Сондықтан кауфман қызғалдағы кейде жиі, өсімдік түсі біркелкі, кішкене телімшеде орналасады. Кейде жасыл алаңқайларда арша ормандарының арасында сондай бірнеше телімшелерде кездесіп қалады. Жергілікті халық ерте гүлдеуіне және вегетативті көбеюіне байланысты оны бақшаларда әсемдік үшін өсіреді.

Олар үлкен шұбар кілемге ұқсаған түрлі түстерден – сары, ақ, қоюсары, қызылсары, қызыл және ашық қызыл дақтардан тұрады. Биіктігі 10-40 см, пиязшығы жұмыртқа тәрізді, жуандығы 1,5-4 см, қара қоңыр терілі, ішкі жағы едәуір жатаған түкті қабықты. Сабағының жоғарғы жағы түкті, жапырақ саны 2-3-еу, қайырылған немесе шамалы бүктелген, жалаңаш, кірпікшелелі, әдетте 1 гүлден аспайды. Төменгі жапырағы сопақша немесе ұзынша эллипс тәрізді, ені 2-6 см. Гүлі біреу, гүлсерігі ақ, түбі сары дақты немесе сары, сүйір немесе доғал болып келеді.

Қазақстанда таралуы. Таудың тасты беткейлері мен альпілік белдеулеріне дейін өседі. Қаратау, Батыс Тянь-Шань мен Қырғызалатауының батыс бөлігінде кездеседі. Ол – сәндік өсімдік, әсіресе селекцияда көп пайдаланылады, 200-ден астам сорты бар. Наурыз айының соңынан шілде айының басына дейін гүлдейді. Қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Ақсу-Жабағылы қорығында қорғалады (2-сурет) [7].



Сурет-2. Кауфман қызғалдағы

Регель қызғалдағы (Tulipa regelii) – лалагүлдер тұқымдасына, қызғалдақ туысына жататын өсімдік. Өрбір аймақта дерлік қызғалдақтың ерекше түрлері өседі. Шу-Іле тауларының нағыз рәмізі – Регельдік қызғалдақ. Ол өте ерте гүлдейді, жасы бойынша көнеден белгілі және басқа түрлерден ерекше өсімдік. Онша биік емес сабақтары әлі де қыс мезгіліндегідей таза жылы тастарға жабысып қалған. Зер салып қарағанда бұл жапырақ бетінің қандай ғажап екенін байқайсың. Ол тегіс емес, жалпақ, көптеген бойлай созылған тарақ тәрізді өскіншелері болғандықтан, тығыз қатпаршақты мата сияқты әсер қалдырады. Жапырақтың мұндай ерекше құрылысты болуы қыздыруға арналған күн сәулесінің барынша мол шоғырлануын қамтамасыз етеді, сонымен бірге ежелгі таулардың қуаңшылық климатындағы өсімдікке өте қажетті судың артық булануынан сақтандырады. Регельдік қызғалдақ өте тез гүлдеп бітеді.

Биіктігі – 5-10 см, пиязшығы жұмыртқа тәрізді, жуандығы 1,5-2,5 см, қоңыр терілі, ішкі жағының ұшы мен түбі жатаған түкті қабықты. Сабағы жалаңаш, жапырағы біреу, сабағын қоршап тұрады, эллипс тәрізді, сүйір, жалаңаш, ұзынша реңді, тараққа ұқсас өсінділері бар, ені 1,5-3 см. Гүлі біреу, әлсіз болса да жағымды иісті, гүл серігі ақ, түбі сары, ұзындығы 2-2,5 см, сүйір немесе доғал, сыртқылары таспа тәрізді, сырты қызғылт немесе күлгін, ішкісінен 2 есе дерлік жіңішке, ішкілері ұзынша, түбі кірпікшелі, аталықтары гүлсерігінен 2 есе қысқа, олардың жіпшелері түкті, тозаңдықтары сызықты ұзынша, ұзындығы 5-6 мм, түйіні аталықтарынан шамалы қысқа.

Қазақстанда таралуы. Қазақстанда Шу-Іле тауының аласа жоталары мен оның айналасындағы шөл далаларда ғана өсетін эндемик өсімдік. Регель қызғалдағы қолдан өсіруге оңай көнеді, бірақ құрғақ және күн жақсы түсетін топырақты қажет етеді. Наурыз айының соңынан сәуір айының басына дейін гүлдейді. Маусым айының соңында жеміс береді.

Шренк қызғалдағы (Tulipa schrenkii) – лалгүлділер тұқымдасына қызғалдақ туысына жататын көп жылдық өсімдіктер. Биіктігі 15-30 см, пиязшығы жұмыртқа тәрізді, жуандығы 1,5-3 см, қара қоңыр, жұқа терілі, ішкі жағы түкті қабықты. Сабағы жалаңаш немес түкті, жапырақ саны 3-4, шамалы бүгілген, алшақ орналасқан көкшіл сұр, жалаңаш немесе түкті, гүлден аспайды.

Гүлі біреу, гүлсерігі қызыл, қызғылт, сары немесе ақ, қара немесе сары дақты немесе дақсыз, ұзындығы 2,5-5 см, әдетте түкті ұшы бірден сүйірленген, сирек доғал, сыртқылары ұзыншақ, ішкілері ұзынша кері жұмыртқа тәрізді. Аталықтары гүлсерігінен 2 есе қысқа, олардың жіпшелері жалаңаш, сары немесе күлгін, тозаңдықтары жіпшелеріне тең немесе ұзын.

Қазақстанда таралуы. Қазақстанның барлық өңірінде өседі. Далалы, шөлейтті және шөлді жерлерінде шашыраңқы өседі. Жалпы Сырт сілемінде, Тобыл – Есіл, Каспий маңы, Ақтөбе, Жем, Торғай флористикалық аймақтарында, Мұғалжар, Батыс Сарыарқа, Шығыс Сарыарқа, Ұлытауда кездеседі. Шренк қызғалдағы – әсемдік өсімдік, алқабы жылдан-жылға қысқарып келеді. Жер жырту және егісті жедел игеру салдарынан оның қоры жылдан-жылға азаюда. Сәуір айының соңынан мамыр айының соңына дейін гүлдейді. Маусым айында жеміс береді. Қызғалдақ Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Наурызым және Қорғалжын қорықтарында қорғалады. Бұл түрдің екінші атауы «Геснер қызғалдағы» (*Tulipa gesneriana* L.) [4,7-8].

Қорытынды. Биолог ғалымдарды қазіргі таңда қазақ даласына көрік беріп тұрған гүлдердің келешектегі тағдыры қатты алаңдатууда. Негізінде жабайы өсетін қызғалдақтар ерекше қорғауды

кажет етеді, өйткені олар сұрыптауға, жаңа мәдени іріктемелер алуға және іріктемелерді жаңғыртуға қажетті құнды материал болып табылады. Біздің еліміздегі жабайы өсетін шөптесін өсімдіктердің ішіндегі ең әдемісі қызғалдақ. Өкінішке орай, қызғалдақты құрып кетуден сақтай алмай, себебі қазіргі таңда 18 түр Қазақстанның қызыл кітабына енген. Олардың саны әртүрлі жағдайларға байланысты (жердің ретсіз жырттылуы, мал жайылымы, өрт, т.б.), соның ішінде жергілікті тұрғындардың әр түрлі мақсатта ысырапсыз жинауы (сату үшін тамырымен қоса жұлу, емдік қасиеттері үшін пиязшығын жинау т.б.) әсерінен азайып барады. Сондықтан бұл әсем өсімдікті қорғау үшін қазіргі таңда жерсіндіру қажет және «Қызыл кітапқа» енген қызғалдақтар туралы баспаларда арнайы кітапшалар шығарылса өте жақсы болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттеріміз:

- 1 *Флора Казахстана. – Алма-Ата, 1958. – 2 том. – С.199-212.*
- 2 *Байтенов М.С. Флора Казахстана: Родовой комплекс флоры. – Алматы, 2001. – Т.2. – С.48-49.*
- 3 *Иващенко А.А. Қазақстанның өсімдіктер әлемі. – Алматы, 2004. – 82 б.*
- 4 *Қазақстанның қызғалдақтары. – Алматы, 2010. – 85 б.*
- 5 *Красная книга Казахской ССР. Часть 2. Растения. – Алма-Ата, 1981. – С.24-31.*
- 6 *Айдарбаева Д.К. Қазақстанның пайдалы өсімдіктері. – Қарағанды, 2014. – 171-172 б.*
- 7 *Павлов Н.В. Растительные ресурсы Южного Казахстана. – М., 1947. – С.81-90.*
- 8 *Сыбанбеков Қ.Ж. Жасыл әлем сырлары. – Алматы, 1990. – 97 б.*

References:

- 1 *Flora Kazakhstan. – Alma-Ata, 1958. – 2 tom. – S.199-212.*
- 2 *Baitenov M.S. Flora Kazakhstan: Rodovoi kompleks flory. – Almaty, 2001. – T.2. – S.48-49.*
- 3 *Ivaenko A.A. Qazaqstannyñ ósimdikter álemi. – Almaty, 2004. – 82 b.*
- 4 *Qazaqstannyñ qyzǵaldaqtary. – Almaty, 2010. – 85 b.*
- 5 *Krasnaya kniga Kazahskoi SSR. Chast 2. Rasteniya. – Alma-Ata, 1981. – S.24-31.*
- 6 *Aidarbaeva D.K. Qazaqstannyñ paidaly ósimdikteri. – Qaraǵandy, 2014. – 171-172 b.*
- 7 *Pavlov N.V. Rastitelnye resyrsy Ijynogo Kazakhstan. – M., 1947. – S.81-90.*
- 8 *Sybanbekov Q.J. Jasyl álem syrlyary. – Almaty, 1990. – 97 b.*

УДК 574.5; 572.1/4

МРНТИ 03.00.16

Аскарова А.М.¹

¹магистр, преподаватель,

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

г. Алматы, Казахстан

БИОИНДИКАЦИЯ ЗАГРЯЗНЕНИЙ ПРИРОДНОЙ СРЕДЫ

Аннотация

В последнее время весьма актуальными являются наблюдения за изменениями состояния окружающей среды, вызванными антропогенным воздействием. Система этих наблюдений и прогнозов составляет суть экологического мониторинга. В этих целях все чаще применяется и используется достаточно эффективный способ мониторинга среды – биоиндикация, т.е. применение живых организмов для оценки состояния окружающей среды.

Микроорганизмы – наиболее быстро реагирующие на изменение окружающей среды биоиндикаторы. Их развитие и активность находятся в прямой связи с составом органических и неорганических веществ в среде, так как микроорганизмы способны разрушать соединения естественного и антропогенного происхождения.

Таким образом, можно сделать вывод, что микроорганизмы в качестве биоиндикатора состояния природной среды являются достаточно информативными. Применение биоиндикаторов дает возможность получить первое представление о состоянии окружающей среды.

Ключевые слова: биоиндикация, микроорганизмы, природная среда, инфузории, простейшие, водоем, планктон.

А.М. Аскарова¹

¹магистр, оқытушы,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ТАБИҒИ ОРТАНЫҢ АСТАНУЫНЫҢ БИОИНДИКАЦИЯСЫ

Аңдатпа

Соңғы жылдарда антропогендік әсерлерден туындаған қоршаған ортаның жай-күйінің өзгеруін бақылау өте маңызды. Осы бақылаулар мен болжамдардың жүйесі қоршаған ортаның мониторингінің мәні болып табылады. Осы өзгерістерді зерттеу үшін қоршаған ортаны бақылаудың ең тиімді жолы – биоиндикация, яғни, қоршаған ортаның жағдайын тірі ағзалардың реакциясы бойынша бағалау.

Микроорганизмдер қоршаған ортаның өзгеруіне ең тез жауап беретін биоиндикаторлар. Олардың дамуы мен атқаратын қызметі қоршаған ортадағы органикалық және бейорганикалық заттардың құрамымен тікелей байланысты, себебі микроорганизмдер табиғи және антропогендік шыққан қосылыстарды бұзуға қабілетті.

Осылайша, микроорганизмдер табиғат ортаның биоиндикаторы ретінде өте ұтқыр деген тұжырым жасауға болады. Биоиндикаторды қолдану қоршаған ортаның жағдайы туралы алғашқы алғашқы ақпараттарды алуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: биоиндикатор, микроорганизмдер, табиғи орта, инфузория, қарапайымдылар, су қоймасы, планктон.

A.M.Askarova¹

¹master, teacher,

*Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

BIOINDICATION OF NATURAL ENVIRONMENT

Abstract

Recently, observations of changes in the state of the environment caused by anthropogenic impact are highly relevant. The system of these observations and forecasts is the essence of environmental monitoring. For these purposes, an increasingly effective way to monitor the environment is increasingly being used and used - bioindication, i.e. the use of living organisms to assess the state of the environment.

Microorganisms are the most rapidly responding to environmental change bioindicators. Their development and activity are directly related to the composition of organic and inorganic substances in the environment, since microorganisms are capable of destroying compounds of natural and anthropogenic origin.

Thus, we can conclude that microorganisms as a bioindicator of the state of the natural environment are quite informative. The use of bioindicators makes it possible to get a first impression of the state of the environment.

Keywords: bioindication, microorganisms, natural environment, ciliates, protozoa, pond, plankton.

В 1902 году ботаник Р.Кольковиц и зоологом М.Марссоном[1] была предложена система биологического анализа качества вод, впоследствии ставшая классической. Исследователи предложили дать двум основным группам показательных организмов-антагонистов название сапробионты (от греч. sargos - гнилой) для обитателей сточных вод и катаробионты (от греч. kathargos – чистый) для организмов, населяющих исключительно чистые воды. Под сапробиальностью авторы понимали способность организмов развиваться при большем или меньшем содержании в воде органических загрязнений. В 1908-1909гг. Кольквиц и Марссон опубликовали обширные списки показательных растительных и животных организмов, которые в дальнейшем многократно пополнялись и уточнялись[2].

Инфузории служат хорошими индикаторами качества воды в водоеме. Исследование показывает, что они первыми реагируют на всякое изменение в водной среде. В последнее время эта способность простейших находит признание у специалистов гидробиологов, но, с нашей точки зрения, еще не оценена в полной мере. Биологическому анализу определения качества воды по составу и

численности организмов, населяющих водоемы, уделяется в настоящее время большое внимание.

Основатели системы сапробных организмов – Р.Кольквиц и М.Марсон [1] для оценки степени загрязнения водоемов органическими веществами установили четыре зоны загрязнения: поли-, α -мезо, β -мезо и олигосапробную.

1. Полисапробная зона характеризуется обилием нестойких органических веществ и продуктов их анаэробного распада, значительным количеством белковых соединений. Свободный кислород почти отсутствует, вследствие чего биохимические процессы носят восстановительный характер. В воде накапливаются сероводород, углекислота, метан, аммиак. Основу населения составляют сапрофитные бактерии, численность которых достигает многих сотен миллионов клеток в 1 мл воды. Число видов, обитающих в полисапробных водах, невелико, но развиваются они в огромных количествах.

2. α -Мезосапробная зона по характеру биохимических процессов близка к полисапробной, но здесь уже присутствует свободный кислород, сероводород и метан отсутствуют.

3. β -Мезосапробная зона отличается от предыдущих преобладанием окислительных процессов над восстановительными. Благодаря интенсивному фотосинтезу многочисленных растений летом воды бывают перенасыщены кислородом.

4. Олигосапробная зона полностью свободно от загрязнения и обычно перенасыщена кислородом. Население наиболее разнообразно в видовом отношении, но количественно значительно беднее, чем в предыдущих зонах.

Из приведенных характеристик зон сапробности следует, что по мере ухудшения качества воды таксономический состав гидробионтов становится беднее, в то время как численность отдельных видов возрастает и в полисапробной зоне может быть. Предложенный принцип деления водоемов на олиго-, β - , α -мезо и полисапробные зоны нашел широкое применение в европейских странах. Списки организмов – индикаторов сапробного состояния – постепенно пополняются, уточняется принадлежность отдельных видов к тому или иному ряду сапробности. Значительно расширен список Кольквица и Марсона русскими учеными Г.И.Долговым и Я.Я. Никитинским [3], пересмотрен В.И. Жадиным и А.Г.Родиной [4], а также Р.Шрамеком-Гушеком [5], который первый сделал попытку дать количественную характеристику сапробности для отдельных видов. В последние годы существенный вклад в совершенствование индикаторов – простейших был сделан Г.Либманом [6], М.Зелинкой и П.Марваном [7]. Наиболее полный список организмов – индикаторов в книге В.Сладечке [8].

Простейшие являются показателями степени загрязненности пресных водоемов. Каждому виду простейших животных необходимы для существования определенные условия. Одни простейшие живут только в чистой воде, содержащей много растворенного воздуха и не загрязненной отходами фабрик и заводов; другие приспособлены к жизни в водоемах средней загрязненности. Наконец, есть и такие простейшие, которые могут жить в очень загрязненных, сточных водах. Таким образом, нахождение в водоеме определенного вида простейших дает возможность судить о степени его загрязненности.

Многие виды простейших служат индикатором качества воды, в особенности степени ее загрязнения. Для оценки качества воды, пользуясь шкалой сапробности, выделяют среди видов, встречающихся в водоеме, ведущие организмы с точки зрения указания на ту или иную степень чистоты воды.

Таблица-1. Уровни сапробности и трофности вод

Уровни сапробности	Ступени трофности	Примеры ведущих организмов (только из числа протистов*)
Полисапробный: очень сильное органическое загрязнение, мало кислорода, много бактерий, видовой состав беден, численность особей высокая	Политрофная: очень большой избыток питательных веществ (гниющие воды)	Ж: Hexamita, Trepomonas С: Pelomyxa, Vahlkampfia И: Caenomorphia, Colpidium, Epalxella, Lacrymaria, Metopus, Vorticella
α -Мезосапробный: значительное органическое загрязнение, мало кислорода; видовой состав богат, численность особей высокая	Эвтрофная: много питательных веществ, много фотосинтезирующих протистов	Ж: Bicoeca, Bodo, Chilomonas И: Carchesium, Chilodonella, Paramecium, Urocentrum

В-Мезосапробный: слабое органическое загрязнение, много кислорода; видовой состав богат		Ж: Dinobryon, Synura С: Amoeba, Echinospaerium И: Euplotes, Halteria, Spirostomum, Stenor
Олигосапробный: чистая, богатая кислородом вода; видовой состав беден, численность особей низкая	Олиготрофная: мало питательных веществ	Ж: Diplosiga С: Acanthocystis, Mayorella И: Dileptus, Strobilidium, Thuricola

* Ж – жгутиконосцы, С – саркодовые, И – инфузии.

Для оценки качества воды привлекают индекс разнообразия и численные отношения отдельных видов в сообществе простейших.

Конечно, при пользовании указанными методами оценки наряду с протистами учитываются также водоросли, высшие растения и многоклеточные животные.

Оценка качества воды водоемов и водотоков может быть проведена с использованием физико-химических и биологических методов. Биологические методы оценки – это характеристика состояния водной экосистемы по растительному и животному населению водоема.

Методы биоиндикации, позволяющие изучать влияние техногенных загрязнителей на растительные и животные организмы и неживую природу, являются наиболее доступными. Биоиндикация основана на тесной взаимосвязи живых организмов с условиями среды, в которой они обитают. Изменения этих условий, например повышение солености или рН воды, может привести к исчезновению определенных видов организмов, наиболее чувствительных к этим показателям и появлению других, для которых такая среда будет оптимальной. Различные виды живых существ показывают, чем загрязнена окружающая среда. Какой бы совершенной ни была современная аппаратура, она не может сравниться с «живыми приборами», реагирующими на те или иные изменения, отражающими воздействие всего комплекса факторов, включая сложные соединения различных ингредиентов.

Любая водная экосистема, находясь в равновесии с факторами внешней среды, имеет сложную систему подвижных биологических связей, которые нарушаются под воздействием антропогенных факторов. Прежде всего влияние антропогенных факторов, и в частности, загрязнения отражается на видовом составе водных сообществ и соотношении численности слагающих их видов. Биологический метод оценки состояния водоема позволяет решить задачи, разрешение которых с помощью гидрофизических и гидрохимических методов невозможно. Оценка степени загрязнения водоема по составу живых организмов позволяет быстро установить его санитарное состояние, определить степень и характер загрязнения и пути его распространения в водоеме, а также дать количественную характеристику протекания процессов естественного самоочищения.

Использование инфузорий в качестве индикаторов сапробного состояния водоема кажется нам очень удобным и целесообразным. Зная массовые формы для того или иного сезона, – а их, как правило, всего несколько видов, – можно в полевых условиях, имея обычный микроскоп, очень быстро, в течение получаса, дать характеристику сапробности водоема. Метод определения сапробности водоемов по простейшим нельзя считать вполне разработанным, но он успешно совершенствуется в последние годы.

Приводим список характерных видов инфузорий, их численность и биомассу по сезонам, свидетельствующих о благополучном состоянии водоема.

Весна: *Tintinnidiumfluviatile*, *Strombidiumviride*, *Codonellacratera*, *Strobilidiumvelox*, *Tintinnopsisicylindrata*, *Stokesiavernalis*, *Phascolodonvorticella*; численность 2 млн. экз./м³, биомасса 200 мг/м³.

Лето: *Tintinnidiumfluviatile*, *Clopeshirtus*, *Tintinnopsisicylindrata*, *Strobilidiumvelox*, *Strombidiumviride*, *Codonellacrater*; численность 1.5 млн. экз./м³, биомасса 100 мг/м³.

Осень: *Tintinnidiumfluviatile*, *Strombidiumvelox*, *Stokesiavernalis*, *Codonellacratera*, *Amphileptustrachelioies*, численность 1.5 млн. экз./м³, биомасса 50 мг/м³.

В результате анализа существующих методов биоиндикации, по оценке загрязнения поверхностных вод можно выделить основные достоинства и недостатки.

Все перечисленные методы биоиндикации широко используются для оценки антропогенного воздействия на биоценозы наземных и водных экосистем. При любых неблагоприятных условиях разнообразие видов в биоценозе уменьшается, а численность устойчивых видов возрастает.

Кроме этого методы биоиндикации имеют общие недостатки:

- численность большинства организмов имеет четко-выраженную сезонность, и зависят от погодных условий;
- для большинства методов требуются квалифицированные специалисты в определении видов живых организмов. Наряду с методами биоиндикации необходимо применение и метода биотестирования, для выявления и оценки действия факторов (в т.ч. и токсических) окружающей среды на организм, его отдельную функцию или систему организмов.

В настоящее время методики биоиндикации и биотестирования не имеют общепризнанной системы биологического анализа и нет требований, которым должна отвечать эта система. Существующая ныне система индикаторных организмов не универсальна для всех материков, наиболее применима она в европейской части Палеарктики. Более того, первоначальный смысл термина «сапробность», как способность организмов обитать в загрязненных органическими веществами водах, утрачен из-за повсеместного преобладания промышленных загрязнений над бытовыми стоками, относительно которых изначально строилась система Кольквица-Марссона, но, несмотря на это, термин продолжает использоваться в смысле общего загрязнения.

Список использованной литературы:

- 1 Kolkwitz R., Marsson M. *Ökologie der pflanzlichen Saprobien* // 'Berichte der Deutschen Botanischen Gesellschaft,' Band 26a, 1908. – P.505-519.
- 2 Kolkwitz M. Marsson: *Ökologie der tierischen Saprobien. Beiträge zur Lehre von der biologischen Gewässerbeurteilung* // 'Internationale Revue der gesamten Hydrobiologie und Hydrographie,' Band 2., 1909. – P.126-152.
- 3 Гальцова В.В., Дмитриев В.В. *Практикум по водной экологии и мониторингу состояния водных систем* // Санкт-Петербург, 2007. – С.166-170.
- 4 Хаусман К., Мулиш М., Петтерсона Д. *Протозология*. – Москва «Мир», 1988. – С.326.
- 5 Мамаева Н.В. *Инфузории бассейна р. Волги*. – Ленинград: «Наука», 1979. – С.140.
- 6 Инфузории Ф.Г. Каспийского моря. – Ленинград: «Наука», 1983. – С.218.
- 7 Суханова К.М. *Адаптации простейших к факторам внешней среды: полиморфизм вида и популяций по признаку теплоустойчивости* // Вопросы экологии простейших, 1978. – Вып.3. – С.26-38.
- 8 Мамаева Н.В. *Инфузории и их значение в планктоне водохранилищ* // Круговорот вещества и энергии в озерах и водохранилищах. – М.: Наука, 1973. – С.23-31.

References:

- 1 Kolkwitz R., Marsson M. *Ökologie der pflanzlichen Saprobien* // 'Berichte der Deutschen Botanischen Gesellschaft,' Band 26a, S. - 1908. – P.505-519.
- 2 Kolkwitz R., Marsson M.: *Ökologie der tierischen Saprobien. Beiträge zur Lehre von der biologischen Gewässerbeurteilung* // 'Internationale Revue der gesamten Hydrobiologie und Hydrographie,' Band 2.-1909. – P.126-152.
- 3 Galcova V.V., Dmitriev V.V. *Praktikum po vodnoj ekologii i monitoringu sostoyaniya vodnyx system*. – Sankt-Peterburg, 2007. – С.166-170.
- 4 Xausman K., Mulish M., Pettersona D. *Protozoologiya*. – Moskva: «Mir», 1988. – С.326.
- 5 Mamaeva N.V. *Infuzorii bassejna r. Volgi*. – Leningrad: «Nauka», 1979. – С.140.
- 6 Infuzorii F.G. *Kaspijskogo moray*. – Leningrad «Nauka», 1983. – С.218.
- 7 Suxanova K.M. *Adaptacii prostejshix kfaktoram vneshnej sredy: polimorfizm vida i populyacij po priznaku teploustojchivosti* // Voprosy ekologii prostejshix, 1978. – Vyp. Z. – S.26-38.
- 8 Mamaeva N.V. *Infuzorii i ix znachenie v planktone vodoxranilishh* // Krugovorot veshhestva i energii v ozerax i vodoxranilishhax. – M.: Nauka, 1973. – S.23-31.

С.А. Әбдірасіл¹, З.С. Кенжебаева²

¹2 курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²б.ғ.к., профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ТОРҒАЙ ӨҢІРІНІҢ ФЛОРАСЫНА ТАЛДАУ ЖАСАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада Торғай өңірі флорасына жан-жақты түгендеу жасалып, сирек кездесетін және эндемикалық өсімдіктерінің таралу ерекшеліктері және оны қорғау жолдары ұсынылған. Негізінен бұл өңірде сазды шөлейт, құмды, тастақты шөлейтті аймақтар болғандықтан, сол жерлерге тән өсімдіктер түрлері көптеп өседі. Сонымен қатар осы өңірдің өсімдіктерінің басым көпшілігі шаруашылық – бағалы өсімдіктер екендігіне көз жеткізіп отырмыз. Ол өсімдіктерден көптеген және әр қилы пайдалы, бағалы өнім түрлерін өндіріп алуға болады екен. Соның ішінде ең көп таралғаны дәрілік өсімдіктер тобы мал азықтық өсімдіктер тобы және тағамдық өсімдіктер тобы деп білеміз. Ал витаминдік, бояу өндірілетін, илік заттар, бал өндірілетін, улы өсімдіктер аздап болса да кездеседі. Зерттеу жұмысы барысында Торғай өңірі бойынша барлығы өсімдіктің 120-дай түрі жинақталды. Торғай өңірінің өсімдік түрлерін әрі қарай жинақтау, олардың бағалы өнім өндірілетін түрлерін топтастыру орасан және ұзақ еңбек студі талап етеді.

Зерттеу нәтижелері бойынша зерттелген аймақтың пайдалы өсімдіктер қоры анықталды. Сирек кездесетін немесе қоры азайып бара жатқан пайдалы өсімдіктерді қорғау және жерсіндіру шаралары қарастырылған.

Түйін сөздер: флора, дәрілік өсімдіктер, Торғай өңірі, жусан, эндемик, шөл және шөлейт аймақтар, изен, шаруашылық, тұқымдас, шикізат.

Абдирасил С.А.¹, Кенжебаева З.С.²

¹магистрант 2 курса,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

²к.б.н., профессор,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

АНАЛИЗ ФЛОРЫ ТУРГАЙСКОГО РЕГИОНА

Аннотация

В статье представлена всесторонняя инвентаризация флоры Тургайского региона, особенности распространения редких и эндемичных растений и пути их защиты. В основном, в этом регионе растут растительные виды, характерные для них, так как это суглинистые пустынные, песчаные, каменистые пустынные зоны. Кроме того, мы видим, что большинство растений этого региона являются хозяйственно – ценными растениями. Из этих растений можно производить множество и разнообразных полезных, ценных видов продукции. Наиболее распространенным среди них является группа лекарственных растений-группа кормовых растений и группа пищевых растений. А витаминные, красочные, гелевые вещества, мед, ядовитые растения встречаются даже в небольших количествах. Всего в ходе исследований по Тургайскому региону собрано около 120 видов растений. Дальнейшее накопление растительных видов Тургайского региона, консолидация их видов, где производится ценная продукция, требует огромного и длительного труда.

По результатам исследования выявлены запасы полезных растений исследуемого региона. Предусмотрены меры по защите и акклиматизации редких или исчезающих запасов полезных растений.

Ключевые слова: флора, лекарственные растения, Тургайский регион, полынь, эндемик, пустынные и полупустынные регионы, кохия, хозяйственный, семейства, сырье.

Abdirassil S.A.¹, Kenzhebayeva Z.S.²

*¹master student os 2 course,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²c.b.s., professor,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

THE FLORA ANALYSIS OF TURGAI REGION

Abstract

The article presents a comprehensive inventory of the flora of the Turgay region, especially the spread of rare and endemic plants and ways to protect them. Basically, in this region grow plant species characteristic of them, as it is loamy desert, sandy, rocky desert areas. In addition, we see that most of the plants in this region are economically valuable plants. From these plants it is possible to make a set and various useful, valuable types of production. The most common among them is a group of medicinal plants—a group of forage plants and a group of food plants. A vitamin, colorful, helium substances, honey, poisonous plants are found even in small quantities. In total, in the course of research on the Torgai region, about 120 species of plants were collected. Further accumulation of plant species of the Turgay region, consolidation of their species, where valuable products are produced, requires a huge and long work.

The results of the study revealed, the reserves of useful plants of the studied region were revealed. Measures are provided for the protection and acclimatization of rare or endangered stocks of useful plants.

Keywords: flora, medicinal plants, Turgay region, wormwood, endemic, desert and semi-desert regions, Koch, economic, families, raw materials.

Торғай жазығының бүгінгі бейнесі, оның көптеген құрғақ аңғарлар мен қолаттары, толып жатқан үзік – үзік сандық таулары бар шайынды жер беті қазіргі климаттың жағдайларына сәйкес келмейді, қайта қалдық түзілім түрінде көрінеді. Торғай жазығының оңтүстік бөлігінде бетегелі – жусанды шөлейт, ал солтүстігінде бозды – бетегелі алқап басым. Жазық, әрі тұзды болып келуінің салдарынан бүкіл территорияда галофиттер кең тараған. Оңтүстік бөлігінде жусан – ақ, қара және боз жусан өте көп. Бұл бөліктегі сортаңдар территорияның жартысына жуығын алып жатыр. Бұларда сораң шөптер – көкпек, бұйырғын және басқалар басым. Солтүстігінде Лессингтің бетегесі, сарептский, көптеп ақ жусан, бидайық кездеседі. Далалық-шөлейт аймақ өсімдігінің Торғай өңірінде таралуын, сиреп бара жатқан түрлерін және әр түрінің қасиеттерін және оның бөлімдерге бөлінуін, пайдасы мен зиянын зерттеу, мұғалімдер, мал дәрігерлері, студенттер, оқушылар болсын, далалық-шөлейт аймақ өсімдігінің көбеюі мен өсіп жетілу кезеңінің, қай мерзімде пайдалану керектігін жақсы білулері керек. Осыған байланысты, Торғай өңірінде өсетін пайдалы өсімдіктер, олардан алынатын өнімдер туралы кең мағлұматтар жинақтап, сол өсімдіктердің шаруашылық-бағалы, ағамдық, витаминді, дәрілік және бал өндірілетін, жем шөпті, улы, бояу және илік заттар өндірілетін түрлерін тауып жинақтау, зерттеу жұмыстың көкейтесті мәселесі болып табылады. Тосын, Қызбел өңірінде шөптің 100-ге жуық түрі өседі. Ал Жангелді ауданындағы Шиелі савхозынан Ленинградтық ғалымдар 140 түрін тауып, гербарий жасаған. Қазіргі Аманкелді, Амантоғай, Жангелді, Арқалық аудандарының территориясында шөптердің сирек тұқымы әлі де кездеседі: балықоты, бәйшешек, бидайық, бетеге, беде, еркек, өрбен, жусан жұпарбас, жүрекше, жербас, жасымық тағы да басқалары.

Бұл өңірдің ылғалы мол ойпат жерлерінде өскендіктен, кейде өзгеріп тұратын еркекшөп, арпабас, бидайық, өзен жағалауына жақын жатқан жазықтарға шығатын өлеңшөп, долана, ұшқап, шетен, ырғай шайшөп тағы да басқа өсімдіктерге әлі де бай. Шеңгел, түйетабан, қазоты, кәріқыз, киікоты

тобылғы секілді дәрілік өсімдіктер де өседі. Ал бұл жердің қамысы әрі биік, әрі жуан, әрі жалпақ бұтақтап өседі. Сол сияқты осы далада сексеуіл, мойыл, тобылғы, арша, жыңғыл сияқты сирек кездесетін ағаш бұта түрлері де бар. Торғай өңірінде сирек өсімдіктер түрлерінің әлі де сақталып, әлі де кездесіп отыратындығының дәлелі [1].

Торғай жерлерінде дәрілік, тағамдық, витаминді, мал азықтық, улы т.б. шөптесін және ағашты-бұталы өсімдіктер кездеседі. Дәрілік өсімдіктерден итмұрын, андыз. Қазақстанның «қызыл кітабына» енген адонис т.б. кездеседі.

Жангелді ауданының жері құмды, сортаңды болғандықтан, сондай шөлейтті жерлерге тән өсімдік түрлері өседі. Мысалы: жүзгін, итсигек, бұйырғын, жалбызды пияз, сарсазан, изен. Сарыторғай жері Торғай өңіріндегі ең өсімдік түрлеріне бай жерлердің бірі. Ол жерлерде шөптесін өсімдіктердің алуан түрлілігімен қатар ағаштар мен бұталы өсімдіктердің түрлері де көп. Мысалы, ағаштардан: тал, қайың, бұталы өсімдіктерден: итмұрын тобылғы, жиде, сиыр бүлдірген, қара шағыр, ақ шағыр, арша, мойыл, ұшқат. Жайлаудағы шөптесін өсімдіктерден: жусан, боз жусан, көкпек, боз изен, бетеге, андыз өсімдігі. Осы Сарыторғай маңайында ғана өсетін өсімдіктерден шаруашылыққа пайдасы мол өсімдіктерде көптеп кездеседі. Қара андыз өсімдігінің екі түрі болады: аталығы және аналығы. Аналығын әйелдер, аталығын еркектер ем түрінде пайдалануға болмайды. Атқұлақ – іш ауруына пайдаланылады. Меңдуана – тістің құртын түсіреді, ісіктерге ем түрінде пайдаланылады [2].



Сурет-1. Сұр топырақты жусан

Солтүстік сазды шөлейттердің ішіндегі ерекше өсімдіктердің бірі – сұр топырақты жусан. Ол үлкен емес бұта түрінде өседі, түсі күлгін жасыл. Ешбір құбылысы өзіне ерекше назар аудартапайды. Тек осы жусанмен танысу үшін оны күрекпен қазып алған жақсы. Өсімдіктің тамыры жуан, мықты, ағаш сияқты топыраққа терең кетеді, оны тұтасымен аламын деу әрине мүмкін емес, ол бірнеше метрге дейін ұзын. Жусандардың жер асты мүшесі қуаттылығымен және салмағымен жер үстіндегі бөлігінен едәуір артық болады. Бұл шөлейтті өсімдіктерге тән ерекшелік. Олардың ең басты бөлігі жерде болады. Жусан тамырынан жоғары қарай бірнеше жер үсті сабақтары кетеді. Ең төменгі бөлігі топырақтың жоғарғы бетінде, олар өте мықты, ағаш тәрізді жуан шыбықтарды еске түсіреді. Жоғары сабақтары көп жіңішке және жұмсақ, оларда ұсақ жапырақтар көрініп тұрады. Сабақтың жоғарғы жапырақты бөлігі тіпті жас, оған небары бірнеше жеті немесе бірнеше ай болуы мүмкін екенін аңғару қиын емес. Төменгі ағаш тәрізді бөлігі анағұрлым кәрі екенін көреміз, оған бірнеше жыл болады. Осы және басқа бөлігінің алдағы тағдыры мүлде әртүрлі. Сабақтың жас бөлігі қыста өліп қалады, ал кәрілері сақталып қалады, келесі көктемде жаңа жас бұтақ шығады. Сондықтан жусанның тек сабағы ғана көп жылдық, ағаштар мен бұталардікі сияқты, ал қалған бөлігінің өмір сүруі бір жыл, шөптөктес сияқты осындай түрдегі өсімдіктер көп кездеседі [3].



Сурет-2. Қара немесе жапырақсыз сексеуіл

Солтүстік сазды шөлейтте қара немесе жапырақсыз сексеуіл кездеседі. Бұл азғантай ғана кездесетін ағаштардың бірі, бұл тек шөлейтті жерде ғана өсе алады. Сексеуіл таңқаларлықтай төзімді, ол аса қатты қуаңшылыққа, қапырыққа, тұзды топыраққа қабілетті. Солтүстік сазды шөлейттегі ең маңызды өсімдіктер осылар. Сондықтан шөлейтте жусан және алабота тұқымдасының өкілдері ғана кездеседі. Шөлейттің бұл түрі тұзды – жусан деп аталады.

Енді оңтүстік сазды шөлейттерге назар аударамыз. Өсімдік өмірінің жағдайы және өсімдіктің өз жамылғысы бұл жерде солтүстіктегіге қарағанда мүлдем өзгеше. Оңтүстік шөлейттің сыртқы көрінісі өсіп-өну кезеңінде қатты өзгереді. Көктемде жауын – шашын кезде және толығымен күн жылығанда, топырақ шалғын сияқты жасыл шөптермен кілем тәрізді жамылады. Жазда құрғақшылық басталысымен өсімдіктер түгелімен күйіп кетеді. Топырақтың жоғарғы беті әдетте құрғақ және тас тәрізді қатты болады. Онда ешқандай өсімдіктер қалмайды. Осылай жылына тоғыз айға жуық жалғасады [4].



Сурет-3. Изен

Жартылай бұта, ксерофит, шөл – далалық. Дала, құм, сор, тасты, құлама жар, баурайларда кездеседі. Әсіресе ақ жусанды және астықты ақжусанды бірлестіктерде жиі кездеседі. Құрғаққа төзімді, тұзға төзімді, топырақ тандамайтын өсімдік. Тамыр жүйесі 7-8 м-ге жетеді. Барлық малдар жақсы жейді. Жасыл массасында қыркүйекте (18 IX - 43 мг % С витамині болады (Цыгановка, 1971ж). Каротин аз – 4,7 – 39,6 мг/кг, әсіресе ерте көктемде (наурыз) және күзде. Анемофильді өсімдік. Изеннің бір данасы 73 млн. Тозаң дәнекерің береді. Гүлдеп тұрған өсімдіктен 1 км қашықтықтағы ауада осындай сандық тонның 9% болады (Моноезон, 1959ж). 12-28% күл, 9-14% протеин, 26-35% целлюлоза, 1,5-2,2% май, 38-43% экстрактылы азотсыз заттар бар. Күлі кальцийге бай, бұл жағанан изен бұршақ тұқымдастарға жақын, сондықтан изен сортаң жерлерді мелиорациялауға әсер етеді (Фартушина). Изенді мамыр айында және күзде екі рет шауып алуға болады (Ларин). Жаппай гүлдеуі 2,5-3,5 айға созылады. Құрғақ кезендерде изеннің тіршілік әрекеті жусанға қарағанда жоғары. Өсімдікте сода сәуір айында (14 ІҮ) – 72 % мамырда (9-15Ү) – 63%, маусымда (14-23ҮІ) – 59% (Климочкина, 1948 ж) [5].



Сурет-4. Дәрілік түймедақ

Дәрілік түймедақ – биіктігі 30-40 сантиметрге дейін жететін бір жылдық өсімдік. Сабағы түзу, көп салалы. Жапырақтары сопақшалау. Олар сабаққа кезектесіп, жарыса орналасқан және құстың қауырсыны тәрізденіп, жіңішке жапырақтарға тілімделген. Гүл тостағаншасының ортасында орналасқандары сары түсті, ал шеті ақ түсті. Гүл тәжісі 5 жапырақшадан тұрады. Бұл өсімдік мамыр айынан бастап қазан айына дейін гүлдейді, әбден пісіп жетілгенде қоңыр түсті тұқым шашады.

In the conditions of the park, it is necessary to strengthen measures for the reproduction of indigenous species, such as the *Schrenk spruce*, the common apricot and the Sivers apple tree, and also to prohibit the introduction of those plant species that damage the main plant species. Forest restoration measures should also be increased, for example, planting forests with pre-plant soil cultivation, cherish for planting and replenish the composition of forest crops. Since the Republic of Kazakhstan is a party to the Convention on the Conservation of Biological Diversity, as well as the purity of the gene pool of plants, the park's

employees are eager to reproduce natural complexes naturally. This includes strengthening conservation measures, as well as methods to promote the natural renewal of forests (spruce, wild fruit, deciduous).

A separate article on the conservation of the park's biodiversity is the strengthening of the regime for protecting the park's territory, limiting grazing, haymaking, recreational loads, constant struggle against poaching, and a set of biotechnical measures that create ecological prerequisites for increasing the number of wild animals, preserving cenoses and gene pool of rare plant species. It is necessary to ensure that the number of species, including the "Red Book" species, is at a relatively stable level with a growth trend in the future.

Conclusion.

Recreational resources have certain reserves. We can talk about their exhaustibility, which is theoretically determined by the threshold of the load on them, above which resources either change significantly towards a lesser attractiveness, or degrade. Overexploitation of resources has sometimes led to destruction of resources.

Thus, mass tourism poses a practical and scientific problem of linking nature conservation with the principle of the universality of valuable natural complexes [23, 24]. In the scientific aspect, this problem is expressed primarily by the concept of the recreational capacity of natural complexes. In practical terms, it means that the basis for recreational planning, design and operation of natural complexes should be based on scientifically grounded norms of loads on the environment [25]. Negative consequences for natural complexes have also subjective reasons for their degradation. Among them, in particular, is the poor culture of behavior of the recreants.

The Ile-Alatau National Park makes a significant contribution to the conservation of the biological diversity of the southeast of the country. Therefore, the optimization of recreational nature management is possible on the basis of a comprehensive geocological approach, which includes assessment of the functional suitability of territories for various types of recreational nature management, the study of the structure of recreational nature management, the analysis of the ecological situation on recreational sites, the resolution of conflicts between environmental and recreational use of nature, the development of measures to optimize the recreational nature management both at the regional and local levels [26, 27]. Various aspects of the recreational potential of the Ile-Alatau National Park are presented. It is necessary to preserve the most important thing that attracts tourists in the national park: a full-fledged recreation in nature and ecological tourism [28, 29].

On the basis of the conducted researches the following conclusions are made.

It is necessary to avoid the loss of valuable for the organization of treatment and recreation properties and reduce the recreational capacity of the Ile-Alatau SNNP due to the close location of the country's largest city.

It is also necessary to consolidate the inter-settlement areas in the park area, because the territories belonging to it are insufficient to ensure the reproduction and normal use of the entire complex of recreational resources.

It is necessary to monitor the deforestation of forests exceeding permissible standards, as this reduces the attractiveness of natural complexes. In the case of the Ile-Alatau SNNP, it is required to combine recreation with other types of economic activities to maintain certain proportions in order to ensure the most favorable conditions for the rest of the population.

The applied task of this park should be to develop the basics of recreational nature management, which would include studying the structure, dynamics and forecast of landscape development in relation to the interests of travelers. In its competence should also include issues of reasonable development, transformation and conservation of nature.

To develop the technology of rational recreational nature management of the Ile-Alatau Park, it is necessary to add to the task of protecting natural and territorial complexes the development of principles and methods of territorial organization of this recreational area in order to achieve the maximum correspondence of recreational resources to recreational needs [30].

In Ile-Alatau SNNP it is necessary to develop nature protection work in tourism: to carry out the obligatory purposeful activity of tourist-excursion enterprises in the field of ecological education, protection of landscape objects, their reclamation and restoration using specific means and methods of tourism and excursions.

Thus, the use of the geocological approach will allow maintaining an optimal balance between the recreational use of the Ile-Alatau National Park and the preservation of its natural qualities. It is also possible to optimize the recreational nature management, preserving its recreational potential with its sustainable use [31, 32, 33].

References:

- 1 Divisekera S. 2003. A model of demand for international tourism // *Annals of Tourism Research*. Vol. 30. No. 1. P.31-49.
- 2 Durbarry R., Sinclair M.T. 2003. Market shares analysis. The case of French tourism demand // *Annals of Tourism Research*. Vol. 30. No. 4. P. 927-941.
- 3 In'iges JL, Mironenko N.S., Milanova E.V. (1980) Experience of landscape and recreational analysis of the territory (on the example of Vinyaes region) (In Russian) *Vestnik MGU. Seriya geografiya*, 5:78-85.
- 4 Komarova N.G. (2010) *Geoecology and nature management* (In Russian). – Moskva, 256.
- 5 De Mello M., Pack A., Sinclair M.T. 2002. A system of equations model of UK tourism demand in neighboring countries // *Applied Economics*. Vol. 34. No. 4. P.509-521.
- 6 Sajfullina E.N. (2008) *Geography and geoecological assessment of recreational and tourist facilities in the south of the Western Urals (within Bashkortostan)* (In Russian). Ufa, Vagant, 168.
- 7 Kotler F., Bowen J., Meikens J. 2005. *Marketing for Hospitality and Tourism*. – M.: UNITI. – 1046 p.
- 8 Blake A. A Computable General Equilibrium model of tourism in Spain. Christel DeHaan Tourism and Travel Research Institute, University of Nottingham Business School, UK. 2000. – 216 p.
- 9 Bazarbayeva T.A. (2014) *Geoecology* (In Kazakh). KazNU, 255.
- 10 Fatkullin R.A., Sannikova E.N., Fajzullina A.A., Turikeshev G.T. (2002) *Natural resources of the Republic of Bashkortostan and their recreational use* (In Russian). *Bioraznoobrazie i bioresursy Srednego Povolzh'ya i sopredel'nyh territorij*, 3:268-269.
- 11 Sajfullina E.N., Fatkullin R.A. (2006) *Methods of recreational zoning of the Western Ural region of Bashkortostan* (In Russian). *Vestnik BGPU*, 4:90-95.
- 12 *Temporary methodology for determining recreational loads on natural complexes in the organization of tourism, excursions, mass casual rest and time norms of these loads (1987)* (In Russian). Goskomitet po lesnomu hozyajstvu, Moskva, 34.
- 13 GOST 56-100-95. (1995) *Methods and units of measurement of recreational loads on forest natural complexes* (In Russian). Moskva, 14.
- 14 Chizhova V.P. (2004) *Estimation of permissible recreational loads and consequences of tourist activities on the state of natural complexes* (In Russian). Jashkar-Ola: MarGTU, 304-335.
- 15 Electronic resource. URL: <http://turizm-zhetysu.gov.kz/?p=630&lang=ru>. Almaty Tourism Department. Ile-Alatau State National Nature Park (In Russian)
- 16 Electronic resource. URL: <http://www.fhc.kz/forest/26/4833>. The official Internet resource of the Committee for Forestry and Wildlife of the Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan. Ile-Alatau State National Nature Park (In Russian)
- 17 Egorov V.G. (1997) *Ile-Alatau State National Natural Park* (In Russian). *Vestnik «Zelenoe spasenie»*, Almaty, 80.
- 18 Aktymbaeva A.S. (2017) *Assessment of natural tourist and recreational resources of SNNP "Buiratau"* (In Russian). *Vestnik KazNU. Seriya Geografiya*, Vol 44, 1:213-224.
- 19 Grudzinskaya L.M., Gemedzhieva N.G. (2012) *List of medicinal plants in Kazakhstan* (In Russian). Almaty, 139.
- 20 Electronic resource. URL: <http://esgrs.org/?p=8622>. Ecological Society "Green Salvation". Ile-Alatau State National Natural Park (In Russian).
- 21 Baypakov K.M., Taymagambetov ZH.K. (2006) *Archeology of Kazakhstan* (In Russian). Kazakh University, 355.
- 22 Electronic resource. URL: <http://www.ile-alatau.kz/ru/page/34> Republican state institution "Ile-Alatau State National Nature Park". *Recreational and tourist activities* (In Russian)
- 23 Song H., Witt S.F. 2000. *Tourism demand modelling and forecasting*. Oxford: Pergamon. – 178 p.
- 24 Zavadskaya A.V., Li S., Wang Y., 2009. *Environmental assessment of recreation areas: a case study in wilderness of Kamchatka (Russian Far East)* // *Progress in Environmental Science and Technology*, Vol II. – *Proceedings of 2009 International Symposium on Environmental Science and Technology* (Shanghai, China, June 2–5, 2009). – Shanghai, 2009. – P.613-620.
- 25 Drozdov A., Bazanetz L. 2010. *Ecotourism potential and Ecotour Office in Russia* // *Journal of Tourism Challenges and Trends*. 2010. Vol. III. No. 1. P. 44-56.
- 26 Bayfield N.G. 1971. *A Simple method for detecting variations in walker pressure laterally across paths* // *Applied Ecol.* Vol. 8, No. 2. – P.533-535.
- 27 Dorf R., Bishop R. 2002. *Modern Control Systems*. L.: Laboratory of Basic Knowledge. – 832 p.
- 28 Watson A., Zavadskaya A.V., Murrieta-Saldivar J. 2011. *Monitoring Recreational Impacts in*

Wilderness of Kamchatka // Science and Stewardship to protect and sustain wilderness values: Ninth World Wilderness Congress symposium; 20096-13 November; Merida, Mexico. Proceedings RMRS. – P64. – Fort Collins, CO: U.S. Department of Agriculture, Forest Service, Rocky Mountain Research Station, 2011. – P.169-177.

29 Zavadskaya A.V. 2011. Recreation monitoring of resource conditions in the Kronotsky State Natural Biosphere Reserve (Kamchatka): an initial assessment // *Geography, Environment, Sustainability*. – No. 2 (4). – P.47-58.

30 Lee J. S. 2006. *Natural Resources. Series AgriScience@Technology*. – 255 p.

31 Amirhanov M.M., Tatarinov A.A., Trusov A.D. (1997) *Economic problems of development of recreational regions (In Russian)*. *Ekonomika*, – 142 p.

32 Astrom K.J., Hagglund T. 2005. *Advanced PID Control*. ISA - The Instrumentation, Systems, and Automation Society. – 461 p.

33 Wang L., Freeman C., Rogers E. 2017. *Experimental Evaluation of Automatic Tuning of PID Controllers for an Natural System*. *IFAC-Papers OnLine*. – Vol. 50. – Iss. 1. – P.3063-3068.

ӘОЖ 39.21 06.61.53

Ж.Т. Тилекова¹, Ж.А. Нұртас²

¹г.ғ.к., доцент, tilek_zhanna@mail.ru,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²2 курс магистранты, zhazira.nurtas@mail.ru,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІ БЫҚПАЛЫ

Аңдатпа

Әлемде химия өнеркәсібінде арқа сүйеп дамуға тиісті екі мемлекет болса соның бірі – Қазақстан. Олай болу себебі еліміздің өндірістік және экономикалық әлеуетінен байқауға болады. Ал химия саласы жоғарғы деңгейде дамып отырған өңір, Шымкент қаласы. Тек қаланың экономикалық әлеуетін емес, сонымен қатар Республиканың экономикалық жағдайының өсуіне негіз болып отырған өнеркәсіп түрі. Мұнай, химия және фармацевтика өнеркәсібінде «Петро Қазақстан Ойл Продактс» АҚ (мұнай өңдеу), «Интеркомшина» (доңғалақ өңдеу), «Химфарм» (дәрі-дәрмек өндіру) сияқты ірі кәсіпорындар жұмыс істеуде. Машина жасауда «Карданвал» (автомобильдер мен тракторларға қажетті қосалқы бөлшектер өндіру), «Южмаш» (ұсталық пресс машиналарын, қосалқы бөлшектер және құрал-жабдықтар өндіру), «Электроаппарат» (қуатты электр қосқыштары және т.б. өнімдерді өндіру) кәсіпорындары бар.

Түйін сөздер: Шымкент, химия өнеркәсібі, экономика, экология, мұнай, дәрі-дәрмек, өндіріс, шикізат.

Тилекова Ж.Т.¹, Нұртас Ж.А.²

¹к.г.н., доцент, tilek_zhanna@mail.ru,

Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

²магистрант 2 курса, zhazira.nurtas@mail.ru,

Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

ВЛИЯНИЕ ХИМИЧЕСКОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ НА ЭКОНОМИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ГОРОДА ШЫМКЕНТ

Аннотация

Одной из двух стран в мире в химической промышленности является развитие, одной из которых является Казахстан. Это из-за промышленного и экономического потенциала страны. И город Шымкент, где химическая промышленность развивается на высоком уровне. Не только экономический потенциал города, но и тип промышленности, которая является основой для экономического роста республики. Крупные предприятия, такие как АО «Петро Қазақстан Ойл Продактс» (нефтепереработка), «Интеркомшина» (обработка колес), «Химфарм» (производство лекарств) работают в нефтяной, химической и фармацевтической промышленности. Имеются предприятия в области машиностроения «Карданвал» (производство запчастей для автомобилей и тракторов), «Южмаш» (производство прядильных машин, запасных частей и принадлежностей), «Электроаппарат» (производство мощных электрических выключателей и т.д.).

Ключевые слова: Шымкент, химическая промышленность, экономика, экология, нефть, медицина, промышленность, сырье.

Zh.T.Tilekova¹, Zh.A. Nurtas²

¹c.g.s., associate professor, PhD, tilek_zhanna@mail.ru,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

²master student, zhazira.nurtas@mail.ru,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

THE IMPACT OF THE CHEMICAL INDUSTRY ON THE ECONOMIC OF THE CITY OF SHEMKENT

Abstract

One of the two countries in the world in the chemical industry is development, one of which is Kazakhstan. This is due to the industrial and economic potential of the country. And the city of Shymkent, where the chemical industry is developing at a high level. Not only the economic potential of the city, but also the type of industry that is the basis for the economic growth of the republic. Large enterprises, such as JSC «Petro Kazakhstan Oil Products» (oil refining), «Intercomshina» (wheel processing), «Himfarm» (drug manufacturing) work in the petroleum, chemical and pharmaceutical industries. There are enterprises in the field of mechanical engineering «Kardanval» (production of spare parts for automobiles and tractors), «Yuzhmash» (production of spinning machines, spare parts and accessories), «Electroapparat» (production of powerful electrical switches, etc.).

Key words: Shymkent, chemical industry, economy, ecology, oil, medicine, industry, raw materials.

Шымкент – инфрақұрылымы жақсы дамыған, республикалық маңызы бар қала және Қазақстанның жетекші өнеркәсіп және экономикалық орталықтарының бірі. Қалада түсті металлургия, машина жасау, химия, мұнай өңдеу және тамақ өнеркәсібін дамытып отырған 69 өнеркәсіптік кәсіпорын бар. Халық саны бойынша елімізде 3 орын алатын қала тұрғындары химия өнеркәсіп саласында жұмыс жасайды.

Мұнай-химия өнеркәсібінің ірі кәсіпорындары: «ПетроҚазақстан Ойл Продакшн» АҚ (бұрынғы

ШНОС) мұнай өнімдерін өңдейді. «Химфарм» АҚ жаңа технологиялармен жабдықталған; 160 түрлі дәрі-дәрмек шығарады. «Шымкент-фосфор» СМС цехы-төмендетуші станцияларда құрал-жабдықтарды жөндеу, қосу-үйлестіру жұмыстарын жүргізеді.

«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» (ПҚОП) – Шымкент қаласында орналасқан, шикі мұнайды жоғары сапалы мұнай өнімдеріне өңдеумен айналысатын мұнай өңдеу бөлімшесі. ПҚОП – еліміздегі мұнай өңдеу зауыттарының ішіндегі ең жасы әрі мұнай-газ саласы бойынша көшбасшылардың бірі.

Мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында зауытта жүргізілген модернизациялау жұмысының басты мақсаты – өнім көлемін, сапасын арттыру. Жобаның бас мердігері – СРЕСС (China Petroleum Engineering&Construction Corporation) компаниясы. Төрт жыл бұрын басталған қайта жаңғырту жобасы екі кезең бойынша атқарылды. Бірінші кезеңде пайдалануға берілген изомерлеу қондырғысы еуропалық сапаға жауап беретін экологиялық санаттағы К4, К5 жоғары октанды жанармай өндіруде. Американың жетекші компаниясы құрастырған изомерлеу қондырғысының құны – 1,8 миллиард теңге. Еліміздегі бірегей жобалардың бірі саналатын изомерлеу автоматты техникасы іске қосылғаннан кейін жоғары октанды жанармайды өндіру жылына 38%-ға жетті. Бұрын бұл көрсеткіш 21-22% болатын. Ал өндірілген сұйық газдың көлемі 3%-дан 6%-ға, дизель отыны 1,5 есеге артса, мұнай қалдығы – мазутты өңдеу керісінше 20%-дан 10%-ға кеміп отыр. Сондай-ақ бұған дейін зауыттың шикізат өндіру қуаты жылына 5,25 миллион болса, модернизациядан соң 6 миллион тоннаға дейін жетті.

Министрлік бекіткен ілеспе газды пайдаға жарату бағдарламасы бірқатар маңызды экологиялық мәселелердің шешімін табуына ықпал етті. Шымкенттік компания елімізде алғашқылардың бірі болып бағдарлама аясында ілеспе газды тиімді пайдалануға бағытталған жобаларды іске асырып келеді. Солардың бірі – жаңғырту жұмыстары нәтижесінде іске қосылған күкірт өңдеу қондырғысы. Онда күкіртті газ жағылып, нәтижесінде пайдаға жарамды күкірт пайда болады. Мамандардың айтуынша, көмірсутекті буларды рекуперациялайтын блогы бар жаңа қондырғы экологиялық талаптарды ескере жобаланып, салынған. Қондырғы технологиясы жолдың екі бөлек нүктелері бойынша мұнай өнімдерін вагон-цистерналарға әрқайсысы телескопиялық жабдықтар арқылы сағатына 730 текше метр өнімділікпен саңылаусыз құюды қамтамасыз етеді. Мұнда екі шойын жол бар. Жоба бойынша әр теміржолға 28 вагоннан сыяды. Сонда қондырғы бір мезетте 56 вагонды қабылдай алады. Бұл технология көмірсутек буларының атмосфераға таралуын болдырмайды. Сондай-ақ жұмысшылардың уақытын үнемдеп, денсаулықтарына зиян келтірмейді. Өнімдерді цистернаға құю процесі бұған дейін тек жұмысшылардың қолымен жасалатын. Әрі алпыс тонналық бір вагонды толтыруға мұнайшылар бір сағаттай уақыт жоғалтатын. Ал қазір барлығы автоматтандырылған және барлық процесс компьютер арқылы бақыланады. Қондырғының бір мезгілде екі түрлі өнімді құя алатын мүмкіндігі бар. Бір цистерна шамамен 10 минутта толады. Жаңа қондырғы компанияға шығынсыз әрі қарқынды жұмыс істеуге жол ашты. Сондай-ақ бұл құюды берілген массаға сәйкес орындауға, мұнай өнімінің цистернаның ернеуінен асып кетуіне жол бермейді. Республикада алғаш рет жемісті іске қосылған германиялық қондырғының бензин құю бойынша қуаты жылына 2,5 миллион тоннаны құрайды және оның қуаты келешекте авиакеросин бойынша жылына 0,5 миллион тоннаға, дизель отыны бойынша жылына 2 миллион тоннаға артпақ.

Ағымдағы жылдың шілдесінде зауытта жоғары қуаты жылына екі миллион тонна мазутты терең өңдейтін каталитикалық крекинг қондырғысы кешені салынған болатын. Каталитикалық крекинг шикізатты өңдеу көлемін жылына 6 миллион тоннаға дейін жеткізуге және шикізатты өңдеу тереңдігін 85%-ға дейін жеткізуге бағытталған. Мамандардың айтуынша, қуаты жылына 2 миллион тонна шикізат өңдейтін RFCC каталитикалық крекинг қондырғысы UOP компаниясының (АҚШ) технологиясы бойынша құрастырылған. Мұнда Mercox, Prime G+, Claus, PSA-2 қондырғыларының көмегімен жоғары октанды бензин, дизель отыны, сұйытылған газ және аз мөлшерде қазандық отыны өндіріледі. RFCC каталитикалық крекинг кешенін іске қосу зауытта шикізатты өңдеу тереңдігін жоғарылатуға, сапасы бойынша К-4 және К-5 экологиялық кластарына сәйкес келетін автомобиль отындарын (бензин, дизель) шығаруға мүмкіндік беріп отыр. Аталған кешенде 185 маман жұмыс істейді. Олардың 100-ден астамы жасы отызға дейінгі мамандар екен. Яғни мамандардың дені жастар [2].

Өткен жылдың қыркүйек айында Мемлекет басшысы Шымкент мұнай өңдеу зауытының жұмысымен танысты. Қазақстан Президенті экологиялық тұрғыдан таза жанармай түрлерін пайдаланудың және оның тұрғындар үшін қол жетімді болуын қамтамасыз етудің маңызды екенін атап өтті және газбен жүретін автобустар шығарып жатықан еліміз үшін өндіріс көлемін ұлғайту қажет. Бұл ұлттық экономиканы ынталандырып, экологияға келетін зиянды азайтады. Сонымен қатар, көлікті газбен жүруге көшіру оның иелері үшін де тиімді екенін жеткізді [3].

Өндіріс орнының алға қойған жоспарлары да аз емес. Мысалы, алдағы уақытта RT маркалы әуе отынын шығару көзделген. Бұған дейін компания TS маркалы отынын жылына 265 тоннаға дейін өндіріп келді. Енді жылына 400 тоннаға дейін жеткізбек. Жаңғырту жұмыстарының нәтижесінде мұнай өңдеу зауытында халықаралық Jet-A1 стандартты әуе отыны өндірісі реттелді, АҚШ-та, Еуропада және ТМД-ның бірқатар елдерінде ұшақтарға құю үшін пайдаланылатын стандарт Қазақстан аумағында ағымдағы жылдың мамырынан бастап қолданысқа енгізілді. Сондай-ақ жаңғыртудан кейін аумағы кеңейген кәсіпорынның жұмысы толығымен автоматтандырылған жүйеге көшті. Десе де бұл мамандардың, жұмысшылардың қысқаруына себеп болған жоқ. Жаңа қондырғылар іске қосылғаннан кейін 400-ден астам жаңа жұмысшы қабылданған. Олардың барлығы мұнай саласы бойынша білімі бар жастар. Зауыт басшылығының айтуынша, әсіресе жергілікті жетекші оқу орны М.Әуезов атындағы ОҚМУ, политехникалық колледж, Халықтар достығы университеті секілді білім ордаларының жас түлектері жұмыспен қамтылған. Бүгінде шикізатты «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ-тан алып отырған «Петро Қазақстан Ойл Продактстағы» жаңғырту жұмыстарынан кейін мұнай өңдеу көлемі ұлғайып, ел нарығындағы үлесі 35%-ға дейін артып отыр [1].

2018 жылдың қаңтар-тамыз айларында Шымкент қаласының өнеркәсіп кәсіпорындарында қолданыстағы бағамен 294 153,2 млн. Теңгенің өнімі өндірілді немесе өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 103,4% құрады (2017 ж. қаңтар-тамыз – 246 180,0 млн. теңге).

	2018 жыл қаңтар-тамыз, млн.тг.	2017 жылдың қаңтар-тамыз, млн.тг.	НКИ, %
Өнеркәсіп бойынша барлығы	294 153,2	246 180,0	103,4
<i>Оның ішінде</i>			
Кен өндіру	397,8	601,7	71,2
Өңдеу өнеркәсібі	243 956,3	205 815,2	103,2
<i>Оның ішінде</i>			
Кокс және мұнай өнімдерін өндіру	57 606,5	37 357,4	103,1
Химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру	3 569,7	3 231,9	138,2
Фармацевтикалық өнімдер	20 774,5	19 005,2	67,2
Өзге металл емес минералдық өнімдерді өндіру	41 367,1	23 275,4	105,8
Металлургия өнеркәсібі	8 815,5	6 207,2	104,4

Өнеркәсіп өнім көлемінің төмендеу себептері:

Өнеркәсіп кәсіпорындарында бәсекелестіктің жоғары, тапсырыстың төмен, шикізаттың қымбат болуынан және маусымдыққа байланысты бірқатар кәсіпорындарда өнімдердің өндіріс көлемі кеміген, олар:

Негізгі фармацевтикалық өнімдерді өндіру көлемі 20774,5 млн. теңгені құрап, индекс көлемі 67,2% құрады. Кәсіпорынның мәліметіне сәйкес, «Химфарм» АҚ 2018 жылы маусым айында жоспарлы күрделі жөндеуге тұрған. Сондай-ақ, а.ж. шілде айында №1 цехының ампуладағы препараттар шығаратын 1 линия жоспардан тыс тоқтатылған. Тамыз айында өндіріс толық жұмыс жасап, тамыз айына жоспарланған көлем артығымен орындалып, алдыңғы жылға қарағанда 7 айдағы айырмашылық тамыз айында 3,2%-ға азайды.

Шымкент қаласында орналасқан «Химфарм» – Ұлттық фармацевтиканың көшбасшысы болып отыр. Фармацевтика нарығы әлемдік экономиканың ең табысты әрі жылдам дамитын секторының бірі болып табылады.

Сондай-ақ, елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының, сондай-ақ, тұрғындардың әлауқатының басты көрсеткіші болып табылады. Бұған қоса, фармацевтика өндірісін дамыту мемлекет экономикасының жоғары инновациялық дамуының жетістігі екендігі де даусыз.

Шетелдерден жеткізілген импорттық дәрі-дәрмектерді қаптаумен айналысатын, сондай-ақ, толық циклде жұмыс жасап жатқан кәсіпорындарды қоса алғанда, қазіргі күні Қазақстанда дәрі-дәрмек өндірумен айналысатын 79 кәсіпорын тіркелген. Бұл кәсіпорындардың кейбір өндіріс бөлімдері халықаралық стандарт бойынша жұмыс жасайды. Олардың тек бірнешеуі ғана GMP стандартына сәйкес келеді. Кейбір өндіріс орындары ISO сертификаты бойынша жұмыс істеуге көшкен және олар осы заманғы құрал-жабдықтармен жарақтандырылған. Отандық фармацевтика саласындағы осындай

іргелі кәсіпорындардың көшбастаушысы ретінде Шымкент қаласындағы «Химфарм» АҚ айтуға болады. Жасыратыны жоқ, еліміздегі бірден-бір дәрі-дәрмек өндіретін дәл осы зауытты Еуропа елдеріне өте танымал компаниялардың бірі «Польфарм» компаниясы басшылыққа алғалы бері отандық дәрі-дәрмек өндірудің көлемі де, сапасы да анағұрлым арта түсті. Салыстырмалы түрде айтсақ, Қарағанды фармацевтика кешенін басқаруға алған инвестор Ресейдің «Фармстандарт» компаниясы мұндағы өндіріске небәрі 15 миллион АҚШ доллары көлемінде инвестиция салса, «Химфарм» АҚ қолға алғалы бері поляк ағайындар өндірісті ілгерілету мақсатында 100 миллион АҚШ доллары көлемінде инвестиция салып, елімізде отандық дәрі-дәрмек өндіруді барынша жолға қойды. Сөйтіп, ауыз толтырып айтарлықтай нәтижеге де, табысқа да қол жетті.

«Химфарм» компаниясы жыл сайын 1 миллиард таблетка, капсула және гранул, сондай-ақ, 300 миллион ампул, 24 миллион антибиотик құтысы мен инфузиялық ертінділердің 4 миллион орамасы мен емдік шарбаттардың 20 миллион құтысын өндіреді. Бұған қоса, компанияда медицинаның терапия саласына қажетті алуан түрлі ауруларды емдеуге арналған 12 фармотерапиялық топқа жататын 200-ден астам дженриктік және түпнұсқалық препараттар шығарылады. Сондай-ақ, зауыт қазіргі күні Шымкент қаласында тұратын 1200-ден астам адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Зауытқа Италия тәрізді дамыған елдерден фармацевтика саласына қажетті осы заманғы озық технологиялар жеткізіліп, қолданысқа берілді. Фармацевтикалық өндірісті жаңғырту мен GMP стандарттарын енгізу жөніндегі инвестициялық жоба шеңберінде «Santo Member of Polpharma Group» фармацевтикалық компаниясы осында салынған көп көлемдегі инвестицияның нәтижесінде зауыттың жаңа-ампула инфузиялық цехында кең ауқымды өндірісті іске қосудың соңғы кезеңі – жабдықтарды біліктілік пен валидациядан өткізу процесін жүзеге асырды. Осылайша, қысқа мерзім ішінде қайтадан жаңартылған Шымкент химфарм зауыты Қазақстанның ұлттық химия-фармацевтика өндірісінің көшбасшысына айналды. Заман талабына іс-шаралардың нәтижесінде Шымкент химфарм зауытының «Santo» халықаралық сауда белгісімен өндірілетін дәрі-дәрмектері бүгінгі күні Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрік-менстан және Моңғолия секілді бес елдің нарығына экспортталады.

Компанияның алда тұрған басты мақсатының бірі де бірегейі, ол – «Химфарм» зауытының өнімін Еуропа нарығына шығару. Өйткені, біздің компания өндіретін дәрі-дәрмектерге Еуропа елдерінде сұраныс көп. Мұның себебі, компания өнімінің ең басты ерекшелігі, мұнда шығарылатын дәрі-дәрмектер мен алуан түрлі препараттар халықаралық стандарттарға сәйкес келеді және олар ең таза өнім болып саналады. Қазіргі күні мұнда отыздан астам дәрі-дәрмек түрлері шығарылса, алдағы уақытта өнім көлемін тоқсаннан асыру жоспарланып отыр. Әлемдік фармацевтика саласында халықаралық беделге ие «Польфарм» АҚ-тың өткен жылы бір жыл ішінде Орталық және Шығыс Еуропа, Кавказ бен Орталық Азия елдері нарығына дәрі-дәрмек тарату арқылы 600 миллион АҚШ доллары көлемінде таза пайда табуға қол жеткізгенін ескерсек, онда алдағы жылдарда Шымкент химфарм зауыты өнімдерінің де әлем елдерінің сұранысына ие болатыны ақиқат [4].

«Самұрық-Қазына Фармация» ЖШС тегін медициналық көмек шеңберінде берілетін дәрі-дәрмек үлесі жалпы көлемінің үштен бірден астамын «Химфарм» АҚ өндіріліп, жеткізіледі. Сонымен қатар медицина саласындағы кәсіпорындардың ақпараттық және технологиялық қызметі және олардың жұмыс сапасын анақтайтын IMS Health компаниясының зерттеуі бойынша фармацевтика нарығында 4,7%-дық үлесі бар SANTO компаниясының соңғы жылдық қорытындысы бойынша Қазақстанның фармацевтика нарығында көшбасшы болды. Осы уақыт аралығында компанияның жалпы сауда көлемі – 15,7 млрд теңгені, бөлшек сауда бойынша – 7,8 млрд теңгені құрап отыр. Бұған қоса, зауыт заман талабына сай құрал-жабдықтармен жабдықталумен қатар өнім өндіру қуаты да жылдан-жылға артып келеді. Мысалы, «Химфарм» АҚ соңғы жылдардың өзінде 1,5 млрд теңгенің дәрі-дәрмегін бірқатар шетелдерге экспорттады. Жалпы біздің зауыттың қазіргі қуаты жылына – 1,2 млрд дәрі-дәрмек, 294 млн ампула, 6 млн инфузияларды, 40 млн құты анти-биотик, 26 млн құты шырын өндіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, 44 түрлі қатты дәрі, 46 түрлі инъекциялық сұйықтық, 26 млн құты шырын және басқа дәрі-дәрмектерді өндіруге мүмкіндігі бар. Қазіргі күні компания Қазақстанның фармацевтика тарихында ірі инвестициялық бағдарламаны одан әрі жүзеге асыруда [5].

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасы аясында екінші бес жылдықта 138,2 млрд теңгені құрайтын 8,5 мыңнан астам жаңа жұмыс орындармен 62 жоба енген, оның ішінде 1 жоба («Петро Қазақстан Ойл Продактс») Республикалық Индустрияландыру картасының жобасы.

№	Көрсеткіш	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	Барлығы
---	-----------	------	------	------	------	------	------	------	------	------	---------

		ЖЫЛ	ЖЫЛ	ЖЫЛ	ЖЫЛ	ЖЫЛ	ЖЫЛ	ЖЫЛ	ЖЫЛ	ЖЫЛ	
1.	Жобалар саны, бірлік	5	10	15	21	26	8	8	9	12	114
2.	Инвестиция көлемі, млрд.тенге	28,6	5,4	10,2	27,9	30,2	27,1	2,9	32,2	37,8	202,3
3.	Жаңажұмысорны, адам.	1 184	685	1 442	2 042	2078	722	297	633	1920	11 003

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалауамағында 2019 жылы құны 37803,0 млрд.тенгені құрайтын, жаңа 1920 жұмыс орындарымен, 12 инвестициялық жоба іске асыру жоспарлануда. Оның ішінде химия өнеркәсіп салаларын қамтып жүрген жеке секторлар:

«Амир-А» ЖШС –Металлургиялық зауыт құрылысы, «Платан» ЖШС –Жиһаз, пластмасса және басқа да өнімдерді өндіру, «Алем бетон» ЖШС –Асфальтобетон өндірісі, «М Group KZ» ЖШС – Құрылыс ерітіндісі мен бетонды әзірлеуге арналған құрылғыны шығару зауыты, «Строй ЮГ Групп» ЖШС –Темір-бетон өнімдерін өндіретін зауытымен танысу, «Бал Текстиль» ЖШС (III кезең) – Полипропиленді иірілген жіптен кілем өндіру.

2018 жылдың 8 айдың қорытындысы бойынша құны 7354,0 млн.тенгені құрайтын 5 инвестициялық жоба («Shymkent Temir» ЖШС, «Строй ЮГ Групп» ЖШС, «Платан» ЖШС, «Tumar Textile» ЖШС, «Lux Shoes» ЖШС) іске қосылып, жаңа 592 жұмыс орындары ашылды [6].

Қазіргі күні зауыттың өндірістік бөлімдері, мен қоймалары мен зертханаларын модернизациялау бағытындағы ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылуда. Бұл істі жүзеге асыру үшін 100 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция тарту көзделіп отыр. SANTO Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына да орасан зор үлес қосып келеді. Мысалы, зауытта өндірілген жоғары сапалы әрі қолжетімді дәрі-дәрмектер денсаулық сақтау саласына жұмсалатын шығындарды айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік беріп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Галымжан Е. «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС – еліміздегі мұнай-газ саласы бойынша көшбасшылардың бірі.– Егемен, 11.12.2018 ж. Ақпараттық сілтеме:

<https://egemen.kz/article/petroqazaqstan-oil-prodakts-zhshs-elimizdegi-munay-gaz-salasy-boyyynsha-koeshbasshylardynh-biri>

2 Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Елбасы «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне барды. 28.09.2018 ж. Шымкент қаласы.

3 «Химфарм»– Ұлттық фармацевтикалық көшбаспаушысы. 4.02.2016 ж. Ақпараттық сілтеме: http://aikyn.kz/ru/articles/show/20050himfarm_lty_farmaceutikany_k_shbastaushysy

4 Шымкент қаласының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы. Ақпараттық сілтеме: <http://op.gov.kz/kz/onerkasip.html>.

References:

1 Galymjan E. «PetroQazaqstan Oil Prodakts» JShS – elimizdegi munai-gaz salasy boyyynsha koshbasshylardynh biri.– Egemen, 11.12.2018 j. Aqparattyq silteme:

<https://egemen.kz/article/petroqazaqstan-oil-prodakts-zhshs-elimizdegi-munay-gaz-salasy-boyyynsha-koeshbasshylardynh-biri>

2 Qazaqstan Respyblikasy Prezidentiniñ resmi saity. Elbasy «PetroQazaqstan Oil Prodakts» jaıapkershiligi shekteyli seriktestigine bardy. 28.09.2018 j. Shymkent qalasy.

3 «Himfarm»– Ulattyq farmatsevtikanyñ koshbastaıshysy 4.02.2016 j. Aqparattyq silteme: http://aikyn.kz/ru/articles/show/20050himfarm_lty_farmaceutikany_k_shbastaushysy

4 Shymkent qalasyynyñ kásipkerlik jáne indýstrialdy-innovatsualyq damý basqarmasy. Aqparattyq silteme: <http://op.gov.kz/kz/onerkasip.html>.

¹б.ғ.д., профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ЖЕТІСУ АЛАТАУЫНЫҢ ӨСІМДІКТЕРІ АЛУАНТҮРЛІЛІГІ ЖӘНЕ ТАРАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада Жетісу Алатауы аумағында 1700-ге жуық жоғары сатыдағы өсімдік түрлерінің таралуының негізгі заңдылықтары анықталды. Олардың флоралық құрамына, эндемикалы және реликті түрлеріне, тіршілік формалары мен экологиялық типтеріне талдау берілді. Кең таралған әрі өнімді пайдалы өсімдік түрлерінің құрамы анықталды, оның ішінде сәнді және жемісті өсімдіктер жайлы ақпарат кіреді. Өсімдіктердің таралу заңдылықтарын анықтау мақсатында, өсімдіктердің физиологиялық ерекшеліктері және қоршаған орта жағдайы қарастырылады. Сонымен қатар өсімдік қабатының құрамы анықталды. Мақала көрсетілген ақпарат Жетісу Алатауының әртүрлі аймақтарының жалпы көрінісін келтіруге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Жетісу Алатауы, өсімдік жамылғысы, биологиялық білім, эндемиктер, реликті өсімдіктер.

ШалабаевҚ.Бі.¹, УлдаханШ.М.²

¹д.б.н., профессор,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

²магистрант 2 курса,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

РАЗНООБРАЗИЕ РАСТИТЕЛЬНОСТИ ЖЕТЫСУСКОГО АЛАТАУ И ОПРЕДЕЛЕНИЕ ЗАКОНОМЕРНОСТЕЙ ИХ РАСПРОСТРАНЕНИЙ

Аннотация

В этой статье определены основные закономерности распространения около 1700 видов высших растений на территории Жетысуского Алатау. Также был анализирован состав флоры горных растений, эндемичные и реликтовые виды, формы жизни и экологические типы растительного покрова Жетысуского Алатау. Выявлен состав промышленно важных видов, особое значение имеют декоративные, а также плодоносящий растительный покров. Выявлены закономерности распространения и идентификации растительных сообществ. В качестве закономерностей распространения растительности даны определения климатическим и физиологическим признакам соответствующих растений. По материалам данной статьи можно обрисовать картину местности и условий среды обитания различных высших растений на территории Жетысуского Алатау.

Ключевые слова: Жетысуский Алатау, растительный покров, биологическое знание, эндемики, реликтовые растения.

K.I.Shalabayev¹, Sh.M.Uldakhan²

¹d.b.s., professor,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

*²master student of 2 course,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

DIVERSITY OF VEGETATION OF ZHETYSU'S ALATAU AND DETERMINATION OF PATTERNS OF THEIR DISTRIBUTION

Abstract

This article identifies the main patterns of distribution of about 1,700 species of higher plants in the Zhetysu Alatau. The composition of the mountain plant flora, endemic and relict species, life forms and ecological types of vegetation of the Zhetysu Alatau were also analyzed. The composition of industrially important species has been revealed, decorative as well as fructifying vegetation have special meanings. The patterns of distribution and identification of plant communities are revealed. As regularities of vegetation distribution, the climatic and physiological characteristics of the respective plants are defined. Based on the materials of this article, it is possible to describe a picture of the terrain and habitat conditions of various higher plants in the Zhetysu Alatau.

Keywords: Zhetsu's Alatau, vegetation cover, biological knowledge, endemics, relic plants.

Түрлі өзгерістер, яғни экожүйенің синантропизациясына әкелетін, табиғи ортаны едәуір өзгеріске ұшырататын табиғи ортаға үздіксіз әсер ететін қысым – табиғи биоценоз құрамының өзгеруіне алып келетіні анық. Жаңадан басқыншы инвазивті және рудеральді өсімдіктердің пайда болуы биологиялық алуантүрліліктің жоғалуына алып келеді. Сондықтан, биологиялық алуантүрлілікті сақтап қалу, аймақтарды түбегейлі зерттеу шаралары өзекті мәселелер қатарында.

Қазақстан Республикасының кең байтақ аймақтарын жіті зерттеу – биологиялық алуантүрлілігін қорғау және жойылудың алдын алу шаралары үшін қажет. Осындай аймақтардың бірі Жетісу Алатауы. Флорасының байлығы, оның ішінде өсімдік құрылымының алуантүрлілігі, бірегейлі ландшафт – жаһантанушы туристтермен қатар пайда көздеген жер игерушілерді де қызықтыратыны анық.

Жүргізген зерттеулеріміз және Ботаника және Фитоинтродукция Институтының Жоғары сатыдағы өсімдіктердің гербарийлері бойынша Жетісу Алатауының флорасында 112 тұқымдас, 622 туыс және 2168 түрлері бар, оның ішінде тек осы жоталарда кездесетін 76 эндемик өсімдіктер бары анықталды. Тіршілік ету формаларына байланысты жартысынан көп үлесі – гемикриптофиттер, мәңгі жасыл және көпжылдық өсімдіктер. Олар келесі тұқымдастар қатарында келтірілген: астық тұқымдастары, қияқ тұқымдастары, қалампыр тұқымдастары, сарғалдақ тұқымдастары, толғақшөп тұқымдастары, ерінгүлділер тұқымдастары, күрделігүлділер тұқымдастары. Екінші орында, бестен бір бөлігін құрайтын терофиттер – вегетативті кезеңі тез жүретін, біржылдық, кейде екі жылдық өсімдіктер. Бұл тұқымдастардың ішінде ерекше орын алатын астық, шаршыгүлділер, айлаулықтар, сабынкөктер мен күрделігүлділер тұқымдастарының өкілдері. Үшінші орында, оннан бір бөлігін хамефиттер алып отыр. Хамефиттерге жартылай бұталы өсімдіктер, жартас өсімдіктері, жастық тәрізді және төменгі бүршік түрінде қыстап шығатын өсімдіктер жатады. Хамефиттердің едәуір көп бөлігі шаршыгүлділер, ерінгүлділер, күрделігүлділер, бұршақ тұқымдастар, алаботалар тұқымдастарынан байқалады. Төртінші және бесінші орында фанерофиттер, яғни бұталар мен бұтатектестер, және криптофиттер, көбіне көпжылдық шөптер. Фанерофиттер – қылшалар, талдар, раушангүлділер, бұршақтар, күрделігүлділер мен ұшқаттар тұқымдастарында кездеседі. Криптофиттер – баданалылар (пияз тәрізділер, лалагүлділер), тамыртүйінділер (толғақшөптер, сарғалдақтар), суасты өсімдіктері (шыландар). Қалың ағаштардың үлесі ең аз (небәрі 1,2%) және тек қарағайлар (Шренка шыршасы, Сібірлік кедр), талдар, қайындар, раушангүлділер, шегіршін тұқымдастар, жидек тұқымдастарынан көрінеді. Қалған тұқымдастардың ағаштәрізді формалары болмайды [2, 7].

Жетісу Алатауының өсімдіктерінің, экологиялық тұрғыдан, үштен бір бөлігі мекен ету ортасы құздар, тас шатқалы және мұздықтар болатын өсімдіктер. Олар астық тұқымдастары, лалагүлділер тұқымдастары, алабота тұқымдастары, қарақұмық тұқымдастары, қалампыр тұқымдастары, шаршыгүлділер тұқымдастары, жасаңшөп тұқымдастары, тасжарғыш өсімдіктер, раушангүлділер тұқымдастары, бұршақ тұқымдастары, айлаулықтар тұқымдастары, ерінгүлділер тұқымдастары, сабынкөктер және күрделігүлділер тұқымдастарынан тұрады. Аталған тұқымдастардың ішінде атап өтер

түрлері: *Sedun hybrifum* – бозкілем будан, *Patrinia intermedia* – орташа патриния, *Stipa orientalis* – көде және т.б. [2, 3].

Түр саны бойынша екінші орынды, алтыдан бір бөлігін, дала өсімдіктері алады. Астық, қалампыр, ерінгүлділер, сабынкөктер және күрделігүлділер тұқымдастары мекен ететін дала өсімдіктері қатарын құрайды. Аталған тұқымдас түрлерінің қатарынан *Stipa capillata* – садақ боз қау, *Stipa zaleskii* – боз селеу, *Origanum vulgare* – кәдімгі жұпаргүл, *Bupleurum aureum* – шоқсары, *Thalictrum minus* – кішкентай маралоты, *Lathyrus pratensis* – шалғын чина сыңайлы өкілдерін ерекше атап өтуге болады [2].

Үшінші орында, жетіден бірі, су қоры мол, мекен ету ортасы сулы- батпақты және батпақтанған-шалғында өсетін өсімдіктер. Оларға қоғалар тұқымдастары (4 түр), шылаңдар тұқымдастары (10 түр), алисмалар тұқымдастары (3 түр), тергүлдер тұқымдастары (5 түр) және тағы да басқалары жатады. Сулы-батпақты түрлеріне қияқ тұқымдастары (33 түр), елекшөптер тұқымдастары (10 түр), күренот тұқымдастары (10 түр) жатады. Түрлерінің едәуір көп бөлігі астық тұқымдастары (37 түр), лалагүлділер тұқымдастары (16 түр), ерінгүлділер (11 түр), сабынкөктер тұқымдастары (10 түр) және күрделігүлділер (25 түр) [2].

Төртінші орын, сегізден бірі, шалғынды өсімдіктер қатарынан құралған, ал шалғынды-орманды өсімдіктерімен қосалғанда олар барлық астық, лалагүлді, қалампыр, сарғалдақ, раушангүлді, бұршақ, ерінгүлді, сабынкөк және күрделігүлділер тұқымдастарының бестен бір бөлігін құрайды. Кейбір тұқымдастарда шалғынды өсімдіктер болмайды (алобаталар) немесе өте аз мөлшерде кездеседі (қияқ, елекшөптер тұқымдастары). Орманды-шалғынды түрлері астық, раушангүлділер, алмұрттар тұқымдастарында жиі көрінеді [2, 6].

Аз мөлшерде, көбінесе жартас сынықтарының арасында тастақ өсімдіктері де кездеседі. Олар папоротниктер, лалагүлділер, қалампыр, сарғалдақ, шаршыгүлділер, шатыршалылар, айлаулықтар, ерінгүлділер және күрделігүлділер. 48 түрі ежелгі тұзды саз бен гипсті саз мекендерге тіркелген, алабажақ қабатында мекен етеді. Олар алаботалар, қалампыр, шаршыгүлділер, бұршақ, түйетабандар және күрделігүлділер тұқымдастары [2, 7].

Эндемикті түрлері тек 15 ең ірі тұқымдастарының қатарында кездеседі. Эндемикті өсімдіктердің ең көп түрі бұршақ тұқымдастарының қатарында – 23 түр, едәуір аз үлесі күрделігүлділер тұқымдастарында – 15 түр, және айлаулықтар – эндемикті 7 түрі бар. Қалған 12 тұқымдастарда эндемикті түрлер саны 5 шектелген [2].

Жетісу Алатауының аумағында Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енген сирек кездесетін және жойылу қаупі бар өсімдіктер бар.

Кесте-1. ҚР Қызыл кітабына енген сирек кездесетін және жойылу қаупі бар өсімдіктері

Қ\с	Атауы	Анықтамасы	Мекен ету ортасы
1.	<i>Fritillaria pallidiflora</i> Schrenk – ақшыл сүллігүл	Сирек кездесетін, мезофильді өсімдік	Субальпті шалғындар; тасты жартасты еңістерде; жартастардың көлеңкелі аймағында
2.	<i>Adonis tianschanica</i> (Adolh.) Lipsch. -тянь-шань жанаргүлі	Сирек кездесетін, жойылу қаупі бар, мазовит.	Далаланған тау етектері, субальпті шалғындар, биік ендікті дала.
3.	<i>Gymnospermium altaicum</i> (Pall.) Spach. - алтай шимноспермиумы	Ерте көктемдік түр, сирек, сәндік, көп аймақты жойылып кеткен, эфемероид.	Шалғынды-дала еңістер, сиретілген ормандар, бұтақты тоғайлар, дала аймақтары.
4.	<i>Corydalis semenovii</i> Regel-Семенов айдаршөбі	Реликті, сирек өсімдік.	Шыршалы және жапырақты ормандардың мезофильді өсімдігі, ылғалды, көлеңкелі аймақтар, өзін жағалары мен сағалары.
5.	<i>Malus sieversii</i> (Ledeb.) M. Roem-Сиверс алмасы	Саны қарқынды кеміп бара жатқан өсімдік.	Орман белдеуінің төменгі қабатында алуантүрлі ормадар құрады.

6.	<i>Astragalus ornithorrhinchus</i> M.Pop.-күз тұмсықты астрагалы	Сирек, эндемикті түр. Түр саны кемуде. Ксерофит.	Дала өсімдіктерімен қапталған жартасты еңістің оңтүстік беткейі.
7.	<i>Haplophyllum dshungaricum</i> N.Bubtz.-жоңғар тұтасжапырағы	Сирек, эндемикті түр. Ксерофит.	Таудың орта белдеулеріндегі жартасты еңістері.
8.	<i>Gentiana dshungarica regel</i> -жоңғар көкгүлі	Сирек, эндемикті түр. Мезофит.	Орта белдеудің шалғынды аймақтары.
9.	<i>Veronica serpylloides</i> Regel-киікшөптес бөденешөп	Өте сирек, эндемикті түр.	Альпіті белдеудің жұмсақ топырақты, тасты аймақтары.
10.	<i>Senecio pyroglossus</i> Kar. Et Kir.-кызылтілді зиягүл	Өте сирек, эндемикті түр. Мезофит.	Орман шалғындары, түрлі шөпті, субальпіті шалғындар мен мореналық шөгінділер.
11.	<i>Saussurea involucrate</i> (Kar. Et Kir.) Sch. Bip.-орамалы соссюрея	Өте сирек, реликті түр.	Альпіті және Нивальді белдеулердің жартасты еңістері, мореналық шөгінділер.
12.	<i>Rhaponticum carthamoides</i> (Wild.) Pjin-марал түбірі	Қарқынды кеміп жатқан түр.	Орман шалғындары, түрлі шөпті, субальпіті шалғындар мен өзен арналары.

Өсімдіктердің негізгі таралу заңдылықтары биіктіктің түрлілігімен белгіленеді, олар тау етегінде де, тау аралық алқаптарда да айқын көрінеді. Белдеулер мен белдеу маңы өсімдіктері рельефтің құрамына тәуелді ерекше аумақтық құрылымға ие. Өсімдік жамылғысына әсер етуші экспозициялық алуантүрлік те өз үлесін алады. Субстраттың біріңғай болмауы және де еңістердің беткейлері, күн сәулесінің түсуі және басқа да факторлар экспозициялық мәнге ие [4, 5].

Жетісу Алатауының өсімдік жамылғысының геоботаникалық зерттеулері ХХ ғасырда Совет Одағы кезінде басталды. Вертикальді бағыттағы өсімдіктердің түрленуін белгілейтін заңдылықтарды Н.В. Шипчинский, С.Ю. Липшиц, Л.Е. Родин, Е.П. Матвеев, Н.И. Рубцов және тағы да басқа ғалымдар жіті анықтаған. Әртүрлі тау жүйелерінде, оған қоса бір жотаның әртүрлі бөлігінде және түрлі еңістерінде олардың вертикальді белдеулігінің және биіктік нүктелері де әртүрлі болатыны белгілі [2].

Жалпы Жетісу Алатауы үшін келесі биіктік белдеулер қатары тән деп есептеуге болады: Биік шыңды нивальды-тасты белдеу (>3100-3200 метр); таулы-шалғынды және шалғынды-далалы субальпілік белдеу (2200-2750 метр); Таулы шыршалар белдеуі, орманды-шабындықтар мен шабынды-далалар белдеуі (1700-2250 метр); ұсақ жапырақты ормандар мен орманды шабындықтар, шабынды-дала белдеуі (1350-1750 метр); таулы жемісті ормандар мен бұтақтар түрлі шөпті-астық шабындықтар белдеуі (1200-1450 метр); шабынды дала мен ксерофитті дала, мезофильді шөпті-бұтақты тоғайлар мен шабындыдалалар, далалар (1200-2250 метр); дала белдеуі 1200 және 1000-нан кем емес [2].

Келтірілген белдеулердің қысқаша анықтамасын жүргізсек болады:

1. *Биік шыңды нивальды-тасты белдеу (>3100-3200 метр)*: бұл зона теңіз деңгейінен 3100 (3200) метр биіктікте орналасқан. Криофиттердің көп бөлігі үшін мәңгі қарлы сызық бойы таралуларының шекарасы болып табылады. Бұл биіктікте тау өлі ландшафтқа ие. Алайда, гүлді өсімдіктердің кейбір түрлері басқа өсімдіктер үшін сыни межеден өтіп ландшафтқа кіре алады [2, 6].

Криофиттік топтар: Жетісу Алатауының бөктерінде өсетін гүлді өсімдіктердің шекарасы 3100-3200 метр биіктікте орналасқан. Мұздықтар ауданында кездесетін өсімдіктер қаары келесідей: *Cerastium lithospermifolium* – мүйізшөп, *Saxifraga oppositifolia*, *s.flagellaris* – тасжарған, *Draba oreades* – таулы әжік, *Sibbaldia tetrandra* – шұнақ, *Poa relaxa* – қонакот, *Waldcheimia tridactylites* – вальтгейм гүлі, *Thylacospermum caespitosum* – түбіртек, *oxygraphis glacialis* – мұздақгүл, *Erysimum altaicum* – ақбасшөп, *melandrium apelatam* – жабысқақ желімбас, *Carex nigricans* – қарлы қияқөлең. Кейбір түрлері (қияқөлең, вальтгейм) мореналар қатарына жатқызылған. Қалған түрлерінің едәуір үлесі жартастар мен тау үгінділерінің арасында кездеседі.

2. Қазіргі мореналар теңіз деңгейіне ең жақын нүктелерде өседі. Олардың үлесінің байлығы ауа

температурасына қарағанда жылы еріген мұздықтардың суымен үздіксіз ылғалдануының арқасында, теңіз деңгейінен жоғары болуының арқасында түсіндіріледі. Мореналардағы жобалы өсімді қабық 10-15% -ды құрайды. Бұл жерде бір түрден және бірнеше түрден тұратын топтыстықтарды кездестіруге болады. Негізінен: *Allium platyspithum*, *Allium kokanicum* – қоқан жуасы, *Helenia corniculata*, *Helenia elliptica* – мүйізгүлдің топтары, *Primula aldiga*, *Primula nivalis* – наурызшешектердің бірнеше топтары. Оған қоса, *Callianthemum angustifolium* – ирекгүлдің, *Saussurea schagintana* – шұбаршөптің, *Swertia margiata* – мұқыл сверцияның сирек өкілдері де кездеседі [2, 6, 7].

3. Қыналар мен мүктер мұздық аудандарда гүлді өсімдіктерге қарағанда жиі кездеседі, және олардың биіктік шекарасы соңғылардан едәуір жоғары. Кейбір жерлерде жартастар толығымен қынамен қапталған. Қыналы төсеністердің түстері әртүрлі реңкте болуы мүмкін [2, 5, 7].

Материалдық әлемнің тұтастығын, оның құбылыстарының күрделілігі мен қарама-қайшылығын оқушылар мектеп пәндерімен танысқан кезде бірте-бірте сезіне бастайды. Алайда, бұл білімдерді синтез жасамаған жағдайда олар бөлек-бөлек болып қала береді. Білімнің жүйелілігін қалыптастыру, дүниетанымдық түсініктерді білу үшін пәнаралық байланыстарды пайдалану маңызды [1]. Пәнаралық байланыстарды пайдалану химия пәнінің бір тұтастығын және маңызын түсініп қана қоймай, оны меңгеруді қамтамсыз етеді.

Пәнаралық байланыстар пәндерге ортақ фактілер, түсініктер, идеялар, іскерліктер мен дағдыларға орай қалыптастырылуы қажет, олар әмбебаптық сипатта болады. Өйткені олардың қызметі мен ықпалы барлық пәндерге жалпы, ортақ болып келеді. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асырмайынша дүниетанымдық көзқарастың біртұтастығын сақтау мүмкін емес. Пәнаралық байланысты жүзеге асыру күрделі, өйткені, бұл мұғалімнің тек өзінің ғана пәнін білуді ғана емес, сондай-ақ, жалпы білімінің тереңдігін, жаратылыстану пәндерден хабардар болуды талап етеді. Жалпы түсінік бойынша пәнаралық байланыс құру үшін біріншіден, оның мазмұны мен құрылымын білу және осы түсініктің жалпы білім қатарында алатын орны қандай екендігін білу керек, екіншіден, осы түсініктің қандай белгілері басқа пәндерде қарастырылатынын білу маңызды.

Пәнаралық кіріктірілген сабақтар негізінен, үш бөлімнен тұрады:

- а) бағдарламасына сәйкес тақырыптың мазмұнын ашу;
- ә) басқа пәндер бойынша алған білімдерін пайдалана отырып, тақырыптың мазмұнын тереңдету;
- б) сабақта халықтық педагогиканы пайдалану.

Жастардың ой-өрісін, тарихи, саяси және экологиялық мәселелерге қатысты көзқарастарын қалыптастыруда, ғылыми-техникалық прогрестің дамуын түсіндіруде, жан-жақты білім беру мен тәрбиелеу мақсатында мектептерде әр пән бойынша аймақтық компоненттерді оқытудың маңызы өте жоғары.

Аймақтық қағидаттар дегеніміз – мектеп курсындағы пәндердің бағдарламасының мазмұнына Қазақстан Республикасы мен жергілікті елді-мекенге байланысты материалдарды енгізу және оқыту. Оған өлкеміздің табиғаты, тарихы, өнеркәсібі, географиялық жағдайы, тұрғылықты халықтың ұлттық құрамы, ұлы адамдардың өмір жолдары, халықтың тұрмыс-салты т.б. таныстыру шаралары жатады.

Аймақтық қағидаттарды оқыту үрдісіне енгізу мақсаттары: оқушылардың бойында туып өскен жеріне, туған жердің табиғатына, мәдени орындарына, тарихына деген құрметті арттыру; белгілі адамдарына деген сүйіспеншілікті арттырып, ұлтжанды патриоттық сезімдерге бай ұрпақ тәрбиелеу; оқушылардың осы қосымша мәліметтер алуы арқылы танымды біліктіліктерін кеңейтуге мүмкіндік туғызу. Аймақтық қағидаттарды оқыту үрдісіне енгізудің негізгі міндеттері: өз еліміздің табиғаты, тарихы, пайдалы қазбалары, өнеркәсібі, мәдени орындары, белгілі адамдары туралы мәліметтер жинақтау, өз еліміздің намысын қорғайтын білікті де білімді патриоттар дайындау.

Оқушылардың химияны аймақтық қағидаттар негізінде пәнаралық байланыс арқылы оқытуда олардың қаншалықты дәрежеде пәнді ұғынғанын, білімдерінің деңгейін айқындау мақсатында педагогикалық эксперимент жүргізілді. Педагогикалық эксперимент Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Өрікті ауылы Б.Майлин атындағы жалпыға білім беретін мектептің 8-сыныптарында жүргізілді. Эксперимент жүргізу барысында эксперименттік топ және бақылау топтары таңдалынып алынды, барлығы 38 оқушы қатысты. Эксперимент «Металдар белсенділігін салыстыру», «Отынның жануы мен энергияның бөлінуі» тараулары бойынша жүргізілді. Пәнаралық байланыс арқылы оқытуды қалыптастырып, білім деңгейін жоғарылату мақсатында жүргізілген сабақтарымыздың тақырыптары: «Металдардың оттегімен және сумен әрекеттесуі», «Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуі», «Металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуі», «Отынның жануы» болды.

Тарауларды оқыту барысында, оның басында, ортасында және соңында оқушыларға арналған деңгейлік тапсырмалар беріліп, оларды орындау, білім дәрежесіне қаншалықты әсер еткендігін айқындау мақсатында бақылау жұмыстары жүргізіліп отырды [2].

Кесте-1.

Сабақтақырыбы	Металдардың тұз ерітінділерімен реакциялары
---------------	---

Сабақты оқумақсаттары	Белсенділігі жоғары металдар белсенділігі төмен металдардыолардың тұздарының ерітіндісінен ығыстырып шығара алатындығын түсіну және реакция теңдеулерін сөзбен жазу; Металдардың орынбасу реакциялары жайында жүйелі тапсырмалар дайындау және жүргізу.
Сабақты оқуіндеттері	Адамдардың ежелден және қазіргі кездегі күнделікті тұрмыста қолданып келе жатқан металдарды атау; Металдардың физикалық және кейбір химиялық қасиеттерін (сумен, сұйытылған қышқылдармен және тұз ерітінділерімен әрекеттесуін) біледі, реакция теңдеулерін сөзбен жазу; Өз ойын еркін жеткізе алуға машықтандыру.
Пәнаралық байланыс	Тарих («Алтын адам»), металдарды өндіру мен өңдеу туралы материалдар).
Осыған дейін меңгерілген білім	Алдыңғыбөлімматериалынтөлықбілу.

Пәнаралық байланыс ретінде тарихи фактілерді келтіруге болады. Жергілікті жеріміздің тарихына зер салсақ бәрімізге белгілі өзіміздің Есік қаласында «Алтын адам» табылған еді. «Алтын адам» жатқан қабірдің оңтүстік және батыс шеттерінде металдан, қыштан жасалған ыдыстар, зергерлік бұйымдар болды. Қабір темір құрсаулармен бекітіліп, ал адам қойылатын жеріне алтын жапсырмалармен безендірілген төсеніш салынған. «Алтын адам» киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен және металдармен безендірілген, яғни сол заманда біздің ата-бабаларымыз металдармен жұмыс істеу технологиясын меңгерген.

Кесте-2. Оқушылардың білімдерін бағалау нәтижесі

Денгей	Бақылау тобы: 19 оқушы				Эксперимент тобы: 19 оқушы			
	экспериментке дейін		эксперименттен кейін		экспериментке дейін		эксперименттен кейін	
	оқушы	%	оқушы	%	оқушы	%	оқушы	%
Жоғарғы	4	20	6	30	6	25	8	40
Жеткілікті	5	30	6	40	6	40	8	40
Төмен	10	50	7	30	7	35	4	20

Кестеде көрсетілгендей, бақылау тобында экспериментке дейін 4 оқушының білімі (20%) жоғарғы деңгейде, 5 оқушы (30%) жеткілікті деңгейде, ал 10 оқушы (50%) төмен деңгейде болды. Эксперименттен кейін бақылау тобында бұл көрсеткіштер былай өзгерді: 6 оқушы (30%) жоғарғы деңгейде, 6 оқушы (40%) жеткілікті деңгейде, 7 оқушы (30%) төмен деңгейде. Эксперименттен кейін бақылау тобында жоғарғы және жеткілікті деңгейлердегі оқушылар саны 20%-дан 30%-ға дейін өсті, ал төмен деңгейдегі оқушылар саны 50%-дан 30%-ға азайып, айырымы 20% болды.

Сонымен, зерттеу жұмысы жалпы білім беретін мектепте химия пәнін пәнаралық байланыс арқылы аймақтық қағидаттарды кіріктіре отырып оқыту технологиясын пайдалану арқылы арнайы тапсырмалар жүйесін жасап, оны әр сабақта пайдалану, оқушылардың білім дәрежесін көтеретіндігі, сабақты қызықты да түсінікті өткізуге, білімді саналы түрде қабылдауға, өмірмен байланыстыра алуға, яғни жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге болатынын көрсетті. Химия пәнін оқытуда пәнаралық байланыс арқылы аймақтық қағидаттар негізінде оқыту әдістері мен тәсілдерін пайдалану, теория мен практиканың алшақтығын жоюға бағытталған, оқушылардың білім дәрежесін арттыруға арналған болашағы бар әдістеме деп айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, «Егемен Қазақстан» газеті, №56, 7 тамыз, 2018.

2 Нұрахметов Н.Н., Сарманов К.М., Жексембина Н., Заграничная Ә.Т. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2012. – 40.

References:

1 QR Prezidentiniñ «Qazaqstan-2050» strateguasy qalyptasqan memlekettiñ jaña saıası baǵyty» atty Qazaqstan halqyna Joldaýy, «Egemen Qazaqstan» gazeti, №56, 7 tamyz, 2018.

2 Nurahmetov N.N., Sarmanov K.M., Jeksembina N., Zagranichnaia A.T.– Almaty: «Mekterp» baspasy, 2012. – 40.

ӘОЖ 547.979.7+0,26+541.427.49

FTAMP 36.01.01

Ж.М. Жақсибаева¹, Г.Е. Әбжал², М.А. Оразбаева³

¹х.ғ.к., аға оқытушы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²1 курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

³х.ғ.к., аға оқытушы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ОРТА МЕКТЕПТЕ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ПАЙДАЛАНЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ХИМИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Әр түрлі ғылымдардың қиылысу нүктелерін іздеу, жекелеген ашулар мен құбылыстың бастапқы себептерін анықтау арасында өзара байланыс орнату кезінде біртұтас зат туралы шынайы білім алынуы мүмкін. Сондықтан бірнеше дәстүрлі жаратылыстану ғылымдарының түйіскен жаңа, пәнаралық ғылымдардың пайда болуы кездейсоқ емес. Олардың ішінде: физикалық химия, биологиялық химия, физика-химиялық биология, биофизика, психофизика және т.б.

Осындай мамандарды қалыптастыруда жүйелік ойлауды дамыту, нысанды оның көпжақты байланыстары бірлігінде көре білу бірінші кезектегі маңызға ие. Педагогтар билігінде әртүрлі пәндер бойынша алынған мәліметтерді біріктіруге, синтездеуге ықпал ететін жүйелі, тұтас ғылыми білім мен практикалық іскерлікті қалыптастыруға ықпал ететін жағдайлар жасау. Осылайша, бүгінгі таңда пәнаралық байланыстар негізінде жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқыту процесінде оқушы тұлғасының зияткерлік даму мәселелері өзекті болып табылады. Оқушылардың әр түрлі пәндер бойынша алған білімдері мен біліктері оқуда да, өндірістік практикада да пайдаланылмайтын әлсіз байланысқан мәліметтердің қоспасы болып табылады. Сондықтан мектепте оқытудағы пәнаралық байланыстардың рөлі айқын.

Түйін сөздер: пәнаралық байланыс, танымдық іс-әрекет, пәнаралық байланыстың функциялары, интеграцияланған сабақтар.

Жаксибаева Ж.М.¹, Әбжал Г.Е.², Оразбаева М.А.³

¹к.х.н., старший преподаватель,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

²магистрант I курса,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

³к.х.н., старший преподаватель,

ФОРМИРОВАНИЕ ХИМИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ И УМЕНИЙ УЧАЩИХСЯ СРЕДНИХ ШКОЛ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МЕЖПРЕДМЕТНЫХ СВЯЗЕЙ

Аннотация

Истинное знание о предмете как едином целом может быть получено при поиске точек пересечения разных наук, установления взаимосвязи между отдельными открытиями и определением первоначальных причин явления. Поэтому неслучайно появление новых, междисциплинарных наук – наук стоящих на стыке нескольких традиционных естественных наук. Среди них: физическая химия, биологическая химия, физико-химическая биология, биофизика, психофизика и т.д.

Значимыми для настоящего этапа и перспектив развития нашего общества признаются такие качества и характеристики человека как инициативность, предприимчивость, перспективное мышление, умение принимать оптимальное решение и т.п. В формировании таких специалистов первостепенное значение имеет развитие системного мышления, умения видеть объект в единстве его многосторонних связей. Во власти педагогов разработать условия, способствующие формированию системных, целостных научных знаний и практических умений, содействующих синтезу, объединению получаемых по разным дисциплинам сведений. Таким образом, сегодня актуальны проблемы интеллектуального развития личности школьника в процессе обучения естественнонаучным предметам на основе межпредметных связей. Знания и умения, полученные учащимися по разным дисциплинам, представляют собой смесь слабосвязанных сведений, не используемых ни в учебе, ни в производственной практике. Поэтому роль межпредметных связей в школьном обучении очевидна.

Ключевые слова: междисциплинарные и межпредметные связи, познавательная деятельность, функции межпредметных связей, интегрированные уроки.

Zh.M.Zhaksibaeva¹, G.E. Abzhal², M.A. Orazbaeva³

*¹c.c.s., senior teacher,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²master's 1 courses,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*³c.c.s., senior teacher,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

FORMATION OF CHEMICAL KNOWLEDGE AND SKILLS OF STUDENTS AMONG SCHOOLS USING INTERDISCIPLINARY CONNECTIONS

Abstract

True knowledge of the subject as a whole can be obtained by searching for points of intersection of different Sciences, establishing the relationship between individual discoveries and the definition of the original causes of the phenomenon. Therefore, it is no coincidence that the emergence of new,

interdisciplinary Sciences – Sciences standing at the junction of several traditional natural Sciences. Among them – physical chemistry, biological chemistry, physico-chemical biology, biophysics, psychophysics, etc.

Relevant to the present stage and prospects of development of our society recognizes these qualities and characteristics like initiative, resourcefulness, forward thinking, ability to make the best decision, etc. In the formation of such specialists is paramount to the development of systemic thinking, the ability to see the object in the unity of its multilateral ties. In the power of teachers to develop the conditions promoting formation of the system, integral scientific knowledge and practical skills promoting synthesis, Association of the data received on different disciplines. Thus, today the problems of intellectual development of the student's personality in the process of teaching natural science subjects on the basis of interdisciplinary connections are relevant. The knowledge and skills acquired by students in different disciplines are a mixture of loosely related information that is not used either in school or in industrial practice. Therefore, the role of interdisciplinary connections in school education is obvious.

Keywords: interdisciplinary and interdisciplinary communication, cognitive activity, functions of interdisciplinary communication, integrated lessons.

Химияны оқыту барысында пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруда оқушылардың атқаратын жұмыстары мен орындайтын оқу әрекеттері де түрліше болады:

- білім алушылардың химиядан алған білімдерін қайта жаңғырту, еске түсіру және оларды жаңа материалды игеру кезінде қолдану;

- арнайы пәндерден алған білімдерін іске қосатын, білім алуда белгілі бір танымдық мақсатты жүзеге асыратын пәнаралық міндеттерді орындауға көмектесетін тапсырмалар мен сұрақтарды орындау;

- бағдарламалық материалдарды терең және тиянақты игеруге, құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білуге мүмкіндік туғызатын шығармашылық бағыттағы жұмыстар орындау арқылы әр пәннің мазмұндық сабақтастығына көз жеткізу;

- пәнаралық сипаттағы хабарлама, рефераттар, көрнекі құралдар, кестелер, сызбалардайындау;

- пәнаралық байланыс бойынша алған білімдерін қолдану барысында химиялық эксперимент жүргізу.

Бізге дейінгі пәнаралық байланыстар туралы берілген еңбектерде негізінен оқу пәндері арасындағы байланыстар екі түрлі жолмен жүзеге асады. Олар:

- уақытша (хронологиялық);

- мазмұндық.

Пәндердің хронологиялық жолмен байланыстары оның оқылу уақытын белгілеуді керек етеді. Мазмұндық – бұл негізінен ғылыми ұғымдарды байланыстырып түсіндіру.

Бұл пікірлерді біз де қолдаймыз. Дегенмен, біздің зерттеуімізде пәнаралық байланыс төрт түрлі жолмен жүзеге асырылды:

- теориялық-мазмұндық байланыс. Мұнда пәндер бағдарламасындағы теориялық материалдардың сабақтастығын жүзеге асыру;

- пәндер мазмұнына сәйкес жүргізілетін тәжірибе жұмыстарының байланысы;

- біліктілікті қалыптастыратын сарамандық жұмыстардың байланысы;

- пәндердің мазмұндық байланысын күшейтуге бағытталған сыныптан тыс жұмыстардың байланысы.

Пәнаралық байланыстар зерттеу әдістерінің ортақтығы бойынша да ашылады. Химия пәнін арнайы пәндермен байланыстырудың үш кезеңі бар: алдын ала, ілеспе, болашақта орындалатын. Алдыңғы пәнаралық байланыстар – химия курсы материалдарын оқыту кезінде басқа пәндерден бұрын алған білімдеріне сүйенеді. Ілеспе пәнаралық байланыстар – бұл бірқатар теориялық мәселелер мен ұғымдар бір мезгілде химия бойынша да, арнайы пәндер бойынша да қатар жүзеге асып оқытылатын байланыстар. Болашақта орындалатын пәнаралық байланыстар арнайы пәндерде химия пәнінен бұрын алған білімдерін қолдану.

Оқу пәндерінің құрылымы мен пәнаралық байланысы оны оқыту үрдісінде материалдардың мазмұндық бірлестігін, сабақтастықтарын табуды көздейді. Өз кезегінде пәнаралық байланыстар оқу пәндері құрылымын қалыптастыруға, білім мен біліктің «жүйеаралық компоненттерін» оқу-танымдық қызметтің жалпылама ұғымдары мен тәсілдерін бөліп қарауға әсер етеді.

Пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығымен қатар мазмұндық, іс-әрекеттік, ұйымдастырушылық – әдістемелік, практикалық өндірістік т.б. қызметтерде жан-жақты белсенділік көрсетуі күшейеді. Пәнаралық байланыс ең алдымен оқушылардың сабаққа қызығу-

шылығын арттырудың себебіне айналады. Оқушылардың іс-әрекетке танымдық, кәсіптік дербестігін пәнаралық байланыстар негізінде дамыту жеке тұлғаның дүниетанымдық, құндылық бағдарын қалыптастырумен өзара тығыз байланыста өтеді. Әдістемелік әдебиеттердегі тиімді ұсыныстар, оқытудың алдыңғы қатарлы үлгісі және өзіміздің іс-тәжірибеміз пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың төмендегі түрлерін саралауға негіз болды:

- оқытылатын материалдардың мазмұны бойынша;
- қалыптастыруға тиісті білік түрлеріне байланысты;
- оқытудың әдістері мен құралдарына байланысты (кесте1).

Кесте-1. Химияны оқытуда пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру түрлері

Пәнаралық байланыс мазмұны	Қалыптастырылатын біліктілік	Оқытудың әдістері мен құралдары
1. Химияны арнайы пәндерде оқытылатын заңдар мен құбылыстардың теориялық негіздерімен байланыстыру.	Теориялық мазмұн байланысын дәлелдейтін іс әрекет (ауызша және жазбаша шешім қабылдау, жоспарын құру т.б.).	Проблемалық эвристикалық, репродуктивтік, алгоритмдік, шығармашылық, көрнекілік зерттеу т.б. Құралдары: слайдтар, мультимедиялық, техникалық құралдар т.б.
2. Химия сабақтарында заңдар мен құбылыстарды бейнелейтін және арнайы пәндер бойынша ұйымдастырылатын зертханалық жұмыстар мазмұнын байланыстыру.	Бақылау өлшеу аспаптарын пайдалана білу; ерітінділерді дайындау; титрлеу операцияларын орындау және т.б.	Тәжірибе, бақылау, талдау, салыстыру, қорытындылау. Құралдары: зертханалық аспаптар мен құралдар, кондырғылар т.б.
3. Оқылатын материалдар бойынша деректер, құбылыстар, ұғымдарды меңгеруге бағытталған студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруды байланыстыру.	Есептерді математикалық өңдеу, графикалық немесе технологиялық шешу; мағыналық шешу, шешім алгоритмін ойша есеп құрастыру.	Химиялық реакциялар жүргізу, нәтижесін шығару, есептер жүргізу, тестік тапсырмалар орындау Құралдары: химиялық реактивтер, тестік тапсырмалар.
4. Химия мен арнайы пәндердің деңгейлік тапсырмалары мен сұрақтарын байланыстыру.	Оқушылардың интеллектуальдық біліктілігін көрсететін жауаптарының дәлелділігі, аналитикалық химия мен арнайы пәндердің ұқсас құбылыстары мен заңдылықтарын салыстыру.	Сөздік әдіс, дәлелдеу, салыстыру, қорытынды шығару Құралдары: деңгейлік тапсырмалар, жұмыс дәптері.
5. Ұй тапсырмалары арқылы химия мен арнайы пәндердің байланысын қамтамасыз ету.	Реферат дайындау, баяндама жасау, терминологиялық сөздіктер, слайдтар құрастыру	Практикалық іс әрекеттер орындауға бағытталған әдістер Құралдары: слайтар, сөздіктер т.б.
6. Химия мен арнайы пәндерді байланыстыруға арналған сыныптан тыс жұмыстар.	Топсаяхат кезінде өндіріс зертханасындағы анықтауларды оқу зертханалық жұмысымен салыстыру, бақылап көргендері бойынша талдау.	Тесттердің түрлері, ғылыми тақырыпты қорғау, олимпиадалық есептерді шығару.

Төменде орта мектептерде химия мен арнайы пәндерді байланыстыра оқытудың құрылымдық – мазмұндық моделі ұсынылған (сурет 1).

Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру үшін оқытушыға төмендегідей талаптар қойылады:


- оқу үрдісінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру барысында оқу әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі принциптерін білу;
- білім беру жүйесіндегі пәнаралық байланыстардың ролін түсіну және оларды дамыту перспективаларын көру;
- оқу үрдісінде пәнаралық байланыстардың мазмұндық, іс-әрекеттік ерекшеліктерін білу;
- оқыту үрдісінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық негізін білуі.

Пәнаралық байланыстың студенттердің кәсіптік дайындығында педагогикалық мүмкіндігін анықтау барысында ең алдымен техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының білім алушыларға қоятын талаптарын саралауға тура келді.

Сол арқылы пәнаралық байланыстың болашақ мамандардың білім сапасын көтерудеалатын орынының ерекшелігі айқындалды.

Мұнайхимия өндірісіне байланысты оқытылатын аналитикалық химия мен арнайы пәндердің пәнаралық байланыс түрлері: мазмұндық, жүйелік, пәнішілік, тақырыпшілік айқындалып, оны зерттеу барысында қолдану мүмкіндігі туды. Себебі, бұл пәндердің теориялық негіздері бір-бірімен өте тығыз байланыста өрбиді.

Пәнаралық байланыс мәселелерін қарастыру кезінде отандық және жақын, алыс шетел ғалымдарының бұл мәселемен айналысқандықтарын көре отырып, олардың еңбектерімен танысып, талдау жасай отырып, оны өз зерттеуімізге тірек еттік.



Сурет-1. Мектептерде химия мен жаратылыстану пәндерін
байланыстыра оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Химияны жаратылыстану пәндерімен байланыстыру нәтижесінде теориялық білімнің ғылымилығы және оның практикалық мәні ашылады. Химия мен жаратылыстану пәндерінің мазмұнын сабақтастыра отырып, оқушылардың бүгін алған білімі мен келешекте меңгеретін білімінің байланысын күшейту және оларды дамыту мақсатын жүзеге асырады.

Жалпы алғанда, осы мәселені талдау барысы көрсеткендей, пәнаралық байланыстарды жүйелі және жоспарлы жүзеге асыру оқытылатын пән мазмұнын іріктеу, білім беруді ұйымдастыру және тиімді әдістерді қолдануды керек етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Абас-Заде А.А. *О связи физики с химией в процессе преподавания физики в средней школе: Автореф. дис.канд.пед.наук.* – Баку, 1964.
- 2 Антонов Н.С. *Межпредметные связи измерительных комплексов естественно-научных дисциплин в средней школе: Автореф. дис. канд.пед.наук.* – М., 1969.
- 3 Бинас А.В. *Биологический эксперимент в школе: кн. для учителя.* – М.: Просвещение, 1990.
- 4 Габриелян О.С. *Химия. 8 класс: Учеб. для общеобразоват. учеб. заведений. 3-е изд.* – Москва: Дрофа, 1999. – 208.
- 5 Кулагин П.Г. *Межпредметные связи в обучении.* – М.: Просвещение, 2000.
- 6 Славская К.А. *Развитие мышления и усвоение знаний. / Под ред. Менчинской Н.А. и др.* – М.: Просвещение, 2002.
- 7 Федорец Г.Ф. *Межпредметные связи в процессе обучения.* – Нар. образование, 1985.
- 8 Федорец Г.Ф. *Межпредметные связи и связь с жизнью основу обучения.* – Нар. образование, 1979. – №5.
- 9 Федорова В.Н., Киришкин Д.М. *Межпредметные связи.* – М.: Педагогика, 1989.

References:

- 1 Abas-Zade A.A. *O svyazi fiziki s himiei v protsesse prepodavanua fiziki v srednei shkole: Avtoref. dis.kavd.ped.nayk.* – Baky, 1964.
- 2 Antonov N.S. *Mejpredmetnye svyazi izmeritelnyh kompleksov estestvenno-naychnyh distsiplin v srednei shkole: Avtoref.dis. kand.ped.nayk.* – M., 1969.
- 3 Binas A.V. *Biologicheskii eksperiment v shkole: kn. dlia uchitelia.* – M.: Prosveenie, 1990.
- 4 Gabrielian O.S. *Himua. 8 klass: Ycheb. dlia obeobrazovat. ycheb. zavedenu. 3-e izd.* – Moskva: Drofa, 1999. – 208.
- 5 Kylagin P.G. *Mejpredmetnye svyazi v obychneni.* – M.: Prosveenie, 2000.
- 6 Slavskaiia K.A. *Razvitie myshlenua i ysvoenie znani/ Pod red. Menchinskoi N.A. i dr.* – M.: Prosveenie, 2002.
- 7 Fedorets G.F. *Mejpredmetnye svyazi v protsesse obychnenua.* – Nar. obrazovanie, 1985.
- 8 Fedorets G.F. *Mejpredmetnye svyazi i sviaz s jizniy v osnovy obychnenua.* – Nar. obrazovanie, 1979. – №5.
- 9 Fedorova V.N., Kiryishkin D.M. *Mejpredmetnye svyazi.* – M.: Pedagogika, 1989.

ӘОЖ 582.4

FTAMP 34.29.25

Қ.А. Жұмагулова¹, А.К. Аманқұл²

¹п.ғ.к., доцент,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²1 курс магистранты,

БИОЛОГИЯ КУРСЫНДА ТІРІ АҒЗАЛАРДЫ ЖҮЙЕЛЕУДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мақалада орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында жалпы білім беретін мектептердегі «Биология» пәнінен жаңартылған мазмұндағы сабақ өткізудіңқысқа мерзімді оқу жоспарын жасау қарастырылды. Сондай-ақ, 7-сыныптың үлгілік бағдарламасы бойынша келесі: 7.1.1.1 Жүйелеудің маңызын анықтау, 7.1.1.2 Жүйелеуде тірі ағзалардың орнын анықтау мақсаттары бойынша сабақ құрылымы түзілді.

Оқу бағдарламасында нақты оқу мақсаттары мен ҚМЖжасауда негізге алынатын бағалау критерийі, тілдік мақсаттар, құндылықтарға баулу т.б. бөлімдер беріледі. Осы аталған бөлімдерді ҚМЖ-да нақтыланған оқу мақсаттарына сәйкес ашу пән мұғалімнен интеллектуалдық ізденісті қажет етеді. Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер білім алушыларды өзіндік ізденіске, іс-әрекет жасауға, өзін-өзі бағалай алатындай негізде құрылу қажет. Мысалы, біз тірі ағзаларды жүйелеуді оқыту үшін сабақтағы жоспарланған келесі жаттығу түрлерін, яғни, «Суреттер галереясы» «Түртіп алу», «Басбармақ», «Джиксо», «Бағдаршам», «Суреттер құпиясы» т.б. әдіс түрлерін қолдандық.

Түйін сөздер: бағалау критерийі, тілдік мақсаттар, құндылықтар, рефлексия, бұрандалы тәсіл, дескриптор, интербелсенді әдістер.

Жумагулова К.А.¹, Аманқұл А.К.²

¹к.п.н., доцент,

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

²магистр I курса,

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ СИСТЕМАТИКИ ЖИВЫХ ОРГАНИЗМОВ В КУРСЕ ШКОЛЬНОЙ БИОЛОГИИ

Аннотация

В статье рассмотрена разработка краткосрочных учебных планов проведения уроков по предмету «Биология» в общеобразовательных школах в рамках обновления содержания среднего образования. Кроме того, по типовой программе 7 класса сформирована следующая структура занятий: 7.1.1.1 определение значения систематизации, 7.1.1.2 определение места живых организмов в систематизации.

В учебной программе используются критерии оценивания, основывающиеся на конкретных учебных целях и разработке КСП, языковые цели, приобщение к ценностям и разделы даются. Раскрытие данных разделов в соответствии с конкретными учебными целями в КСП требует от учителя-предметника интеллектуального поиска. Методы и приемы, применяемые на уроке, должны строиться на основе того, чтобы обучающийся мог самостоятельно искать, действовать, оценивать

себя. Например, для обучения систематизации живых организмов мы планируем на уроке следующие виды упражнений «Галерея картин», «Басбармак», «Джиксо», «Светофор», «Секреты картин» и т.д.

Ключевые слова: критерии оценивания, языковые цели, ценности, рефлексия, винтовой подход, дескриптор, интерактивные методы.

К.А. Zhumagulova¹, А.К. Amankul²

*¹c.p.s., associate professor,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²master of I course,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

METHODS OF TEACHING THE SYSTEMATIC OF A LIVING ORGANISM IN THE COURSE OF SCHOOL BIOLOGY

Abstract

In the provides for the development of a short-term curriculum for renewed content in «Biology» in general education schools to upgrade the content at secondary education. Also in the program at the 7 th grade: 7.1.1.1 determining the importance of systematization. 7.1.1.2 the structure of the lectures has been created in the systematization by purposing of determining the location of living organisms.

The curriculum uses assessment criteria based on specific learning objectives and the development of a CPR, language objectives, values and sections are given. Disclosure of these sections in accordance with specific educational goals in the PCB requires a subject teacher intelligent search. Methods and techniques used in the lesson should be based on the fact that the student could independently search, act, evaluate themselves. For example, to teach the systematization of living organisms, we are planning the lesson the next types of exercises "Gallery of pictures", "Besbarmak", "Gexo", "Traffic light", "Secrets of pictures", etc.

Keywords: evaluation criteria, language goals, values, reflection, screw approach, descriptor, interactive method.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында бүгінде әлемТөртінші өнеркәсіптік революциядәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағытерең және қарқынды өзгерістер кезеңінеқадам басып келеді, сондай-ақ, жаңа технологиялық қалыпбіздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтініміздітүбегейлі өзгертуде деп атап көрсетеді [1].

Осы әлемдік өзгерістерге сәйкес, орта білім беру саласы жаңартылған білім мазмұнынакөшкендігі белгілі. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер жаңа бағдарламалар, оқулықтар жәнестандарттар арқылы жүзеге асады.

Ал, «Биология» оқу пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылса, бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

Бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді[2].

Жалпы биологиядан оқу пәнінің мазмұныбұрандалы тәсілмен құрылған келесідей:

- тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері;
- көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік,эволюциялық даму;
- ағза мен қоршаған орта;
- қолданбалы кіріктірілген ғылымдар атты 4 бөлімді қамтиды.




Біз ұсынып отырған мақалада «Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері» бөлімінің тірі ағзалардың көптүрлілігі атты бөлімшесін негізге алдық. Оқу бағдарламасында нақты оқу мақсаттары мен ҚМЖ жасауда негізге алынатын бағалау критерийі, тілдік мақсаттар, құндылықтарға

баулу т.б. бөлімдер беріледі. Осы аталған бөлімдерді ҚМЖ-да нақтыланған оқу мақсаттарына сәйкес ашу пән мұғалімнен интеллектуалдық ізденісті қажет етеді. Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер білім алушыларды өзіндік ізденіске, іс-әрекет жасауға, өзін-өзі бағалай алатындай негізде құрылу қажет. Мысалы, біз тірі ағзаларды жүйелеуді оқыту үшін сабақтағы жоспарланған келесі жаттығу түрлерін, яғни, «Суреттер галереясы» «Түртіп алу», «Басбармақ», «Джиксо», «Бағдаршам», «Суреттер құпиясы» т.б. әдіс түрлерін қолдандық. Осы аталған әдістер сабақтың кезеңдеріне сай қолданылды. Мысалы «Суреттер галереясы» [3] әдісін білім алушыларды топтастыру мақсатында қолдансақ, ал «Түртіп алу» әдісін сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болады. Бұдан шығатын қорытынды, сабақ жоспарлауда әдістерді қолданудың да, өзіндік ерекшеліктері болады. Біз, «Тірі ағзалардың бес патшалығына сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар. Типтер. Бөлімдер. Кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы» тақырыбы бойынша авторлық қысқартылған оқу жоспарын ұсынып отырмыз.

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:	Биосфера және экожүйелер
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Аманкүл Арайлым
Сынып: 7	Қатысқандар: 28 Қатыспағандар: 2
Сабақтың тақырыбы:	Тірі ағзалардың бес патшалығына сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар. Типтер. Бөлімдер. Кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы.
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.1.1.1 Жүйелеудің маңызын анықтау 7.1.1.2 Жүйелеуде тірі ағзалардың орнын анықтау
Бағалау критерийі	Жүйелеудің маңызын түсіндіреді Жүйелеуде тірі ағзалардың орнын анықтайды
Тілдік мақсаттар	Ағзалардың сыртқы ерекшеліктерін анықтау және ауызша сипаттау; түрлер - виды - types, микроағзала - микроорганизмы - microorganisms, прокариоттар - прокариоты - prokaryotes, эукариоттар - эукариоты - eukaryotes, протисталар - протисты - protists, саңырауқұлақтар - грибы - fungi, өсімдіктер - растения - plants, жануарлар - животные - animals; Тірі организмдерді жіктеу принциптері қандай? Микроорганизмдер бір-бірінен қалай ерекшеленеді?
Құндылықтарға баулу	Тірі ағзалардың өмірдегі қолданылатын орнын анықтау арқылы өмір бойы білім алу құндылығы қалыптасады; Бірін-бірін тыңдау, ұжымда жұмыс жасау арқылы ашықтық, ынтымақтастық құндылығы қалыптасады; Жергілікті жерде кездесетін түрлерді қорғауды үйренумен азаматтық жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру.
Пәнаралық байланыс	География, математика, информатика, бейнелеу өнері, Я1, Я2, Я3.
Алдыңғы білім	«Жүйелеу», «тірі табиғат дүниесі», «омыртқалы және омыртқасыз жануарлар»

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы (3 мин)	Топқа біріктіру: әдісі оқушыларға әр жүйеге жататын ағзалардың суреттері таратылып беріледі де бір патшалыққа жататын суреттерді жинақтау арқылы топтарға бөлінеді (прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар)	Тірі ағзалардың бес патшалығының суреттері

<p>5 мин</p>	 <p>Царство Protista - Простейшие</p> <p>2.Тақырып мазмұнын ашу мақсатында төмендегідей сұрақтар қойылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.«Жүйелеу» туралы не білесіз? 2.Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама бере аласыз ба? 3.Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтарына тән қандай белгілерді білесіз, мысал келтіре аласыз ба? 4. Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктеріне қарап ен айта аламыз? «Түргіп алу» әдісі бойынша сабақ бойы толтырады. 	
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>10 мин</p>	<p>Оқушылар оқулықты, интернет ресурстарын және қосымша әдебиеттерді пайдаланып тапсырмаларды орындайды:</p> <p>1 тапсырма.Тірі ағзалардың негізгі топтарын атаңыз, олардың маңызына сипаттама беріңіз және оларға мысал келтіріңіз (Оқушылар тапсырманы ауызша немесе жазбаша орындайды).</p>  <p>32-сурет. Жануарлар дүниесін жіктеу</p> <p>Тапсырма жауаптарын жұппен талқылайды және дайын жауап эталонымен бірін-бірі бағалайды.</p>	<p>7-сынып биология А.Р. Соловьева Б.Т. Ибраимова, Ж.Ә.Алина Алматы «Атамұра» 2017.</p> <p>Интернет-көздері: www.edu.gov.kz</p> 

Бағалау «басбармақ»

№2 тапсырма «Джиксо» әдісі
(оқушылар топқа бөлініп, оларға мәтін беріледі).

Жаттығудың сипаттамасы:

Әр топ берілген мәтінді оқыпжүйелеудегі тірі ағзалардың орнын анықтау керек.


1-топ. Тірі ағзалардың маңызы. Олар тыныс алады, қоректенеді, көбейеді, өседі, дамиды және зат алмасу жүреді. Тірі ағзалар өзін қоршаған сыртқы ортамен тығыз байланысты және оған бағынышты. Ағзалар айналадағы ауамен тыныс алады, суды сіңіреді, сыртқы ортаға көмірқышқыл газы мен оттегін бөледі. Тірі ағзалардың денесі жасушалардан тұрады, тіпті денесі бір ғана жасушадан тұратын түрлері бар.

Жерде тірі ағзалардың 5-6 миллиондай түрі тіршілік етеді. XX ғ. 40 мыңдай қарапайымдар, 2 миллиондай жануар, 0,5 миллионға жуық өсімдік және 100 мыңнан астам саңырауқұлақ түрлеріне сипаттама берілген.

2-топ. Ғалымдар жыл сайын 2 мың бунақденелілердің жаңа түрлерін ашады; сол сияқты балықтардың, құрттардың, саңырауқұлақтардың тізімдері де жаңа түрлермен толығып жатады. Бірақ құстар мен сүтқоректілер арасында мұндай жаңалықтар өте сирек кездеседі. 1938 жылы В.А. Селевин басқарған зоологиялық экспедиция Бетпақдала өңірінен тышқан тәрізді кемірушілердің бірі – жалманды тапқан. Оның бесеуін ұстағанда бұл аса елеулі жаңалық болып қабылданды және оны әрі қарай зерттеуге жол ашты.



3-топ. Жалманбетпақдалашөлі, Балқашкөлініңсолтүстігі, Алакөл, Зайсан ойпаттарыөңіріндеөтесирекұшырасады. Қазақстандағанакездесетін, жүнімайда, жібектей сусылдаған, қалың, құлағытүтікболыпқусырылатын, алақантәріздіжазылатынкішкенеғанааң. Олкөшпелішегірткенісүйіпжейді; көбелек, қоңызсияқтыбунақденелілермен де қоректенеді; өтесирекболғандықтан, олқорғауғаалынған.



5 мин




Бактериялар Саңырауқұлақ Жасылбалдыр Итмұрын Қына

Бұлар тірі ағзалар

4-топ. Тірі ағзалардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы. Ағзалар табиғаттың аса маңызды бөлігі. Олар бір-бірімен тығыз байланыста тіршілік етеді. Басқа ағзалар тіршілігінд өөсімдіктер зор рөл атқарады. Өсімдіктер болмаса жануарлар да, адам да тіршілік ете алмайды. Барлық тірі ағзалар ауадағы оттегі мен тыныс алып, көмірқышқыл газын бөліп шығарады. Жасыл өсімдіктер қоректенгенде ауаға үнемі оттегін бөліп шығарады, көмірқышқыл газын сіңіреді. Сол оттегімен өсімдіктердің өздері де, басқа ағзалар да тыныс алады. Жануарлардың көптеген түрлері өсімдіктермен қоректенеді. Өсімдіктер топырақты қарашірікпен байытып, құрылымын жақсартады. Ауаны шаң мен улыгаздан тазартады. Ауру тудыратын майда ағзаларды жояды. Аптап ыстықты, қақаған аязды бөсеңдетеді. Осының бәрі бүкіл тірі ағзалардың тіршілік етуіне мүмкіндік беретін аса маңызды жағдайлар[4].

5-топ. Көбелектер, аралар, қоңыздар өсімдіктерді тозаңдандырады. Шұбалшандар топырақтың құрылымын жақсартады. Бунақденелілермен қоректенетін жануарлар өсімдіктердің зиянкестерін азайтып, пайда келтіреді. Жануарлар өсімдік тұқымдары мен жемістерін таратады. Микроағзалар өсімдік қалдықтары мен жануарлардың өлексесін шірітіп, топырақты қарашірікпен байытады. Адам өміріне қажетті киімді, тағамды, дәріні, құрылыс материалдарының көпшілігін өсімдіктер мен жануарлардан алады.





Ұлу Көбелек Бақа Тасбақа Торғай







Тірі ағзалар

Бағалау критеріі	Дескриптор
Жүйелеуде тірі ағзалардың орнын анықтайды	-Тірі ағзалардың қай топқа жататынын анықтайды Тірі ағзаларды ортақ белгілеріне қарай ажыратады; -Жеке ерекшеліктерін бөледі

Оқушылар аяқтаған жұмыстарын критерийге сәйкестендіріп тексеріп, «Джиксо» әдісіарқылы топтар бір-біріне түсіндіреді.

Бағалау «бағдаршам»

«Суреттер құпиясы» әдісімен сабақ бекітіледі

Тірі организмдер өкілдері	Оларға тән белгілер
	
	
	
	
	
	

Сабақтың соңы
(3-5 мин)

Рефлексия
Бүгінгі сабақта болған көңіл-күйді бес саусақ салынған суреттерарқылы бағалау.

- Бүгін не үйрендің?
- Бүгінгісабақұнадыма?
- Бүгінгікөңіл-күйіңқалайболды?
- Басқаларғақөмектесе алдыңба?
- Өзіңдіқалайсезіндің?

Суреттер (бес саусақ)



Сабақтың соңында саралау жүргізіледі, яғни, Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз? Деген сұраққа жауап алу керек. Мысалы, біздің жағдайымызда 2тапсырманы орындауда «Инсерт» әдісі арқылы қабілеті төмен оқушыларға қолдау көрсетілді, ал, қабілеті жоғары оқушыларды мадақтау арқылы ынталандырылып отырды. Қысқа мерзімді жоспардың келесі бөлімі: бағалау, яғни, Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? –деген сұраққа сабақтың өн бойында білім алушыларды бағалау үшін, қандай әдіс-тәсілдерді қолдандық, мысалы, бақылау, қадағалау, қолдау көрсету, бағыттау, сұрақ-жауап, түртіп алу, рефлексия жасату сияқты стратегиялардың қолданғандығы туралы жазамыз. Ал, сабақ соңында білім алушылармен рефлексия жүргізіледі. Рефлексия кезінде мұғалім бүгінгі сабағында қандай сұраққа жауап алды, яғни, «Сабақ мақсаттары/оқыту мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды? Менің бөліп оқытқаным өз мәнінде жүзеге асты ма? Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?»-деген сұрақтарға жауап алу керек. Қысқартылған мерзімді сабақ жоспарын жасау болашақ маманнан үлкен шығармашылықты, ізденуді, жаңашылдықты талап етеді.

Сонымен, жаңартылған білім мазмұны бойынша мұғаліммен оқушының рөлі келесі форматқа өзгеруі қажет:

- өнім немесе нәтиже-іс-әрекет болуы керек;
- мұғалім – білім алуды ұйымдастырушыға айналу қажет;
- оқушылармен жұмыста әр түрлі тәсілдерді қолдану;
- белсенді білім алушыға айналу;
- сұрақ қоюшы оқушы болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын жариялады//Егемен Қазақстан, 2018,10 қаңтар, №529-532(26375).

2 Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған«Биология» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарлама. –Астана: РБК Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы, 2017. – 43 б.

3 Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. – Алматы: Жедел басу, 2009. – 328 б.

4 Жұмағұлова Қ.Ә. Биология:Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған: Оқулық/К.Жүнісқызы, Р.Әлімқұлқызы, Қ.Жұмағұлова.3-і бас., өңдел., толық. –Алматы: Атамұра, 2011. – 208 б.

References:

1 Qazaqstan Respýblikasynyń Prezidenti N.Nazarbaev Qazaqstan halqyna «Tórtinshi ónerkásiptik revolyýtsua jadatynday damýdyń jańa múmkindikteri» atty Joldaýyn jarualady//Egemen Qazaqstan, 2018,10 qańtar, №529-532(26375).

2 Negizgi orta bilim berý deńgeiiniń 7-9-synyptaryna arnalan «Biologua» páninen jańartylan mazmunday úlgielik oqý badarlama. –Astana: RBK Y.Altynsarin atynday Qazaq bilim akademiasy, 2017. – 43 b.

3 Alimov A.Q. Interbelsendi ádisterdi joary oqý oryndarynda qoldaný. – Almaty: Jedel basý, 2009. – 328 b.

4 Jumaulova Q.Á. Biologua:Jalpy bilim беретin mekteptiń 6-synybyna arnalan: Oqýlyq/K.Júnisqyzy,

ӘОЖ 547.979.7+0,26+541.427.49
FTAMP 36.01.01

А.А.Мейірманова¹, А.К.Мыңжасар²

*¹х.ғ.к., доцент,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

*²2-курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ҚОҒАМДАҒЫ МҰҒАЛІМ: ҚАЗАҚСТАН МҰҒАЛІМДЕРІН ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІ

Аңдатпа

Білім беру жүйесін жаңғырту «Қазақстан – 2030» және «Қазақстан – 2050» ұзақ мерзімді стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі болып табылады.

Мақалада ұлттық білім беру жүйесін жаңғыртудың өзекті міндеттері, ұйымдастырушылық негіздері мен басым бағыттары қарастырылған. Оқытудың заманауи моделі құзыреттілік тәсілге, білім беру стандарттары мен мазмұнын жаңартуға негізделген, орта білім беру жүйесінің 12 жылдық көптілді оқыту моделіне кезең-кезеңмен көшуіне сыни талдау жасалды. 2002 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін білім берудің қазіргі заманғы стандартын апробациялау нәтижелері ұсынылған. Оқу білімін бағалаудың критериалды жүйесін (формативті және жиынтық) енгізу негізделген.

Жаңартылған білім беру жүйесінде педагогтың басым рөлі көрсетілген. Қазіргі заман үш тілді еркін меңгерген, біліктілігі жоғары, жаңа формациядағы ғылыми-педагогикалық кадрларды қалыптастыру қажеттілігін талап етеді, өйткені білім беру сапасы бірінші кезекте сапалы даярланған педагогтармен анықталады.

Сондықтан, нормативтік-құқықтық, материалдық-техникалық және барабар заңнамалық базаны, педагогтың еңбегін материалдық, моральдық ынталандыру жүйесін жетілдіру, оның әлеуметтік мәртебесін арттыру, біліктілікті арттыру орталықтарын және білім беру курстарын құру, оқытудың 12 жылдық моделіне бейімделген семинарлар мен тренингтер өткізу жоғары білікті мамандарды даярлау жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: үш тілділік, 12 жылдық білім моделі, критериалды жүйе, жаңғырту, формативті және суммативті бағалау.

Мейірманова А.А.¹, Мыңжасар А.К.²

*¹к.х.н., доцент,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

*²магистрант 2 курса,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

УЧИТЕЛЬ В ОБЩЕСТВЕ: СИСТЕМА ПОДДЕРЖКИ УЧИТЕЛЕЙ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Модернизация системы образования признано одним из важнейших приоритетов долгосрочной Стратегии «Казахстан – 2030», и «Казахстан – 2050».

В статье рассмотрены актуальные задачи, организационные основы и приоритетные направления модернизации национальной системы образования. Современная модель обучения основана на компетентностном подходе, обновлении стандартов и содержания образования, Дан критический анализ поэтапного перехода системы среднего образования на 12-летнюю, полиязычную модели обучения. Представлены результаты апробации современного стандарта образования, начиная с 2002 г. по настоящее время. Обосновано введение критериальной системы (формативное и суммативное) оценивания учебных знаний.

Показана приоритетная роль педагога в обновленной системе образования. Современность диктует необходимость формирования научно-педагогических кадров новой формации, высокой квалификации, свободно владеющих тремя языками, поскольку качество образования, в первую очередь, определяется качественно подготовленными педагогами.

Поэтому, совершенствование нормативно-правовой, материально-технической и адекватной законодательной базы, системы материального, морального стимулирования труда педагога, повышения его социального статуса, создание центров повышения квалификации и образовательных курсов, проведение семинаров и тренингов, адаптированных к 12-летней модели обучения, позволит усовершенствовать систему подготовки высококвалифицированных специалистов.

Ключевые слова: трехязычие, 12-летняя модель обучения, критериальная система, модернизация, формативное и суммативное оценивание.

A.A.Meirmanova¹, A.K.Myngzhassar²

¹c.c.s., docent,

*Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

²master of 2 course,

*Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

THE TEACHER IN THE SOCIETY: SUPPORT SYSTEM OF TEACHERS OF KAZAKHSTAN

Abstract

Modernization of the education system is recognized as one of the most important priorities of the long-term Strategy «Kazakhstan – 2030» and «Kazakhstan–2050».

The article considers the actual tasks, organizational bases and priority directions of modernization of the national education system. The modern model of education is based on the competence approach, updating the standards and content of education, a critical analysis of the gradual transition of secondary education to a 12-year, multilingual model of education. Results of approbation of the modern standard of education since 2002 till now are presented. The introduction of criterion system (formative and summative) of evaluation of educational knowledge is proved.

The priority role of the teacher in the updated system of education is shown. Modernity dictates the need for the formation of scientific and pedagogical personnel of the new formation, high qualification, fluent in three languages, because the quality of education is primarily determined by the quality of trained teachers.

Therefore, the improvement of the legal, material, technical and adequate legal framework, the system of material, moral incentives for teachers, improving their social status, the creation of centers of training and educational courses, seminars and trainings adapted to the 12-year model of training, will improve the system of training of highly qualified specialists.

Keywords: three languages, 12-year model of training, criteria system, modernization, formative and summative assessment.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының алдында жаһандық міндет тұр – әлемдік білім беру кеңістігіне кіру, өзінің саясаты мен даму стратегиясын әлемнің жетекші елдерімен келісу, өйткені қазіргі жағдайда орта және жоғары білім берудің ұлттық жүйелері әлемдік еңбек нарығының сұраныстарынан, жаһандық процестер мен үрдістерден тыс дами алмайды.

Білім беру жүйесін жетілдіру "Қазақстан – 2030" және "Қазақстан – 2050" ұзақ мерзімді

стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі болып табылады.

ҚР Білім беру жүйесін жаңғырту келесі өзекті міндеттерді қамтиды:

- білім беруді дамытудың басым бағыттарын айқын анықтау;
- қазақстандық білім беру құрылымының білім берудің халықаралық стандартты жіктемесіне сәйкестігі;
- білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;
- TIMSS-2007 халықаралық зерттеуінде жоғары нәтижелерге қол жеткізу;
- мектеп және ЖОО білім беру бағдарламасын ықпалдастыру;
- жоғары білім, ғылым және өндірістің интеграциясы;
- Еуропалық білім беру кеңістігіне кіру [1].

Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатын іске асырудың ұйымдастырушылық негізі Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы болып табылады.

Үш тілді (немесе үш тілділікті) енгізу, яғни ҚР азаматтарының қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруі туралы идеяны алғаш рет ҚР Президенті 2006 жылдың қазан айында Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында жария етті. Және 2007 жылғы "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" жолдауында Н.Назарбаев "Тілдердің үштұғырлығы" мәдени жобасын кезең-кезеңімен іске асыруды бастауды ұсынды: "Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұл: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, Орыс тілі – ұлттаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға табысты кірігу тілі".

12 жылдық оқыту жүйесі бойынша қазіргі уақытта әлемнің 136 елінде айналысады. Оның ішінде АҚШ, Ұлыбритания, Франция. Соңғы жылдары оған көптеген посткеңестік мемлекеттер – Белоруссия, Армения, Тәжікстан көшті. Енді Қазақстан мектепте білім берудің әдеттегі кеңестік моделін өзгертеді [2].

Қазақстанның 6 жастан бастап 2019 жылы 12 жылдық білім беруге толық көшуі білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген. Айта кету керек, мектепке түсудің 6 жылдық және одан да ерте жасы бүгінде ЕЫДҰ Еуропалық Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымы (21 мемлекет) елдерінде кеңінен таралған. Бұл бүкіл әлем бойынша 60% елдер үшін тән.

«Нөлдік сынып + 11 сынып» 12 жылдық оқыту жүйесіне көшу әр түрлі педагогикалық, әлеуметтік және психологиялық зерттеулердің нәтижелерімен ғылыми негізделген. Балалардың білім деңгейін теңестіру ерте басталған сайын, олардың одан әрі дамудағы артта қалуының алдын алуға болады. Бұл дамыған елдерде балаларды ерте оқыта бастайтын себептердің бірі. Екінші жағынан, оқу бағдарламасын 12 жылға біркелкі бөлу түлектерді оңтайлы дамыту үшін маңызды мәні бар мазмұнды, тақырыптар мен мәселелерді қосуға мүмкіндік береді. Бұған жеке және ұлттық бірегейлік, ынтымақтастық, белсенді азаматтық ұстаным және қоғамға тарту сияқты мәселелер кіреді. Бұл оқушыларға ересек өмірге шығу үшін дайындалуға, жетілуге және жеткілікті дамуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, 12 жылдық білім беру жоғары оқу орындарында жалпы білім беретін пәндер санын қысқартуға көмектеседі, бұл соңғыларға арнайы пәндерге көп көңіл бөледі.

2002 жылдан бастап ҚР-да 12 жылдық, көптілді модельдер мен білім берудегі инновацияларды апробациялаудың базалық алаңы математикалық және жаратылыстану (химия, биология) бағытындағы "Назарбаев Зияткерлік мектептерінің" желісі болып табылады [3].

2003-2004 оқу жылында пилоттық экспериментке республиканың барлық өңірлерінен 51 мектеп қатысты. Келесі, 2004-2005 оқу жылында мұндай мектептер 104 болды. 10-сынып оқушылары 50 эксперименталды мектептің оқушылары оқу жетістіктерін бағалауда республика бойынша орташа көрсеткішпен салыстырғанда жоғары нәтиже көрсетті.

2015 жылдан бастап Қазақстан ресми түрде 12 жылдық оқыту моделіне көшті. Жаңа 12 жылдық білім беру стандартын апробациялау 2015 жылдың 1 қыркүйегінен басталды, әр облыстан эксперимент ретінде оған екі мектеп кірді. 2017 жылдан бастап жаңартылған орта білім беру бағдарламасы бойынша 1, 2, 5, 7 сыныптар, 2018 жылы – 3, 6, 8 және 2019 жылы 4, 9 сыныптар оқытыла бастады [4].

Орта білім берудің заманауи моделінің ерекше ерекшелігі:

- біріншіден, оқу білімін бағалаудың критериалды жүйесін енгізу. Критериалды бағалау формативті және жиынтық бағалаудан тұрады. Формативті бағалау оқушының дағдысының деңгейін анықтайды, бұл тоқсандық және жылдық бағасына әсер етпейтін аралық белгілер. Жиынтық бағалау

материал блогын зерделегеннен кейін қорытынды баға қою үшін жүргізіледі. Бағалар нақты, алдын ала анықталған өлшемдерге сәйкес қойылады. Бұл әдістеме әзірлеушілердің пікірінше, білім мен іскерлікті неғұрлым сапалы және объективті бағалауды береді, оқушылардың өз жұмысын дұрыс бақылау және бағалау, білімдегі кемшіліктерді өз бетінше анықтау және жою қабілетін дамытады, теориялық білімді практикада қолдануға үйретеді. 2018 жылдан бастап критериалды бағалауға 3, 6, 8 сыныптар, 2019 жылдан бастап 4, 9 сыныптар өтті;

- екіншіден, бес күндік оқыту сенбі күні вариативті компонент сабақтарын өткізуге мүмкіндік береді;

- үшіншіден, жүйе үй тапсырмасын орындау уақыты мен көлемін қысқартуға әкеледі. Жаңа нормативтерге сәйкес 2-сыныпта үй тапсырмаларын орындауға күн сайын 50 минутқа дейін, 3-4 сыныптарда – 70 минут, 5-6 сыныптарда – 90 минут, 7-9 сыныптарда – 110 минут, 10-11 сыныптарда – 130 минут кетеді. Мереке күндері және демалыс кезінде тек жобалық жұмыстар, математиканы тереңдетіп оқыту және жалпы даму үшін көркем әдебиетті оқу міндеттерін қою жоспарлануда. Бірінші сынып оқушыларына оқу тапсырмасы екінші жартыжылдықтан басталады. Алдағы уақытта жоғары сыныптарда әр сабақтан кейін үй тапсырмасынан оқу ширегіне көшу жоспарлануда [5].

2017 жылдың 1 қыркүйегінен бастап үш тілді білім беруге кезең-кезеңмен көшу мақсатында 799 мектепте жаратылыстану-ғылыми циклдің жеке пәндері: физика, биология, география, химия ағылшын тілінде оқытыла бастады.

Екінші жағынан, құзыреттілік тәсілге, білім беру стандарттары мен мазмұнын жаңартуға негізделген 12 жылдық оқыту моделіне көшуге байланысты жалпы білім беру жүйесіндегі педагогтің рөлі, функциялары мен орнын қайта қарастыру қажеттілігі пайда болады. Қазіргі заман үш тілді еркін меңгерген, біліктілігі жоғары, жаңа формациядағы ғылыми-педагогикалық кадрларды қалыптастыру қажеттілігін талап етеді, өйткені білім беру сапасы бірінші кезекте сапалы даярланған педагогтармен анықталады [6].

Алайда, жаңа формациядағы мұғалімдерді дайындау бүгінгі күннің өзекті мәселелерін шешусіз мүмкін емес:

- педагогтардың едәуір бөлігінің дайындығының төмен деңгейі;
- педагог кадрлардың өздігінен білім алуына және кәсіби өсуіне жеткіліксіз ұмтылуы;
- педагог еңбегінің төмен мотивациясы, мұғалім мамандығының беделсіздігі;
- білім сапасының нашарлауы;
- жоғары білікті педагог кадрлардың тапшылығы;
- білім берудегі нашар дамыған менеджмент;
- жалпы орта және жоғары білім мазмұнын интеграциялаудың болмауы;
- білім беру ұйымдарының қанағаттанарлықсыз материалдық-техникалық базасы;
- білім беру жүйесінің ұсынысы мен жұмыс берушілердің колледждер мен ЖОО түлектерінің біліктілігіне сұранысы арасындағы теңгерімнің болмауы;
- жоғары білім мен ғылым интеграциясының болмауы [7].

Осы тұрғыдан алғанда, орта білім беру жүйесін жаңғырту оның ұйымдық нысандарын жетілдіруді талап етеді:

- педагогтың еңбегін материалдық, моральдық ынталандыру және оның әлеуметтік мәртебесін көтеру жүйесін, барабар заңнамалық базаны әзірлеу;
- білім беру мазмұнын таңдаудың заманауи принциптерін қолдану;
- ақпараттық артық жүктемені төмендету және оқу уәждемесін арттыру;
- жеке тұлғаға бағытталған технологияларды дамыту.

Сондықтан, заманауи білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі:

- жоғары білікті педагогтарды дайындау жүйесін жетілдіру;
- үздік білім ресурстары мен технологияларға қол жеткізу;
- кәсіби құзыреттілікті дамыту;
- мансаптық өсу жүйесімен қамтамасыз ету;
- елдің индустриялық-инновациялық даму қажеттіліктеріне сәйкес келетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету;
- жоғары білімнің еуропалық аймағына кірігуді қамтамасыз ету;
- педагог мамандығының тартымдылығын қамтамасыз ету.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қазіргі уақытта мемлекет бағдарламаларды жаңартуды, біліктілікті арттыру жүйесінің нормативтік-құқықтық және материалдық-техникалық базасын жетіл-

діруді көздейді, мынадай міндеттер шешіледі:

- 12 жылдық оқыту моделіне бейімделген тренингтік курстарды ұйымдастыру;
- жаратылыстану және гуманитарлық пәндер бойынша ғылыми-әдістемелік көмек көрсету;
- орта және жоғары мектеп мұғалімдері үшін ағылшын тілін оқыту курстарын ұйымдастыру;
- үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) еркін меңгерген, орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білім үшін жоғары білікті педагогтарды даярлау;
- заманауи еуропалық білім беру технологиялары бойынша семинарлар өткізу;
- ҚР аумағында және шетелде Мектеп, Колледж, жоғары оқу орындарының оқытушылары үшін ҚР Білім беру бағдарламаларын еуропалық аналогтармен интеграциялау бойынша курстарды ұйымдастыру;
- инновациялық еуропалық технологиялар бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар жоғары білікті мамандар даярлау;
- орта, техникалық және кәсіптік жоғары білім үшін шет елдерде ағылшын тілді педагогикалық кадрларды даярлау үшін жағдай жасау;
- математика, жаратылыстану және техникалық ғылымдар бойынша неғұрлым сапалы шетелдік оқулықтарды пайдалану;
- электрондық оқыту жүйесін құруда ғылыми-техникалық қолдау көрсету;
- ҚР және шетелде қайта даярлау курстарында педагогтардың біліктілігін арттыру;
- ҚР Білім беру жүйесінің еуропалық деңгейге шығуы.

Алайда, қазіргі уақытта ҚР Білім беру жүйесі жоғары білікті педагогтарды даярлаудың негізгі талаптарын қанағаттандырмайды:

- мұғалімдердің нақты қажеттілігін анықтау тетігі жоқ, бұл мемлекеттік тапсырыс көлемі мен түлектердің мұғалім кәсібiнен кетуі арасындағы тепе-теңдікке әкеледі;
- мамандық бойынша жұмысқа орналасқан педагогикалық ЖОО түлектерінің саны туралы статистикалық расталған деректер жоқ;
- төмен жалақы, мұғалім мамандығының беделін және жақсы үлгеруші мектеп түлектері үшін оның тартымдылығын айтарлықтай төмендетеді;
- ҰБТ орташа балы 70 балл болатын Түлектер түсетін педагогикалық институттарға талапкерлерді қабылдаудың төмен стандарты да проблеманы күрделендіреді.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру, бірінші кезекте, мектептерде білім берудің құрылымын, мазмұнын және технологиясын жетілдіруді талап етеді [8].

Жоғары сынып оқушыларының сауалнамасының статистикалық мәліметтері көрсеткендей, қазақстандық мектептердегі кейбір пәндерді ағылшын тілінде және ағылшын тілінде оқытуды талдау осы бағдарламаны енгізудің негізгі проблемалары болып табылады:

- ағылшын тілін оқытудың төмен сапасы және мектептерде алған білімдерін бағалаудың объективті еместігі;
- бірінші курс студенттерінің сауалнамасы олардың әлсіз тілдік және әдістемелік дайындығын көрсетті.

Ағылшын тілі бойынша мектеп аттестатындағы бағалардың сәйкессіздігі жоғары оқу орындарында топтардың қалыптасуымен қатар студенттер де, ЖОО оқытушылары да ағылшын тілін оқытудың деңгейлік жүйесін: Elementary-General-Academic-Business енгізуде туындайтын тілдік проблемалармен де қиындықтар туғызады. Жоғары оқу орындарының оқытушыларына өткен мектеп материалын қайталай отырып, мектептердің жұмысын қайталауға тура келеді. ЖОО өз оқу бағдарламаларын студенттер контингентіне бейімдеуге мәжбүр. Көптеген студенттер келесі оқу деңгейіне өту үшін қажетті тілдік материалды меңгере алмайды. Студенттер үшін ерекше қиындық ағылшын тілінде арнайы пәндерді меңгеру болып табылады.

Біздің ойымызша, қазіргі заманғы педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әзірлемелерді пайдалана отырып, уақыт талаптарына сәйкес жоғары білікті педагог кадрларды даярлау орталықтары мен білім беру курстарын құруға, табиғи және гуманитарлық бағыттағы негізгі пәндер бойынша семинарлар мен тренингтер өткізуге қол жеткізуге болады.

Сонымен қатар, ағылшын тілін тиісті деңгейде, жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқытудың әдістемелік негіздерін меңгеру қазақстандық білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын тануды қамтамасыз етеді және ең бастысы, педагогикалық жоғары оқу орындарын бітірушілердің әлемнің кез келген елінде жұмысқа орналасу құқығын береді [9].

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

- 1 Андерсон Д. Думай, пытайся, развивайся. – Перевод с англ. Общ. редакция и перевод А.Л. Шлионского, Л.М. Шлионского, Н.В. Никифорова. – Санкт-Петербург: Азбука, 1996. – 354 с.
- 2 Амонашвили Ш. А. Воспитательная образовательная функция оценки учения школьников. – М., 1997. – 375 с.
- 3 Амонашвили Ш.А. Обучение. Оценка. Отметка. – М., 1980. – 243 с.
- 4 Аубакирова Р.Ж., Нурбекова М.А. Педагогикалық зерттеу әдістемесі: Оқу құралы. 2-басылым. – Астана: Фолиант, 2011. – 128 б.
- 5 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2013. – 448 б.
- 6 Әлемдік педагогикалық ой-сана: 10 томдық/басред. Ж.Қ. Түймебаев. – Алматы: Таймас (Мәдени мұра), 2009.
- 7 Бабаев С.Б. Жалпы педагогика. – Алматы, 2013.
- 8 Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы. – Алматы: Дәуір, 2011. – 336 б.
- 9 Выготский Л.С. Проблема обучения и умственного развития в школьном возрасте. Психологическая наука и образование. – 1996. – №4. – С.5-18.
- 10 Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. – Алматы: Гылым, 1998.

References:

- 1 Anderson D. Dumaj, pytajsyja, razvivajsyja. – Perevod s angl. Obshh. redakciya i perevod A.L. Shlionskogo, L.M. Shlionskogo, N.V. Nikiforova. – Sankt-Peterburg: Azbuka, 1996. – 354 s.
- 2 Amonashvili Sh.A. Vospitatelnaya obrazovatel'naya funkciya ocenki ucheniya shkolnikov. – M., 1997. – 375 s.
- 3 Amonashvili Sh.A. Obuchenie. Ocenka. Otmetka. – M., 1980. – 243 s.
- 4 Аубакирова Р.Ж., Нурбекова М.А. Pedagogikalıyq zertteý ádistemesi: Oqú quraly. 2-basylym. – Astana: Foliant, 2011. – 128 b.
- 5 Álimov A. Interbelsendi ádistemeni JOO-da qoldaný máseleleri. Oqú quraly. – Almaty, 2013. – 448 b.
- 6 Álemdik pedagogikalıyq oi-sana: 10tomdyq/basred. J.Q. Túmebaev. – Almaty: Taimas (Mádeni mura), 2009.
- 7 Babaev S.B. Jalpy pedagogika. – Almaty, 2013.
- 8 Bahisheva S.M. Pedagogikalıyq jobalay: teoriyasi men tehnologiasy. – Almaty: Dáyir, 2011. – 336 b.
- 9 Vygotskij L.S. Problema obucheniya i umstvennogo razvitiya v shkolnom vozraste. Psixologicheskaya nauka i obrazovanie. – 1996. – №4. – S.5-18.
- 10 Bejsenbaeva A.A. Teoriya i praktika gumanizacii shkolnogo obrazovaniya. – Almaty: Gylym, 1998.

ӘОЖ 378.14

Ж.С. Мұқатаева¹, Ж.Н. Байсейтова²

¹х.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²PhD I курс докторанты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Зерттеу құзыреттілігі тек зерттеушілік іс-әрекет негізінде құрылуы мүмкін. Оқушылардың зерттеу қызметі деп алдын ала белгісіз мәселені шығармашылық тұрғыда орындау іс-әрекетін айтамыз.

Мақалада білім алушылардың зерттеу құзыреттілігін жүйелі түрде қалыптастыратын зерттеу құзыреттерінің құрылымының мәселелері қарастырылады. Оқу-танымдық құзыреттілікті қалыптастыру және зерттеу жұмысын ұйымдастыру мәселелеріне арналған ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мәліметтерінің негізінде ғылыми-зерттеу жұмысының компоненттері және оларға сәйкес оқу-зерттеу іскерліктері анықталды. Ғылыми-зерттеу қызметінің барлық компоненттерін қамтитын зерттеу жұмысы жоғары деңгейде зерттеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Химияны оқыту үдерісінде оқу-танымдық құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік жолдары мен шарттары анықталды. Химия сабақтарында зерттеу қызметін дамыту оқытудың әр түрлі кезеңдерінде жүргізіледі. Зерттеу қызметінің негізгі кезеңдері көрсетілген.

Түйін сөздер: құзыреттілік, зерттеушілік құзыреті, химия бойынша зертханалық жұмыстар, зерттеу жұмыстары, эксперименттік-зерттеу құзыреттілігі, ғылыми-зерттеу дағдылары.

Мукатаева Ж.С.¹, Байсейтова Ж.Н.²

*¹к.х.н., ассоциированный профессор,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

*²PhD докторант I курса,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ФОРМИРОВАНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Аннотация

Исследовательская компетентность может быть сформирована только в исследовательской деятельности. Под исследовательской деятельностью обучающихся понимается деятельность, связанная с выполнением творческой задачи с заранее неизвестным решением. В статье рассматриваются вопросы содержания исследовательских компетенций, которые при системном подходе формируют исследовательскую компетентность обучающихся. На основании данных научно-методических литератур, посвященную проблемам формирования учебно-познавательной компетенции организации исследовательской работы определены компоненты научно-исследовательской работы и соответствующие им учебно-исследовательские умения. Исследовательская работа, охватывающая все компоненты научно-исследовательской деятельности, позволит сформировать исследовательские умения на высоком уровне. Выявлены методические пути и условия формирования учебно-познавательной компетенции в процессе обучения химии. Развитие исследовательской деятельности на уроках химии проводится на различных этапах обучения. Показаны основные этапы исследовательской деятельности.

Ключевые слова: компетенция, исследовательская компетенция, лабораторные работы по химии, исследовательская работа, экспериментально-исследовательская компетенция, научно-исследовательские навыки.

Zh.S. Mukataeva¹, Zh.N. Baiseitova²

*¹c.c.s., associate professor,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²PhD doctoral student,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

THE FORMATION OF RESEARCH COMPETENCES OF STUDENTS

Abstract

Research competence can be formed only in research activities. Under the research activity of students refers to activities related to the implementation of creative tasks with a previously unknown solution. The article deals with the content of research competencies that form the research competence of students in a systematic approach. On the basis of the data of scientific and methodical literature devoted to the problems of formation of educational and cognitive competence and the organization of research work, the components of research work and the corresponding educational and research skills are determined. Research work, covering all components of research activities, will allow to form research skills at a high level. Methodical ways and conditions of formation of educational and cognitive competence in the process of teaching chemistry are revealed. The development of research activities in chemistry lessons is carried out at different stages of training. The main stages of research activity are shown.

Keywords: competence, research competence, laboratory work in chemistry, research work, experimental research competence, research skills.

Қазіргі таңдағы білім берусаласының өзекті мәселесі ол білім алушылардың бойында зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру. Зерттеушілік құзыреттілігі түсінігінің мәнін ашу үшін «құзыреттілік» пен «зерттеу» сынды түсініктерге анықтама берген жөн. Зерттеу ғылыми-педагогикалық білімдерді қалыптастырудың процесі, танымдық қызметтің түрі, ол оқытудың, тәрбие-леудің және дамудың нақты заңдылықтарының ашылу бағыттарына бағытталған.

Ғылыми әдебиеттерді шолу жасау нәтижесінде, «құзыреттілік» түсінігі 1960-1970 жылдары шет ел әдебиеттерінде, ал отандық әдебиеттерде 1980 жылдардың соңында жазылып, зерттеу басталғаны көрінеді [1].

Құзыреттілік білім, білік, дағды, қызмет тәсілдері, жеке қасиеттері сияқты өзара байланысты толықтырушы компоненттерді қамтитын жүйе, іскерліктер, дағдылар, қызмет тәсілдері оның негізгі практикалық құрылымы болып табылады. Құзыреттілік – адамға өз бетінше әрекет жасауға, тапсырылған іс үшін жауапкершілікті өзіне алуға мүмкіндік беретін білімнің, іскерліктің, дағдылардың, қызмет тәсілдерінің, жеке тұлғаның қасиеттерінің бірлігін (интеграциясын) көрсету.

Г.Ж.Ниязова өз еңбегінде «Білім беру құзырлары – бұл студенттің мағыналық бағдарлары, білімдері, біліктіліктері мен тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына қажетті нақты анықталған объектілер шеңберіне қатысты тәжірибелерінің жиынтығы» деп анықтама берді [2].

Зерттеушілік құзыреттілігі зерттеушілік әрекеттерде қалыптасқан зерттеу дағдыларының болуы, алған білімдері мен дағдыларын нақты бір қызметке пайдалана алуы. Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушыларға білім деңгейлеріне қойылатын талаптармен қатар, өз бетінше жұмыс істеу, мәселені әр түрлі ғылымдардың көзқарасымен қарастыру қабілетіне жоғарғы талаптар қойылып жатыр. Іздену арқылы берілген мақсаттарға қол жеткізе отырып, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, жаңаны түсіне білуге, ойлау, интеллектуальдык белсенділікті арттырып зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру маңызды мәселе болып табылады.

Орындалатын зерттеу жұмысы жұмыстың мақсаты мен міндетін айқындау, мәселені қоя білу, берілген мәселеге арналған теорияны зерттеу, зерттеу әдістерін таңдау мен оларды практикалық құндылығын меңгеру, өзіндік материалды жинау, оның талдануы мен өзіндік қорытындыларды шығару кезеңдерінен тұрады. Осындай тізбекпен жұмыс жасау барысында білім алушы төмендегідей зерттеу құзыреттіліктерге ие болуы қажет:

- білім алушының интеллектуальдык өсуі артады, өзінің даралығын сезініп, өзін-өзі дамыта біледі; түйіткіл мәселе шешуде ең тиімді жолдарын таба біледі;
- ғылыми әдебиеттерге шолу жасауды үйренеді, өз бетінше алынған ақпаратты таңдай біледі;
- отандық және шет ел ғалымдарының тәжірибесін негізге ала отырып, керекті материалдарды іздестіріп, танымдық белсенділігін арттырады;
- ғылыми еңбектермен жұмыс жасау әдістерін арттырады;
- ғылыми жұмыстардың теориялық және тәжірибелік аспектілерін шешуге шығармашылық белсенділік көрсетіп ғылыми нәтижесін алады;
- қоғамдық өмірге бейімделген интеллектуальды жеке тұлға қалыптасады.

Химия – жалпы білім беретін мектепте оқытылатын ең тәжірибелік-бағытталған пәндердің бірі. Химия пәнін оқыту зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру процесімен тікелей байланысты, себебі химия ғылымы сүйенетін талдау, эксперимент, модельдеу сияқты әдістер зерттеу құзыреттілігінің негізгі компоненттерімен сәйкес келеді. «Химия» курсы менгеру үшін оқушылар алдын ала жаратылыстану-ғылыми білімнің белгілі бір қорын ғана емес, сонымен қатар абстрактілі ойлау

қабілеті жақсы дамыған болуы тиіс.

Химияны оқытудың өзі зерттеумен байланысты, себебі ол зерттейтін сұрақтар шеңбері химиялық қосылыстардың құрамы мен құрылымын, олардың қасиеттерімен өзара байланысын анықтауға негізделген. Мұндай қызмет ақпаратты талдауға, алға қойған міндеттерді шешудің тиімді тәсілдерін табуға, нәтижелерді ұғынуға және оларды тәжірибеде қолдануға көмектеседі.

Сонымен, өздігінен зерттеу жүргізу себеп-салдарлық байланыстарды тауып, эксперимент нәтижелерін болжау біліктілігінің дамуына негізделеді, сонымен қатар білім алушылар зертханалық жұмыстардың техникасын меңгереді. 1-кестеде ғылыми-зерттеу жұмысының компоненттері және оларға сәйкес оқу-зерттеу біліктері (Е.В. Батаев бойынша) көрсетілген.

Кесте-1. Ғылыми-зерттеу жұмысының компоненттері және оларға сәйкес оқу-зерттеу біліктері (Е.В. Батаев бойынша)

Ғылыми-зерттеу жұмысының компоненттері	Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттері және нәтижелері	Қалыптасатын біліктер
Ақпараттық	Бар мәлімет туралы ақпарат алу, оларды жинақтау. Зерттеу тақырыбы бойынша шолу жасау.	Оқу әдебиеттерімен жұмыс, анықтамалар мен кестелерді қолдана білу.
Аналитикалық-сыни	Бар мәліметті талдау және сыни бағалау, зерттеу тақырыбының ішінара немесе толық зерттелмеген жақтарын анықтау негізінде зерттеу мәселесін қою. Тақырып бойынша аналитикалық шолу жасау, зерттеу мәселелері мен нақты есептерді құрастыру.	Талдау, салыстыру, қорытындылау, хабарлама дайындау қабілеті
Өзіндік зерттеу	Теориялық және эксперименттік зерттеу жүргізу. Жаңа білім алу және қойылған мәселені шешу.	Эксперимент жоспарын құру, оның нәтижелерін болжау, себеп-салдарлық байланыстарды табу, эксперимент жүргізу, бақылау, қорытындыларды тұжырымдау
Трансляциялық-безендіру	Атқарылған жұмыс және алынған нәтижелер бойынша ғылыми мәтін жасау.	Қорытындылау, хабарлама дайындау, графика құру, жаңа материалды түсіндіру үшін білімді қолдану

Химия сабақтарында зерттеу іскерліктерін дамыту оқытудың әр түрлі кезеңдерінде жүргізіледі. Мектеп курсының бастапқы кезеңінде практикалық және зертханалық сабақтарда химиялық экспериментті орындау барысында оқушылар эксперименталды зерттеудің қарапайым тәсілдерін, заттармен жұмыс істеу тәсілдерін, оларды алу, химиялық үдерісті бақылау және т. б. меңгереді. Одан әрі зат ерітінділерін тану үшін эксперимент қоя отырып, олардың қасиеттерін зерттеу нәтижесінде эксперименттік іскерліктері дамиды.

Химиядан зертханалық және практикалық сабақтарда құзыреттіліктің келесі түрлері қалыптасады:

1. Эксперименттік (сандық өлшеудің әртүрлі әдістерін қолдану, химиялық тәжірибелерді орындау, реактивтер мен жабдықтармен дұрыс жұмыс істеу, эксперимент жоспарын құру, сызбаларды, аспаптарды суреттеу, реакция теңдеулерін жазу, анықтамалық және ғылыми әдебиетті қолдана отырып нәтижелерді жазбаша ресімдеу);

2. Коммуникативтік (тәжірибеге түсініктеме беру, эксперимент нәтижелерін талқылау, экспериментті жоспарлау және оны теориялық негіздеу, бақылау және өзін-өзі бағалау критерийлерін қолдану, барлық тәжірибелердің кезектілігін өз бетінше анықтау);

3. Зияткерлік (эксперименттің мақсаттары мен міндеттерін анықтау, құбылыстар мен үрдістерге тән белгілерді бақылау және синтездеу, талдау жүргізу, себеп-салдарлық байланыстарды белгілеу, қорытындыларды тұжырымдау);

4. Бақылау-бағалау (эксперимент барысында өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру, басқа білім алушылардың іс-әрекеттерін бақылаудың әртүрлі түрлерін қолдану).

Оқушылардың зерттеу іскерліктері зертханалық жұмыстың өтуіне қарай өсіп отыратын төменгі

деңгеймен сипатталады. Демек, химияны тереңдетіп оқытатын зертханалық жұмыстардың ұсынылатын жүйесі аналитикалық химия, органикалық химия, жалпы және бейорганикалық химия т.б. бойынша білімді өзектендіруге, зерттеу іскерлігінің деңгейін арттыруға, атап айтқанда, тәжірибені жалпылауға, жобалауға, оның нәтижелерін талдауға мүмкіндік береді. Білім мен практикалық әрекеттерді саналы түрде меңгеруге қол жеткізіледі. Ғылыми-зерттеу қызметінің барлық компоненттерін қамтитын зерттеу жұмыстары жоғары деңгейде зерттеу біліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді [3].

Оқушылардың зерттеу қызметінде оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыру үшін келесі әдістемелік шарттарды орындау қажет:

- нақты фактілерге, дереккөздерге, деректерге негізделген мәліметтерді, дәлелдемелерді немесе қате мәліметтерді теріске шығару үшін қажетті және пайдалы ақпаратты іздеу және жинау;

- ғылыми, ақпараттың шынайылығы және қол жетімділігі;

- өзіндік белсенді қызметті қамтамасыз ету – әр түрлі тәжірибелерді орындау;

- зерттеу жұмысын жүргізу барысында білім алушылармен қарым-қатынас жасау, мысалы "нағыз зерттеуші-ғалымдар ретінде әрекет етеміз және ойлаймыз", "бүгін зерттеудің ең маңызды кезеңіне кірісеміз", "зерттеу жұмысы орындалды және келесі нәтижелер алынды", "мен нәтиже алдым", "мен қорытындыға келдім";

- зерттеу және оны талқылау кезінде ойлау коммуникативтілігі, ол конференцияда талқылау және көпшілік алдында сөз сөйлеу кезінде өздігінен ойлау қабілетінің пайда болуынан байқалады;

- оқу-танымдық құзыреттілікті қалыптастыру технологиясын құрудағы негізгілерінің бірі болып табылатын зерттеудің проблемалық мәселелері;

- мотивация және білімге қажеттілік;

- зерттеуге оқытудың сабақтастығы, бұл жағдайдың тиімділігі жүйелі, бірізділікпен оқыту кезінде көрінеді.

Қорыта айтқанда, химиялық эксперименттер ойлау қызметін күшейтеді және оқушылардың оқу іс-әрекетін ынталандыруға ықпал етеді. Оқу-зерттеу барысында оқушыда оның алдында туындайтын кез келген мәселеге деген ішкі қажеттілік қалыптасады, зерттеудің ғылыми принциптері туралы білім алу мүмкіндігі пайда болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. – М., 2002.

2 Ниязова Г.Ж. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану – кәсіптік білім мамандығы студенттерінің кәсіби құзырлығын қалыптастырудың маңызды элементі. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның диссертациясы. – Алматы, 2008. – 141 б.

3 Батаева Е.В. Формирование исследовательских умений // Химия в школе, 2004. – №1. – С.22-27.

References:

1 Raven Dj. Kompetentnost v sovremennom obestve: vyivavlenie, razvitie i realizatsua. – M., 2002.

2 Nuazova G.J. Aqqaratyq-kommúnikatsualyq tehnologualardy paidalaný – kásiptik bilim mamandygy stýdentteriniń kásiibi quzyrlylygyn qalyptastyrydyń mańyzdy element. Pedagogıka gýlymdarynyń kandidaty gýlymi dárejesin alý úshin daıyndalǵan dissertatsuanıyń dissertatsuası. – Almaty, 2008. – 141 b.

3 Bataeva E.V. Formirovanie issledovatel'skih ýmenu // Himia v shkole, 2004. – №1. – S.22-27.

ӘОЖ 374.02

Г.Б. Рапашева¹, Ж.Б. Шілдебаев²

¹1 курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²п.ғ.д., профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДА БИОЛОГИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЙ ЖҰМЫСТАРЫН ОРЫНДАУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада жаңартылған мазмұнда биология пәні бойынша оқушылардың үй жұмыстарын орындаудың үлгілік оқу жоспарының педагогикалық шарттары туралы қарастырылған. Сонымен қатар үй жұмысын ұйымдастырудың тиімді тәсілдері мен бірнеше шарттары берілген. Үй жұмысы – оқу процесінің құрамдас бөлігі.

Қазіргі уақытта биология пәнінің жаңартылған білім мазмұны бойынша бұрынғы дәстүрлі білім беру жүйесіндегідей үй жұмысын тұрақты беріп тұру міндетті емес. Үй тапсырмасын берер болсақ, түсінігін айтып келу не болмаса тұрақты қалыптасқан кестені толтыру, сұрақтарға жауап беру секілді тапсырмаларды беріп қанақоймауымыз қажет. Оқушылардың қызығушылығын туғыза алатындай жаңартылған білім мазмұнына сәйкес жаңаша әдістерді пайдалану ең тиімді тәсіл болмақ. Сондықтан да мемлекеттік стандартта міндеттелмесе де қызықты үй жұмыстарын беру оқушының биология пәніне деген қызығушылығын арттырмаса кеміте қоймасы анық.

Түйін сөздер: үй жұмысы, үй тапсырмасы, жаңартылған білім мазмұны, биология пәні, үлгілік оқу жоспары, білім беру жүйесі, мемлекеттік стандарт.

Рапашева Г.Б.¹, Чилдибаев Ж.Б.²

*¹магистрант 1курса,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

*²д.п.н., профессор,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ТИПОВОЙ УЧЕБНОЙ ПРОГРАММЫ ПО ДОМАШНЕМУ ЗАДАНИЮ ПО БИОЛОГИИ В ОБНОВЛЕННОМ СОДЕРЖАНИИ

Аннотация

В предлагаемой статье обновленный контент предусматривает педагогические условия типовой учебной программы для домашней работы учащихся по биологии. Существует также ряд эффективных способов и методов организации домашней работы.

В настоящее время не является обязательным предоставлять домашнюю работу на дому по обновленного содержания биологии, как в предыдущей традиционной системе образования. Если мы даем домашнее задание, важно не только давать задание, ответить на вопросы или заполнить таблицу. Наиболее эффективным подходом является использование инновационных методов, которые имеют отношение к содержанию обновленного контента, чтобы ученики могли быть более

заинтересованы. Поэтому, дать интересных домашних работ повышает интерес учеников к биологии, даже если не требуются по государственному стандарту.

Ключевые слова: домашняя работа, содержание обновленного контента, предмет биология, стандартная учебная программа, система образования, госстандарт.

G.B. Rapasheva¹, Zh.B. Childibayev²

*¹master 1st of course,
Kazakh national pedagogical university after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²d.p.s., professor,
Kazakh national pedagogical university after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

PEDAGOGICAL CONDITION OF THE CURRICLUM FOR HOMEWORK IN BIOLOGY IN THE UPDATED COTENT

Abstract

In the proposed article, the updated content provides for the pedagogical conditions of the standard curriculum for students' homework in biology. There are also a number of effective ways and methods of organizing homework.

Currently, it is not necessary to provide homework at home for the updated content of biology, as in the previous traditional education system. The most effective approach is to use innovative methods that are relevant to the content of the updated content so that students can be more interested. Therefore, giving interesting homework increases the interest of students in biology, even if they are not required by the state standard.

Keywords: homework, content of updated content, subject biology, standard curriculum, education system, state standard.

Үй тапсырмасы – сыныптағы сабақтардан кейін мұғалімнің тапсырмасы бойынша оқу және тәжірибелік жұмысты оқушының өздігінен орындайтын оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Үй жұмысын оқушының бүкіл оқу үрдісінен бөліп қарастыру мүмкін емес.

Үй тапсырмасы – білім алушының оқу материалын бекіту және тереңірек игеру, сондай-ақ оны практикада қолдану, шығармашылық қабілетін дамыту және оқу білігі мен дағдыларын жетілдіру үшін ұсынылады.

Мектеп оқушыларының оқу үлгерімінің төмен болуына әкеліп соғатын себептердің көп таралған бір түрі үйге берілген тапсырмалардың қанағаттанарлықсыз орындауы, ал мұның өзі көбінесе үйге берілетін тапсырманың шамадан тыс көптігінен болады. Шамасы келмейтін тапсырманы алған оқушылардың бірсыпырасы оларды орындауды мүлде қояды, ал енді біреулері оны жарым-жартылай қана орындайды, осыдан барып оқушылардың алған білімінде олқылықтар пайда болады да, сыныпта нашар оқитын оқушылар саны артады.

Қазіргі уақытта биология пәнінің жаңартылған білім мазмұны бойынша бұрынғы дәстүрлі білім беру жүйесіндегідей үй жұмысын тұрақты беріп тұру міндетті емес. Үй тапсырмасын берер болсақ, түсінігін айтып келу не болмаса тұрақты қалыптасқан кестені толтыру, сұрақтарға жауап беру секілді тапсырмаларды беріп қана қоймауымыз қажет. Оқушыларға үй тапсырмасын әр түрлі тәсілдер арқылы беру олардың ойын өз бетінше еркін жеткізуге мол мүмкіндік беріледі. Үй тапсырмасына өткізілген жаңа сабақ бойынша шағын эссе жазу, шағын мәтін құрастыру, «ПОПС формуласы» бойынша ойын дәлелдеу, яғни бірінші кезекте оқушы «Менің ойымша,...», «Мен оны былай түсінемін,...», «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын,...», «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім,...» деген сөйлемдерді толықтыру арқылы жаңа сабақты игергендігін көрсете алады. Сондықтан да мемлекеттік стандартта міндеттелмесе де қызықты үй жұмыстарын беру оқушының биология пәніне деген қызығушылығын арттырмаса кеміте қоймасы анық.

Жаңатылған білім мазмұны бойынша үй тапсырмасын берудің жаңаша әдістері оқушылардың білім сапасын анықтауда да, тақырыпты түсінгендігін айқындауда да, тіл байлықтарын арттыруда да пайдасын тигізеді. Сонымен қатар биология пәні бойынша үй жұмыстарын беру арқылы оқушылардың өз бетінше жұмыс жасауға, ойлау қабілеттерін дамытуға, шығармашылыққа, ізденімпаздыққа үйретеді.

Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес биология пәнінен үй жұмысын ұйымдастыру кезінде ескерілуі қажет:

1. Сабақ кестесіне сәйкес басқа пәндерден үй тапсырмасының болуы және оның көлемі.

2. Жоғары сыныптарда сабақ сайынғы үй тапсырмасынан оқу тоқсанына арналған (немесе тарауды аяқтағаннан кейін) тапсырмалар жүйесіне өту мүмкіндігі.

3. Жекелеген пәндер бойынша оқудың бірнеше мақсаттары негізінде оқу жобалары нысанында үй тапсырмаларын ұйымдастыру.

4. Шағармашылық сипаттағы үй тапсырмасын (мысалы модель жасау, жоба дайындау, кино-сценарий, қызықты оқиға, өз ертегісін жазу) орындау мерзімі бір білім алушыға кем дегенде бір апта және айына көп дегенде бір тапсырма шегінде.

5. Білім алушы сабақта оқу мақсатына қол жеткізсе («біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «бағалайды» және «синтездейді»), үй тапсырмасын орындау қажет емес.

Мұғалім кейде үйге тапсырма бергенде өз пәнінің жүйесі тұрғысынан ғана қарап, сол күні басқа пәндерден беріліп жатқан тапсырмаларды ескермейді. Мектеп оқушыларының оқу жұмысының барлық ауырлықты үй жұмысына қарай аудару, мұғалімдерде жиі кездесетін кемшілік. Сыныпта олар тек жаңа материалды ғана түсіндіреді, оны жеткілікті түрде бекітіп, пысықтап отырмайды, сондықтан оқушылар сыныпта істеуге тиісті жұмыстарды үйде орындауға мәжбүр болады. Үйге берілген тапсырмалардың көлемі жағынан ұлғайып, түр жағынан өзгеруіне байланысты оқушыларда үлкен қиыншылықтарға кездеседі. Сондықтан мұғалімдер оқушыларға үй тапсырмасын орындаудың тәртібі мен әдістерін, тиімді жолдарын түсіндіріп тек бағыт беріп отыруы керек [4].

Оқушының үйдегі оқу жұмысын сыныптағы оқу жұмысымен жалғастырып, толықтырып отырса, онда оқушылардың алған білімдері терең және берік бола түседі. Бұл жұмыстың танымдық қызметімен бірге оның тәрбиелік мәні зор. Себебі, үй жұмысын күнделікті орындау барысында оқушылардың дербестігі, ойлау қабілеті артып, өздігінен білім алуға жүйелі түрде дағдыланады, сабақта алған білімдері мен біліктіліктерін өзіндік еңбекте қолдана білуге жаттығады. Өзін-өзі бақылау және кітаппен жұмыс істей білу тәсілдерін меңгереді, оқудың әртүрлі амал-тәсілдерін қолдана отырып, өз бетінше баяндама жасауға дайындалады. Соның негізінде білім мен біліктілік өте берік меңгеріледі, оқушының ақыл-ой әрекетінің жеке дара дәстүрі қалыптасады.

Мектеп тәжірибесінде үй тапсырмасының төмендегі түрлері қолданылады:

- жеке дара;
- топтық;
- шығармашылық;
- сараланған;
- сыныпқа бірдей;
- парта бойынша көршісі үшін үй тапсырмасын құру [5].

Жалпы оқушыларға үй тапсырмасын беруде сыныптың деңгейіне байланысты үш топқа алып қарастырған дұрыс:

1. Логикалық ойын дамыту барысында биология пәнінен қызықты деректер, сөзжұмбақтар, ребустар құрастыру сияқты тапсырмаларды беру. Бұл тапсырмаларды әңгіме түрінде (диалог немесе монолог), көрнекілік әдістерімен, ойын әдістерімен тексеру.

Нәтиже: сөзжұмбақтар, ребустар, суреттер жинағын жасауды үйренеді.

2. Есте сақтау қабілеттерін дамыту барысында: мәтінді өңдеу, мәтінді өзгерту деген тапсырмаларды ұсыну. Бұл тапсырмаларды жекелей және топпен тексеруге болады.

Нәтиже: мазмұндама жазуға, өз ойын жеткізе алатындай дәрежеге жетеді.

3. Шығармашылық ойын дамыту барысында: биология пәнінен термин сөздер, қызықты мәліметтер жинастыру тәрізді тапсырмалар беру. Бұл тапсырмаларды әңгімелесу, проблемалық сұхбаттасу, жұптық жұмыс арқылы тексеруге болады.

Нәтиже: Оқушылар өздері білген мәліметтермен бөлісуге, бірін-бірі сыйлауды үйренеді [6].

Үйге берілетін тапсырмаларды күнбе-күн тексеру жақсы нәтиже береді. Бұл әдісі арқылы меңгерілген білімнің сапасын бақылап, оқушылардың біліміндегі кемшіліктерді анықтап, келесі сабақтардың жоспарларына түзету енгізуге болады.

Оқушының үйдегі оқу жұмысын дұрыс ұйымдастырудың мынадай педагогикалық шарттары бар:

- Үй тапсырмаларын бергенде мұғалім оларды орындаудың қандай тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануға болатыны туралы жақсылап нұсқау беруі қажет;
- Үйге берілетін тапсырмалар оқушыларды қызықтыратындай болуы және өмірімен, олардың іс-тәжірибелерімен байланысты болғаны жөн;
- Үй тапсырмасы оқушының бәріне бірдей бірыңғай мазмұнда емес, мүмкін болған жағдайда бірнеше нұсқада болғаны пайдалы;
- Үй тапсырмасының мазмұны шығармашылық сипатта маңызды болып табылады;
- Үйдегі оқу жұмысының табысты болуы, көбінесе сабақта мұғалімнің үй тапсырмасын орындау тәсілін оқушыларға тыңғылықты етіп түсіндіруіне байланысты;
- Үй тапсырмасының көлемін белгілеуде мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктері мен таным қабілеттерін ескеру қажет;
- Үй тапсырмасын тексеру және бағалау барысында мұғалім, оның орындалу сапасына айрықша мән беріп, жетістігі мен кемшілігіне оқушылардың назарын аударып отыру керек;
- Мұғалімнің берген бағасы әділетті болса онда ол оқушының ынтасын арттырып, үй тапсырмасын тыңғылықты орындап отыруға септігін тигізеді;
- Мұғалімнің бағалауы оқушылардың өзін-өзі бағалауымен ұштасып отырса ғана ол жемісті болмақ [1,7].

Мұғалімдер үшін қойлантын негізгі талап-тапсырманың қолайлы жағдайда берілуі, оның оқушыға түсінікті болуы. Жаңа материалды оқып үйрену сабақтарында үй тапсырмасы жаңа материалды түсіндіргеннен, бекіткеннен және мұғалім баяндаған негізгі мәселелерді оқушылардың алғашқы игеруінің дұрыстығын тексергеннен кейін беріледі.

Мұғалім бір мезгілде екі немесе үш деңгейдегі үй тапсырмасын бере алады:

Бірінші деңгей – міндетті минимум. Бұл тапсырманың басты ерекшелігі – ол сіз оқытатын кез келген оқушыға түсінікті және шамаға лайықты болуы тиіс.

Екінші деңгей – жаттығу деңгейі. Оны пәнді жақсы білгісі келетін оқушылар орындайды. Мұғалімнің ұйғарымы бойынша бұл оқушылар бірінші тапсырмадан бас тартуы мүмкін.

Үшінші деңгей – шығармашылық тапсырма. Сабақтың тақырыбына, сыныптың дайындығына байланысты мұғалімнің қолдануы немесе қолданбауы мүмкін.

Жалпы қорытындылай келе, үй тапсырмаларын орындау – баланың өздігінен жұмыс істеу дағдысын дамытудың өте тиімді жолы. Баланы өз бетімен, өз денсаулығына нұқсан келтірмей, дұрыс еңбек ете алуға үйрету – негізгі міндетіміз. Үй жұмысын орындау – бала өміріндегі өзіне толық жауапкершілік жүктелетін алғашқы әрекеті болып табылады.

Үй жұмысын орындау бала бойында мынадай дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- Өздігінен жұмыс істеу дағдысын дамытады;
- Белсенді ізденімпаздыққа итермелейді;
- Жұмсалатын уақыт мөлшерін шамалауды үйренеді;

Үй тапсырмалары мұғалімнің қатысынсыз орындалатын болғандықтан, мұғалім ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болуы қажет. Ата-аналарға оқушылардың үйде орындайтын жұмыстарын қадағалап отырулары үшін үнемі әдістемелік тұрғыдан басшылық жасап отырғаны жөн.

Үй жұмысын беруде берілетін тапсырмалардың оқушылар үшін ауырлығы жөнінен қиындық туғызбайтындай болуына, тапсырманың шамадан тыс артып кетпеуінің алдын алу жолдарына байланысты мынадай ұсыныстар ұсынамын:

- оқытылатын жаңа материалды оқушыларға негізінен сабақ үстінде меңгертуді міндет етіп қоя отырып, қосымша үй жұмыстарын беру арқылы сабақтың сапасы арттырылса;

- оқушыларға үйге берілетін тапсырмалар шамадан тыс көп болмауын ескере отырып, жаңашыл әдістерді қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыратын үй тапсырмаларының берілуін қадағалау. Ол үшін үйге берілетін тапсырманың мазмұны, оны орындаудың тәртібі мен әдістері оқушыларға сабақ үстінде түсіндіріліп, өздігінен жұмыс істеуге дағдыландырылып тәрбиелуді ұсынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттеріміз:

1 12 жылдық білім. №4.–2006.

2 Қазақстан мектебі. 4, 2006.

3 «Дарын» ақпарат-әдістемелік жинағы №1. – 2007.

4 Қазақстан мектебі №1,2. –2002.

5 12 жылдық білім беру. №8,7. – 2010.

6 Мектептегі ғылыми жұмыс. №2,1,6. –2010.

7 Айтхадіша Айтжанова. «Оқушының үйдегі оқу жұмысын ұйымдастыру». «Білім технологиялары» журналы, №3, 2015.

References:

1 12 жылдық білім. №4. –2006.

2 Qazaqstan mektebi. 4. 2006.

3 «Daryn» aqparat-ádistemelik jınaǵy №1. – 2007.

4 Qazaqstan mektebi №1,2. –2002.

5 12 жылдық білім беріу. №8,7. – 2010.

6 Mekteptegi ǵylymı jumys. №2,1,6. 2010.

7 Aithadışha Aitjanova. «Oqúshynıń úidegi oqú jumysyn úymdastyruǵı». «Bilim tehnologualary» jýrnaly, №3, 2015.

ӘОЖ 374.02

Ж.М. Сәрсенбек¹, Ж.Б. Шілдебаев²

¹ I курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

² п.ғ.д., профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Сыныптан тыс жұмыс кезінде әр түрлі тәжірибелер орындауда, бақылаулар жүргізу кезінде, қоғамдық пайдалы жұмыспен шұғылданып, оқушылар тірі табиғатпен тығыз байланысқа түседі. Осындай күрделі мақсаттың жүзеге асуы білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз ету жағдайына байланыстылығын да көрсетеді. Оның үстіне биология пәнінің жаңартылған мазмұнын шешу жолы білім берудің қосымша дамыту бағдарламаларында айқындалып отыр. Оқушылардың бос уақытын пайдалану үшін, ең алдымен олардың қандай пайдалы іспен шұғылдануды ұнататынын, қабілетін зерттеп біліп, сыныптан тыс жұмыс жоспарын жасағанда ескеру керек. Оның жүзеге асуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік әрекеттермен ұштасады. Ол әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып бөлінеді. Осыған орай, мектепте оқушыларды тек сыныпта ғана тәрбиелеп және қалыптастырып қана қоймай, тіршілік негізін сыныптан тыс жұмыстарда да тәрбиелеу қажеттілігі маңызды болып табылады.

Түйін сөздер: сыныптан тыс жұмыс, үйірме жұмысы, жаңартылған білім мазмұны, биологиядан ұйымдастырылатын жұмыстар, ғылыми жобалар.

Сарсенбек Ж.М.¹, Чилдибаев Д.Б.²

¹ магистрант I курса,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

² д.п.н., профессор,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ОРГАНИЗАЦИИ ВНЕКЛАСНОЙ РАБОТЫ

Аннотация

Во время внеклассных занятий, упражнений, социальной работы ученика тесно общаются с живыми существами. Реализация такой сложной цели также показывает связь с непрерывностью образования. Более того, способ обращения к обновленному содержанию биологии определяется программами дальнейшего развития образования. Для того, чтобы использовать досуг, прежде всего, важно учитывать, какой вид деятельности они любят, возможность учиться и внеклассный план работы. Его реализация сопровождается разнообразными образовательными мероприятиями не только в классе, но и за его пределами. Обычно это внеклассная и внешкольная работа. В связи с этим важно не только обучать и формировать учеников в классе, но и обучать их внеклассным занятиям.

Ключевые слова: внеклассная работа, круговая работа, содержание обновленного контента, работа с биологией, научные проекты.

Zh.M. Sarsenbek¹, Zh.B. Childibayev²

*¹master of 1st course,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²d.p.s., professor,
Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

PEDAGOGICAL CONDITIONS OF EXTRACURRICULAR ACTIVITIES

Abstract

During extracurricular activities, exercises, social work of the student closely interact with living beings. Realization of such a complex goal also shows a connection with the continuity of education. Moreover, the method of referring to the updated content of biology is determined by programs for the further development of education. In order to use leisure, first of all, it is important to consider what type of activity they like, the opportunity to study and the extracurricular work plan. Its implementation is accompanied by a variety of educational activities not only in the classroom, but also beyond. Usually it is extracurricular and extracurricular work. In this regard, it is important not only to train and shape students in the classroom, but also to teach them extracurricular activities.

Keywords: extracurricular work, circular work, the content of the updated content, work with biology, science projects.

